YESSENOV UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

«ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛЕСТЕРІ: ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН БҮГІНГЕ ДЕЙІН»

атты студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

04 наурыз, 2022



АҚТАУ, 2022

ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Т 29

Есенов университеті президенті Б.Б.Ахметовтің жалпы редакциялығымен
Редакциялық алқа: Е.Т.Нұрмағанбет, Г.Б.Қамиева

Т 29 «Тәуелсіздік белестері: ғасырлар қойнауынан бүгінге дейін» атты студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2022. – 132 б.

ISBN 978-601-308-560-9

Өзінің сан ғасырлық тарихында қазақ халқы талай тағдыр тәлкегі мен көптеген оқиғаларды басынан өткеріп, олардан қадір-қасиетін, ар-намыс, абыройын жоғалтпай, биік шығып отырды. Бұл жолда оған жігер қосқан, рухын көтеріп, арманын асқақтатқан халықтың еркіндікті аңсауы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысы, құштарлығы еді. Жинақта ұлт-азаттық көтерілістердің ұлт тарихындағы орны, тәуелсіздіктің бастауы болған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тарихы мен тағылымы, ар-намыс пен елдік рух жолында күрескен ұлт батырлары, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің даму белестері туралы қарастырылады.

Жинақ жоғарғы оқу орындарының білім алушыларына, ғылыми ізденістегі қалың жұртшылыққа арналады.

© Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2022

ISBN 978-601-308-560-9

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА АЛАШОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

А.А.Жайшылық
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ,
«Тарих» мамандығының 2-курс студенті. Атырау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Л.Б.Бердіғожин
т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Аңдатпа. Мақалада кеңестік тарихнамадағы ғылыми, саяси әдебиеттерде жарық көрген Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын «ұлтшылдар», «халық жаулары» деп ұлттық тұлғаларды қаралаған жекелеген адамдардың еңбектері мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі Алаштануды зерттеудің кейбір маңызды мәселелері, Алаштық интеллегенцияға жаңа көзқарас қалыптастыруда ашық та батыл пікірлер айтып, дәлелді тұжырымдар жасаған құнды еңбектер туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Алашорда, Алаш партиясы, Қазақстандық тарихнама, К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков.

1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жетіп Ресей империясын 300 жыл билеген Романовтар әулеті биліктен шеттетіліп, бұл тарихи оқиға ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ сиездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді. 1917 жылы Қазақ сиездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық), т.б. қалаларында болды. Қазақ сиездерін өткізуге ұлт зиялылары белсене кірісті.

1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ сиезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл сиезде 14 мәселе қаралды. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

1. Мемлекет билеу түрі;
2. Қазақ облыстарында автономия;
3. Жер мәселесі;
4). Оқу мәселесі және т.б.

1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және сиез материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі т.б. Бұл сиезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу тартыстар бірнеше күнге созылды. Ақыры осы 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен екінші сиезде Алаш автономиясы жарияланды. Кейін, елде басталған азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясына байланысты Қазақстан жері бірнеше майданға бөлініп тұтас басқару мүмкіндігі болмағандықтан Алашорда екіге бөлінді.Бірақ, үкіметтің негізгі мақсаты ол ұлт тәуелсіздігі болып сақталды. 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Жарлығы бойынша құрылған қазақ революциялық комитеті өлкедегі ең жоғары әскери-азаматтық басқару органы болып табылды. Оның басты міндеті: революцияға қарсы күштерге тойтарыс беру, өлкеде мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс үшін жағдай

жасау, Қазақстанда Кеңестердің Құрылтай сиезін әзірлеу, армияны азық-түлікпен және басқа да қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету және сот ісін жүргізу болды.

Қазақ революциялық комитетінің алғашқы құрамына оның төрағасы ұлты поляк, 1902 жылдан болыпевиктер партиясының мүшесі С.Пестковский және Ә.Жангелдин, Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, С.Мендешев, Алаш Орда жетекшілерінің бірі А.Байтұрсынов енді. Қазақ революциялық комитетінің шешімі бойынша 1920 жылы 9 наурызда Алаш Орда үкіметі таратылды. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі және жетекші тұлғалары туралы зерттеулер кеңестік кезеңде басталып, жарияланды.

Алашорда қозғалысы, алаш қайраткерлері туралы әр түрлі пікірлер айтылды. Түрлі себептерге, сол кездегі жағдайларға байланысты тым әрқилы, кейде тіпті бір-біріне кереғар пікірлер айтылғаны құпия емес. Мәселен, 1927 жылы А.Бочаговтың «Алашорда тарихына арналған очерктер» жинағы жарық көрді. Бұл шағын еңбекте дәлелсіз тұжырымдар, саналы түрде бұрмаланған фактілер көптеп кездеседі. Бұл еңбектің асығыс жазылғандығы жөнінде автор былай дейді: «Жалпы партиялық нұсқау бойынша асығыс жазылған бұл жұмыс ғылыми зерттеуден гөрі, төменгі партия ұйымдары үшін арнайы жазылған үгіт-насихатқа көбірек ұқсайтын еді» [1,с.102-103]. Өткен ғасырдың кеңестік тарихнамасында ғылыми, саяси әдебиеттерде Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын «ұлтшылдар», «халық жаулары» деп ұлттық тұлғаларды қаралаған жекелеген адамдардың еңбектері жарық көрді. 1933 жылғы желтоқсанда ВКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында Алашорда және Алаш партиясы тарихына арналған пікір-сайыс ұйымдастырылды. Онда «Алашорданың тарихи рөлі» деген тақырып бойынша институт қызметкерлері С.Брайнин мен Ш.Шафиро баяндама жасады. Кейін, осы баяндамалар 1935 жылы «Алашорда тарихы бойынша очерктер» деген атпен кітап болып жарияланды [2]. Кітап «Алаш» қозғалысының бастау көздері, 1916 жылғы көтерілістегі алаш интелегенциясының рөлі, Алаш қозғалысы ақпан мен қазан айларында, алашорда-ұлтшыл контрреволюциялық үкіметі, Алаш қозғалысының тарихын дәріптеушілікке қарсы деген бөлімдерден тұрды. Авторлар Алашорданы ұлтшыл контрреволюциялық үкімет деп баға берді.

1930-жылдардың ортасынан 1980-жылдардың соңына дейінгі отандық тарихнамада 1937-1938 жылдардағы ұлттық интелегенцияға қарсы жүргізілген «сталиндік террордан» кейін алаш қозғалысына байланысты зерттеулер жүргізілген жоқ. 1980-жылдардың соңына дейін бұл жабық тақырыптардың біріне айналды. Республика өз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейінгі кезеңде құпия болып келген Алаш тақырыбы жөнінде тарихи шыңдықты қалпына келтіруге талпыныс жасала бастады. 1989 жылғы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы партия тарихы институты «Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта пікір алысу дөңгелек үстелін ұйымдастырды. Оған, Қазақстан Ғылым академиясының, Алматының жоғары оқу орындарының белгілі қоғамтанушы ғалымдары қатысты. Олар: Б.А.Төлепбаев, А.Ғ.Сармурзин, М.Қ.Қозыбаев, В.К.Григорьев, М.Бурабаев, Ә.С.Тәкенов, М.Қойгелдиев, т.б. Қоғамдық ғылымдардың өкілдері Алаш және алашорда тарихына байланысты қолдан жасалған құпияны ашуға жариялылық жағдайында мүмкіндік туып отырғандығын тілге тиек ете отырып, соған байланысты өз ойларын ортаға салды. Алашорда қозғалысының бастау көздерін 1917 жылға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінен іздеу, ал осы қозғалыстың саяси ағым және ресми партия ретінде 1917 жылдың жазынан басталғандығын басты көрсету, оның 1917-1920 жылдардағы дамуы мен нақтылы қызмет тарихын ашып көрсету, Алаш интеллигенциясы мен Алашорда қозғалысының ара жігін ашу сияқты күрделі мәселелер көтерді [3, с.21]. Пікір алысуға қатысқандардың көпшілігі Алаш пен

алашорданың әлеуметтік табиғатын, олардың қазақ қауымының қандай бөлігіне сүйенгендігін анықтау қажеттілігіне баса назар аударды. Бұл мәселе 1920-30 жылдардың өзінде көп дау туғызды. А.Бочагов Алашты - «ұсақ ұлттық буржуазияның» партиясы десе, С.Брайнин мен Ш.Шафиро – «бүкіл байлардың ұйымы» деді. Пікір алысуда негізгі баяндама жасаған М.Қозыбаев Алаш партиясын ұлтшыл саяси деп айыптаудың негізсіз екендігін көрсетті. Осы пікір алысудың ізімен қазіргі «Ақиқат» журналы «Алаштың ақиқатын кім айтады?» деген жалпы тақырыппен топтама ұсынды. В.К.Григорьевтің, К.Нүрпейісовтың, Т.Кәкішевтің мақалалары жарық көрді. В.К.Григорьев Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын қуған буржуазияшыл-ұлтшыл партия деп анықтайды. Ал, ғалымдар К.Нүрпейісов пен Т.Кәкішев Алаш құрылған 1917 жылы шілде айында оның саяси партияға тән бағдарламасы болмағандығын айта келіп, саяси партия ретінде қалыптасып үлгермеген ұйым деп бағалады. Жекелеген зерттеушілер Алаш қозғалысына баға беру үшін алдымен оның көш бастаушыларының кімдер болғандығын анықтау мәселесі осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан игеруге шешуші түрде ықпал жасайды деп есептеді. М.К.Қозыбаев Алашқа либеральды ұлттық интеллегенцияның партиясы деген анықтама бере отырып, оның идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған деген қорытынды жасады. Ғалым-философ М.Бурабаев 1917-1940 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық ой мәселелеріне арналған зерттеуінде Алаш тарихына байланысты тың пікірлер жазғанмен, автордың коммунистік идеологияға тәуелді болғандығын анық байқауға болады [4]. Алаштық интеллегенцияға жаңа көзқарас қалыптастыруда ашық та батыл пікірлер айтып, дәлелді тұжырымдар жасауда зерттеушілер М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың еңбектері ерекше құнды. Олардың пайымдауы бойынша, Алаш партиясының көш бастаушылары негізінен екі мақсатты – қазақ елін отарлық езгіден азат ету мен қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу міндеттерін көздеді, сондықтан да алаштық интеллегенцияны «ұлттық- демократиялық партия» деп атау қажет [5, 21б]. Көрнекті ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты көлемді монографиясында осы пікірлер әрі қарай өрбітілді. Алаш пен алашорда тарихына қалам тартуға мүмкіншілік туған соңғы жылдары ғалымдар Ә.Қайдаровтың, Ә.Әлімжановтың, С.Өзбекұлының, М.Құл-Мұхаммедтің, М.Әбсеметовтың, Ғ.Әнестің, А.Мектептегінің мақалалары мен ғылыми еңбектері жарық көрді. Алашорда тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалым К.Нұрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда» атты монографиялық еңбегін атауға болады. Автор өз еңбегінде зиялы қауымға Алаштануды зерттеудің кейбір маңызды мәселелерін ұсынады. Олар: Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; оның ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен атқарған рөлі; 1917 жылғы екі революция аралығындағы Алаштың басқа партияларымен өзара қатынасы мен байланысы; Алаш пен Алашорда және Совет үкіметі; Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және оның Орта Азия мен Еділ бойының түрік тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарымен байланысы; Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан [6,21б]. К.Нұрпейісов осы аталғандардың ішінен үш нақты мәселені бөліп алып қарастырады. Олар: 1. Саяси партия ретіндегі Алаштың өмірге келуі және оның бағдарламалық мақсаты-міндеттері; 2. Мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдасуы; 3. Алашорданың нақтылы іс-әрекеті. К.Нұрпейіс монографиясында алаш қозғалысына байланысты 1920-80-жылдардың екінші жартысына дейін жарық көрген еңбектерге біршама жақсы талдау жасалынған. Бұған қосымша Р.Нұрмағанбетованың «Алаш және Алашорда проблемасы 20-30-жылдардағы

Қазақстандық тарихнамада»атты диссертациялық зерттеуі өмірге келді» [7]. Р.Нұрмағамбетова өз зерттеуінде Алашорда қозғалысын үш бағытта қарастырады. 1. Алаш қозғалысы қалыптасуының тарихи, әлеуметтік-экономикалық себептері; 2. 1917-1920 жылдардағы Алаш және Алашорда тарихы; 3. 1937-1938 жылдардағы Алаш және Алашорда тарихы. Р.Нұрмағанбетова өз зерттеуінде Алаш қайраткерлері демократиялық бағытты ұстанып, большевиктік идеологияға қарсы болғандығын айғақтайды. «Участие представителей казахского народа государственной думе способствовало выявлению позиции сторонников демакратического движениие в крае, установленных тесных связей с мусульманским движением в России. Учреждение и изданиие с 1913 г. первого печатного органа движение газеты «Казах» явилась важнейшими этапами в консолидации казахской интеллегенции, в особенности ее молодого поколения, что способствовало превращению его в реальную политическую силу, выражавшую общенациональные демократические идей. Лидеры алашского движения оставались принципиальными противниками большевистических форм и методов социалистического переустройства Казахстана. Несмотря на вынужденный переход на сторону советской власти, вся общественно-политическая деятельность участников движения Алаш начало 20-х годов свидетельствовало о приверженности ее к гуманистическим, демократическим принципам» [7,с.15]. Көрнекті ғалым Дина Аманжолованың «Казахский автономизм и Россия» атты монографиялық зерттеуінде «Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен қызметінің әр түрлі аспектілері жаңа тың мұрағат деректері негізінде қарастырылған [8]. Алаш қозғалысын зерттеушілердің басым көпшілігі оның ұйымдастырылу мәселесіне көңіл аударады. Осы мәселеге белгілі ғалым М. Қозыбаев дәл анықтама береді: «В отличие от кадетов партия «Алаш» была аморфной, организационно далеко не завершенной. Не случайно процесс ее создания занял более 10 лет. На этапе буржуазно-демократической революции ее лидеры, используя политические средства, вплоть до трибуны Государственной думы, в острой проблеме колониализма отстаивали интересы своего народа перед усиливающейся экспансией столыпинских реформ» [9, с.64]. Осындай пікір тарихшы ғалым Б.Елькеевтің еңбегінде де өз жалғасын тапқан. Алаш партиясының қызметіне жан-жақты талдау жасай отырып, Б.Елькеев былай деп жазады: «Организационно-подготовительная работа по созданию партии началось в период первой русской революции, а как партия «Алаш» была организационно оформлена только в 1917 году» [10, с.51]. Қазақстандық тарихнамадағы пікірлерді қорыта отырып мынандай мынадай пікір айтуға негіз бар. Алаш қайраткерлері халықтың азды-көпті шағын тобының саяси мүдделерін немесе феодалдық, патриархалдық, ұсақ буржуазиялық мүдделерді қорғаған жоқ. Керісінше, жалпы адамзаттың гуманизм принциптерін асқақ тұтып, бүкіл қазақ халқының мүдделеріне қызмет етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бочагов А. У истоков воспоминание. – Алматы: «Казахстан», 1972. – 103 с.
2. Брайнин С, Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш Орды. – Москва: «Просвещение», 1935. – 140 с.
3. «Алашорда пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» // Социалистік Қазақстан. – 1989. 11 шілде. – 2 б.
4. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940г.г. – Алматы: Ғылым, 1991. – 220 б.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Алаш қозғалысы // Ақиқат. –1991. № 11. – 2-3-б; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1996;
6. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. –Алматы « Ататек» -1995. -210б

7. Нурмаганбетова Р.К. Проблема Алаш и Алашорды в Казахстанской историографии 20-90-х годах: автореф. дисс. канд. ист. наук. – Алматы, 1999. – 29с.

8. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – Москва: Просвещения, 1994. – 216 с.

9. Козыбаев М. Проблемы истории, археологии и этнографии ЗападногоКазахстана // Вестник АН КазССР. – 1999. №3. – 64 с.

10. Елькеев Б. Партия «Уш жуз» и ее деятельность в период установления Советской власти в Казахстане // История Казахстана: «белые пятна». Сборник статей. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – С.49-77.

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК – КИЕЛІ ҰҒЫМ

П.Тоқтарбай
Ғылыми жетекші: Р.А.Сидешова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы азаттыққа жету жолындағы күресі, 1986 жылғы көтерілістің маңызы, тәуелсіздікке жетудегі қиын қыстау кезеңдерді артқа тастап тәуелсіздігіміздің жариялануы, шекараларымызды бекіту, рәміздеріміздің қабылдануы баяндалады.

Түйінді сөздер: декларация, Кеңес Одағы, қайта құру, 1986 ж. желтоқсан, шекараны шегендеу.

Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азатыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр, ежелден ата-бабамыз атқа қонып елімізді, жерімізді қорғамаса, азаттығымыз үшін күреспесе бұл тәуелсіздікке қол жеткізе алар ма едік? Қайсар да батыр бабаларымыз болмаса бейбіт күннің ақ таңын сезіне алар ма едік? 1986 жылы орын алған желтоқсаншы жастар болмаса осы күнге жетер ме едік? Олардың отан сүйгіштігі болмаса, ұлтжандылығы болмаса осы күнге жету жетпеуіміз екіталай еді. Сондықтан ең бірінші тәуелсіздікке қол жеткізу жолында жанын беріп, қанын төккен ата-баба аманатын біздер қастерлеуге міндеттіміз. Ата-бабалар әруағына мың тағзым!

Бүгінде біз қандаймыз десек, егемендік бізге 1991 жылдың 16-желтоқсанында келді. Ал, ол туралы Декларация 1990 жылдың 25-қазанында жарияланған болатын. Біз қазір ата-баба арман еткен тәуелсіздікке қол жеткізген, алыс, жақын шет елдерде абыройы асқақ, дамушы елдердің алдыңғы қатарында 30 жасқа енді толдық.

Рәміздеріміз сайлаулы, шекарамыз шегендеулі, желтоқсанның ызғарынан өткен күннің естеліктері қалғандай, жүрегімізді бір қарып өткенімен сол жастардың арқасында тәуелсіздігіміз есік ашқаны көңілге қуаныш ұялатады. Еліміздің болашағы үшін бастарын бәйгеге тігіп, осы күнді бізге табыстап кеткен Алаш ардагерлерінің асыл еңбектері мен азаттығымызды бағалау, қастерлей білу әрбір Қазақстандық азаматтың, біздердің парызымыз. Сондықтан, тәуелсіздіктің ақ таңы мәңгілік болу үшін әрбір адам өз тарапынан елге деген, жерге деген сүйіспеншілігін сақтап, еліміздің ынтымақ, бірлігінің бұзылмауына атсалысуы тиіс. «Бірлік барда тірлік бар» дегендей, ынтымағымыз бен бірлігіміз жарасып, сыйластықта өмір сүрсек еліміздің іргесі сөгілмесі анық.

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде өз жерімізде экономика, ішкі және сыртқы саясатпен қатар, табиғи қорларымыз да, басқа мемлекеттің қарамағында еді [1]. Сол қиын-қыстау кезеңде, қазақ халқының сана-сезімі, намысы оянды. Жігерлі қазақ жастары өз жерімізде лайықты күн көруге, өз ана тілімізді, мәдениетімізді құқылы қолдануға талпынды.

Бүгін міне, тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында, біз артқа карап, Кеңес Одағы кезеңіндегі тарихты еске алып жатамыз. Сонау қайта құру кезеңі ұлттық сана-сезімді оятты. Жаппай қазақ мектептерінің жабылуы, қазақ тілінде шығарылған газет-журналдар, мақалалар, кітаптардың сатылымнан жоғалуы, жоғарғы билеуші таптың басымдылығы, біздің ержүрек, батыл, намысшыл жандарымызды ызаландырды. Сөйтіп, халықтың ұлттық мүддесі үшін күреске жол ашылды. Осының бәрі, бізді 1986 жылғы Алматыда өткен желтоқсан оқиғаларына алып келеді. Себебі, жаңа алаңда өткен қазақ жастарының шерулері, тәуелсіздікке әкелген бастама болды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақтың басын біріктіріп, бір жұдырыққа жұмылдырған бақытты да, қайғылы күні еді. Желтоқсан жаңғырығы көзден кеткенімен, көңілден кетер емес. Себебі, оның тарихтан алар орны ерекше.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдермен терезесі тең мемлекетке айналдық [2]. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, әрине бір адамның қолында емес.

Қорыта келгенде, өткен 30 жыл ішінде жеткен жетістіктердің маңыздылығын бағалай отырып, біз болашаққа сеніммен қарай аламыз.

Меніңше, алып мемлекеттердің арасында осындай ерікті де тең мемлекет болуымыз Құдайдың бізге берген сыйы, мейірімі, аманаты деп есептеймін. Біз, болашақ тарихшылар өз ұлтымыздың, мемлекетіміздің тарихын ерекше қадірлеп, сақтауымыз керек. Келешек ұрпаққа да шынайы тарихты айтып, жеткізсек, біз де алып, мықты мемлекет бола аламыз.[3]

Дүние керемет өзгеру жолында, бірақ біз ұлттық идеяны сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етуіміз керек. Ең бастысы, мүддемізді жоғары ұстап, жерімізді мекендеген әртүрлі ұлттармен саяси тұрақтылық, ынтымақтастықты сақтай отырып, көптеген нәтижеге жете аламыз.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз әрбір қазақ жастарының мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Ұлтымыздың ұлы ұстанымы – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Құттыбек. Тәуелсіздік желтоқсаннан басталады. – А., 2012.
2. Н.Ә.Назарбаев. Тәуелсіздік белестері. – А., 2003.
3. С. Досанов. Тәуелсіздік толғауы. – А., 2016.

ӘОЖ 94 (574)

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ: ТҰЛҒА, ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

А.А.Абай
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ,
«Тарих» мамандығының 2-курс студенті. Атырау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Л.Б.Бердіғожин
т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Аңдатпа. Дархандай кең даламыздың төсінде тұяғы тасты уатқан тұлпарды тақымдаған, елінің, ұлтының азаттығы жолында отқа түскен батырларымыз аз емес. Сан қырлы ғасырлар өтсе де, ешқашанда есімі ұмытылмайтын, халқының арман мақсатына қол жеткізуге талпынған қаншама тұлғаларымыз атойлап шығады. Есімі ел есінде жаңғырған батырларымыздың бірегейі – Исатай Тайманұлының туғанына биыл 230 жыл толды. Мақалада тәуеліздікке жету жолында, азаттыққа ұмтылған халықтың ұлы перзенті Исатай бабамыздың тұлғалық бейнесі айқындалады.

Түйінді сөздер: халық азаттығы, хан, ру, жауынгер, идеология.

XIX ғасырда қазақ жері арқылы Орта Азияға қарай ентелей жылжыған Ресей отаршыл әкімшілігін қалтыратып әуре-сарсаңға түсірген, бүкіл қазақ бас иіп мойындап, соңына ерген Исатай Тайманұлы кім еді деген сұрақ 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық қозғалыс тарихына қалам тартқан зерттеушілерден дұрыс, әділ бағасын ала-алмай келе жатқан тарихи-философиялық мәселе болып отыр.

Себебі, Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейінгі Кеңестік кезең кезінде де бұл сұрақ тек бір жақты таптық идеологияның үстемдігі тұрғысынан қаралап келді. Тәуелсіздікпен бірге енген қоғамдағы өзгерістер төл тарихымызды жаңаша жазуға мүмкіндік беріп отыр [1].

Шындығында Исатай Тайманұлы кім еді?. Ешбір ханға да, батырға да ермеген халықтың Исатайға еруінің мәні неде, талай билер мен шешендер, ақсақалды қариялар мен жауға шапқан батырлардың бітістіре алмаған ру аралық жанжалға Исатай қалайша төрелік айтып, тоқтау салды, өз елінен жеріп Хиуа ханын паналаған Қайыпқали сұлтан мен Науша батырды қасына тартуда Исатай қандай амал қолданды деген сұрақтарға мүмкіндігінше әділ жауап беруге тырыстық.

Исатай 1791 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы жеріндегі Тайсойған құмында Тайман жалы деген жерде дүниеге келген [2, б.103]. Ата-бабаларының шежіресіне салып және зерттеушілермен ақын-жыраулар шығармаларына сүйеніп Исатайдың өз жұртын сараласақ былай болып шығады.

Кіші жүздің Байұлы бірлестігіне кіретін Беріш руының жайық бөлімінен. Жайықтан – Наурыз, Бақалай. Наурыздан-Тілеуке. Тілеукеден-Ағатай, Шағатай, Есіркеп. Ағатайдан – Айболат, Қауат, Жәнібек, Боқай, Атабай. Боқайдан-Бегәлі. Бегәліден-Тайман, Тоғай, Жабал. Тайманнан-Исатай.

Исатайдың өз жұртын саралағанда бүкіл беріш руына ұран болған Ағатай есімі белгілі. Сонда, Исатай батырдың бесінші атасы Ағатай тарихта қалай қалды деген сұрақ туады. Әр ұрпаққа орта есеппен 30-35 жасты есептегенде Ағатай XVII ғасырда өмір сүрген болып шығады [3].

Ағатай арғы біздің ұранымыз, – деп жырлағандағы бүкіл беріш руы ардақ тұтып, батырлық, ақындық, шешендік қадір-қасиеті арқасында ұранға айналған Ағатай батыр туралы ақындар жырға қосса, халық өз арасында аңыз-әңгіме таратқан.

Оларда Ағатай батырдың беріш руы ұранына айналу оқиғасы былайша баяндалады.

Қазақ пен қалмақтың жаугершілік заманында қалмақтың Ахай атты ханы бейбіт ауылдарға шабуыл жасап көп шығынға ұшыратады. Қазақ ауылдары ес жиып Ұлы жүзден Шилібай батыр, Орта жүзден Науша батыр, Кіші жүзден Есет батырлардың жасақтары бірігіп қалмақтарға шабуылдағанмен Ахай ханның қамалын ала алмайды. Ұрыс саябырсып, қазақ қосындарының жауынгерлік рухы түскен мезгілде жалғыз атты жауынгер «Алшындап» ұрандатып жауға тап береді. Оған ілескен қазақ жасақтары қалмақтарды талқандап, көп олжа түсіреді. Жаугершілік заманның заңы бойынша бұйырған олжадан үлес алудың орнына, жауға жалғыз шапқан Ағатай батыр, ел ағалары батырлар мен билерден өз ұрпағына есімін ұран етіп белгілеуді қалап алады [4]. Міне, сол уақыттан бастап, Ағатай есімі бүкіл атырапқа жайылған беріш руының қасиетті ұранына айналады.

Ағатай өзінің Боқай деген баласына көршілес түркімен елінен қыз айттырып, құда түседі. Боқай қайын жұртына барып, қалындық ойнап жүргенде, түрікмендерге шабуылдаған қызылбастармен /парсылар/ шайқаста қаза табады. Қалындық жүкті болып ұл бала табады.

Ағатай немересіне Бегәлі деп ат қойып, өзі тәрбиелейді. Бұл жерде түйіндейтініміз, 1836-1838 жылдардағы қозғалыс кезінде Исатайдың Маңғыстау адайлары мен түркмендерді бітістіріп жер дауын шешуінде қазақ халқының ежелден қалыптасқан қыз алып, қыз беріскен көрші елмен құдалығына сенгендігін айтсақ қателеспейміз. Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» жырында түрікменмен байланыс, көрсетіледі [5].

Исатай ауылының Бөкей ордасының территориясына қоныс аударуы 1808 жылдар шамасында, ал Исатайдың ел басқару ісіне араласуында немере ағасы Жабал Беғалыұлының орны ерекше. Исатайдың анасы Нағибала Байұлының Есентемір руының қызы.

Тарихтағы Исатай батырдың бет-бейнесін ең алғаш сомдаған, жауынгер серігі Махамбет, өзінің «Тарланым» атты өлеңінде бейнеледі .

Исатай бейнесі туралы Шернияз ақын толғаулары да Махамбет жырларымен пара-пар [6, б.25].

Сағынам, ауызға алсам Исатайды!
Ер тумас ел жағынан ондай жайлы.
Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген,
Жігіт екен төрт тұрманы түгел сайлы.
Кешегі Исатайдың арқасында,
Ие едім ен дәулетке басы байлы.
Исатай ділмәр еді топтан озған,
Нар еді Байтерекке басын созған.
Ер тумас ел бағына Исатайдай,
Мінезі толқушы еді толған айдай, – деп,
өлең шумақтарымен Исатайға халық қамқоры деп баға береді .

Исатай Таймануұлының бет–бейнесін жырмен сомдауда, өзіне дейінгі ақын-жыраулар шығармаларын шебер пайдаланған Ығылман Шөреков толғауына тең келетін шығарма жоқ [5, б.21].

Ту сыртынан қараса,
Тұтас екен денесі.
Тоты құстай тұрпаты,
Табылмаған кесімі.
Ат үстіне мінгенде,

Аруағы көтеріп,
Көптен озған төбесі.
Орта бойлы ер екен,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартқанда қолы ұзын.
Сәукеле сатқан,үлкен көз,
Жазық маңдай, кең бетті,
Қырмызы қызыл келбеті.
Ой менен ақыл,білікті,
Сыпайлық, көркемдік,
Салмақпен сабыр, құлықты
Бір денеге сыйғызып,
Жаратқан алла бөлмепті.

Ағайын-туыстары, нағашы, қайын-жұрттары жағынанда әсем көмкерілген бет-бейнесі жағынанда, старшындық-әкімдік лауазымы жағынанда, ауқатты тұрмыс-тіршілігі жағынанда өз заманының алды болған Исатай неліктен көтеріліске шықты?.

Бұған жауапты, бір бақташыны өлтірді, мал тонады деген себептен басқаны айтпайтын орыс деректерінен гөрі тағы да батырдың серігі Махамбет пен басқа да өз заманының ақын-жыраулары шығармаларынан іздейміз. Қазақ ауылдарының қонысының тарылуы, жайылым жерлерінің азаюы, орыс отаршыл әкімшілігі саясатын мүлтіксіз орындаған хан сұлтандардың, жайық орыс-казак әскерінің өктемдігі, озбырлығы халық бұқарасының жаппай наразылығын туғызды. Халық осындай жағдайда тығырықтан шығатын жол іздеді. Әділдікті жақтап, халық мұңын өз мұңындай түсініп, ел басқаратын, дұрыс жол сілтейтін басшылық керек болды. Сырым, Қаратай, Қайыпқали сияқты қозғалыстар басшылары кезінде ақ пен қараны айырып, уақыт талабына жетік болып алған халық, ру басшылары, старшындар басқан қадамы дұрыс, өздеріне жағатын көсемді таңдады. Олардың таңдауы Исатай батырға түсті. Исатайдың көпті ерткен, алдына қойған мақсаты Махамбет шығармаларында айқын баяндалған. Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» атты өлең жырында бұған дейін айтылмаған тек Исатайға ғана тән ойлар түйіні, көтерілістің бағдарламасы іспетті [7]. Исатай батырдың күрескерлік, көсемдік, би-шешендік, батырлық болмысын ақын-жыраулар толғауларымен бейнелей, сомдай отырып Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеуші Никита Савичевтің мына бір жолдарын да қалыс қалдыра алмадық. «Ол не бір қиын азап шегіп жүрсе де, аса пысық тапқыр болатын. Тағдыр оны күйрете алмады, өйткені қайғы–қасіреттің батыры ретінде өз тағдырын Исатайдың өзі жасады» [8].

Исатай туралы мұрағат деректерін, ақын-жыраулар шығармаларын, орыс және кеңестік, қазақстандық зерттеушілер еңбектерін саралай, салыстыра отырып ойымызды былайша түйіндедік. Исатай Тайманұлы өзінің болмысымен, шешендік әділ би өнерімен, батырлығымен, қиыннан жол табатын тапқырлығымен, ақ адал, ақ жарқын көңілімен халқы таныған, тарихта аты мәңгіге қалатын көтеріліс басшысы, халқымыздың азаттық жыршысындай болған батыр ұлы.

Исатайдың батырлығы бұрынғы замандардағыдай жекпе жекте емес, өз заманының озық әскери құралдарымен жасақтанған орыс жазалаушы әскеріне қарсы шығуында, әскери өнерді, қол басқару өнерін терең білгендегінде, жауға шапқанда қолдың алдында болып, кейін шегінгенде жолдастарын қорғалап қолдың артынан жүруінен көрінеді.

Исатайдың осы қасиеттерін қарсыласы полковник Геке де таңдана мойындап, Исатайды шын соғыста емес, байқаусызда, кездейсоқ жеңдік деп бағалаған.

Исатай әділ би, сөзге шешен, турашыл адам. Бұл қасиеті Исатайдың Жәңгір ханмен оның әкімдеріне орыс саясатын қолдап, халыққа озбырлық жасаған әрекеттерін

беттеріне басуында, адай мен әлім рулары арасындағы жер таласын бітістіруінде, қазақ пен түрікмен арасындағы кикілжіңді шешуінде көрінеді. Исатайдың ел тұтастығын ойлаған істері, оның бай мен жарлыны, румен руды, жүзбен жүзді бөлмеу идеясында жатыр. Бұл бағытта Исатай қазақ хандарының ел басқару істерін, қазақ қоғамының рулық генеологиясын жете айырып, білуі өте маңызды. Бір мысал, қазақтар Кіші жүзде әлімұлы руларын аға ру ретінде қадір тұтқан. Мұны хандар да сақтап, орынды пайдаланған. Ру арасында тепе-теңдікті, бірлікті сақтап, әлімұлы арқылы бүкіл арқа, маңғыстау, сыр бойларына ықпал еткен. Әлім руы Исатайға ақыр аяғына дейін сеніп, көтеріліс кезінде бірге болған [9].

Исатайдың халық азаттығын, ел тәуелсіздігін ойлауы оның болмысының айнасы деп бағалауға тұрады. Зерттеушілердің бізге дейін Исатай көтеріліс басшысы ретінде Жәңгір хан ордасын қалың қолмен қоршап, ханды өлтірмеуі, оның басты кемшілігі деп бағалауы Исатай өмірін дұрыс зерделегенде ғана ол ойлардың мүлде қате екенін түсінгендейміз. Исатай барлық қиындықтардың «қаралы заманның» басты кінәлілері орыс отаршылдары деп бағалаған. Сол үшін күрескен асыл ер.

Азаттық үшін күресте, мақсатына жету үшін бірінші өзіне Жәңгір ханды түсіністікке шақырды, кейін бұл жоспары болмағасын Жайықтан өтіп, бүкіл қазаққа жар салды. Азаттық жолында өз жанұясын да, өз өмірін де жау оғына тосқауыл қойды. Өзі бастаған күреске ол сенді. Артында қалған ұрпақтары қасиетті істі жалғастырады деп ойлады.

Исатайдың арманы бір ғасырдан аса халқымыздың ардақты ұл-қыздарының алға қойған мақсатына ұласты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердіғожин Л. Исатай экранда // Парасат. 1992. N11; Бекбаев К. Фильм об Исатае Тайманове // Прикаспийская коммуна. 1992. 1 апрель.
2. Шамғонов А.Исатай Тайманұлының ұрпақтары. – Атырау, 2001. – 103-б;
3. Бердіғожин Л.Б. Исатай-Махамбет: Азаттық күрес сардарлары. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2011. – 208 б.
4. Жаулин К.М. Исатай Тайманұлы – Тәуелсіздік жолындағы күрескер. // Исатай Тайманұлының 230 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Атырау, 2021.
5. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – 21 б.
6. Сараев Ә. Исатай мен Махамбет. – 25-28 б.
7. Төлегенов Ж. Алып анадан туады // – Атырау, 2001.
8. Кекілбаев Ә. Азаттықтың ақ таңы. – А., 1998.
9. Есмағамбетов К. Азат рухтың күрескері. – А., 2003. –164-б.

RUS DOĞU BILIMI ARAŞTIRMALARINDA ÜSTYURD PLATOSUNDAKI TÜRK ANITLARI

Serhan ÇINAR

Ankara University, Faculty of Language, History and Geography, Department of History, Department of General Turkish History, PhD

Giriş Kuzeyinde Ural Nehri, güneyinde Türkmen sahrası ve doğusunda Karatav mıntıkasıyla çevrili olan Batı Kazakistan'ın tarihi vesikalardaki adlandırmaları Üstyurd-

Mankışlak ve Siyakuh olarak geçmektedir[1]. Kuzeydoğu Hazar kıyılarında bulunan bu verimli mera alanları tarihi süreçte Massaget, Sarmat, Hun, Göktürk, Oğuz, Kıpçak ve Altın Orda siyasi hakimiyeti altında kalmıştır. Günümüzde Kazakistan'ın Aktav eyaleti siyası sınırları içerisinde bulunan Mankışlak bölgesinde, Oğuz ve Kıpçak devrine ait birçok tarihi ve arkeolojik nitelikte anıtlar bulunmaktadır. Söz konusu bu anıtlar hakkında Arap, Fars, Türk ve Rus tarihi vesikalarında kayıtlar bulunur. Bu kayıtlardan Kaşgarlı Mahmud'un, Divan'u Lügat'it Türk adlı eserinde "Man" adlandırmasını, dört yaşındaki koyun için "Man yaşlıq koy" denildiğini aktarır. Arap coğrafyacılarından El İstahri ise, Mankışlak'ı, Siyakuh (Karadağ'ın) eteklerinde bulunan bir Oğuz kışlağı olarak tanımlar. X.yy'da bölgeden geçmiş olan seyyah İbn Fadlan, Üstyurd Platosunu "Büyük Dağ" olarak tanımlamıştır. Al Makdisi,'de kendi eserinde Mankışlak'ı, Harezim 'den İtil'e yaklaşık 25 gün süren rotada Hazar Denizi'nin Doğu kıyınlarındaki şehirler arasında Mankışlak'a da yer verir[2].

1. Rus Şarkiyat Tetkiklerinde Mankışlak Bölgesinin Tarihi Mirası

Mankışlak bölgesinin tarihi coğrafyası hakkında Rus Doğu bilimi uzmanlarının çalışmalarında da önemli bilgiler bulunur. Bölgeye yönelik Rus literatüründeki ilk çalışma, Orenburg Keşif Heyeti'nin çalışmalarıyla başlar. Bu kapsamda 1771 yılında P.I Rıçkov tarafından hazırlanan Orenburg Topografisi adlı eserini hazırlamıştır. Rıçkov'un çalışmasında, Kazakistan'daki doğal zenginliklerin yanı sıra Işim nehri çevresindeki Saka devri kurganları, Merkezi Kazakistan'daki Juban Ana, Bayanaul gibi Altın Orda devri anıtlarının ayrıntılı tasvirleri bulunur[3]. Mankışlak ve Üstyurd Platosuna yönelik daha ayrıntılı bir tanım, A.İ Levşin'in Kırgız ve Kaysak(Kazak) Ordaları ve Steplerinin Tasviri adlı çalışmasında yer almıştır. Levşin, Mankışlak bölgesinden başlayarak Irtiş Nehrine kadar uzanan bölgenin tarihi, topografik çehresinin yanı sıra bölgedeki arkeolojik anıtlar hakkında bilgi vermiştir[4].

Mankışlak'ın araştırılmasına yönelik erken bilimsel çalışmaların öncülüğünü Çarlık Coğrafya Cemiyeti'nin çalışmaları oluşturur. 1867 yılında Rusya'ya yeni katılmış olan Küçük Cüz'ün yaşam alanı olarak bilinen Batı Kazakistan ve Aral Gölü'nün tarihi coğrafyasının aydınlatılmasına yönelik çalışmalar oluşturur. Bu kapsamda Melgunov, El İdrisi'nin haritasındaki bilgilere göre Kazakistan'daki Oğuz ve diğer Türk boyları hakkında bir çalışma hazırlamıştır[5]. Rus Coğrafya Cemiyeti adına P.S Saveliev, Batı Kazakistan bölgesindeki Oğuz-Kıpçak dönemi tamga ve menhir adlı mezar taşlarını tetkik etmiştir. Saveliev, Mankışlak bölgesindeki kervansarayların çokluğuna dikkat çekerek bölgenin Harezim ve İtil arasındaki önemli bir ticaret merkezi olduğunu aktarır[6]. 1846 yılında Rus Coğrafya Cemiyeti'nin bir diğer üyesi olan M.İvanin, Mankışlak bölgesine bir keşif seferi düzenledi. İvan'in sefer notlarında bölgedeki Kazak ve Türkmen kabilelerinin sosyo ekonomik yaşantıları ve Mankışlak'ın coğrafi şartları hakkında bilgiler bulunur[7].

Mankışlak bölgesinin tarihi mirasına yönelik çalışmalar 20.yy' itibariyle Çarlık Arkeoloji Komisyonu tarafından sürdürülmüştür. Bu kapsamda M. Yudin V.V. Grigoriev

---

[1]Mankışlak bölgesinin coğrafi sınırları, kuzeyinde kısmen tuzlu ve bataklıklarla kaplı Buzaçi yardımadası, merkezinde Aktav şehri ve onun kuzeybatısından güneydoğusuna doğru uzanan Mankışlak dağları ve platoları yer almaktadır. Üstyurd Platosunun çevrelediği Mankışlak bölgesi, Karadağ dağ silsilesi hariç deniz seviyesinin altında bulunan bir çöküntüdür.

[2]S.Cinar, A.Gündoğdu, "Османлы Тарихи Төлқұжаттарында Дешті Қыпшақ Аумағы Және Сарайшық Қалашығы", Farabi **Bulletin of History**, No 3. S. 102. Al- Farabi National University, Almatı 2021, s.44-75.

[3] P.İ Rıçkov, Dnevnie Zapiski Putushestvie Kapitana Nikolaya Rıçkova v Kırgiz- Kaisakskoi Stepi v 1771 godu, S. Peterburg, s.44-81.

[4]A. İ Levşin, **Opisanie Kırgız- Kaysakskih ili Kırgiz Kazachik Ord i Stepei**,, T.2, Tipog, İmp.Akademia Nauk Karla Krai, S. Peterburg 1832, s.202- 214.

[5] O. Mengulov, " O Kartah Arabskovo Geografa İdrisi I Predlojenie obi h İzdaniy" **İzvestia Russkoe Geographiceskoe Obshestvo,** T.VI, Moskva 1870.

[6] A.N Margulan, K. Akişev, v.d, **Drevnaia Kul'tura Tsentralnovo Kazakhstana**, s. 26, 27.

[7] M. İvanin, **Poezdka na Polustrov Mankışlak v 1846 godu**, Zapiski Russkoe Geographicheskoe Obshestvo, Kn 2 Moskva 1847.

Üstyurd çevresinde bir dizi tetkikler gerçekleştirilmiş ve bölgeden Altın Orda'nın kurucu hanı Cuci'ye ait sikkeler tespit etmiştir[8]. Çarlık Arkeoloji Komisyonu adına 1870 yılında ünlü Rus topograf P.Lerh, Türkistan bölgesine bir seyahat gerçekleştirmiştir. Lerh, Aral Gölü, Aşağı Sır Derya ve Talas Vadileri boyunca gerçekleştirdiği seyahatine öncelikle Mankışlak bölgesinden başlamıştır. Lerh'in bölgedeki çalışmaları özellikle Oğuz devri, Yengikend şehrinin kalıntıları üzerine olmuştur[9].

Çarlık Rusya devrinin son döneminde Mankışlak'a yönelik bilimsel çalışmalar, Orenburg İlmi Arşiv Komisyonu tarafından sürdürülmüştür. Batı Kazakistan'ın etnografyası ve arkeolojik mirası hususunda, Orenburg İlmi Komisyonu'nun İ.A Kastan'e, A.İ Dobromuslov, ve A.P Anikhovsky gibi uzmanları görev almıştır. İ.A Kastagne, başta Batı Kazakistan mıntıkasında oldukça fazla bulunan başta Oğuz-Kıpçak devri mezar anıtları olmak üzere Kazakistan'ın muhtelif bölgelerinde bulunan mezar anıtlarının genel tipolojisini ve defin merasimlerini belirleyen Kırgız(Kazak) Bozkırlarının Mezar Yapıları adlı çalışmasını yayımlamıştır[10]. M.Yudin ise, Batı Kazakistan'ı kapsayacak şekilde Üstyurd bölgesine bir seyahat gerçekleştirmiş ve Türkmen, Kazak ve Kalmuk kabilelerinin aralarındaki siyasi ve ekonomik ilişkiler üzerine bir dizi rapor hazırlamıştır[11]. Hazırlanan söz konusu bu rapor ekseriyetle Çarlık Rusya'nın bölgedeki nüfuz alanını pekiştirmesi adına kabileler arasındaki anlaşmazlıkları konu edinse de M.Yudin bölgenin tarihi mirasına yönelik sefer notlarında bilgiler verdiği anlaşılmaktadır.

Sonuç

Mankışlak bölgesi, Çar I. Petro dönemiyle şekillenen Rus Doğu bilimi araştırmalarının Kazakistan'daki erken çalışmaları arasında yer almıştır. Özellikle bu çalışmaların başlangıcını 1732 yılında Küçük Cüz'ün Hanı Ebul Hayır'ın Kalmuk saldırıları sebebiyle Çarlık Rusya'dan talep etmiş olduğu sığınma ve korunma talepleri oluşturur. Bu tarih itibariyle Kazak bozkırlarının muhtelif bölgelerine Rus keşif, askeri ve bilimsel seferleri düzenlenmiştir. Düzenlenen bu seferlerin çoğunluğu bölgenin Rus nüfuz alanına girmesi amacıyla gerekli alt yapının oluşturulmasına yönelikti. Bu kapsamda öncelikle olası bir ilhak teşebbüsü sırasında ordunun geçeceği birimlerin belirlenmesi adına Rus Coğrafya Cemiyeti tarafından Kazak bozkırlarının topografik çehresi araştırılmış ve ayrıntılı bölgesel haritalar çıkarılmıştı. Cemiyet'in temel çalışmaları arasında ayrıca bölge halkının etnografik ve arkeolojik mirasının araştırılması hususunda alt birimler kurulmuştur. Bu kapsamda özellikle Aral Gölü ve çevresine yönelik Arap ve Batı literatüründeki coğrafi kayıtların çıkarılması sırasında Batı Kazakistan bölgesindeki Siyakuh, Mankışlak gibi toponimik bölgelerin tarihinin araştırılması da gerçekleştirilmişti. Rus Coğrafya Cemiyeti'nin çalışmaları, ilerleyen dönemde Mankışlak bölgesine yönelik Çarlık Arkeoloji Komisyonu tarafından kapsamlı araştırılmaların başlamasını sağlamıştır. Bu çalışmaların öncülüğünü Arkeoloji Cemiyeti'nin Doğu Bölümü sekreteri olan V.Barthold'un yönlendirmeleriyle başlamıştır. Barthold, Çarlık Arkeoloji Cemiyeti'nin Zapiski adlı bülteninde, Dede Korkud ve Oğuz şehirlerine yönelik tarihi vesikalar ışığında kapsamlı çalışmalar gerçekleştirmiştir. Onun yetkin çalışmaları sayesinde Aral Gölü ve Mankışlak arasında uzanan hattaki Oğuz şehirlerinin varlığı Avrupa ve Rus Doğu bilimince tanınmıştır[12]. Doğu'nun antik mirasına yönelik bilimsel

---

[8] V.V Grigorviev, "Nekotorie Djuchidskie Monetı" **İzvestia Vostochnovo Otdela Arheologicheskoe Obshestva**, T.I, Vıp 1, S.Peterburg 1858, s.50-65.

[9] P.İ. Lerh, Arheologicheskaya Poezdka v Turkestanskiy Kray v 1867 g. S.Peterburg 1870, s.10-50.

[10] İ.A Kastan'e, "Nadgornie Sorujenia Kırgızskih Stepei" **Trudı Orenburgskoi Uchenoi Arhivnoi Komissi**, Vıp XXIII, Orenburg 1911, s.176.

[11] M.L Yudin, "Nachalo Snosheniy s Turkmenskim Narodom (Materialı dlya İstorii Priosoedinenia Zakaspiskoi Oblasti)" **Trudı Orenburgskoi Uchenoi Komissi**, Vıp XXIX- Tipog, Karimov- Husaionv, Orenburg 1913, s.85- 141.

[12] V.V. Barthold, "Svedeniya Ob Aral'skom More İ Nizov'yah Amu-Dar'i S Drevneyşih Vremen Do XVII Veka" Nauhcnıe Rezul'tatı Aral'skoy Ekspeditsii", **Turkestanskovo Otdela İRGO**, Otd T, IV, v2, Taşkent 1902, s.81-90.

çalışmalardaki birikimin yanı sıra Kazakistan'ın muhtelif bölgelerindeki yerel halk arasında, yığma toprak dolgularıyla kaplı olan kurgan mezar alanları içerisinde maddi getiri sağlayacak değerli objelerin bulunduğu bilgisi öğrenilmişti. Böylece Çarlık Rusya içerisinde kâşif ve kaçakçılar tarafından arkeolojik nitelikteki anıtların tahrip edilmesi sorunsalı ortaya çıkmıştır. Bu kapsamda kurulan Orenburg Bilimsel Arşiv Komisyonu, içerisinde Batı Kazakistan'ı da kapsayacak şekilde Güney Urallar ve Kazak bozkırlarındaki tarihi ve kültürel mirasın korunması ve incelenmesi vazifesini yüklenmiştir. Bu çalışmalara Fransız Doğu bilimci Joseph Kastagne'de yer almıştır. Onun bölgedeki varlığı her ne kadar Türkistan mıntıkasında İngiltere ve Rusya arasındaki büyük güç mücadelesinde Fransız Hariciyesine raporlar sunmak olsa da bölgedeki etkin çalışmaları sayesinde Kazak bozkırlarındaki arkeolojik anıtların Avrupa şarkiyat çalışmalarında tanınmasını sağlamıştır[13]. Sonuç olarak 18 ve 20.yüzyılları kapsayan Rus keşif ve inceleme heyetlerinin Batı Kazakistan bölgesinde yürüttüğü çalışmalar sayesinde Erken Türk tarihine yönelik maddi kültür varlıklarının bulunmasını sağlamıştır[14]. Söz konusu çalışmalar günümüzde Kazakistan Cumhuriyeti'nin finansörlüğünde Kazakistanlı arkeologlarca sürdürülmektedir.

LİTERATÜR

1. İ Levşin, Opisanie Kırgız- Kaysakskih ili Kırgiz Kazachik Ord i Stepei,, T.2, Tipog, İmp.Akademia Nauk Karla Krai, S. Peterburg 1832, s.202- 214.
2. İ.A Kastan'e, "Les Tamgas Des Kırghızes (Kazaks)", J.A Reouve di Monde Muselman, Vol. XIVII. No.47. Paris 1921, s.28-64.
3. İ.A Kastan'e, "Nadgornie Sorujenia Kırgızskih Stepei" Trudı Orenburgskoi Uchenoi Arhivnoi Komissi, Vıp XXIII, Orenburg 1911, s.176.
4. M. İvanin, Poezdka na Polustrov Mankışlak v 1846 godu, Zapiski Russkoe Geographicheskoe Obshestvo, Kn 2 Moskva 1847.
5. M.L Yudin, "Nachalo Snosheniy s Turkmenskim Narodom (Materialı dlya İstorii Priosoedinenia Zakaspiskoi Oblasti)" Trudı Orenburgskoi Uchenoi Komissi, Vıp XXIX- Tipog, Karimov- Husaionv, Orenburg 1913, s.85- 141.
6. O. Mengulov, " O Kartah Arabskovo Geografa İdrisi I Predlojenie obi h İzdaniy" İzvestia Russkoe Geographiceskoe Obshestvo, T.VI, Moskva 1870.
7. P.İ Rıçkov, Dnevnie Zapiski Putushestvie Kapitana Nikolaya Rıçkova v Kırgiz-Kaisakskoi Stepi v 1771 godu, S. Peterburg, s.44-81.
8. P.İ. Lerh, Arheologicheskaya Poezdka v Turkestanskiy Kray v 1867 g. S.Peterburg 1870, s.10-50.
9. S. Cinar, "Development and Future of Archaelogy in İndependent Kazakstan". Margulan Reading: Great Steppe in the Context of Etnocultural Research, A.Kh. Margulan Instıtute of Archaeology. Gılım Ordası. Almatı 2021, s.110-121.
10. S. Cinar, A.Gündoğdu, "Османлы Тарихи Төлқұжаттарында Дешті Қыпшақ Аумағы Және Сарайшық Қалашығы", Farabi Bulletin of History, No 3. S. 102. Al- Farabi National University, Almatı 2021, s.44-75.
11. V.V Grigorviev, "Nekotorie Djuchidskie Monetı" İzvestia Vostochnovo Otdela Arheologicheskoe Obshestva, T.I, Vıp 1, S.Peterburg 1858, s.50-65.
12. V.V. Barthold, "Svedeniya Ob Aral'skom More İ Nizov'yah Amu-Dar'i S Drevneyşih Vremen Do XVII Veka" Nauhcnıe Rezul'tatı Aral'skoy Ekspeditsii", Turkestanskovo Otdela İRGO, Otd T, IV, v2, Taşkent 1902, s.81-90.

[13] J. Kastan'e, "Les Tamgas Des Kırghızes (Kazaks)", J.**A Reouve di Monde Muselman**, Vol. XIVII. No.47. Paris 1921, s.28-64.

[14] S. Cinar, "Development and Future of Archaelogy in İndependent Kazakstan". **Margulan Reading**: **Great Steppe in the Context of Etnocultural Research**, A.Kh. Margulan Instıtute of Archaeology. Gılım Ordası. Almatı 2021, s.110-121.

ӘОЖ 94 (574)

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӨНЕРІНДЕГІ СЫРЫ САҚТАЛҒАН ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ (ҚҰЛПЫТАСТАР)

Ешманова Г.Қ.
PhD зерттеуші, TÜRKİYE, NİĞDE ÖMERHALİSDEMİR UNİVERSİTY

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстаудың тәрихи-мәдени ескерткіштерінде қолданылған тас бетіндегі бейнелер мен ою-өрнектердің мән мағынасының қазіргі мәдениеттегі алатын ерекше орны бар екендігі туралы баяндалады. Сонымен қатар, осы күнге дейін сыры сақталып келген қайталанбас тарихи мұраларымыздың өзге көршілес елдермен де ұқсас түстары болғандығы жазылады. Зерттеу барысында Маңғыстау өңіріндегі киелі жерлерге іс-сапар ұйымдастырылып, оның нәтижесінде сюжеттік-тақырыптық композициялармен релеф түрінде безендірілген құлпытастар анықталады.

Түйінді сөздер: Орта Азия, Маңғыстау, тарихи ескерткіштер, мәдениет, қойтас, ою-өрнек, композиция, тас бейнесі.

Кіріспе

Сюжеттік-тақырыптық композициялармен релеф түрінде безендірілген құлпытастар ескерткіштері соңғы жылдары Маңғыстау облысындағы жүргізілген экспедицияның нетижесінде табыла бастады. Олар бірегейлігімен қызықты, өйткені сюжеттік-тақырыптық композициясы бар құлпытастар тек Маңғыстау үшін ғана емес, сонымен қатар оған іргелес жатқан мұсылман Шығыс елдері үшін де өте сирек кездесетін құбылыс. Сипатталған құлпытастар VIII-XVII ғасырларға жатады, саркофаг пішінді және көлемі жағынан әртүрлі (олардың ең кішісінің ұзындығы 60 см, ені 24 см, биіктігі 35 см. Ең үлкені Ұзындығы 150 см, ені 50 см және биіктігі 100 см.) болып келеді. Бұл ескерткіштердің сюжеттік-тақырыптық композицияларының мазмұны, әдетте, жерленген адамның қысқаша өмірбаянымен шектеледі. Ер адамның жерленген жеріне қойылған ескерткіштерде яғни құлпытастарда безендірілген негізгі сюжеттері жасаған «ерлік» істері болып табылады. Ескерткіштердің бетінде марқұмның көбінесе ат үстінде, жауынгерлік киімде, садақпен, қылышпен, балтамен және т.б. тасқа ойылып түскен бейнелерді көре аламыз. Сонымен қатар, кейде садақ керіп тұрған, кейде балта, кейде арқан тартып тұрған көркем бейнелерде ер азамттардың заманында аңшылықпен айналысқанын дәлелдейді. Ортағасырлық халық дастандарындағыдай, мысалы, «Қорқыт ата дастаны», («Қорқыт ата кітабы» – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысы, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы – VII – VIII ғасырларда Сырдария бойын ұрпақтан – ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге шығарм), бұл ескерткіштердегі қаһармандық, ең алдымен, өмірдің мағынасын растау нысаны ретінде әрекет етеді. Батырлық эстетикалық идеал арқылы дәуірдің әлеуметтік идеалына жақындайды. Батырлық өмір нормасы ретінде, шындыққа деген қарым-қатынастың негізгі құндылық бастауы ретінде танылады, кейіпкердің идеалы, ер адамның идеалы онымен байланысты болып келеді.

Ерлердің құлпытастарына салынған суреттер негізінен ерлікті баяндаса, әйелдер құлпытастарында сюжеттік сызбалардың көпшілігі қолөнермен айналысқанын көрсетеді және бұл кездейсоқ емес, өйткені ертеде Маңғыстау өңірінде қолөнер туындыларын шығару (атап айтқанда, киіз басу, ұршық иіру, кілем тоқу, т.б.) әрбір әйел азаматтары үшін міндетті кәсіп болған. Біз қарастырып жатқан қабір тастарында сюжеттік суреттер негізінен баяндау сипатына ие. Олар қабір тастарының бүйір

бөліктеріне орналастырылған және әр сюжет бір-бірінен бөлінген. Ерлер қабірінің ең үлкен бөлімінде аң аулау көрінісі, ал әйелде қолөнермен айналысу сәттері бейнеленген. Қалған бөлімдер әртүрлі эпизодтарға, құрбандық шалу және діни рәсімдерге, дәстүрлі әдет-ғұрыптарды ұстанғаны жайында баяндайтын бейнелерге арналған.

Осылайша, біздің алдымызда ата-бабаларымыздың өмір салты ғана емес, олардың эстетикалық және діни көзқарастары да ашылады. Мұнда біз қолөнердің бірқатар өнегелі атрибуттарын кездестіреміз, мысалы, кілем тоқу, зергерлік бұйымдарға арналған құралдар және т.б. Бұл құралдар кейде қазіргі халық шеберлері қолданатын аспаптармен бірдей екенін атап өтуге болады.

Біз зерттеп отырған құлпытастардағы сызбаларды жеке-дара емес, Маңғыстаудың әр дәуірдегі өнері мен қолөнерінің барлық түрлеріне байланыстыра отырып, жеке этнографиялық сәттердің жақындығы мен қайталануын ғана емес, тақырыптардың сәйкестігімен бірге VIII – XVII ғасырлардағы миниатюралық кескіндеменің сюжеттерін мен композицияларын, сондай-ақ қабырға суреттерін атап айта аламыз, (мысалы, Шақпақ ата кешенінің қабырғаларындағы жазулар және таңбалы іздері). Көптеген тақырыптар мен сюжеттер, мысалы, қарастырылып отырған туындылардың аң аулау көріністері Қазақстанның басқа да өнер түрлерінде кездесетін ұқсастықтарды еске түсіреді. Алайда, қабір тастарының суреттерінің арасында тәуелсіз және ел қалаларында өркендеген ресми өнерде көрініс таппағандар бар. Оларға бақсылардың биі, Ұмай балаларының қамқоршысы бейнесі, ежелгі түркі тілді тайпалардың тотемдері болып табылатын құстар мен жануарлардың суреттері және басқалары жатады.

Бұл мотивтер Қазақстан өнерінің басқа халықтардың өнерімен ерте заманнан байланысын, сондай-ақ Қазақстан өнерінде Ислам догмаларымен үйлеспейтін түрлі сюжеттердің ұзақ уақыт сақталғанын көрсетеді.

Маңғыстау және Үстірт аймағындағы кіші сәулет ескерткіштер өнері

Орта ғасырда кіші сәулеттік формалардың танымал түрі қабіртастар – құлпытастар, қойтастар, сағанатамдар болған. Көшпенділердің кіші формалы архитектурасы өзінің шығу тегін ғасырлардың ең тереңінен бастап, олар далалықтардың мемориалды-діни дәстүрінің мәнін, Арал Каспийдің халықтық сәулет өнері дамуының негізін және құнарлы топрағын құрайды. Мәселен жүзден кем соқпайтын монументальдық құрлыстар шоғырланған Сисем Ата көрнекті қорымын мавзолейлер мен сағанатамдардан да кем қызықтырмайтын саркофагтар, құлпытастар, және көптеген әртүрлі тастан қашалған бедертақталарсыз көз алдымызға келтіру мүмкін емес.

Кіші дәстүрлі архитектураның негізгі түрлері, әсіресе құлпытастар, бүкіл Арал-Каспийге таралған. Олардың қайталанбас түрлерінің көпшілігі Маңғыстау Үстірт өңірінде шоғырланған. Кейбір тастан қашалған құрылыстардың түрлері мен типтері – ферт-стелалар, баспалдақты, стильді-мүсіндік, қабіртастар, сандықтастар, қойтастар басқа аудандарда кездеспейді. немесе өте сирек болады. Бұл тек өнертанушылар мен сәулетшілерді ғана емес, сонымен қатар этнографтар, археологтар мен шығыстанушыларды қызықтыратын мейлінше көп және әртүрлі ескерткіштер таңғаларлық қасиетке ие. Мемориалдық архитектураның кіші формаларында, оның бейнесінде, сыртқы сәндік көркемдеуінде киелілік және дәстүрлілік нышандар басымдықта болады. Ескерткіштердің бұл әртүрлі формаларының бәрі, олардың белгілі канондық мөлшерлері, бөлшектері, рулық белгілері, жазбалары, оюлық композициялары терең байланыста және ол кездейсоқ емес. Бұл құрылыстарда жай, қарапайым стеллалардн бастап, керемет саркофагтарға дейін қасиетіне сай дәрежеде зерттеу үшін мыңжылдыққа шегініп барып ой елегінен өткізгенде ғана түсінетін ерекше тарихи-мәдени ақпаарат жинақталған. Бұл ескерткіштердің генезисі және

симантикасы жайлы, әсіресе құлпытастар мен «қойтастар» туралы әртүрлі ойлар айтылады, гепотиздер негізделіп, ғылыми таластар өрбитіні табиғи жағдай. Бұл жерде тек кейде бір нақты ескерткіш әртүрлі қарастырылатын, мысалы, Қарағашы-Әулие қорымындағы құлпытаста қару-жарақ және жасаған шебердің құралдары қоса бейнеленгенін айта кеткен жөн. Дәл осындай бейнелі құлпытастар Шақпақ Ата, Шопан Ата, Қошқар Ата кешендерінде де кездеседі. (1-сурет). Сәулетші М.Мендіқұлов қару-жарақ «суреттерін» дәстүрлі деп, ал құралдарды құрылыстікі десе, этнограф В.Востров жерленген адам жасы ұлғайған соң жауынгерлікті тастап, темірші немесе зергерлікке «мамандығын» ауыстыраған деп топшылайды. Ал шын мәнінде қару-жарақ бұл жерде дәстүрлі (мұндай белгі, эмблеме бар мемориалдық стелалар еуразиялық далада көне заманнан бері белгілі), ал құралдар жиынтығ атрибуцияланады және іс әрекетті көрсетеді: яки бұл жерде «ұста» (темірші) немесе зергер жерленгенін айқындайды.

Сурет 1 - Шақпақ Ата, Үштам, Шопан Атакешендеріндегі құлпытас түрлері. Фото суретке түсірген Ешманова Г.Қ.

Байқағанымыздай, Маңғыстау жіне Үстірт мемориалдық құрылыстарының кіші формасы қайталанбас тарихи-мәдени, этнографикалық тұпнұсқа кешені. Бірақ оларды ой елегінен өткізу үшін сол баяғы ескерткіштерді классификациалау өте маңызды, олар қазіргі жаңдайда шеттен тыс әртүрлілігімен ерекшеленеді. Олардың барлық жиынтығы құлпытастар, қабіртастар, сандықтастар, қоршаулар, бейіт үстіндегі үйінділер және үймелер болып негізгі 5 түрлі (категорияға) құрылыстарға бөлінеді. Бұл жерде құлпытастар ескерткіштердің көп тараған категориясы болғандықтан алдыңғы қатарда, шын мәнісінде барлық батысқазақстандық ареалды (таралу аймағы) біріктіреді.

Құлпытастар көп бейнелі және көп түрлі, белгілі ескерткіштің жеке айшықты бейнесінің арғы жағынан әр уақытта сол стелалардың әмбебаптық мәні, киелілігі, арлық қызметі (храмдық) сияқты сол стелалардың жаратылыс мақсаты көрініп тұрады. Даладағы кішігірім бейіт басындағы жалғыз, үнсіз құлпытас ірі ескерткішке қарағанда ешбір кемдігі жоқ, қайта әсерлі де терең ойға қалдырады. Айрықша стелалар бір қарағанда «эзотерикалық» болып көрінгенімен маңызды да тылсым ақпараттардың өзіндік жиынтығы іспетті. Батысқазақстандық мыңдаған құлпытастардың әрқайсысы деке адамға, тұлғаға арналған, ол да қайталанбас, жеке-дара және біз үшін қымбат. Сол ерен ескерткіштердің тең жартысы Маңғыстау мен Үстіртте шоғырланған.

Құлпытастардың генезисі көне заманның мыңдаған жылдар дәуірлер тереңіне: қола немесе, тіпті неолитке кетуі де мүмкін. Оларға көне замандық нұсқа бола алатын тік тас ескерткіштер – менгирлер, бұғы тастар және т.б. – әр жерлерден табылып қалады, соның арасында Маңғышлақтың өзінен де кездеседі: атап айтсақ, Дікілтас кешеніндегі стела классикалық құлпытастар дәуірінен екі мың жыл әріде жатыр. Сондықтан соңғының табиғатында көп нәрсе түсініксіз, жұмбақ, ал олардың сематикасына келсек (негізгі мәні) әрқилы пікір туғызады. Тіпті, қазақ тілі сөздігінің әртүрлі басылымдарында «құлпытас» сөзі көбінесе дұрыс жазылмайтын (құлуптас, құлыртас), нақты аударылмайтын («надгробие » – қабіртас түрінде), дегенмен оның мәні анық «стела», «бейітбасылық стела», тік қойылған мемориалдық ескерткіш, белгі дегенді білдіреді.

Құлпытастар – мавзолейлердің, сағанатамдардың, қоршаулар немесе әдеттегі бейітбасылық топырақ үйіндісі сияқты бейітбасылық құрылыстардың батыс жағына орналастырылады. Дегенмен, көп жағдайда, әсіресе Маңғыстау – Үстірт өңірінде олар бейітбасылық «қойтас» тіпті «шығыс - батыс» осі бойымен созылыңқы етіп бірге қойылады. Құлпытастар өз дамуында ұзақ ғұмырдан өтсе де, өзінің канондық формасы, көркем стела ретінде тек XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басында ғана, кеш қалыптасады, бірақ соңынан қазақтардың мемориалдық ескерткіштерінің негізгі түрі ретінде өте кең таралады.

Негізінен құлпытастар төрт қырлы тастан қашалған баған тәрізді, көп қабатты, жоғары жағы жарты шеңбер, шар тәрізді немесе сүйір болып бітеді. Батыс жақ қыры, кейде оның екі жағы да эпиграфикамен, қазақ тілінде, араб алфавитімен жазылып толтырылады. Стеланың төменгі жағында рулық таңба ойылады. Құлпытастың беті жазық рельефті және бедерлі әшекеймен, көбіне өсімдік, сонымен қатар (сирек) қару-жарақ, жылқы және т.б. суреттермен безендіріледі.

Бұл керемет өнерді 1926 ж. Белгілі этнолог Е.Р.Шнейдер зерттеу экспедициясының құрамында Ақтөбе облысына келгенде зерттеген еді. Ол құлпытастар жайлы таңғалыспен, сонымен қатар қайсы бір өкінішпен: «Олардың ою-өрнектері соншалықты бай және әртүрлі, жетілгендігі соншалықты, олар біздің музейлерімізден көрнекті орын алуы тиіс еді; бірақ қазақтардың бұл өнер түрі музейлерде де, әдебиетте де түк те көрсетілмеген», – деп жазады. Көркемделген құлпытастардың арасында кесу мен қашаудың барлық түрін қолданып жасалған тас өңдеу өнерінің керемет нұсқалары аз емес: жиекті, жалпақ рельефті, көлемді, екі қырлы ойылған және де соңынан фоны мен суреті де болады. Сәулетші Т.К.Бәсенов «қазақтарда тас қашау кәсіп ретінде құлып-тас жонудың негізінде дамыды», деп жазғаны кездейсоқ емес. Бұл канондық құлпытастар әдетте биіктігі 1,5-2 м болады, дегенмен олардың арасында биіктігі 3 м және одан да ұзындары, көп қатарлы алыптарды да кездеседі.

С.Әжіғалидің зерттеулерінің сараптауларында көрсеткендей, қазақ стелаларының генизисі көшпенді, жылқы өсіруші халықтың ертеден келе жатқан рәсімі, бірінші кезекте жылқыға табынуына байлвнысты. Ал құлпытас семантикасының негізінде, өмір бәйтерегі жайлы эмбебаптық нанымдармен және т.б. қатар

далалықтардың идеологиясына сәйкес және нақтылы құрбандық рәсіміне арналған ат байлайтын баған туралы идеясы. Осындай ойылған бағандар Еуразияның көптеген жылқы өсіруші халықтарының этнографиясында белгілі және біздің құлпытастарға өте жақын формада. Олар якуттардың, буряттардың, алтайлықтардың «сэргэ» және «чақы»; мадиярлардың «фейфа – құлпыағаш»; ханттардың «құрбандық жылқының бағаны» және т.б. Бұл ағаш ат байлағыштар тұрғын үйде, рәсімдер өткізу кезінде бейіт басына қойылған. Бейітбасылық ат байлағыштар (мамағаш) қазақтарда да белгілі болған. Бұл тұрғыда Батыс Қазақстан құлпытастары ағаш ою дәстүрінде орындалғаны, демек олардың арғы тегі ағаш бағандар болғанының көрнекті дәлелі. Тағы да бірнеше стелаларда құрбандыққа апарар жылқының көне образы сақталған. Мұндай жәдігер ескерткіштер Маңғыстау мен Үстіртте жүзден кем емес екені белгілі, солардың бірі, жылқы бейнеленген керемет барельефі бар Шопан Ата қорымындағы бір құлпытастың бетінен көре аламыз. (2-сурет).

Сурет 2 - Шопан Ата қорымы. Салт аттының барельфі бар құлпытас. Үштам кесенесінің кіре берісіндегі ат бейнесі

Маңғыстау өңіріне жақын орналасқан Әзірбайжан еліндегі құлпытастардың бір-біріне ұқсастығы

Құлпытастар тақырыбын жан жақты зерттеу тек қазақтар үшін емес, басқа халықтар мен өңірлердің тарихы мен мәдениеті үшін үлкен мәнге ие. Мыңдаған ескерткіштердің әрқайсысы өзіне ұқыпты қарағанды, зерттеуді қажет етеді. Бұл терең дәстүрлік, жоғары көркем мемориалдық құрылыстардың ерекше қасиеті халық арасында әлі жоғалмағаны рәміздік белгідей. Соңғы жылдары бейітбасылық байқауы (мысалы, бізге жат мүсіндік портрет орнына) бекер емес, бұл әдет-ғұрыпта өте үлкен мәні бар. Ортағасырдың соңына таман (XV – XVII ғғ.) қабіртастар мемориалдық құрылыстардың Шығыс Каспий жағалауында ең кең таралған түріне айналды. Әзербайжан еліндегі Уруд елдімекенінде кездесетін құлпытастарда пішіні жағынан да, бетіне ойылып түскен ою-өрнектері және символдық атрибуциялары жағынан да біздің құлпытастарымызға өте ұқсас болып келгенін байқаймыз. Адам бейнелері, бесік тербеткен жас ана, ат, розетка, өсімдік тектес ою өрнектер т.с.с. суреттерді оларда қолданған. Мысалы, Уруд елді мекеніндегі сандықтас секілді ескерткішті алып қарайтын болсақ, оң қапталы жағында бейнеленген төрт бірдей және төрт бөлікке бөлінген сюжетті композицияларды көре аламыз. Әр бөліктердің арасын өрнектелген бағандармен бөлінген. Оның 1-ші бөлігінде, жаңа туылған нәрестені әлдейлеген жас ананың бейнесі суреттелген, 2-шісінде қолында балта мен арқан ұстаған ер адам мен

жас жеткіншектің бейнесін көреміз. Ал 3-ші бөлікте бойжеткен мен бозбала бейнесі салынған. Соңғы бөлігінде ерекше бейне, яғни ірі қара мал үстіне нық орналасқан қанатын айқара ашқан қыран құстың бейнесі көзге таңба басқандай көрінеді. Бұл бейнелерден жаңа өмір бастаған жас нәресте, есейіп ер жетіп, ата-анасынан салиқалы тәрбие алып, оның нәтижесінде өз ошағын құрып, үйлі-күйлі болып, әрі қарай сол әулеттің отағасы болатынын анық оқи аламыз, бұл ескерткіш болашақ ұрпаққа өнеге ретінде қалған бірден-бір ақпарат екені айдай анық. (3 сурет)

Жоғарыда айтылып кеткен қанатын айқара жайған қыран құс бейнесі көптеген түркі тілдес халықтарында көбінесе оғыз түріктерінің наным сенімдерінде «отауының берекесін қорғаушысы» символы ретінде қолдалынады. Бұл бейне тек аталмыш елдімекенде ғана емес, сонымен қатар көршілес елдерде де, мысалы Түркия мемлекетінің Кония, Рея қалаларындағы зәулім сарайлардың ішкі интерьер безендірілуіндегі керемикалық плиткаларда, жәдігер бұйымдарда да және Селчук дәулетінің қолданған ақша тиындарының беттерінде де кездеседі. Осы сияқты құлпытастар мыңдаған және діни рәсімді мінездейтін шамандардың болғанын анықтайтындай. Жалпы ислам діні кірсе де, бірнеше ғасырлар бойы шаманизм бағытын ежелгі түркі тілдес халықтардың өмір салтында қолданыста болғанын зерттеушілердің еңбектерінен байқаймыз. Сол зерттеушілердің еңбектерінде «шамандардың өмірден өткен адамның үйіне жетінші күні келіп, ошақ басында қолдарын жоғары көретіп дұға оқиды» – деген жазбаларды кездестіре аламыз. Бұл әдет-ғырып қазақ халқында да «марқұмның жетісі» деп аталады, дұға оқылып, садақа тарқатылады. Көрші халықтардың атап айтқанда, Әзербайжан, Әрмен халқы, Түркия және бүтін Орта Азия халықтарының құлпытастарындағы бейленелер мағынасы жағынан да, өмір сүру салтындағы қолдылған әдет-ғұрыптары жағынан да бір біріне ұқсас болғанын дәлелдейді.

Сурет 3 - Әзербайжан, Уруд құлпытас ескерткіші XVI ғ.

Қорытынды

Құлпытас – ол Қазақ халқының ұлы дала мәдениетінің маңызды символы екені сөзсіз. Киіз үй және ат сияқты феномендермен қатарда тұратын, баяғыдан бергі, негіз боларлық архаикалық символ. Құлпытастар тек далаық көптеген қорымдар мен бейіттердің ажырамас атрибуты ғана емес, сонымен қатар философиялық пайымдауды талап ететін кең мәнді құбылыс. Бұл көрнекті вертикалдар, ойылған әшекеймен,

жазбаларымен, суреттерімен безендірілген, біздің өткеніміз жайында әлі де танып болмаған әрқилы ақпаратты, өзінің қайталанбас формасымен, болашаққа ұмтылғандай таңбалы, мәнді бойына жинаған. Қорыта келе, қарастырылған құлпытастардың орналасқан жерлеріне зерттеулер жүргізіліп, олардың Маңғыстау сәулет және бейнелеу өнеріне ерекше өзгерістер алып келгеніне көзіміз жетеді. Іс-сапар барысында түсірілген фото суреттерге қарай отырып, бұл теңдесіз тарихи жәдігерлеріміздің бай және алуан түрлі бейнеленуі арқылы Орта ғасырлық бабаларымыздың өмір сүру салтын үйрендік. Салт дәстүріміз бен әдет-ғұрыпларымыздың көп бөлшегін осы тас бейнелерінен көре отырып, оны болашақ ұрпағымызға жоғалтып алмай, жаңа заманға сай етіп, мән-мағынасын сақтай отырып қайта жаңғырту абзал деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Н. Бернштам. Историческая правда в легенде об огуз Кагане.- «Советская этнография», 1935, стр. 15; А. М. Щербек. Огуз-намэ, Мухаббат-намэ. – М., 1959, стр. 94; Murat Uraz. Türk mitolojisi. İstanbul, 1967, стр. 37;
2. С.Е.Малов Шаманство у сартов Восточного Туркестана. – Сб. Музея антропологии и этнографии, т. V, вып. I. Петербург, 1918;
3. С.Әжіғали Маңғыстау мен Үстірт ескерткіштері. – Алматы: Өнер баспасы, 2014. –504 бет. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТҰЛҒА

А.А.Тайпақ
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ, «Тарих» мамандығының 2-курс студенті. Атырау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші: Бердіғожин Л.Б.
т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Аңдатпа. Қазағым кім?, мен кімнен? дегенде, шынайы шындық – ұлыларымыздың, даналарымыздың талай ғасыр бойы арқауы үзілместен сабақтасқан сан қилы тағдыр жолы, ұлтымыздың ар-ождан, намысы, өміршеңдік ерен қабілеттілігі, жасампаздық қасиеттілігі. Тәуелсіздікке ұмтылған, азаттықты аңсаған батырларымыздың бірі Исатай Тайманұлына биыл 230 жыл толып отыр.

Баяндамада тәуелсіздік жолындағы азаттық күрестердің бірегейі, 1836-1838 жылдардағы Исатай-Махамбет көтерілісі ғылыми-танымдық әдебиеттерді саралау, зерделеу негізінде тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: көтеріліс, халық, патша өкіметі, әскер, азаттық.

Қазақ халқының басынан неше түрлі зұлмат замандар өтті, сол кезеңдердің бірі қазақтардың қаналған XVIII ғасырдың басы еді. Бөкей ордасы ішінде халықтың жері тартып алынып, байлар халықты қанаған кезде, ел жайын ойлайтын батырлар табылды. Сол батырлардың басын қосып, өзінің қол астына жиыстырған тұлға Исатай Тайманұлы болды. Осы жылдары Исатай батыр өзінің ұйымдастырушылық қасиетімен, батырлығымен, халыққа деген жанашырлығымен танылды. Исатай Тайманұлы көтерілісті бастамай тұрып, алып империяны жеңбесе де, қазақ халқына саяси, экономикалық тұрғыда бірнеше жеңілдіктерге қол жеткізуді қалады .

Таймануулы Исатай кіші жүз Байұлының Беріш руынан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Халық батыры И.Таймануулы 1791 жылы Тайсойған құмындағы «Тайман жалы» деген жерде дүниеге келген. Исатайдың анасы Есентемір руының Тағашы бөлімінен. И.Таймануулының төртінші атасы Ағатайдың есімі қалмақтарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Беріш руының ұранына айналған Исатайдың жастық шағында оған ықпал жасап, қамқорлық еткен әкесі, Тайманның інісі – Жабал Бегәліұлы. 1808 жылы Жабал бастаған Бегәлі ауылы Бақсай бекінісі тұсынан Жайықтан өтіп, Бөкей ханның қарауына кіреді. Хан орысша сауатты, саясаттан хабары бар, халық алдында беделді Жабалды Беріш ауылына старшина етіп қояды. Жабал қайтыс болғаннан кейін, оның орнына старшина И.Таймануулы болады. Ел ісіне ерте араласқан Исатайдың кемелденуіне қайын ағасы Жабайдың көп көмегі тиеді. Ол орысша оқыған, сауаты бар адам болған, старшын қызметін атқарған [1].

Күн санап ел арасында беделі асып бара жатқанын көре алмаған хан төңірегіндегілер оның беделін түсіру үшін түрлі жала жауып, ханға шағыстырып бағады. Соның салдарынан бас аяғы 4-5 жылдың ішінде бірінде старшын Өтеміс Құлманиязовты тонады деген, екіншісінде кісі өлтірді деген жаламен түрмеге қамалады. Оның алғашқысынан ақша беріп құтылса, екіншісінен Орынборға конвоймен айдалап бара жатқан жерінде, есебін тауып, қашып кетеді.

Хан Бөкей Исатайдың басқаруына Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы бірнеше аралды береді.

Осылайша Исатай 21 жасында Беріш руының старшинасы болып ел басқарады, Ордадағы беделді адамдардың біріне айналады. Хан тапсырмасымен ол Петербургке бара жатқан Бұхар елшісін Сарайшықта қарсы алып, Астраханьға дейін қасына ереді. Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы генерал Генстің Ішкі Ордаға келген сапарында оның қасында болады.

Ішкі Ордада патша үкіметінің отарлық мүддесін іске асырушы хан Жәңгірдің халыққа жасаған озбырлығына И.Таймануулы әу бастан қарсы болады. Ханнан, оның қайын атасы Қарауылқожадан, сұлтандар мен билерден зәбір көрген қарапайым халық бірте-бірте Исатайдың айналасына жинала бастайды. Оның қоластындағыларға ханның әмірі жүрмейді, ал Исатай батырға Жәңгірдің әлі келмейді. Ханның төңірегінде негізінен төрелер, билер, қожалар, молдалар және соларға ерген аз ғана халық қалады [2].

1833 жылы маусым айында Жәңгір хан осыған дейін И.Таймануулы басқарып келген Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы шөбі шүйгін, суы мол 5 аралды қайынатасы Қарауылқожа Бабажановтың билігіне беріп, Исатайды қарауындағы елімен шаруашылыққа қолайсыз, суы да, шөбі де аз, құм басқан Мыңтөбеге аударды. Жәңгір ханның және басқа да феодалдардың халыққа жасап отырған қысымшылығы туралы И.Таймануулы бастаған бір топ старшиналар Орынбордағы Шекара комиссиясына, тіпті губернатордың өзіне талай рет арыздар да жазады. Сол арыздардың бірі 1836 жылы 28 маусымда Бекболатбайға жазған хатында Исатай,хан әкімдерінің қысымшылығын баяндай отырып, 24 наурызда Қарауылқожа Бабажановтың өзінің ауылдарына 800 кісімен шабуыл жасағанын,оны 11 сәуірде сұлтан Сүйінші Жанғалиев арқылы ханға мәлімдегенін,хан тарапынан қолданылатын шараларды сұлтан Меңдігерей арқылы біліп беруді сұрайды. Егер хан шара қолданбаса, өзінің басқа жолмен кек алатынын мәлімдейді.

Шиеленіскен күрес әлі де толастамайды. Жәңгір ханнан әлі де үміт үзбеген старшындар Исатай Таймануулы, Ұса Төлегенұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы 30 маусымда ханға екінші рет ашық хат жолдайды. Онда Қарауылқожа Бабажанұлының елге істеп

отырған қысымшылығы, 24 наурызда болған екі жақтың теке – тіресін, ауылдардың одан көрген жәбірін айтады.

Бұдан кейін, Исатай Тайманұлы 14 шілдеде өзіне жақтас старшындармен: Есенғұл тайпасынан Әуес Төлегенұлы, Байбақты руынан Өтеміс Қошқарұлы, Иманбай Қалдыбайұлы, адай руы өтей тайпасынан Досқан Жәнібекұлы, есен тайпасынан Ешмұхамед Жантуұлы, жаппас руынан Әлжан Төремұратұлы хан әкімшілігінен әділдік болмағасын Жайық орыс-казак әскер басшыларына мәлімдеме жасайды. Бұл арада Жәңгір хан да қарап жатпай, Исатай тобы үстінен әртүрлі арыз-шағымдарды жөнелтуде болады. 14 шілдеде хан шекара комиссиясына мәлімдеме жасап, онда Исатай мен Махамбеттің Күшік Жапаров деген қазақты өлтіргенін, онымен қоймай Ордаға көп қарулы адаммен келіп, халық атынан Қарауылқожа Бабажанов үстінен арыхз айтқанын көрсетеді. Исатай мен Махамбетті тез арада қамамаса бүлік болатынын, одан сақтану үшін Ордадағы 175 орыс-казак әскерін қолдануға рұқсат сұрайды [3].

Бірақ, одан ешқандай да қорытынды шықпайды.

Әртүрлі алым-салықтан күйзелген, жайылым жерден айырылған, казак әскерлері мен жергілікті феодалдардың екі жақты езгісінен әбден шыдамы таусылған бұқара халық қолдарына қару алып, көтеріліске шығады. Бұл – 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы батыр Исатай Тайманұлы басқарған халық-азаттық көтеріліс еді. Көтерілістің қозғаушы күші, негізінен, қазақ шаруалары болды. Оның мақсаты – Жәңгір ханның халыққа жасап отырған озбырлығына шек қою, шаруалар жағдайын жақсарту, Қарауылқожаны, Балқыны биліктен тайдыру, жер мәселесінде белгілі бір келісімге келу болатын. 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық көтерілістің барысында Махамбеттің трибун, жыршы-ақын ретінде Исатай батырдың оң қолы болғандығы тарихтан да белгілі.

Көтерілістің басы 1836 жылғы 24 наурызда Қарауылқожа Бабажановтың 800 адамды бастап, Манаш елді мекені маңындағы И.Тайманұлының ауылын қоршауы болып табылады. Алайда, Қарауылқожа тобы 200 сарбазбен өздеріне қарсы шыққан Исатайларға шабуыл жасауға бата алмай, кейін қайтуға мәжбүр болады. Бұрын ешкімнен тауы шағылмаған, қарамағындағы елге дегенін істеп әдеттенген Қарауылқожаның Исатайларға ештеңе істей алмауы бүкіл Бөкей хандығына тарайды. Үстем тапқа ызасы кернеген шаруалар әр жақтан Исатай батырдың қоластына жинала бастайды [4].

1836 жылғы маусымның соңы мен шілде айының басында И.Тайманұлы бастаған шағын топ ханға халық талабын жеткізу үшін Тасобадан Жасқұсқа аттанады. Исатайлардың келе жатқан хабарын естіген Жәңгір хан Астрахань әскери губернаторынан Орданы қорғау үшін әскер жіберуді сұрайды, сонымен бірге уақыт ұту мақсатында Исатайлардың талаптарын білу үшін оларға өзінің сенімді адамын жібереді. Исатайлар оған Қ.Бабажановты, Б.Құдайбергеновты қызмет орындарынан босату туралы және Исатайдың үлкен ұлы Жақияның қолымен жазылған басқа да талаптарды тапсырып, кейін қайтады.

1837 жылдың жазында Исатай батыр бастаған көтеріліс бүкіл Бөкей ордасына тарайды. Жәңгір хан мен оның айналасындағыларға наразылардың бәрі Исатайдың айналасына жиналады. Келген жігіттер атпен, азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз етіледі. Осылайша, И.Тайманұлы белгілі бір тәртіпке негізделгөн азаматтық және әскери ұйымның басшысына айналады.

1837 жылдың 16 қыркүйегі күні Исатай батыр бастаған 200-ден астам сарбаздар халыққа әбден жек көрінішті Қарауылқожа Бабажановтың ауылын шабады. Одан алынған мал мен дүние-мүлік шаруаларға таратылып беріледі. 1837 жылғы 17 қазанда көтерілісшілер Балқы Құдайбергеновтің, сұлтан М.Шөкиннің ауылдарын шауып, хан ордасы – Жасқұсқа бірте-бірте жақындай түседі. И.Тайманұлының үлкен қолды

басқарып, Жасқұсқа келе жатқандығынан хабардар Жәңгір хан Орынбор және Астрахань әскери губернаторларына дереу хат жазып, өзін қорғауын сұрайды. Хан ордасын қорғауға Астраханьнан подполковник Алиев, ал Орынбордан подполковник Геке басқарған зеңбіректермен қаруланған әскерлер аттанады. Ал, 2000-нан астам қолмен хан ордасын қоршаған Исатай батыр біраз уақыт хан елшілерімен, кейін Гекенің елшілерімен нәтижесіз келіссөз жүргізеді. 1837 жылғы қараша айының соңында кең байтақ Қазақстанның шағын бөлшегі – Бөкей хандығындағы шаруалар қозғалысының жаңғырығы Ресей астанасы – Санкт-Петербургке де жетеді. Император И.Тайманұлы бастаған бүлікшілерді қатаң жазалауды талап етеді.

Махамбет, Үбі, Сегізсері және басқа да батырлардың «хан ордасын шабайық» деген ұсынысын байсалды, сақ, ұстамды Исатай қабылдамайды. Себебі, орданы шапқан күннің өзінде де патша өкіметі оларды тыныштықпен жүргізбейтіндігін, өйткені, Жәңгір ханның артында патша өкіметі мен оның жазалаушы әскерлері тұрғандығын және сол әскерлерге қарсы тұрарлықтай өзінде күштің жоқтығын ескерген Исатай батыр халық талабын ханнан бір жағынан айбармен, екінші жағынан келіссөз арқылы орындатуға күш салады. Егер 18-ғасырдың 80-90-жылдарында Сырым Датұлы басқарған көтеріліс кезінде Нұралы хандықтан қуылса да, Есім хан өлтірілсе де көтерілісшілердің өздерінің түпкі мақсатына жете алмағандығын ескерсек, Исатай батырдың бұл шешімі елдің бүтіндігі мен халықты сақтау жолындағы үлкен көрегендік екендігін ерекше айтуымыз керек [5].

Хан Жәңгір шақыртқан патша әскерімен Исатай батырдың іріктелген 500 сарбаздарының арасындағы шешуші ұрыс 1837 жылы 15 қарашада Тастөбе деген жерде болады. Көтерілісшілер қаншама ерлікпен шайқасса да, ұрыстың тағдырын зеңбіректер шешеді. Зеңбіректердің жарылған оғы мен зіркіліне шыдай алмай көтерілісшілер кейін шегінуге мәжбүр болады. Осы ұрыста Исатайдың Мылқым деген әйелі, Ақай атты баласы қаза табады. Тастөбедегі шайқаста көтерілісшілер жағынан 60-қа жуық адам өледі. Исатай батырдың оң қолына оқ тиіп, астындағы аты жараланады. Осы ұрыстағы көтерілісшілердің ерлігіне подполковник Гекенің өзі де қайран қалады. Ол Орынбордағы әскери губернаторға «Исатайлардың өздері мен жанұясын қорғаймын деп шамадан тыс ерлікке, зеңбірекке қарсы шабуылға баруы, олардың соншама ашынғандықтарын көрсетеді»,-деп жазған [3].

Тастөбеде қолға түспеген Исатайдың басына, оны тірідей ұстағанға 500 күміс ақша тігіледі. «Оны өлтірген адамға сол ақшаның жартысы беріледі»,- деп жарияланады. Егер С.Разин, Е.Пугачев сияқты шаруалар соғысының көсемдерін қиын-қыстау кезеңде қасындағы жолдастары патша өкіметіне ұстап берген болса, басына қаншама ақша тігілсе де ешкім Исатайды жазалаушылар қолына ұстап бермейді. Керісінше, халық оны және оның сарбаздарын қажетті азық-түлікпен, көлікпен қамтамасыз етіп отырды. Тіпті, аты жараланып, жаяу соғысқан соңғы сәттерде де жолдастары Исатайды жау қолына қалдырмауға тырысады.

Ішкі Ордада бытырап жүрген көтерілісшілердің басын біріктірудің мүмкіндігі жоқ екендігін түсінген И.Тайманұлы, 1837 жылдың 12 желтоқсанынан 13-не қараған таңда өзінің ескі досы Құрақ Маябасовтың көмегімен И. Тайманұлы бастаған 38 адам ұйтқып соққан боранды пайдаланып Жайықтың шығыс бетіне – Кіші жүзге өтеді. Олар қараңғылық пен боранның көмегімен арттарынан ілесе қуған казактар мен Баймағанбет сұлтанның адамдарын адастырып үш топқа бөлініп, Тайсойған жаққа бет алады.

Кіші жүзге өткен И.Тайманұлы бастаған шағын топ осы жерде патша өкіметінің отарлық саясаты мен сұлтан Баймағанбет Айшуақов бастаған жергілікті феодалдардың қарапайым халықты езіп-жаншуына қарсы азаттық күресті ұйымдастыруға кіріседі [6].

Исатай батыр мен ақын Махамбет бүкіл Кіші жүзді аралап, патша өкіметінің отарлық саясатын және солардың қолшоқпары хандар мен сұлтандардың халыққа

жасап отырған озбырлығын шаруаларға түсіндіріп, оларды қолдарына қару алып, өздерінің азаттығы үшін күреске шығуға шақырды. Сол мақсатпен Исатай Махамбетпен бірге Маңғыстауға барып, оның билеушісі Қ.Есімовпен күш біріктіруге уағдаласады Сонымен бірге Хиуа ханы Қайыпқали Есімовке патша әскерлерін тойтару үшін 20 мың әскер беруге уәде етеді.

Кіші жүздегі көтерілісті ұйымдастыру барысында Исатай батырдың ел-елдің басын біріктірген шебер дипломат болғандығын байқаймыз. Мысалы, көтерілістің негізгі ошағы болған әлімдер мен Маңғыстау адайлары арасында көптен келе жатқан кикілжің болған. Көтеріліске қатысушы адайлық сарбаздардың Әлім жеріне келетін болуына байланысты Исатай Әлімдер мен Адайларды өзара келістіріп, татуластырады. Маңғыстау адайлары мен түрікмендердің арасында да көптен бері келіспеушілік болады. Ресейдің отарлық саясатына қарсы азаттық көтеріліске аттанған адайлардың тылын қауіпсіздендіру мақсатында Исатай түрікмендермен келіссөз жүргізіп, адайлар мен түрікмен-дерді де мәмілеге келтіріп, келістіреді.

И.Тайманұлы бастаған көтерілісшілерге батыр Жоламан Тіленшиев би Жүсіп Құланов бастаған сарбаздар қосылады. Адай, Шеркеш, Таз, Шөмекей, Табын, Кете руларынан Исатай мен Қ.Есімовтың қоластына 3000-дай адам жиналады.

Патша өкіметі И.Тайманұлының басқаруымен Кіші жүздің батыс бөлігінде болып жатқан халық наразылығының одан әрі өршуінен қауіптеніп, оны басудың қамына кіріседі. Өйтпеген жағдайда бұл көтеріліс Кіші жүзге қарай жақындап келе жатқан Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтеріліске ұласып, патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы халық-азаттық соғысқа айналуы әбден мүмкін еді. Егер оқиға дәл осылай өрбісе, онда Ресей империясының Қазақстанды отарлауды аяқтауының өзі неғайбыл жағдайға айналған болар еді. Осыны ескерген Орынбор генерал-губернаторы 1838 жылғы шілде айының басында подполковник Геке басқарған зеңбіректермен қаруланған әскерлерді Исатайларға қарсы аттандырады. Сонымен бір мезгілде Горск қамалынан бір топ әскерді бастап Баймағанбет Айшуақов та шығады. Жазалаушылардың екі тобы 10 шілдеде Үлкен Қобда өзеніне жақын жерде кездеседі. Баймағанбет сұлтан әдейілеп жіберген Балта деген алдаушының сөзіне сеніп қалған аңғал Исатай батыр қасына 500 сарбаз алып, сұлтан Б.Айшуақовтың ауылын шаппақшы болып, негізгі қолдан бөлініп шығады. Жазалаушы әскерлердің келіп жеткендігінен бейхабар Исатайлар тобы 1838 жылғы 12 шілде күні Ақбұлақ өзенінінің жағасында Геке мен Баймағанбет сұлтанның біріккен әскерінінің үстінен шығады. Әскер күші жағынан тең емес шайқаста Исатай батыр бастаған көтерілісшілер асқан ерлік көрсетеді. Алайда, мұнда да Тастөбедегі сияқты ұрыс тағдырын зеңбіректер шешеді. Исатайдың атына да оқ тиіп, ол казактармен жаяу шайқасады. Махамбет пен Үбі Исатайға өз аттарын тосса да, «ат артына мінгесіп, елге күлкі болғанымнан өлгенім артық, одан да балаларымды сақтаңдар, өздерің қашып құтылыңдар»,-деп оларды ілгері жібереді. Ақбұлақ өзенінің жағасындағы кескілескен шайқаста Исатай батыр да, оның 16 жасар ұлы Оспан да қаза табады. Осы шайқастың басы-қасында болған Исатайдың 14 жасар ұлы Досмағанбет астындағы атының жүйріктігі арқасында Махамбетпен бірге жау қолына түспей, құтылып кетеді [4].

Исатай батыр 12 шілде күні қапылыста қаза тапқаннан кейін, көтеріліс одан әрі дамымай, сарбаздар жан-жаққа бытырап кетеді. Қ.Есімов жазалаудан қорқып, Хиуаға қашады. Осылайша, бас-аяғы 6 айға жетпейтін қысқа уақытты қамтыған аумағы мен сарбаздардың саны жағынан Бөкей хандығындағы көтерілістен асып түсетін бүкіл Кіші жүз даласын дүр сілкінткен батыр Исатай Тайманұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс жеңіліске ұшырайды. Ол заманда басқаша болуы мүмкін де емес еді. Көтерілісшілерге хан өкіметі мен сұлтандар, патша үкіметінің жақсы қаруланған, арнайы дайындықтан өткен әскерлері қарсы тұрды. Көтерілісшілер Қазақстанның басқа аймағындағы, соның

ішінде К.Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыспен байланыс жасап үлгермеді. Көтерілісшілердің қарау-жарағы да мейлінше нашар болды. Нақты бағдарламаның болжамауы ұйымшылдықтың жетіспеуі де жеңіліс себептерінің бірі болды.

И.Тайманұлы бастаған көтеріліс жеңілгенмен, ол Қазақстанның батыс бөлігінің Ресей империясы құрамында кейінгі дамуында терең із қалдырды. Бұдан былай алым-салықтың мөлшерін жылдан-жылға көтере беруге белгілі дәрежеде шек қойылды, патша үкіметінің көтерілісті қолдаған қазақ ауылдарының старшындарымен санасуына тура келді, Ішкі Ордадағы хандық биліктің жойылуы тездеді.

Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы басынан өткен көптеген ауыр әрі қауіпті оқиғаларға мойымай асқан қайсарлық көрсетіп, өз жауларымен өмірінің ақырына дейін алысып өтті. Орыс ғалымы Н.Савичев былай деп жазды, «Тып-тыныш әлемде, қап-қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап, жан-жағына отын шашып, жұртты таңқалдырып келе жатқан метеорды көресің. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл-ойдың иесі, халық қамын ойлаған қажырлы батыр -Исатай» [6].

Исатай Тайманұлы өзінің болмысымен, шешендік әділ би өнерімен, батырлығымен, қиыннан жол табатын тапқырлығымен, ақ адал, ақ жарқын көңілімен халқы таныған,тарихта аты мәңгіге қалатын көтеріліс басшысы, халқымыздың азаттық жыршысындай болған батыр ұлы.

Исатайдың батырлығы бұрынғы замандардағыдай жекпе жекте емес,өз заманының озық әскери құралдарымен жасақтанған орыс жазалаушы әскеріне қарсы шығуында, әскери өнерді, қол басқару өнерін терең білгендегінде, жауға шапқанда қолдың алдында болып,кейін шегінгенде жолдастарын қорғалап қолдың артынан жүруінен көрінеді. Исатайдың осы қасиеттерін қарсыласы полковник Геке де таңдана мойындап, Исатайды шын соғыста емес, байқаусызда, кездейсоқ жеңдік деп бағалаған [3]. Исатай әділ би, сөзге шешен, турашыл адам. Бұл қасиеті Исатайдың Жәңгір ханмен оның әкімдеріне орыс саясатын қолдап, халыққа озбырлық жасаған әрекеттерін беттеріне басуында,адай мен әлім рулары арасындағы жер таласын бітістіруінде, қазақ пен түрікмен арасындағы кикілжіңді шешуінде көрінеді.Исатайдың ел тұтастығын ойлаған істері, оның бай мен жарлыны, румен руды, жүзбен жүзді бөлмеу идеясында жатыр. Бұл бағытта Исатай қазақ хандарының ел басқару істерін, қазақ қоғамының рулық генеологиясын жете айырып, білуі өте маңызды. Бір мысал, қазақтар Кіші жүзде әлімұлы руларын аға ру ретінде қадір тұтқан. Мұны хандар да сақтап, орынды пайдаланған. Ру арасында тепе-теңдікті, бірлікті сақтап, Әлімұлы арқылы бүкіл арқа, маңғыстау, сыр бойларына ықпал еткен. Әлім руы Исатайға ақыр аяғына дейін сеніп, көтеріліс кезінде бірге болған [7].

Исатайдың халық азаттығын, ел тәуелсіздігін ойлауы оның болмысының айнасы деп бағалауға тұрады. Зерттеушілердің бізге дейін Исатай көтеріліс басшысы ретінде Жәңгір хан ордасын қалың қолмен қоршап, ханды өлтірмеуі, оның басты кемшілігі деп бағалауы Исатай өмірін дұрыс зерделегенде ғана ол ойлардың мүлде қате екенін түсінгендейміз. Исатай барлық қиындықтардың «қаралы заманның» басты кінәлілері орыс отаршылдары деп бағалаған. Азаттық үшін күрескен асыл ер.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік жылдарындағы отандық тарихнамада орын алған өзгерістер көтеріліс тарихын пайымдауда, біріншіден, өткен ғасырдың 20-жылдары ұсынылған және дүние жүзілік тарих ғылымында танылған «бірыңғай ағым теориясына» оралу және оны меңгеру жөніндегі ізденістер байқалады. Ол Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісті қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға, «шаруа көтерілісі» концепциясының шектеулігінен арылуға мүмкіндік береді. Мұндай методологиялық бетбұрыс аясында толыққанды зерттеулер жарық көре бастады, олар көтеріліс тарихын зерттеудің де, махамбеттанудың да жаңа белеске көтеріліп келе жатқанын айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Савичев Н.Ф. Исатай Тайманов – старшина внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. – 187 б.
2. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – 108-бет; Қорқытов Б. Атырау билері мен батырлары. – 35-бет; Билер сөзі. – Алматы, 1992. – 55-56-бб.
3. Бердіғожин Л.Б. Исатай-Махамбет: Азаттық күрес сардарлары. монография. –Алматы: «Өлке» баспасы, 2011. – 27-29-бб.
4. Досмұхамедұлы Х. Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет; Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат; Исатай кім? // Таңдамалы. – А., 1998. – 29-65-бб.
5. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: «Арыс», 2002.
6. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы, 1994 (Мұнда автордың Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтмісұлы туралы тұғырнамасы). – 115-125-бб.
7. Жаулин К.М. Исатай Тайманұлы – Тәуелсіздік жолындағы күрескер. // Исатай Тайманұлының 230 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Атырау, 2021.

ӘОЖ 94 (574)

КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ОРНАҒАНҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР САЯСАТЫНЫҢ АХУАЛЫ

Асқарова М.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Тарих» факультетінің
2-курс магистранты. Ақтөбе қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Ұ.Ш.Исмағұлов
т.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры

Аңдатпа. Мақалада патша үкіметі тұсындағы Қазақ жеріндегі жер қатынастары қандай негізде жүзеге асқандығын, бодандық жер саясатының қалай ұйымдастырылғандығын, қазақ шаруаларының жерге меншігінің айырылуын зертделенеді. Жер саясатының отарлау мақсатында жүзеге асырылуының негізгі себептері мен патша үкіметінің негізгі мақсатының жай-жапсары талқыланады. Қазақ зиялыларының жүргізіліп отырған жер саясатына деген наразылығы және олардың қалай көрініс тапқандығы зерттеліп өтіледі.

Түйінді сөздер: жер саясаты, қазақ шаруалары, орыс қоныстанушылары, жер меншігі, уақытша ережелер.

Қазақстанда көпұлттық елді-мекендерді ұйымдастыру мен бекіністердің құрылысын жүргізу патша үкіметінің Қазақстан елін отарға түсіруіндегі алғашқы кезеңі болды. Ресей жерінде 1861 жылғы 19-ақпанда жарияланған басыбайлықтан бас тарту жөніндегі заңнан кейін патша үкіметі Қазақ жеріндегі шаруашылықтың көшпелі болуының себебінен мезгілдік бос жатқан жерлерге орыс крепостнойларын толтыруға бел байлады. Бұл шара патша үкіметінің екі бағыттағы жоспарын жүзеге асыру үшін қолданылды. Бірінші жоспар есебінде, Ресейдің ішкі өңірлерінде шаруаларға жер тапшылығынан туындайтын тұрмыстық конфликтілердің және әлеуметтік келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында Қазақ жері және басқа да отарлық территорияларға қоныстандыру көзделді. Екінші жоспардың мәні, Қазақстан секілді отарлық құрамға қосылған территориялардың этникалық құрамын орыстандырып,

аймақтардағы жергілікті басқару құрылымдарын «өз адамдарымен» ығыстырып, оларды аталған аймақтарда әскери-әкімшілік тірекке айналдыруды көздеді.

Стратегиялық маңызы бар жоспарға арнайы нормативтік база есебінде 1868 жылғы «Орал, Ақмола, Торғай, Семей өңірлерін басқаруға байланысты Уақытша Ереже» бойынша «осы уақытқа дейін қазақтар қоныстанып келген жерлер енді мемелкеттің меншігі болып қабылданып, қазақтардың өзіне қоғамдық пайдалануға беріледі» деп көрсетілді [1.5б].

Кейінірек 1886 жылы қабылданған «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі Ереже» жоғарыда көрсетілген баптарды қайталады. Бұл нормативтік құжатта да: «Жергілікті көшпенділердің мал бағатын қоныстары орналасқан мемлекеттік меншіктегі жерлер, көшпенділерге белгілі уақыт мөлшерінде пайдалануға берілді» деп көрсетілген. Яғни, қазақтардың жерлері, олардың өзіне уақытша пайдалануға берілді дегенге меңзеуі, жергілікті халықтың жерге деген меншігі жойылды дегенге меңзейді [1.6б].

Ал қазақ жеріне қоныстанған орыс шаруалары болса, патша үкіметі оларға түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтар жасап отырды. «Жетісудағы шаруалардың қоныстандыруы туралы уақытша Ережеде» олардың әр ер адам басына 15 десятинадан, кейін оған 15 десятина қосылып берілетін болды. Ал пошта жолында қоныстанған шаруаларға 30 десятина, кейін 15 десятинадан қосып беретін болды. Сонымен қоса, қазақ жеріне қоныстанғандарды салық пен әскерге шақыру сынды түрлі міндеткерліктерден 15 жылға босатылды [2.10б].

Бұл жердегі пошта жолының бойына қоныстандыруға артықшылықтың берілу себебі жаңа пайда болып жатқан қоныстарды басты қатынас жолдарының бойына орналастырып, орыс шаруаларының қоныстарының тізбегін ұйымдастырып, елді мекендер желісін ұлғайтып, қалалармен қосу мақсатында жүзеге асырылды. Бұл тізбектің стратегиялық тұрғыда артықшылықтары зор болды.

Ақмола облысына қоныстанған азаматтарға 18 десятинадан кем емес, 30 десятинадан артық емес жер үлесін беру көзделді. Орыс шаруаларына берілген жерлерге қазақ шаруаларына қыстауға, егін салуға немесе қандай мақсатқа болса да пайдалануға тыйым салынды.

«Ақмола, Орал, Жетісу, Семей және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» 1891 жылы қабылданып, отарлық саясатқа жаңаша қарқын берді. Осы уақытқа дейін өкімді түрде Сібір және Дала өлкелеріне көшіп келуге бұйырылған шектеулердің барлығы алынып тасталды. Сонымен қоса, құжат даярлауға деген қиындықтардың барлығы жеңілдетілді [3.21б].

Сол кезеңдерде қазақ жеріне жіберілген экспедицияларға қазақ жеріне қанша мөлшерде қоныстанушыны қабылдай алатындығын білу мақсатында жергілкті жерлердегі «артық жерлерді» анықтау тапсырмасы бұйырылды.

1896 жылдың ішінде Қоныс аудару басқармасы құрылып, жаппай қоныс аударту процесіне кірісіп кетті. Басқарма патша үкіметінің жалпы территориясында көші-қон мәселесін реттеуге міндеттенді. Басқарманың ұсынысымен Торғай-Орал ауданы, Ақмола ауданы, Семей ауданы, Сырдария ауданы, Жетісу ауданы деп қоныстану шеңберлері бекітіліп, бұл өңірлерде 1905-1906 жылдар көлемінде қоныстану басқармасының жергілікті бөлімшелері ашылды.

Жергілікті бөлімшелер тек облыс көлемінде ғана емес, уездік, аудандық деп жіктелді. Осылайша, орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстандырылуына заң жобасы мен мекемелік бірлестіктерді қамтыған толық институт жасалды. Бұл мекемелерде патша үкіметінің арнайы жіберілген шенеуніктері қызмет атқарды.

Қоныстандыру үдерісі төмендегідей жүзеге асты: Қоныс аудару басқармасы артық жерлерді анықтап, қазақ шаруаларының қыстаулары, бау-бақшалары,

жайылымдары, өзен-көлдердің жағалауларындағы шұрайлы жерлерден көшіліріп құнарлығы аз өңірлерге қоныстандырылды. Ал аталған құнарлы жерлерге орыс шаруалары қоныстанды.

В.И.Дзюбинский есімді Мемлекеттік Думаның депутаты бұл тәркілеу әрекеттерін жеке отбасылардың меншіктерін тартып алу деп бағалаған болатын [4.9б]. Десе де, дайын емес жерге қоныстанған шаруаларға су құбырларын тарту, жерді егіншілікке бейімдеу сынды шығындар үкіметтің мойнына түсетін болғандықтан, мәселені жеңіл шешу жолы қазақтарды құнарлы жерлерден ығыстырып, дайын орындардың өзіне орыс шаруаларын қоныстандыру тоқтамады. Оған қоса, үкіметтің негізгі позициясы бұл жерлерді тезірек әрі қарқынды жүргізу туралы тапсырмаларын берді. Жоғарыда аталған жер мүлкін тәркілеу әрекеттері ХХ ғасырдың басында өзінің шарықтау шегіне жетті. Бұған себеп алғашқы орыс революциясы (1905) мен Бірінші Дүниежүзілік соғыстың басталуы болды. Бұл кезеңде Қазақ даласынан 45 млн га жер, орыс және Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударушыларға және әскер қажеттіліктеріне тартып алынды. 45 млн га жердің өлшемі Қазақстанның жер қорының 16%-ын құрайды [5.12б].

1896 жылдан бастап 20 жылдың ішінде Қазақстанға 1,4 млн-ға жуық қоныстанушы келіп қоныс аударды. Бұл процестердің барлығының өтемін қазақ шаруалары өтеді. Қазақстанның қазіргі уақыттағы этникалық құрамының орналасу тәртібіне назар салсақ бодандыө кезеңдегі қоныстандырудың табын әлі күнге дейін көруге болады.

Ал сол кезеңде мал бағуға деген жердің тарылуы және егіншілікке жарамды жерлердің тәркіленуі қазақ шаруаларын тұралатып тастады. Жетісу қазақтарының генерал-губернаторға жазған шағым-хатында Қазақтардың басқа қоныстарға көшуге қауқарсыздығын, олардың мал санының күрт кемуін және қазақтардың ішінде кедейленген топтардың арасынан «жатақ» деген арнайы сосолвиенің қалыптасқандығы айтылған екен. Бұл үдерістер тек арнайы өңірлерде ғана емес, жаппай қазақ жеріне тән мәселеге айналды. Қазақстанда қалыптасып келе жатқан интеллегенцияның және оқыған азаматтардың бас ауыртар мәселесіне «Жер мәселесінің» енуінің басты себебі де, осы жер дауының күрт күрделенуі болды.

Ал халықтың этникалық құрамына келсек, Қазақстан халқының саны өткен ғасырдың бас кезінде жедел өсуде болды. Әрине бұның басты себебі, Ресейден келген қоныстанушылардың толқынының ұлғаюы себеп болды. Ал жергілікті халық саны статистикалық деректерде 1916 жылғы дейінгі 20 жылдың ішінде тек 231 мың жанға өскен деп көрсетіледі. Яғни, бұл әлдеқайда кемуші көрсеткіш болды.

Бұның басты себебі, тұрақты көшу территорияларынан айырылған қазақтардың жатақтарында жұқпалы аурулардың кең тарауы орын алып отырды. Осы ауруларды емдейтін арнайы медициналық орталықтардың жоқтығы және халықтың өзінде медициналық білімнің болмауы мәселені ушықтырып отырды. Одан бөлек, 1916 жылы орын алған Ұлт-азаттық көтеріліс кезеңінде бірнеше жүз мыңдаған қазақ азаматтарының қаза тауып, қоныс аударулары түрткі болды.

Орыс жазалаушыларының өрескел әрекеттерінен қашқан халық Күншығыс еліне, Моңғол еліне, оңтүстік территорияларға көшіп кетуге мәжбүр болды. Ал орыс қоныс аударушыларының саны артқан үстіне арта берді. Олардың саны алдыңғы дерегімізде көрсеткеніміздей 1,4 млн-ға жуыққа жетіп артылды. Қоныс аударудың артуына Столыпиннің реформалары да өсу ықпалын туғызды.

Төңкеріске дейінгі Қазақстандағы жер ресурстарын шаруашылық жүргізудің әртүрлі формалары арқылы игеру, қазақ халқын отырықшыландыру және оны жерге орналастыру мәселелеріне арналған әдебиеттерді талдау ондағы мәселенің кейбір аспектілері бойынша белгілі бір идеялардың қалыптасқанын көрсетті. Экономикалық

даму мәселелері бойынша әдебиеттерде айтарлықтай материалдар жинақталған. Осылайша, қазақтардың шаруашылық түрлері мен формаларына анықтамалар беріліп, олардың эволюциясы белгілі дәрежеде көрсетіледі, табиғи-географиялық ортаның шаруашылық жүйесіне әсері туралы мәселе қарастырылды, қазақтардың шаруашылық жүйесіне зерттеу жүргізу әрекеттері жасалды. Қазақстандағы жер мәселесінің шиеленісуінің себептері, жерді пайдалану нысандарының өзгеруінің себебінен болып отырды. Зерттеуіміздің объективті болуы үшін айта кететін жайт, революцияға дейінгі авторлар 20 ғасырдың басындағы қазақ ауылының қайшылықты әлеуметтік-экономикалық шындығын жаңғыртуға ғана емес, сонымен бірге мәселелерді шешудің жолдары мен әдістеріне де қызығушылық танытқан. Содан бері өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселеге айналды.

Зерттелетін мәселе бойынша орыс әдебиеті жоғары теориялық деңгейімен сипатталмайды. Орыс авторларының кейбір ережелері идеологияланып, құбылыстардың мәнін біржақты ашып береді. 20-ғасырдың басындағы әдебиетке ғылыми сыни көзқараспен қарап және фактілік сипаттағы материалдарды алуға болады.

20 ғасырдың басындағы қазақ халқының жерге орналастырудың күрделі де жан-жақты процесі ұлттық интеллигенция өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапты. Ұлттық интеллигенция бұл мәселені объективті түрде бағалауға тырысты.

Қазақ шаруашылығының деңгейін, жерге орналастырудың қарқынын мен отырықшы нормаларды қабылдау қажеттілігін қамтылған еңбектерде қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын тезистер айтыла бастады. Отырықшылық пен көшпелілік мәселелеріне байырғы халықтың экономикалық мүддесі тұрғысынан қаралды.

Талданып отырған мәселені теориялық тұрғыдан ұғыну, материалды жүйелеу қазақ халқының жер мәселесінің тарихын жаңа игерілмеген дереккөздер мен құжаттарды тарту арқылы зерттеудің кезекті қадамдары жасалды.

Қазақ қоғамының ұлттық интеллигенциясының Қазақстандағы жерді бопсалаумен, байырғы халықтың қоныстанған және көшіп-қонатын жерлерінен күштеп қоныс аударуына төзе алмады.

Біз зерттеп отырған мәселенің тарихнамасында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы [1.7б] еңбектерінің алатын орны ерекше, оларда дереккөздерді жан-жақты зерделеу негізінде көптеген мәселелер бойынша дұрыс бақылаулар мен объективті тұжырымдар жасалған. Жер мәселесінің маңызды аспектілері, шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуының себептері мен мотивтері қадағаланып, патшалықтың қоныс аудару саясатына, оның отаршылдық сипаты мен әлеуметтік-экономикалық зардаптарына баға беріледі. Бұл материалдардың ғылыми айналымда болмауы 19 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың басындағы Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясатының көптеген тарихи-саяси, тарихи-экономикалық, тарихи-әлеуметтік зерттеулерін айтарлықтай азайтты десек болады.

«Отарлаудың дамуымен, деп жазады атақты орыс зерттеушісі В.Остафьев, көптеген қырғыздар өз жерлерінен айырылды, оларға басқа учаскелер берілмеді... Көптеген қырғыздар (қазақтар – С.И.) казак ауылдары мен қалаларының маңында жиналатын болды. Олардың көптігі сонша, әкімшілік есеп жүргізу үшін оларды кез келген болыстыққа жатқызуға мәжбүр болды. Сөйтіп, Петропавл маңында қазақтардың жалға алған жерлерінде тұратын Полуден болысына бекітілген 2 жерсіз ауыл құрылды» [2.24б].

Ресей империясының бірінші Мемлекеттік Думасының депутаты Т.Седельников қазақтардан жерді тартып алуды ұйымдастырушылардың бірі өз кезеңіндегі Жетісу генерал-губернаторы А.А.Кауфман туралы: «Кауфман мырза үшін қырғыздар (бұдан әрі – қазақтар) халық ретінде өз жерінің мұқтаждықтары мен мүдделеріне қарамастан, тек «Орыс отарлауы үшін ғана маңызы бар». Анатомистер мәйіттерді салқынқанды

түрде өткір пышақтармен кесетіні ісептті, бұл азамат Дала жер қатынастарының ғасырлар бойы қалыптасқан қағидаларын жалаң қолмен кесуге дайын» [3.20б].

«Жерді өз меншігі деп санаған, ата-бабасының қанымен алған қырғыздар Ресей бодандығына кіргеннен кейін мемлекет жеке меншікке қол сұғуға жол береді деп ойлаған жоқ; бұл арада патша үкіметі ешқандай уәждемесіз, жай ғана күштілердің құқығымен барлық қырғыз даласы мемлекеттік меншік болып танылатын заңдар жасады, соның нәтижесінде қырғыз даласында қоныс аудару қозғалысы құрылды және ең жақсы жер телімдері қоныстанушыларға өтіп, ең сорақысы қырғыздар үшін өмір сүруге қолайсыз далалықтар қалды», - деп жазды Ә.Бөкейханов.

Қазақ даласындағы қоныс аудару қозғалысының отаршылдық мәнін әшкерелей отырып, Ф.Щербинаның қазақ жерін зерттеу жөніндегі экспедициясына қатысқан Ә.Бөкейханов былай деп жазады: .елге бюрократиялық тәртіппен жасалған далалық ұстанымның енгізілуі, халықтың шынайы мұқтаждықтарын ескермуі, өз қалауын орнына қоятын биліктің заңды құрметтемеуін, жеке адамның құқықтарын мүлде ескермеуін, әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық аспектілеріне қол сұғуды білдіреді. Қырғыздардың рухани және экономикалық мүдделерін елемеу, бұқараның жасанды түрде қолдаған надандығы – осының бәрі халықты кедейленуге, оның мәдени дамуының тоқырауына әкелді [4.10б].

Мемлекеттік Думаның кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде Ә.Бөкейханов былай деді: Қырғыздардың (қазақтардың) бүкіл өмірі үшін, олардың одан әрі дамуы үшін аса маңызды болып табылатын қоныс аудару мәселесін біршама тоқтату керек.

Еуропалық Ресейден келген қоныс аударушылар негізінен далалық облыстардың солтүстік аудандарына қоныстанды. Губернатордың 1905 жылғы есептері бойынша: Ақмола облысында: қазақтар – 484456, қоныстанушы шаруалар – 205515, шаруалар мен қазақтар үлесінде – 42% болды. Соңғы үш жылда, әсіресе 1907 жылы қоныс аударушылар ағыны ерекше күшті болды, сондықтан жоғарыдағы қатынастар қоныстанушы шаруалар пайдасына айтарлықтай өзгерді. Демек, 1907 жылғы қоныстандыру бөлімінің мәліметтері бойынша Ақмола облысына 12 мың отбасы қоныс аударған [5.13б].

Одан әрі Ә.Бөкейханов «Тек 1907 жылы қоныс аударуға 810 мың десятина жер бөлініп, Қазақ даласындағы жерлер шеттетілді, оның ішінде Ақмола облысының өзінде 510 мың десятина тартып алынып, жердің тапшылығы кеңселік тілмен айтқанда билікке қарсылыққа дейін әкеп соқтырды [6.4б]. 1906 жылы маусымда Петропавл уезінде болған қазақтар мен шаруалар арасындағы шайқас бәрінің есінде. Бұл қақтығысқа жүздеген қарулы қоныстанушылар мен қазақтар қатысты, нәтижесінде екі жақтан бірнешеуі қаза тапты [7.17б].

«Қазақ» газетінің бір нөмірінде Ә.Бөкейханов отарлау саясатының реакциялық сипатын түсіндіре отырып, қазақтарға 15 десятина жер бөліп беру туралы былай деп жазады: «Офицерлер өздерінің билігін пайдаланып, қазақтарды күштеп, көшпелі салттан бас тартып, берілген жерде өмір сүр, жер алғың келмесе, көш, деген талаптар қоюда», – деп жар салады. Бұл қандай заң, – деп ашуланады Ә.Бөкейханов. – Ата Заңымыз қандай мемлекетте бар? Патшаның қол астындағыларға соншалықты әділетсіздігі сондай өлкенің табиғи жағдайы, халықтың психологиясы, көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктері неге ескерілмейді?[6.4б]

Ә.Бөкейханов қазақтардың жер телімдерін алуының апатты салдарын көреді. «Егер қазақтар жерді алса, оны дұрыс пайдалана алмай, башқұрттар сияқты сатуға мәжбүр болады да, бірер жылдан соң жерсіз қалады». Ахмет Байтұрсынов та қазақ даласындағы жер мәселесіне қатысты осындай ойлар айтқан. «Айкап» журналының No13,14,15 санында жарияланған Д.Сейдалиннің мақалаларына жауап ретінде А.Байтұрсынов қазақтардың ата-бабадан мұраға қалған жерлерінің көшіп келген

келімсек орыс шаруаларына берілуі жергілікті халықтың заңды наразылығын тудыратынын жазады. «Қазақтың жерін мемлекет меншігі деп жариялау қателік болды» деп түсіндіреді автор «Қазақтың зары» атты мақаласында. Ал одан кейін Ресей Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы қазақтардан жерді тартып алу туралы 12 тармақтан тұратын бұйрығының мәнін жан-жақты түсіндіріп, әшкерелейді [8].

Ф.Щербина экспедициясының белсенді мүшесі Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Көкшетау уезінің қырғыздары (қазақтары) соққыға жығамыз деп қоқан-лоққымен қоныс аудару округінің жер зерттеушісіне жер өңдеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат бермеді. Олардың жерлері қазірдің өзінде үш жағынан орыс шаруаларының шаруа қожалықтарымен қоршалған: жер зерттеуші оларды әлі ашық төртінші жағынан кесіп тастағысы келді, осылайша қырғыздарды (қазақтар) өлім қоршауына алмақ болды. Ал жергілікті халық бұны көтере алмады» [6.5б].

Бұл жағдайлардың тізбегі қазақ ұлтының зиялы қауым өкілдерін бейжай қалдыра алмады. Бұл туралы сол кезде Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Ерекше мәселе – орыс шаруалары мен қырғыздарды болашақта не күтіп тұр? (Қазақтарды). Қырғыздардың солтүстік өңірінің (қазақ) ең жақсы жерлері дала Самара губерниясының жерлеріне ұқсайды. XIX ғасырдың 80-жылдары дала отарлау орны болған, тіпті ірі жері бар губерниялардың қатарында болған. Қазір оның өзі жылына кемінде 6-9 мың қоныстанушы отбасын қабылдайды. Бұл жағдай Қазақ даласына асығыс және жаппай көшіру басталар кезеңге дейін интенсивті шаруашылық құрылмайтындығына меңзейді және солтүстік аудандардың жерлері толық жыртылып тастау мүмкіндігіне әкеледі. Ғасырлар бойы тың игеруден айырылған дала тақыр болып, шаруа қожалығының заманауи техникасымен егін өндіруді тоқтатады. Мұнда оңтүстік-шығыстың үйреншікті егінсіздігінің кебін киюіміз ықтимал. Қырғыздар (қазақтар) даласының жайылымдық жерлерін шөлге айналдырса, шаруа ешнәрсесіз қалады, ал ол кезде жайылымнан айырылған қырғыздар (қазақтар) мүлде кедейленіп, тау-кен фабрикалары салынып жатқан қалаларға көшіп кетпесе аштан қалады» [4.10б].

Көріп отырғанымыздай елдегі жағдай патша үкіметінің уақытында әділетсіз түрде тұрақсаздындырылып, орыс шаруаларының мүддесіне орай қазақ шаруаларының жері тартып алынған болатын. Қазақ шаруасының құқығы жоғарыда келтірілген фактілердегідей миллиондаған десятина жерлердің тәркіленуімен, құқығы қорлаланған күйі, бодандығы тереңдей берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Галузо П. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 годах: автореф. дис. канд.ист.наук. 07.00.02. – М., 1964. – 73-бет.
2. Вопрос о землеустройстве киргиз на съезде чинов переселенческой организации Тургайско Уральского района // Вопросы колонизации. – 1907. №2. – 107-бет
3. Остафьев В. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве. // списки Зап. Сибирского ОИРГО. Кн. 18, вып. 2, – Омск, 1985, – 38-39-бет
4. Букейханов А. Киргизы. Формы национального движения в современных государствах. – Петербург-Петроград. 1910. – 595-бет
5. Омаров М. Из истории перехода казахских шаруа к оседлому образу жизни до начала сплошной коллективизации (1917-1929 г.г.) // Проблемы истории СССР. Вып. 13. – М.: Изд. МГУ, 1983. – 278-291-бет
6. Букейханов А. Шығармалар. – Алматы, 1994. – 19-бет

7. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. СПб., Электропечатное т-во Дело, 1907 г. – Алма-Ата, 1991. – 17-бет.
8. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. / url: https://adebiportal.kz/kz/books/view/954

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ

О.П.Болатбаев
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ, «Тарих» мамандығының 2-курс студенті. Атырау қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Л.Б.Бердіғожин
т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттілік, тәуелсіздік проблемаларын зерделеуде Алаш қайраткерлерінің тарихи тәжірибесі ерекше мәнді, ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық ой-пікірлердің дамуында, жалпы қазақ қоғамының даму тарихында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтың есімдері ерекше екендігі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Қазақ демократиялық интеллигенциясы, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы.

Қазақстандық тарих ғылымында да терең тамырлы мемлекеттілік мәселесі тың деректер арқылы зерттелуде. Мемлекеттілік проблемасын зерделеуде Алаш қайраткерлерінің тарихи тәжірибесі ерекше мәнді. XIX ғасырдың өне бойында қазақ даласын шарпыған азаттық күрестері қазақ халқының көзі ашық азаматтарына зор ықпал етті.

ХХ ғасырдың бас кезінде отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамын ауыр қоғамдық дағдарыстан шығарып, басқа елдермен бірге өзіне лайық жол табу міндеті тұрды. Оны жүзеге асыруды ғасыр басындағы дербес әлеуметтік-саяси күш ұлттық интеллигенцияның алғашқы буыны өз мойнына алды.

Тәуелсіз қазақ мемлекетін құру идеясы, яғни Алаш зиялыларының ұлттық бағдарламасы белгілі дәрежеде қазақ жұртына большевиктер ұсынған кеңестік даму жолымен бір мезгілде өмірге келген балама, өркендеу жолы болатын. Сырым, Исатай, Жанқожа, Есет, Кенесарылар көтерген ұлт-азаттық күресті терең зерттеген зиялылар ХХ ғасыр басындағы елдегі жағдайды терең таразылап жаңа заманда тәуелсіздікке бірлік пен білім арқылы жетуді ойлады. Сол тарихи кезеңде қоғам терең дағдарыстан өркениетті жолға шығу үшін тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаштық интеллегенция ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені, қазақ зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды революциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп, өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз жеріне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол еді. Әрине, мәселенің осылайша шешілуі қазақ қоғамы үшін сол даму сатысындағы барлық маңызды мәселелерді түгелдей жойылуы дегенді білдірмейтіні түсінікті. Бірақ, шынайы ұлттық мемлекеттің орнауы ғана ол үшін өркениетті дамудың алғы шарты болатын.

Кеңестік тарихнама алаштық интеллигенцияның тарихи рөліне байланысты мұндай тұжырымға барғысы келмеді. Өйткені, мұндай тұжырымдама тоталитарлық жүйе идеологтары жасаған «қазақ қоғамының ішінде оны ортағасырлық мешеулік пен дағдарыстан прогресс жолына алып шыға алатын әлеуметтік күш болған емес,бұл тарихи миссия орыс пролетариаты мен большевиктер партиясы үлесіне тиді» деген тұжырымға қайшы келетін еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді.

Алаш қозғалысының негізін қалаушы Ә.Бөкейханов 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар», – деп жазды [1].

Бірақ, қазақ елі 1917 жылы олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал большевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Ол үшін қазақ демократиялық интеллигенциясының 1917 жылғы ұлттық мемлекет құру әрекетінің сәтсіз аяқталғандығы бізге одан тиісті қорытынды жасауға кедергі бола алмайды. Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған әрекеті сол кездегі өмір талабынан туындаған бірден-бір тура шешім болатын. 1917 жылғы желтоқсанда өткен жалпықазақ съезі сайлаған алашорда үкіметі ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелерді қазақ демократиялық интеллигенциясы тарапынан терең ұғыну және оларды ұлттық мүдде тұрғысыдан шешу үшін күрес арқасында өмірге келген тұңғыш ұлттық үкімет болатын. Қазақ қоғамы мәселелерін терең және тура түсініп, оларды сол тарихи жағдайда шеше алу мүмкіндігі жағынан ол кезде алашордаға балама үкімет жоқ еді. Сонымен бірге, алашорда өткен жолда қандай демократиялық ұрандарды көтерсін, бірақ ұлтаралық қатынаста, ұлттық мәселелерге келгенде империялық мүдделерден асып кете алмаған саяси билік жағдайында ұлттық автономия мен өзін-өзі басқару мұратының іске аспайтындығының көрінісі болды. Алаш қозғалысы мен алашорда үкіметі тәжірибесі көрсетіп берген негізгі тұжырым осы еді.

Сондай-ақ, бұл қозғалыс берген сабақ, ұлттық бостандық пен тәуелсіздік жалғыз ұлт зиялыларының күресі арқасында емес, жалпы ұлттық, барлық әлеуметтік күштердің мақсаты үшін ұйымдасқан саналы күресі нәтижесінде келетіндігі еді.

Алашорда өкіметі қазақтың ұлттық мемлекетін құру жолындағы алғашқы, аса қажетті, өмірдің өзінің сұранысынан туындаған нақты қадам еді. Оның жүзеге аспай қалуының мынадай негізгі ауыр салдары болды деуге болады. Біріншіден, тарихта белгілі отарлық езгіден құтылған елде ұлттық мемлекет саналы түрде ұлт болып қалыптасудың объективті процесінің біртіндеп аяқталуын қамтамасыз ететін қажетті шараларды іске асырады емес пе? Бізде мұндай шаралардың дер кезінде, яғни кеңестік биліктің жолдан килігуіне байланысты іске асырылмауынан осы уақытқа дейін қазақта рулық, жершілдік ұғым-түсініктердің белгілі дәрежеде қоғамдық дамуға кері әсерін тигізіп, кедергі болып отырғандығын байқауға болады. Ұлттық, дербес мемлекетте өмір сүріп, тәжірибе жинақтасақ мұндай жағымсыз көріністерге бой алдырмас едік. Осыған байланысты, екіншіден, ұлттық мемлекеттің болмауы қазақ жерін одан әрі кеңестік жолмен, әдістермен отарлауды, қазақ елін ұлттық, халықтық тамырынан, ғасырлардан келе жатқан салт-дәстүрлерінен, тілінен, дінінен айыруды күшпен жүргізіп, ұлт, халық ретіндегі бойымыздағы көптеген олқылықтарымыздың негізгі себебі елдің елдігін, ұлттың ұлттығын қорғайтын ұлттық мемлекеттің болмауына байланысты. Сондықтан да,ғасырымыздың басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған әрекеті сол кезеңдегі өмір талабынан туындаған бірден-бір дұрыс әрекет еді деп қарауға толық негіз бар. Бұдан 97 жыл бұрын жалпы қазақ съезі сайлаған алашорда өкіметі отарлық және феодалдық езгідегі қазақ қоғамында шешілмес

шиелінісіне айналған, негізгі экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелерді қазақ оқығандарының дер кезінде терең ұғынуы арқасында пайда болған және сол мәселелерді шешуге бар күш-жігерін жұмсауға ұлт үшін құрбан болуға даяр ұлтжандылық пиғылдағы билік еді.

Тәуелсіз бірегей ұлттық мемлекет боламыз десек, біз «алаш» қайраткерлерінен сабақ алуға тиістіміз. Өйткені, олар қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескерлер Сырым, Исатай, Кенесарылардың ізбасарлары ғой.

ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық ой-пікірлердің дамуында, жалпы қазақ қоғамының даму тарихында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов есімдері ерекше аталынады. Көп жылдар бойы белгісіз болып келген, қазақтың ақыл-ой кемеңгерлерінің мұралары бүгінде халық қазынасына айналып, олардан азаттық күрес ойының, идеологиясының сан-қырлы жауабын алуға болады [2].

ХХ ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өсіп-өнуде кедергіге айналса,екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар әлсіз күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті. Осындай жағдайда қазақ елінің болашағы үшін қоғамдық күреске жаңа саяси-әлеуметтік күш-ұлттық интеллигенция араласа бастайды. Барлық көрінісі жағынан қазақ қоғамы үшін өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған бұл ұлт зиялылары кімдер еді, олар еліміздің тарихында қандай орын алмақ. Бұл сауалдар тарихтану ғылымында өз жауабын тапты деп айта алмаймыз. Бұл тақырыпты зерттеу қажеттілігі бүгінгі қоғамдық өмір сұранысынан, соған сай таным құралы ретінде тарих ғылымының табиғи болмысынан туындайды. Біз Ресей империясына, оған құрамдас бөлігі Қазақстанға 1917 жылы большевниктер ұсынған даму жолының сәтсіз аяқталғандығының куәсі болып отырмыз. Осындай жағдайда қазақ демократиялық зиялы қауымының 1917 жылғы желтоқсанда ұсынған даму бағдарламасының қайтадан еске түсуі ғасыр басындағы ұлт зиялылары тұжырымдарының өмірлік негізі күштілігінің, олардың бағдарламалық ұсыныстарының өміршеңдігінің көрінісі болса керек. Тарих ғылымында соңғы уақытқа дейін қазақ қоғамында қазан төңкерісі қарсаңында оны феодалдық мешеулік пен отарлық тәуелділіктен алып шығатындай саяси-әлеуметтік күш болған жоқ, деген тұжырым етек алып келді. Бүгінде біз осының дұрыс-бұрыстығын анықтауға міндеттіміз.

Ірі ғалым лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог қазақ зиялыларының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) аса көрнекті қоғам қайраткері еді.

А.Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» секілді өлеңдер жинағын шығарған, халқының арман тілегін, өкініш-күйінішін әдемі сөз нақылына түсіре білген, өзіндік өмір бағыты бар қазақ зиялысы еді. Оның «Қазақ», «Айқап» басылымдарында жарық көрген «Қазақ жерін алу туралы», «Низам», «Қазақ һәм 4-ші дума», «Жауап хат» (Жанша Сейдалин мырзаға), «Шаруа жайынан», «Досмайыл қажыға ашық хат», «Губернатор өзгертілуі», «Земство», «Бас қосу турасында», «Бұл заманның соғысы» атты мақалалары ғасыр басындағы қазақ ақыл-ойының биік шыңы болды.

А.Байтұрсынов туралы зерттеулерде оның қазақ өмірі туралы,азаттық қозғалысы туралы ашына жазғаны айтылып келеді [3].

А.Байтұрсынов «Қазақ өкпесі» мақаласында тарихи оқиғаларға объективті ғылыми тұрғыдан қарауды қалайтыны көзге бірден білінеді.

Қазақ хандығы неге құлады, өз алдына дербес мемлекет бола алмау себебі неде, Ресей отарлауы қалай іске асты, азаттықты қалай жеңіп аламыз?- деген сұрақтар төңірегінде ол көп толғанды.

«Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандықтың кесапаты» – дей келіп, елді ағартуға шақырады («Айқап»,1911, N2).

Бұл жердегі оның үлкен еңбегі, «Қазақ» газетін ұйымдастыруы еді. Тәуелсіздік үшін не істеу керек, – деп көп ойланып Ахмет Байтұрсынов оған өзінше жауап берді. «Қазаққа керегінің өзі әркімге-ақ мағлұм ғой: біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һам күшті болуымыз керек: Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс жасау керек» [4].

Ахмет Байтұрсыновпен қанаттас, халықтың қамын жеп, баспасөз бетінде жан айқай білдірген Әлихан Бөкейханов (1866-1937) еді.

Ә.Бөкейханов туралы жазылған ғылыми еңбектерде, оның қоғамдық ой-пікірі нақтылы талданады [5].

Әсіресе, «Думадағы партиялар», «Үшінші Дума һәм қазақтар», «Петербург хаты» аты мақалаларында және кейін 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыс туралы жазбаларында Әлихан Бөкейханов қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің мақсаты дербес мемлекет құру деп білді. Оның осы бағыттағы ой-пікірлері «Қазақ» газеті бетінде «Петербург хаты» деген айдармен «Қыр баласы» деп қол қойылып үнемі жарияланып тұрды.

Ә.Бөкейханов өзінің «Алаш ұлына» атты мақаласында тәуелсіздік үшін жүргізген халық қозғалыстарына ерекше мән береді. «Азаттық таңы атты, тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күнге теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып қайтпас қара жарға кетті. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сарбаздар жасымай бірі кемісе оны артылды» [6].

Азаттық ойдың даму тарихында Міржақып Дулатовтың (1885-1935) алатын орны ерекше.

Сәкен Сейфуллин «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жыдан бастап-ақ, революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаматтыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды» деп жазды [7]. Дулатовтың таланты езілген қазақ халқының тарихи аренаға шыққан революциялық азаттық күрестеріне дәлме-дәл келді.

М.Дулатов «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында елінің жағдайына, Ресей отарлаушы әкімшіліктерінің озбырлықтарын жаны жылап отырып жазады. «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосы жоқтығы ызамен кек туғызады. Халық күйзелісін жан тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып Петербургке жол тартып, министрлердің табанын тоздырды. Бірақ оған құлақ асқан министр болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі чиновниктер, стражниктер, урядниктер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатыр» [8]. Болашаққа деген нық сеніммен жігерленген оның творчествосы қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күреспен тығыз байланысты екенін зерттеушілер әр кез көрсетіп келді [9].

М.Дулатовтың алғашқы ірі шығармасы 1909 жылы Уфа қаласынан шыққан «Оян, қазақ» атты кітабы еді. Осы кітапқа кірген өлең-жырлары теңдік, бостандық,

еркіндік үшін күреске үндеді. 1914 жылы оның «Азамат» атты кітабы Қазаннан басылып шықты. 1915 жылы Орынбордан «Терме» атты жинағы да жарық көрді. Осы еңбектерінде М.Дулатов халқының бостандық үшін күресін әрқашан ту ретінде көтеріп, бітіспес күреске үндейді.

«Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жете тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп кім ескереді. Ақ патшаның отарлау әмірі бұл халықты қара табан етіп жерге қаратып, көрге қаратып жұтатып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен мен өзімнің азғантай білімімді осынау қорланған халқыма бағыштап қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым» [10]. Айта кететін бір жай, М.Дулатов кейін Исатай-Махамбет көтерілісі туралы зерттеуші, «қазақстанды зерттеу қоғамы» мүшесі А.Ф.Рязановпен таныс болып,оның еңбектеріне пікір жазып отырды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бірі, көрнекті қаламгер Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) азаттық ой-пікірдің дамуында өзіндік із қалдырған тұлға.

Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер оның қоғам дамуындағы азаттық шығармаларын жоғары бағалады [11].

Ж.Аймауытов белгілі тарихшы Покровскийдің «Төңкеріс тарихы», «Орыс тарихы» еңбектерін аударып қана қоймай, Абылайхан, Кенесары және қазан төңкерісіне дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстар туралы мол деректер жинаған.

Ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаев (1893-1938) ерекше үні бар азамат еді.

М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер, оның қазан төңкерісіне дейінгі жазылған «Қойлыбайдың қобызы», «Оқ жетпестің қиясында», «Түркістан», «Орал», «Есімде тек таң атсын» шығармаларында азаттық ой-пікірлер білдіреді, деп көрсетеді .

Бұл шығармаларда Ресей отаршылдығы, қазақ хандарының ерен еңбегі, азаттық қозғалыстары, қазақ халқының бостандық идеясы ашып көрсетіледі.

Жаңа ХХ ғасырдың басында халқымыздың тарихын жазуда, әсіресе азаттық күрес тарихын ұлттық таным негізінде баяндауда Мұхамеджан Тынышпаевтың (1879-1937) қосқан еңбектері мол. Әсіресе, кеңес дәуірінде Қазақстан тарихы туралы жазылған алғашқы еңбектердің авторы Чулошниковтың кітабына тарихи ой-пікір білдіреді. Онда қазақ тарихын отаршылдық көзқараста жазылды дей отырып, тарихты жазғанда белгілі тарихи тұлғаға көп мән беруі керек дейді. «Қазақ-қырғыз халқы тарихына материалдар» атты зерттеуінде М.Тынышпаев қазақ руларының, жүздерінің тарихына мән береді. Беріш руы генеологиясында Исатай батырға ерекше тоқталады [12]. Кеңестік дәуірдің «ақтандақ» беттерінде 1930 жылдары жазықсыз жазаланған белгілі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің, ғалымдардың есімдері көлеңкеленіп келді. Қазақстанның егемендігімен бірге, туған халқымен қайта қауышқан абзал азаматтардың ішінде Халел Досмұхамедұлы (1883-1939) есімі ерекше құрметпен аталады. Күні бүгіндері Халел Досмұхамедұлының еңбектері жарияланып [13], өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулер шықты [13].

Өзінің негізгі мамандығы медицина саласынан тыс, өлке тарихына ,әдебиеті мен өнеріне деген Халел шығармашылығы 1923 жылы Ташкентте белгілі ғалымдар Александр Шмид, Әубәкір Диваев, Кәрім Халенұлы, Николай Архангельский және кейін Санжар Асфендияровтармен бірге жұмыстас болған кездерімен өте тығыз байланысты.

Өзі жинаған мол материалдар негізінде «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Аламан» (1926), «Исатай-Махамбет» (1925) кітаптарының алғы сөзі мен түсініктерін бастырып шығарады.

Осы үш кітап белгілі ақын-жыраулар Махамбет, Мұрат, Ығылман, Қалнияз өмірлері мен шығармашылықтарын зерттеуге негіз ретінде алынып келсе, 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық күресі туралы ой қорыту үлесі де Халел еншісіне тиді. Оның 1924 жылы «Сәуле» журналының N3-санында «Қазақ әдебиет – білім мұрасымен», «Ақ жол» газетінің қосымша бетінде жарияланған «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» атты мақаласы соның дәлелі. Халел Досмұхамедұлы Қазақстанның батыс бөлігіндегі Кіші жүз еңбекшілерінің XVIII – XIX ғасыр аралығындағы Ресей империясының бодандығына қарсы азаттық күрес кезеңдеріне тоқтала келіп, Исатай-Махамбет көтерілісіне ерекше назар аударады.

«Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша өкіметіне қандай ой түсірді? деген сұрау туады.

Исатай көтерілісі қазаққа өзін ер екенін білдірді, жұрттың ұлы сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды.

Исатай көтерілісі қазақтың көзін ашып, патша үкіметін танытты, патша өкіметіне сүйенген хандардың, сұлтандардың қазаққа нағыз дұшпан екенін көрсетті». Көтеріліс тарихын саралауда Халел Досмұхамедұлы қазақ ақындарының «Шайыр» жинағын, Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» жырын, Г.Сербаринов, Крафт, Добромысловтың тарихи очерктерін пайдаланды. Көлемді, әрі терең зерттеу жазуға мұрағат деректері аздық еткенмен автор халық мұрасын, ел арасындағы аңыз әңгімелерді жинақтауда көп еңбек сіңірді.

Халел қажырлы қоғам қайраткері болумен қатар, ағартушы, ғалым, дәрігер екендігін де есте ұстауға тиістіміз. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін қазақтар арасында арнаулы білімі бар 20 ғана дәрігер даярланды. Халел 1913-1920 жылдары Темір уезінде учаскелік дәрігер қызметін атқара жүріп, оба ауруын жою ісіне қатысады. Ауруға сапалы медициналық көмек беретін ешкімнің болмағанына, сүзектен, суық тиюден, мерезден, обадан, тырысқақтан, қарасан, қызылша, безгек, туберкулез, т.б. аурулардан халық жаппай қырылып жатқан кезде, осынау үркердей топтың қарлығаштың қанатымен су сепкендей болмашы іс-әрекетінің өзі біраз адамдардың өмірін арашалап қалды. Қазақ зиялыларының азаттық ойдың дамуындағы еңбектеріне, күні бүгіндері егеменді елімізде жоғарғы бағалар берілуде. Олар Қазақстан тарихына «XX ғасыр басындағы реформатырлар» және ұлттық «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылар ретінде енеді. Себебі, олар:

1-ден, халқымыз тарихындағы сан ғасырлық отарлық езгіге қарсы бағытталған күрестердің мол тәжірибелерін зерттеп жинақтады.

2-ден, тәуелсіздік жолындағы айбынды құрал,ұлттық баспасөзді қалыптастырды.

3-ден, отарлық жүйеден шығар жолды өздерінше іздеп,талпынды.

4-ден, өткен тарихымыздан нәр алып,оның жетістігі мен кемшілігін түсініп, отарлық пен тәуелділіктің халқымызға тигізген зардабын жете сезініп, одан шығудың жолы қарулы көтерілістен гөрі, жаңа заман жағдайында саяси күрес жолына түсу деп білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – А., 1994. – 210-б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – А., 1989; сонікі: Жан сөзімді кім түсінер? – А., 1994; сонікі: Тіл тағылымы. – Алматы, 1992; Бөкейханов Ә. Шығармалары. – А., 1994; Дулатов М. Шығармалары. – А., 1991; Жұмабаев М. Шығармалары. 3 томдық. 1-том. – А., 1989.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – А., 1990; Сейфуллин С., Әуезов М., Қожекеев Т., Мектепов А., Әнесов Ғ., Кәкішев С., Нұрғалиев Р., Мұхамбетов Қ.

Мақалалары // Бес арыс. – А., 1992, 180-264-б; Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – А., 1990. – 5-13-б.; Досжанов Д. Абақты. – А., 1992. – 152-219-б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – А., 1991. – 243-б.
5. Домбай Н. Арыстар // Егеменді Қазақстан. 1992. 1 қыркүйек; Қазақ әдебиеті. 1996. 25 маусым; Ана тілі. 1992. 23 сәуір.
6. Бөкейханов Ә. Шығармалары. – А., 1994. – 243 бет.
7. Бес арыс. – Алматы, 1992. – 469-470-бб.
8. Дулатов М. Шығармалары. – А., 1991. – 211 бет.
9. Бес арыс. – А., 1992. – 454-541-бб.; Шалғынбайқызы Ж. Оян қазақ қалай сотталды // Ана тілі. 1995. 28 қыркүйек; Ақшолақов Т. Елім деп ерте оянып // Егеменді Қазақстан. 1996. 9 шілде; Әбсеметов М. Міржақып аудармалары. // Қазақ әдебиеті. 1995. 26 қыркүйек; Досжанов Д. Абақты. – 92-152-б.
10. Досжанов Д.Абақты. – 106-107-б.
11. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – А., 1990; Досжанов Д. Абақты. // Бес арыс. – 264-376-б.
12. Тынышпаев М. История казахского народа. – А., 1993; его же: Материалы к истории киргиз-казахского народа. – А., 1990. – С.62.
13. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – А., 1991; соныкі. Исатай-Махамбет. – А., 1991; Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – А., 1998.; Алаш-Орда. – А., 1992; Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шырмашылығы. – А., 1996.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Н.Ә.Бекболатова
Ғылыми жетекші: Г.Б.Қамиева
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күрестерінің заңды нәтижесі екендігі белгілі. Мақалада Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатының озбырлығына қарсы Сырым Датұлы, Исатай Таймануұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің себептері, барысы, кезеңдері, қозғаушы күші, нәтжесі және тарихи маңызы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: ұлт-азаттық көтеріліс, отарлау саясаты, Хан Кеңесі, Ресей империясы.

XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасыр – қазақ халқы үшін өте ауыр кезеңдердің бірі болды. Себебі, Ресей патшасының отарлық қыспағының күшеюі экономиканың құлдырауына, халықтың жағдайының қиындауына түрткі болды. Патша өкіметінің шектен тыс озбырлығы жерлерді тартып алуға ұласып, алым-салықты күшейтті. Халықтың қатты толқынысы ұлт-азаттық көтерілістерге ұласты.

Ұлт-азаттық көтерілістер – қазақ халқының тарихында ерекше орын алды. Бұның себептері: үш ғасыр бойы алдымен Ресей империясынын ықпалында, содан кейін тоталитарлық, яғни билеп-төстеуші жүйенің қыспағында болып, көпформатты зорлық күшімен өзгеруді басынан кешкен халық ешқашанда өзінің егемендігін сақтап, дербес даму жолына түсу максатынан бас тартпаған. Бостандық жолындағы күрестің

осындай үздіксіз жолында халық қиындықтарды еңсерудің бейбіт тәсілдерін таңдаған, бірақ үстемдік жүйе бұны мүлдем мойындамай, зорлық-зомбылық әрекеттерге көшкен соң, халық оған наразылық танытып, қарсы шықты. Ұлт-азаттық көтерілістердің көшбасында қазақтың біртуар азаматтары тұрды.

Азаттық қозғалысының ұлттық идеясының мәні елді отарлық биліктен азат ету, қорғау және ұлт бірлігін сақтау болды.

Кіші жүз қазақтарының XVIII ғасырдың соңындағы көтерілісінің басты себептері қатарында жер мәселесінің ушығуы, патша үкіметінің халыққа Жайықтың «ішкі жағына» өтуіне тыйым салуы, ру старшындары құқықтарына қысым жасауы сияқты жайттарды атауға болады. 1782 – 1783 жылғы қыста мал азығының болмауы, патша әкімшілігінің тыйым салғанына қарамастан, халықты өз еріктерімен Жайықтың «ішкі жағына» өтуге мәжбүр етті. Оған қоса, Орал казак әскерлері жасақтары тарапынан қазақ ауылдарына шабуылдар мен мал айдап кету әрекеттері жиілеп кетті. 1783 жылдың көктеміне қарай олардың қазақтардан төрт мың жылқы айдап әкетуі халықтың ауыр жағдайын күрт құлдыратып жіберді. Осындай жағдайда Кіші жүз руларының арасында жаппай толқу басталып, олардың басында халық арасында аты шыққан батыр Сырым Датұлы тұрды.

Көтерілісшілердің ханға, сұлтандар мен жазалаушыларға қарсы күресі халықтың қызу колдауын туғызды. Нұралы ханның билігі айқын дағдарысқа ұшырап, халық одан теріс айналды, ал патша билігінің оның шарасыздығына көзі жетеді. 1786 жылдың сәуірінде Нұралының биліктен кетуін талап еткен көтерілісшілердің тегеуріні́не төтеп бере алмаған ол Орынборға қашып, патша билігінің кол астында бас сауғалауға мәжбүр болады. 1796 жылдың қазан айында Кіші жүздің ханы болып Нұралының ұлы Есім сұлтан сайланды. Жаңа билеуші көтерілісті басып-жаншу үшін белсенді шаралар қолданды: тұтқынға түскен көтеріліс басшыларын патша билігіне ұстап берді. 1797 жылғы наурыздың 26-сынан 27-сіне қараған түнде Сырым жасағы хан ауылына шабуыл жасап Есім ханды өлтірді, оның ауылдарын күл-талқан етті. Сырым Датұлының талап етуімен жаңа сайланған Орынбор генерал-губернаторы, барон О.А.Игельстром көтерілісшілермен келісімге келіп сұлтандар мен старшындар өкілдерінің арасынан құрған хан кеңес құрамына Сырым Датұлы да кіреді. Ол халықтың ауыр жағдайын ескеріп және хан кеңесінің құрылуына байланысты, енді күрес тоқтататынын мәлімдеді. Көтерілісшілердің толқуы 1783 жылдан 1797 жылдың аяғына дейін, 14 жылға жуық мерзімге созылды. Содан кей бәсенсіп, көп ұзамай, көтеріліс жеңіліс тапты. Сырым Датұлы көтерілісінің маңызы мынада: ол қазақ халқының патша мен жергілікті әкімшіліктің зорлық-зомбылығы мен езгісіне қарсы қанауы мен жүгенсіздігіне, халықтың бостандығына қол сұғуына қарсы жалпылама ұйымдастырылған көтерілістердің бастауы болды.

Осы көтерілістің нәтижесінде қазақтар Жайық пен Еділ арасындағы жерлеріне қайтып оралу мүмкіндігін алды, сонымен қатар Орал казактарының қазақ жерлеріне шабуылдарына тыйым салынды. Патша өкіметінің амалсыздан қазақ даласында хандық билікті қайтадан қалпына келтіруге келісуі маңызды оқиға болды [1, 57-б.].

1836 – 1838 жылдардағы старшын Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс халық бұқарасының отаршыл билікке, сондай-ақ сол билікке сүйенген Жәңгір хан бастаған топқа қарсы ашу-ызасының сыртқа шығуы еді. Бұл ретте Исатай Тайманұлы бастаған қозғалыс қазақ топырағындағы ашық әлеуметтік-таптық сипат алған алғашқы қоғамдық қарсылық болды. 1801 жылы Жайық Орал өзені аралығында Бөкей ханның бастауымен 5 мың қазақ шаруашылығы орын тепті, бұл Ішкі (Бөкей) орданың құрылуының басы болды.

Бөкей хандығының шекарасы бірте-бірте анықталған соң, оның көлемі шығыстан батысқа қарай 350 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 шақырым

жерді алып жатты. Бірақ бұл жерге қоныстанған қазақтарға патшалық ресейдің отаршылдық саясаты өзіндік зиянын тигізді. Оларға Орал казак-орыс әскерлері жиі шапқыншылықтар жасап отырды, біртіндеп әскери бекіністер салына бастады. Жайық өзенінің бойы біртіндеп Орал казак-орыс әскерлерінің меншігіне қарады. Соның салдарынан қазақтардың жайылымдық жері тарылып, шаруашылықтары күйзеліске ұшырады. Патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі мұндай озбырлықтарға қарсы шара қолданбай, керісінше көп жағдайда мәселеден жалтарып кетіп отырды.

1815 жылы Бөкей қайтыс болған соң, Ішкі Орданы Бөкейдің інісі Шығай биледі. 1824 жылы Бөкейдің үлкен ұлы Жәңгір арнайы жарлықпен хан тағына отырған соң Ішкі Ордадағы қоғамдық тұрмыс пен әлеуметтік-саяси құрылымдарға, жер қатынасына, салық саясатына өзіндік өзгерістер енгізбек болды. Бірақ халық Жәңгір ханның бұл жаңалықтарына дайын болмады. Жер қатынасында әділетсіздіктер орын ала бастады. Сонымен қатар халық орыс казактарынан қатты қысым көрді. Олар Жайық өзенінің жағалауына адам жолатпады. Су ішуге, мал суаруға рұқсат етпей, өзенге он шақырым жақындауға тыйым салынып, ол жаққа жайылып бара қалған малдарды айдап алып, өздері иеленіп отырды. Осындай жер қатынасындағы әділетсіздіктер, орыс-казактарының көрсеткен озбырлығы әр түрлі салықтардан түскен ауыртпалықтар Ішкі Орда халқының наразылығын тудырды. Бұл жағдайлар 1836 – 1838 жылдары халықтың көтеріліске шығуына әкеліп соқты. Көтеріліске Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы жетекшілік жасады. Көтеріліс алғашқысында әр жерде ұйымдастырылған наразылықтар түрінде болды, кейіннен біріккен күшке айналып, ашық қарсылыққа ұласты. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші бұқара халық болды [2, 150-б.].

Исатай бастаған көтерілісшілер халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, орын алған әділетсіздік пен озбырлықты әшкерелеп, хан билігіне бағынбауға шақырды. Көтерілісшілер байлардың үйлерін өртеп, мал-мүліктерін тартып алды, хан шенеуліктерінің ауылдарын қоныстарынан қуып шықты. Жәңгір ханның ордасына жақын келді. Күзде хан ордасын қоршау басталды. Астраханьнан, Орал мен Орынбордан көтерілісті басу үшін патша әскерлері шықты. 1837 жылы қазанның 30-ында Исатай қоршауды тастап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Алайда өзінің соңына түскен қуғыншылардан ұзап кете алмады. Сол жылғы қарашаның 15-інде Тастөбе шатқалында жазалаушы әскерлерге қарсы кескілескен ұрыс көтерісшілердің жеңіліс табуымен аяқталды.

Желтоқсан айында Исатай мен Махамбет шағын жасақпен шекара желісін қиып өтіп, Кіші жүз руларының жеріне өтті [1, 59-б.].

Исатай қаза тапқаннан кейін Махамбет Өтемісұлы Хиуа хандығына өтіп кетеді. Кейін Орынбор әкімшілігі оны қолға түсіріп, сотқа тартып, Атырау өңіріне жер аударып жібереді. Сот үкіміне риза болмаған Баймағамбет сұлтанның адамдары 1846 жылдың қыркүйегінде Махамбетті өз үйінде өлтіріп кетеді.

Көтерілістің жеңіліске ұшырауының негізгі себептері мынада еді: ең алдымен, көтеріліс алдын-ала мұқият ұйымдастырылмады, оның айқын бағдарламасы болмады, көтеріліс жергілікті шашыраңқы сипат алды. Көтерілістің басшылары Кенесары Қасымұлы мен Жоламан Тіленшіұлы бастаған жасақтармен байланыс жасай алмады. Патша үкіметінің әскерлері мылтық, зеңбіректермен жарақтандырылған еді. Кейде зеңбіректен үсті-үстіне бірнеше оқ атудың өзі көтерілісшілерді кейін шегінуге мәжбүр етті. Қазақтардың қолында ондай қару болған жоқ. Көтерілістің жеңіліп қалуының басты себептерінің бірі бұл жолы да, Сырым Датұлының жасақтары сияқты, екі бағытта – әрі патша үкіметіне, әрі хан билігіне қарсы күрес жүргізілді. Мұның өзі көтеріліске қатысушылардың жағдайын әлдеқайда қиындата түсті. Оның үстіне, көтерілісшілерді казак жасақтары мен тұрақты орыс әскери бөлімшелері жан-жағынан түгелдей дерлік қоршауда ұстады. Кіші жүздің далалық бөлігіндегі қазақтардан көмек

күту де мүмкін болмады. Өйткені Жайықтың сырт жағындағы қандастармен байланыс жасауға шекара шебіндегі орыс әскерлері жол берген жоқ.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған көтерілістің орасан зор тарихи маңызы болды. Бұл патша үкіметі құрған жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қазақтардың отаршылдыққа қарсы ірі бас көтеруі еді. Оның ұлт-азаттық сипаты басым болды. Көтеріліс аяусыздықпен басылғаннан кейін де жалғаса берді. 1842 жылы Жәңгір ханға қарсы Аббас Кошайұлы мен Лаубай Мантайұлы бастаған баскөтерулер болып өтті. Жәңгір хан көтерілісшілердің кейбір талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, халықтан жиналатын алым-салық көлемін едәуір жеңілдетті. Патша үкіметіне наразылық білдірген старшындардың пікірімен санасу керектігін түсінді.

Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері тарихында ауқымы, қуаттылығы жағынан ең ірісі – 1837 – 1847 жылдардағы көтеріліс. Көтерілістің басталған уақыты патшалық Ресейдің қазақ жеріне тереңдей еніп, әкімшілік-әскери шараларымен әлі де болса дербестігін сақтап тұрған аудандарға жеткен кезеңіне тұспа-тұс келді. Орта жүздегі округтік басқару жүйесіне қарсы басталған бұл көтеріліс Абылай ханның ұрпағы Кенесары Қасымұлының басшылығымен жүзеге асты.

Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын, күллі Азия елдері мен жерлеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән берді. Қазақ хандығы аумағын империяға күштеп қосу оның отарлануымен қатар жүрді. Ресей отаршылдығының ерекшелігі – «орыс солдатының соңынан орыс мұжығы ілесіп отыратындығында, сөйтіп, жаулап алған жерін орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатынында» (М.Шоқай) еді. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен бұл процесс жас сұлтан Кенесары санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіпті терең түйсінтті.

Кенесары көтерілісін жер жерден қолдаушылар көбейеді. Өйткені патша әкімшілігі қазақтардың жерін тартып алып, әскери бекіністер сала бастайды. Көшпелі ел ата қонысынан айырылып, мал жаятын жаңа жер іздеуге мәжбүр болды. Оның үстіне патша үкіметінің алым салығының ауыртпалығы да оларды діңкелетіп біткен еді. Осының бәрі қазақ қауымының наразылығын күшейтіп, оларды Кенесары бастаған көтерілісті жан-жақты қолдауға итермеледі.

Кенесарының қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Әскери қимылдар 1838 жылы Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. Кенесары соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы Кенесарының әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 жылы Ресей үкіметі Кенесарыға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. Кенесарының әскері Ресей әскері мен Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда әскери қуаты әлдеқайда басым жау Кенесары сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста Кенесары қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда патша әкімдерімен құпия байланыста болған манаптар оған мойынсұнбады. Кенесары бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан Кенесары мен інісі Наурызбай дұшпандарының қолына түседі. Кенесары айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс патшасына жібереді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық береді. 1822 жылы Ресей өкіметі Кіші жүз бен Орта жүздегі хандық билікті

жойып, аға сұлтан мен сұлтан әкімдер билігін енгізеді. Сөйтіп, Ресей өкіметі қазақ елінің ішкі тірлігіне тікелей араласып, өз үстемдіктерін жүргізе бастайды. Осыған қарсы шыққан Кенесары хандық басқару жүйесін қалпына келтіруге күш салады. Ол өз ойын Ресейдің жергілікті әкімшілігіне, сонымен қатар патшаның тікелей өзіне де жеткізеді. Бірақ патша өкіметі Кенесарының талаптарын орындаудан бас тартады. Сондықтан да ол өз мақсатын күшпен жүзеге асыруға кіріседі.

Патша өкіметі иеленіп алған жерлерді заңды иесіне қайтару жолындағы күресте Кенесары әскери күштерді ұйымдастыру барысында Орта Азия хандықтарының тәжірибесіне сүйенеді. Ол өз әскерін жүзге, мыңға бөліп жүзбасылар мен мыңбасыларды тағайындады. Әскер тәртібін бұзғандар қатал жазаланды.

Кенесары саясатының басты мақсаты Тәуелсіз Қазақ хандығын құру болатын. Ол осы мақсатын жүзеге асыру үшін Орта Азия хандықтарынан өзіне сүйеу іздейді, олардың ішкі ісіне араласып, билеушілерін өз жағына тартуға күш салады. Хиуа ханы мен Бұқар әміріне өз елшілерін жіберіп, байланыс орнатады. Орта Азия мемлекеттерімен сауда көлемін ұлғайтып, олардан өздеріне қажетті қару жарақ, оқ дәрі алып тұрады. Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырады. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды. Кенесары ханның басты мақсаты – азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда ұлт-азаттық күрестің 1844 – 1845 жылдары қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады [3, 345-346-бб.].

Кенесары бастаған халық көтерілісінің ауқымы кең болды, ол XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы азаттық жолындағы өзге қозғалыстардан қазақ рулары көп қоныстанған негізгі аудандарды қамтуымен ерекшеленеді. Кенесары Қасымұлының сіңірген тарихи еңбегі – ол қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды.

Біздің тәуелсіздігіміз үлкен күрестер мен толассыз талпыныстардың арқасында қолымызға қонды. Бостандық сүйгіш қазақ халқы Тәуелсіздік үшін ылғи да сыртқы жаумен аянбай күресіп келді. Жоңғарлармен жан алысып, жан беріскен соғыстан әбден әлсірегенде қазақ жерін Ресей отарлап алды. Бірақ халқымыз онда да басын иіп, мәңгілік құл болуды ойлаған жоқ. XX ғасырдың бірінші жартысында жалпы қазақ даласында болып өткен аса ірі оқиға – 1916 жылғы кекті, ұлт-азаттық көтерілісі болды. Ұлы дала төсінде стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипатпен қарулы көтеріліске ұласып, Жетісу мен Торғай өңірі оның ірі орталықтарына айналды. Зерттеушілердің біразы оған «ұлттық көтеріліс», «ұлт-азаттық қозғалыс» деген баға берсе, тарихшы М.Қозыбаев «ұлт-азаттық революция», – деп атаған екен. Дегенмен, қалай десе де, бұл Ұлы даланың төсіндегі Кенесары көтерілісінен кейінгі ұлы дүбір, ұранды ереуіл болғаны шындық.

Халық наразылығына Ресей императорының 1916 жылғы 25 маусымнан бастап бұратана халықтардың ер азаматтарын майданның қара жұмысына шақыру туралы жарлығы негіз болды. Бұл жарлық бойынша 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу көзделген еді. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мың, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоқтығын пайдаланып, болыстар, басқармалар мен ауыл старшындары жас мөлшерінің асып кеткендігіне қарамастан кедей жігіттерін майданға жұмысқа алынатындардың «қара тізіміне қосты», ал, феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын

тапты. Нәтижесінде, майданға бала бермеуге бекінген қазақ халқы көтеріліске шықты. Көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қозғалысқа қазақ халқының барлық топтарының өкілдері қатысты. Көтерілісшілерді Жетісуда Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар басқарса, Торғайда Әбдіғаппар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин ұйымдастырды.

«Бұрынғы ерлікті дәріптеп құрметтемей, жаңа ерлік жасау бос әурешілік»,- деді даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы атамыз. Біздің мақсатымыз – осы ата-бабаларымыздың теңдік жолында құрбан болғанын, ар-намысты, адамгершілікті атақ-мансаптан, дүние-байлықтан биік ұстағанын келешек ұрпаққа жеткізуіміз болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы: оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2017. – 472 б.

2. Қаражан Қ.С., Әбсеметова Ж., Қозыбақова Ф.А. және т.б. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Заң әдебиеті», 2009. – 376 б.

3. Алдажұманов Қ.С., Асылбеков М.Х., Қасымбаев Ж.С., Қозыбаев М.Қ., Байпақов К.М., Исмағұлов О.И. және т.б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.

ӘОЖ 94 (574)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ РЕПРЕССИЯ ЖӘНЕ Қ.ҚОСЖАНОВ ІСІ

А. Асқарбеков
Ғылыми жетекші: Н.А.Жумамуратов
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала КСРО тұсында жүргізілген репрессия және Маңғыстау өңіріндегі қуғын-сүргіннің кезіндегі «Қосжанов ісіне» арналған. Мақалада өлкедегі қуғын-сүргін, Қ.Қосжановтың қуғындалуына, тағылған айыптарына арналады. Автор «Қосжанов ісіне» және қуғын-сүргіннің зардаптарына кең тоқталып, Маңғыстауда болған қуғын-сүргінге, «Қосжанов ісіне» тарихи тұрғыдан талдау жасайды.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, Қ. Қосжанов, Тоқабай, адай огругі, репрессия.

Кеңес Одағы тарихта 70-жылдан астам өмір сүрді. КСРО жүргізген саясаттың арқасында қазақ халқының тарихында саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер болды, сондай-ақ бұл саясат зардаптарда әкелді. Кеңес Одағының тұсында болған 3 миллион адам қырылған қуғын-сүргіннің ақиқаты әлі толық ашылған жоқ. Сол себепті, біз мақаламызда Маңғыстау жерінде болған қуғын-сүргін оқиғасы және «Қосжанов ісіне» тарихи хронологиялық бірізділікпен, талдау жасауға назар аударды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жыл 29-мамыр «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күнінде жолдаған Үндеуі өлкетанушылар мен тарихшылардың алдына жаңа міндеттерді белгілеп берді [1]. Президент: «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырдым» деп, қуғын-сүргін дәуірін зерттеуге бағыт берді. 2020 жылдың 24 қарашасында Президент Жарлығы бойынша «Саяси репрессиялар құрбандарын толық ақтау» туралы

Мемлекеттік комиссия құрылды. Осы бағытта Маңғыстау облысында да көптеген жұмыстар атқарылуда. «Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия» құрылып, нақты жұмыстар атқарылуда [2].

Жалпы Қ.Қосжановтың ісі бойынша зерттеу жұмыстарын жасап, жазылған еңбектерге Әбілқайыр Спановтың «Тоқабай Құрмаш» [3, 3 б.], Жауғашты Нәбиевтың «Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж.» [4, 3 б.], «Азалы кітап» жинағы [5, 2 б.], Тобанияз Әлниязұлы «Тағдыр» [6, 3 б.] сынды деректерді айтамыз.

Қазақ АКСР ОАК-нің 1927 жылғы 28 маусымдағы қаулысы бойынша Адай уезі-Адай округі болып қайта құрылды. Осыған орай уездік партия ұйымы-округтік болып аталды. Адай округінің жер көлемі кеңейді. Бұрынғы уездің көшіп-қонып жүретін халқын біржола отырықшылыққа айналдыру үшін Өлкелік партия комитеті мен Халық коммиссарлар кеңесі Адай округіне көрші Ақтөбе, Атырау (Гурьев) округтерінің біраз аудандарын қосып берді. 1928 жылғы дерек бойынша Адай округі 345.200 шаршы шақырым болып, оның халық саны 170 мыңнан асты.

БК(б)П-ның XV сьезінің шешімдеріне сай Адай округтік партия, кеңес органдарына ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды жедел жүргізді.Бірақ 1927-1928 жылғы «қоян жұты», одан кейін 1928 жылғы қуаңшылық округте мал шаруашылығын дамытуда айтарлықтай кедергі келтірді. Малдың өлім-жетімі 77,5 %-дан 83%-ға жетті [4, 22 б.].

1927-1928 жылдардан бастап-ақ Адай округінде алым-салық, мал дайындау науқаны асыра сілтеушіліктің салдарынан халық арасында наразылықты күшейте түсті. Үкімет саясатының бұрмалаушылығына, байлар да,орта шаруалар да, тіпті 10-15 қойы, 3-4 қарасы бар бар кедейлер де тәркіленуге ілініп, болмаса барлық малын салыққа төлеп, қайыршылыққа ұшырай бастады. Осыдан қашып, бас сауғалау үшін бірқатар байлар, шаруалар басқа жерлерге үдере көше бастады.

Заманында ержүрек ер болғаннан соң, халықтың тілегін айтып құрбан болғаны үшін Құрмаш атты есімінің жанына «батыр» сөзі қосылып жазылған. Мағжан Жұмабаев сынды ақын: «Өткен күн таң тамаша ертегі ғой, Ерлері ертегінің өрт еді ғой», - деп айтқандай, сол өрт ерлердің бірі – Құрмаш Қосжанов болатын.

Құрмаш Қосжанов шамамен 1880 не 1881 жылы Маңғыстаудың қара ойында Бекі құдығының маңында туған. Кіші жүз, Адай руы, Тоқабай тайпасынан. Орта дәулетті, шаруа адамы. Сөзге шешен, қайтпас қайсар, бір сөзді азамат [3, 6 б.]. Құрмаш сауатты болғандығын, өз қолымен жазылған арызы дәлелдейді. Араб әрпімен сауатты, әдемі етіп жазылған арыздың соңына Құрмаш Адай таңбасын салып қол қойған.

Құрмаштың ән салып, өлең шығаратын сері адам болғанын дәлелдейтін естеліктер бар.

Мен өзім Тоқабайдың Құрмашы едім,
Той болса қыз-жігіттің жорғасы едім, -
деп басталатын әні кейінгі кезге дейін ел арасында айтылған.

Құрмаштың тағы бір қасиеті-оғы жерге түспеген мерген жігіт болған. Өзіне сенімді азамат бүкіл елдің арқа сүйер асқар тауы болған. Өз халқы үші үнемі ой толғаған азамат халықтың жаз жайлауын,қыс қыстауын өзі шешіп, елді басқарып отырған.

1928-1930 жылдардың зобалаң құрбаны болған Тоқабай Құрмаш не үшін жазым болды? Құрмаш ісіне байланысты кімдер атылды? ҰҚК-нің архивінен Құрмаш Қосжановтың ісі бойынша ұсталған,атылған,айдауға концлагерьге жіберілген 42 адамның толық мәліметі табылып отыр. Олардың 22-сі атуға кесілген. Ал қалғандары айдалып кеткен [5, 46 б.].

Құрмаш Үстіртте қашып жүргенде миллиционерлер мен шолақ белсенділер ауылға тиіп, қатын-баланы тұтқындаған.

Құрмаштың қызы Мыңша, әйелі Жұпар, басқа да 20-ға жуық әйелдер Алматы түрмесіне қамалған.

Архивтен Мыңшаның елден кетерде шығарған жоқтауының мазмұны, әйелінің Құрмашқа жазған хаты, Құрмаштың ағайындарының (Табынай руының адамдары) патша үкіметі кезінде Ресей мемлекеттік думасына мүше болған қазақ оқымыстысы, белгілі заң қызметкері Бақытжан Қаратаевқа жазған хаты да табылды. ГПУ мәліметтері арасынан Құныскерей мен Құрмаштың астыртын кездесуі, оларды ұстауға жасалған әрекеттер жөнінде де құжат-айғақтар табылған.

Құныскерей Нарын құмындағы атақты Аманғали бандасымен және Маңғыстаулық көтерілісші Құрмашпен кездеседі. Алайда қолбасшылар бірігуге келісе алмайды. Құныскерей тобы Маңғыстау арқылы Қарақалпақстанға өтіп, одан әрі Түрікменстанға кетеді.

Құрмаш ісіне байланысты ойрандалған ауылдан 19 бала Қарақалпақстандағы Шымбай, Хожелі, Қоңыраттағы балалар үйлеріне жөнелтілген. Құжаттағы деректерде олар 1929 жылғы 16 сәуірде Үстірттегі Қараой деген жерде қызыл отрядпен соғыс кезінде қолға түскен. Бұл балалар ата-аналарынан тірідей айырылып, сол жақтағы балалар үйінде тәрбиеленуге Бесқалаға жіберілген, кейбірі асырап алуға берілген. Құрмаш ісі бойынша БМСБ Үштігінің үкімімен 1929 жылы 17 желтоқсанында 42 адам ұсталған [3, 18-б.].

Жалпы қорытындылап айтқанда, Құрмаш Қосжанов өз заманында халық арасында беделді, шаруа көзін білетін азамат болған. Бұл кісі репрессия құрбаны болып, жазықсыз айыпталған. Қазір өлкемізде «Қосжанов ісі» бойынша жан-жақты зерттеу жүргізілуде. Тұлғаның толық болмысын терең ашу-бүгінгі ұрпақтың парызы. Бұл зұлматтың сырын ашуда алдағы уақытта жұмыстар жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күніне байланысты Үндеуі // Ақорда. – 31 мамыр, 2021 ж. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-baylanysty-undeui-3042646
2. Кенжебек Сержанұлы. Жазықсыз жапа шеккендер толық ақталуы тиіс. // Маңғыстау газеті. – 23 қыркүйек, 2021 ж. № 5.
3. Әбілқайыр Спанов. Тоқабай Құрмаш. – Ақтау, 1994 ж.
4. Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2010ж.
5. Азалы кітап. Расстрельные списки. Выпуск 3. Мангистауская область. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 199 с.
6. Тағдыр. Тобанияз Әлниязұлы. – Ақтау, 1995ж.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ҰСТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Р. Бөпежан, А.Нұрбаулыұлы
Ғылыми жетекшісі: Бекенжанова А.А.
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алды. Мақалада осы тұстағы Алаш зиялыларының ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы қызметі, олардың қазақ халқын көтерілістен, оразан зор қайғы қасіреттен сақтап қалу үшін тын еңбектенуі, ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ұстанған саясаты, көзқарастары қарастырылған.

Түйінді сөздер: ұлт зиялылары, ұлт-азаттық қозғалыс, халық, көзқарастар, патша жарлығы.

Қазақ халқы тәуелсіздікке жету жолында талай қиындықтарға кездесті. Сол оқиғалардың ішінде ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер де болды. Халқымыздың Ресейдің құрамында болған кездегі ең бір елеулі оқиғалардың бірі -1916 жылғы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы қозғалысы.

ХХ ғасырдың басында саяси жағдай шиеленісіп 1914 жылы 1-ші дүниежүзілік соғыс басталды. Соғыс қазақ өлкесіне әсер етпей қоймады. Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштықтың етек жаюы – міне, осының бәрі халықтың басым көпшілігі тарапынан жаппай наразылық туғызды. 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты тонау мен қанау күшейе түсті, әр түрлі салықтардың мөлшері артып, жаңа салықтар енгізілді [1].

1916 жылы 25 маусымда Ресей патшасы II Николай жарлығын шығарды. Жарлық «Түркістан мен Қазақ өлкесіндегі 19 бен 43 жас арасындағы 500 мың адамды майданға алу» туралы болатын. Бұл бейбіт отырған халықты ашындырып әбігерге түсірді. Жетісу, Орал және Торғай облыстарында патша отрядтары саналы түрдегі ойластырылған көтерілісші топтарымен қарсы келді. Қазақ зиялылары қатарында бірлік болмады. Олар екіге бөлініп, революцияшыл радикалды бағыттағы Т.Бокин, Ә.Майкөтов, С.Сейфуллин, С.Меңдешев, Ә.Жангелдин сияқты тобы қарулы күрес жолын таңдады. Ал ұлттық-либералды бағыттағы алаш зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы бастаған топ елді қантөгістен сақтау үшін патша өкіметімен тіл табысу жолдарын іздеді, күрестің бейбіт саяси әдістерін жақтады. Көтерілістің болғанын қалайтын батырлар әмірлер өз болыстарындағы халықты көтеріліске шақырды.

Бұл тұстағы либерал бағыттағы алаш зиялыларының көтеріліске деген көзқарастары басқаша болды. Дегенмен соғыс жылдарындағы отарлық езгінінің күшеюі, соғысқа қажеттілігіне жиналатын алым-салықтың барынша өсуі «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан қазақ зиялыларын толғандырмай қоймады. Қазақ зиялылары қазақ халқын көтерілістен, оразан зор қайғы қасіреттен сақтап қалу үшін тын еңбектенді. Соның ішінде М.Дулатов та соғыс жылдарында елді үкімет саясатына қарсы шықпауға шақырды. Олар жәрдем беру комитеттерін ұйымдастыруға белсене ат салысып, соғыс шығындарына қаржы жинау үшін өткізілетін түрлі шараларға қатысты. Мұндай шараларды ұйымдастыруға М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Қалменов,

Д.Мырзағалиев, Д.Меңдібаев, т.б. қазақ зиялылары белсене қатысты. Тарихшы М.Қойгелдиевтің: «Ұлт зиялылары бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында үкімет саясатына шарасыздан қарсы болған жоқ, қайта бейімделу бағытын ұстанды» - деуі де алаш зиялыларына деген оң пікір [2].

Патша жарлығы шыққаннан кейін Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин екеуі 1916 жылы қыркүйек айының басында Мемлекеттік Думаның төрағасы Родзянкоға хат жазып, қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу мәселесін кейінге қалдыру жөнінде ұсыныс жасады [3].

М.Дулатов Қазақстанның далалық облыстарынан 100 мыңнан астам патша үкіметінінің «бұратана» халықтардан әскерге солдат алмауының себептерін, саясатын 1924 жылы жазылған «Ұлт әскері – Кеңес қорғаны болсын» атты мақаласында көрсеткен болатын: «Бұрын патша үкіметі қазақ-қырғыз, өзбек секілді «бұратана» жұрттардан неге әскер алмады? Алды ма? Ия бір себеп болды ма? Алдымен осыған ой-толғау жасап көруіміз керек».

Патша үкіметі қазақ және тағы да басқа дала жұртынан әскер алмауының үлкен өзіндік себептері болды. Бағынған, тек шарасыздықтан бағынды, олар отаршылдыққа риза емес деп, егерде оларға қару – жарақ ұстатса, бұл жұртқа әскери өнермен машықтандырса, өткеніндегі еркідігін аңсап бізге бас июден қалады. Олар жаумен сыбайлас болып шеңгеліміздан шығып кетеді, айтқанымызға көнбейді, айдауымызға жүрмейді деп патша үкіметі әдейі солдат алмайтын болған [4].

Кешегі ресми тарихта Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев, т.б. зиялылардың жазалаушы әскерге қарсылық көрсетудің қауіп-қатерін түсіндіріп, «Қазаққа» жариялаған бірнеше мақалаларының мән-мағынасы қасақана бұрмаланды [5].

1916 жылы тамыздың 11-інде Әлихан, Ахмет, Міржақып «Алаш азаматтарында» үндеу жазып, саңылауы бар азаматтарға ұғынарлық ой салды, ақыл-кеңес берді. Енді сол үндеуді тыңдап көрейік:

«...Біздің жұртқа айтатынымыз – бұған көнбеске болмайды... Салыстырып қарайық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар?

Көнгенде шаруаға кемшілік келер, барған жігіт қазаға да, бейнеткеде ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас.

Көнбегенде көрінетін ауырлық: ... қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді. Бас пен малға әлегі бірдей тиеді. Елдің іргесі бұзылады. «Айтқанда тез көне қоймадың, қарсылық қылдың» деп Түркістан уалаятына военное положение алған етіледі. Военное положениені жұртқа келген бір апат деп білу керек. Военное положение алған етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады.

Міне, біз «екі ауыртпалық бар» дейтініміз осы. Бірі-барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі-бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Біздің білуімізше жеңілі – көнген».

Амал не, мұндай ақыл-кеңе, көрегендік ойды құлаққа ілген, тыңдаған жан сирек болды. Біздің «1916 жылғы көтеріліс қазаққа керек пе еді?» дегенде бірінші айтарымыз – осы кеңесті тыңдағанда қанды қырғын болмас еді [6].

Ә.Бөкейханов бастаған Алаш зиялыларының осы тұстағы шешімдері халықтан қолдау таппады. 1916 жылдың аласапыран оқиғалары М.Дулатовты да көп ойландырғандығын, жанын күйзелткенін және сол оқиғаларға қайраткердің өз көзқарасы болғандығына көз жеткіземіз.

Патшаның «Июнь жарлығы» қазақ даласына шілде айының орта тұсына қарай келіп жетті. Бұл жарлықтың қазақ даласына қалай әсер еткендігі туралы М.Дулатов «...Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды... «Қазақ»

басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграммалар, хаттар жауа бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі көз құлағындай көретін. Қазақ даласы күңіренді»- деп жазды. Осы туралы М.Дулатов былай дейді: «Ел арасында қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен күнге ұлғайды. «Солдат алмайтын болыпты» деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің балаң алынды» дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды. Жұрт сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Әне келеді, міне келеді» деп өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды».

Шошынған жұртқа септігі тиер ме деген үмітпен Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде басу айтып, мақаласын жариялайды. «Әскерлікке адам аламын десе де ақылдасып барудан тайынбас тай болып жүрген қазақ халқын бүгін қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық: қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз.

Бірақ патша жарлығы хақ, оған айтар сөз жоқ. Бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып, елді һәм артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер еш нәрсе жоқ» деп қинала отырып, Ахмет Байтұрсынов елдің арандап қалмауын ойлайды. Патшаның құрығы ұзын екенін, қашқанмен құтыла алмайтынын елге түсіндіруді ел ақсақалдарынан, ел жақсыларынан өтінеді.

Біз ұлт зиялыларының 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы қызметін, олардың ұстанған саясаты туралы М.Дулатов 1929 жылы қаңтар айында түрмеде жазған мәлімдемесінде былай ой түйіндейді: «болып жатқан не сұмдықты көріп жүріп, біліп жүріп, қорғаушысы, панасы, қол берушісі жоқ халыққа жанымыз ашып біздер сол кезеңде үкіметке қарсы әрекеттің қажет еместігін түсіндіруге көтерілген жағдайды қанның көп төгілетінін, екі жақтың күші тең еместігін халыққа айтып ұғындыру жолына ақылдастық. Шындығында, біздер халықтың басын бәске тіккіміз келмеді. Халық тағдыры карта ойыны емес. «Қазақ» газетінің редакциясы болып майданда окоп қазуға, тыл жұмысына жөнелтіліп жатқан қазақтарға көмек көрсетуді ойластырдық, осы мақсатпен қазақ оқығандарына қарап үндеу көтердік.

1916 жылғы оқиғалар тұсында ұлт зиялыларының халықтың тағдырын ойлап қырғыннан, қатерден сақтап қалу мақсатынды ақыл-кеңес беріп, жазған мақалалары, атқарған еңбекетері, олардың саяси көрегендігін байқатып қана қойған жоқ, үлкен күрес жолынан өткен білікті саяси қайраткер дәрежесіне көтерілгендіктерін көрсетті. Қалай болғанда да Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылар тобының көтірілісті қолдамауының өзіндік себептері бар екендігін, көтеріліске шыққанда қандай жағдай болатындығын білуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 58 б.
2. Қазақ тарихы журналы. №6 (145), 2016 – 26 б.
3. Қойгелдиев М.Х. «Алаш қозғалысы» Алматы: Санат, 1995. – 169 б.
4. Б.Қаратаевтың жеке қоры, ҚРОМА 1227 қор, 1-тізбе, 2-іс, 125-б.
5. «Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты» Алматы: «Print-S», 2012. – 175 б.
6. З Ижанов. Жаралы жылдар. – Алматы: Экономика, 2015. – 8 б.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҮНДІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӨЗАРА ҮНДЕСТІК

А. Армиева
Ғылыми жетекші: Н.К. Арашова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада адамзат баласының ең көне мәдени ошақтарының бірі үнді халқының шығу тарихы, мәдени құндылықтары, салт дәстүрлері баяндалады. Баға жетпес мәдени қазынаның иесі осы бір дарынды халықтың мәдени мұраларының қазақ халқымен ұқсастықтары, тіл жағынан ерекшеліктері туралы салыстырмалы сипаттама, Қазақстан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер беріледі.

Түйінді сөздер: мәдениет, Тәж-Махал, буддизм, урду, хинди тілі, йога.

Үнді елі – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі. Ол – терең тамырлы философияның, шахмат пен йоганың, мол өзіндік ізгі рухани мұраның, сыры да, сыны да сақталған әдет-ғұрыптар мен дәстүрдің, жер-жаһанға әйгілі махаббат күмбезі Тәж Махал, Лотосхрам сынды сәулеттік жауһарлардың, терең қайнарлы би мен саздың, ғажайып үнді киносы мен жұпар иісті үнді шайының елі.

Жер шарындағы қасиетті де, құдіретті мәдениеттердің бірі – Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген үнді-будда мәдениеті. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды. Үнді-будда мәдениетіне тән қасиет дін мен философияның өзара тығыз байланыста болып, ұштаса білуінде. Бұл туралы Гегель былай деп жазды: «Үнді мәдениеті – жоғары дамыған сан-салалы құдіретті мәдениет, бірақ олардың философиясы дінмен сабақтас, өзара тығыз байланыста болып келеді. Философия ғылымы айналысатын мәселелерді діннен де көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да болар, ведалар – діннің ғана негізі емес, сонымен қатар философияның да негізі болып саналады» деген екен.

Басқа құрлықта орналасқан Үнді елімен қазақ мәдениетінің арасындағы үндестіктер мен ұқсастықтар да көп кездеседі. Үнді мәдениетін зерттеуші Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Индология кафедрасының меңгерушісі М.М.Пернекулованың зерттеулерінде: Мұсылман билігі ассимиляция мен синкретизмнің жоғары деңгейімен сипатталды. Исламның үнді мәдениетіне әсері барлық салаларда – тілде, киім-кешек, ас үйде, өнердің барлық түрінде, сәулет, қала құрылысы, әдет-ғұрып және құндылықтарда көрінеді. Екінші жағынан, мұсылман басқыншыларының тілі жергілікті халықтың тілдерінің әсерінен өзгерді, олар араб әліпбиін және көптеген парсы сөздерін қолданатын үнді урду тіліне көшті. Урду «әскер тілі» дегенді білдіреді, өйткені ол түрік тіліндегі «Орда» сөзінен шыққан, бұл дәл Армия (Әскери) дегенді білдіреді. Бұл Бабыр империясындағы әскердің түркі болуымен байланысты. Туыстас тілдер – урду және хинди тілі, Үндістанның ресми тілі ретінде де белгілі.

Ендеше, келесі сөздерге назар аударсақ үнді-қазақ тілдерінің ұқсастықтарын айқын байқаймыз:

(КЗ) – казахский, (ИНД) – индийский, (П) – произношение

1. БОГ - (КЗ) Құдай (ИНД) ख़ुदा (П) – Кхуда
2. ВРЕМЯ - (КЗ) Уақыт (ИНД) वक़्त (П) Вакт
3. ВРАГ – Дұшпан / दुश्मन / Душман
4. ДРУГ – Дос / दोस्त / Дост

5. РАЗУМ, ИНТЕЛЛЕКТ – Ақыл / अक़्ल / Ақыл
6. ВИНО – Шарап / शराब / Шараб
7. ЛЮБОВЬ – Махаббат / मोहब्बत / Мохаббат
8. ЕСЛИ – Егер/ अगर /Агар
9. КНИГА – Кітап / किताब / Китааб
10. ПЕЧЬ – Тандыр / तंदूर / Тандур
11. ХЛЕБ – Нан / नान / Наан
12. ГРАНАТ – Анар / अनार / Анаар
13. ВОЗДУХ – Ауа / हवा / Хава
14. ЗАНАВЕС – Перде / परदा / Пардаа
15. РУЧКА – Қалам / कलम / Калаам
16. УРОК – Сабақ / सबक / Сабак....

Үндістан 1992 жылы ақпанда Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады. Үндістан елшілігімен дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылы мамырда Алматыда, 1993 жылы Қазақстанның Нью-Делиде елшілігі ашылды. Біздің елдеріміз екіжақты қарым-қатынастарды нығайтып, екі ел арасында сауда-экономикалық қатынастар, ғылым мен технология, мәдениет, өнер, білім, ақпараттық құралдар мен спорт салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдер әлі күнге дейін жалғасуда. Үндістан Қазақстанды Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктестікке айналдырды.

Әлемдегі ең ірі шай өндірушілердің бірі Үндістан шайды таңертеңгілік және кешкі сусын ретінде таңдаған. Олар көбінесе шайға зімбір, кардамон, қара бұрыш және даршын сияқты дәмдеуіштер қосқан. Келушілерге шай ұсыну - үнді үйлеріндегі, кеңсе және жұмыс орындарындағы мәдени дәстүр. Қазақ халқының шай ішу мәдениетінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Үндістанға саяхаттап барған туристер ең алдымен дәмі тіл үйіретін шай сатып алады екен.

Үлкенді сыйлау – бұл имандылық пен адамгершіліктің іргетасы. Қазақ халқының тыныс-тіршілігіндегі бұл құбылыс үнді елінде де өте маңызды. Сондықтан, отбасында, бала бақшасында, мектепте, қоғамдық орындарда осы дәстүрді сақтау, оны қастерлеу әрбір адамның міндетті түрде орындайтын парызы. Қазақ та жақсы бір сөз бар «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» - деген. Дәл сол сияқты үнді халқының да үлкенге деген ерекше құрметін үнді киноларынан көреміз. Таңы бір айта кететін жәйт, біздің киіну үлгіміз қазақы ою өрнектермен, әшекейлермен безендірілсе, олар да сәнді бұйымдарға өте ерекше назар аударады.

Осындай сан ғасырлық әдемі мәдени құндылықтарды таяуда мәдени шарамен қорытындыладық. Ерекше мәдени танымдық шара болды.

Сөзімді қорытындылай келе:

Ғасырлар бойы Үндістан мен Қазақстан халқы өз жерінде түрлі дін өкілдерін қабылдады. Мұндай қарым-қатынас - идея, білім және дүниетаным арқылы байыту нәтижесін берді.

Мәдениеттер мен әртүрлі діндердің бұл үйлесімі біздің халықтарымызға ішкі күш пен ерекше ұлттық сипат берді.

Қазақта «Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, атасы басқа болса да, Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған Қазақстан атты елімізді мақтаныш етеміз, әлемде өмір сүріп жатқан барша ұлттарға бейбітшілік тілеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдыхалықов Қ.С. Үндістан – КСРО қатынастарының қалыптасу
2. Ашок Кумар мукерджи. Үндістанда бір ғана ұлт
3. Ғабитов, Тұрсын Хафизұлы ж.б. Мәдениеттану.
4. .https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=309

ӘОЖ 94 (574)

АТАУЛАР СЫР ШЕРТЕДІ

Тілегенов Н.Т.
7М01601 – «Тарих» мамандығының 2-курс магистранты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Тарихымызды білу арқылы болашағымызды болжай аламыз, белгілі бір тарихи оқиға немесе деректерді зерттемес бұрын алдымен атауына мән беру қажет. Бұл ғылыми мақалада тарихи маңызды орындардың атауларына көз жүгіртеміз. Десекте, ұлағаттың қайнарындай киелі Ойыл топырағы бойына сан тарихты бүгіп жатыр. Бүгінде Ойыл өңірі Тәуелсіз елімізбен бірге түлеп, уақыт көшіне ілесіп келеді.

Түйінді сөздер: тарихи атаулар, шежірелі ел, тектілік, құнды жәдігерлер, тарихи орындар.

Ойыл өзенінің алқабы ежелден-ақ халықтың көп қоныстанған сүйікті мекені. Сонау Асанқайғы, Қазтуған заманында бұл алқап хан ордасы орнауға лайықты жер деп аталады. Қазақтың көне дүниедегі данышпандары Ойыл өресін мақтаудай-ақ мақтаған. Бұл өлкеде өзен де, көл де, орман да, жазық дала мен құм шағылдар да бар екендігі мәлім. Ол заманда осынау қалың жыныс ішінде түрлі жабайы аңдар жосып жүрген. Құлан мен киік, қасқыр мен қарсақ, доңыз бен қарақұйрық, бұғы мен бұлан. Тағы да түрлі ірілі-ұсақты өзен жағасы жануарлары өрген. Суларында балықтың не бір бағалы түрлері ойнақ салған. Қырларында дуадақ пен безгелдек, шіл мен құр сияқты құс түрлері жайылған. Бұл өлкеде соншама бір қатты қыстарда болмаса, аяқты мал теуіп жайылуымен шыққандықтан, мал жұтамаған, қайта қалың жыныс арасында төлдеп көбейген, марқайып семірген. Соның нәтижесінде бұл жерді жайлаған, қыстаған ата-бабаларымыз шылқыған бай болған. Ойыл атырабының осындай қадір-қасиетін таныған ақын-жыраулар оны ән мен жырға арқау еткен. «Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда?» деп, осы аумақты қоныстанған халық сағыныш, сүйіспеншілікпен еске түсірген. Алыста жүрсе, күрсіне әнге қосқан. Көз алдарына сол ән-жыр арқылы туған жердің көркем суретін елестеткен.Орта ғасырда жасаған кемеңгер Асанқайғы Ойылдың қасиетін шалқыта жырлайды. Бұл жердің Хан ордасы орнауға лайық екенін айтады. «...Ойыл деген ойынды, Отын тапсаң тойынды, Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің» – деп, оның астанасы болуға лайықты жерге тұрақтамауын жаман ырымға жориды. Батыстан мысық табандап жылжып келе жатқан отаршыл орыс жоянының ызғарын ерте сезінген жырау түбінде қазақ халқы батыстан келетін албастыдан азап шегеді-ау деп қамығады («Бес ғасыр жырлайды», Алматы «Жазушы», 1984). Ақтөбе облысының арғы-бергі тарихында ең шежірелі ел ордаларының бірі ретінде Ойыл өңірін ерекше атасақ, батыс өлкесінің тарихнамасына қиянат болмас деп ойлаймыз. Өйткені Ойыл жөніндегі ең әрідегі жазба деректерге көз салар болсақ, оны б.з. 950-1000-шы жылдарына тұстас деп есептеуге тура келеді.

Осылайша тарихын кеңге жайған Ойыл өңірі жайында, КСРО және Қазақстан тарихы беттерінен нақтырақ байқай аламыз. Қазір Ойыл - аудан орталығы, облысымыздың батысында орналасқан, Ойыл өзенінің оң жақ жағасы, Ақтөбеден - 270 шақырымда орын тепкен. Сондықтан Ойыл елді-мекенінің атауы жайында айтып кеткен жөн болар.

Ойыл өңірі немесе ауданы осы аттас өзенге байланысты қойылған. Бұл көне түрік ұғымы бойынша «екі сөзден қалыптасқан» деу қисынға келеді. Ой және Йыл сөзінің бірігуі арқылы ұғымын берген. «Ой» - деген сөз ылди екені өзінен-өзі түсінікті. Көне дәуірдегі ежелдегі түріклер өзен-суды «йыл» деп те айтқан. Мысал үшін, қазіргі Елек өзені «Йыл, иек» деген екі сөзден қалыптасқан. Сол сияқты «Қиыл» да «Құй» және «Йыл» сөзінің қоспасынан жасалып тұр. Оңтүстіктегі Іленің әу бастағы аталуы Йыл Ие болуға керек. Яғни, иесі бар су, өзен деген мағынада. Ал Елек болса, жақын маңдағы өзен, яғни иек астындағы су, өзен дегенді меңзегендей. Ойылдың тағы бір атауы бар, яғни жылына екі рет Батыс Қазақстан аймағына ортақ Көкжар жәрмеңкесі өткізіліп тұрған. Сол кезде салған сауда үйлері әлі бар және әліде іске жарамды. Сол себептен Ойыл жерін, жергілікті халықтан басқасы да, тарихымызда Көкжар елді мекені деп те атап жатады орыс құжаттары. Дегенмен бұл атау бермен қарай жаңа заман кезеңіне жатады. Көкжар жәрмеңкесі Ойыл өңірінен орын тепкелі бері, сол жәрмеңке жолында Жүндісай атауымен аталатын орын пайда болды дейді көнекөздер. Сол Жүндісай жері аталу себебі жәрмеңкеге келуші саудагерлермен, басқа жердің азаматтары келіп демалып малдың жүнін және қолындағы зат тауарларын өзенге жуған, сол жерде шағын саудада болған, сол себептен жүнді сай деп аталып кеткен деседі. Жергілікті халықтың айтуы бойынша Ойыл қыр бойында орналасқан Ойдағы Ел деген атаудың қосылуынан берген ұғым деп келтіреді. Бұған келтіретін мысал Ойыл селосының батысында алыстан мұнаратып көрінетін биік төбе бар, ол төбе Қарауылтөбе деп аталады. Тағы да көнекөздер дерегі бойынша қорғанның орны деседі. Ерте дүниеден талай сырды ішіне бүккен тарихи орын. Жиырмасыншы ғасырдың басында оның ертедегі шағын бекініс болғаны секілді. Елге жау шапқан кезде алыстан көрінгендіктен Қарауылтөбе деп атағанға ұқсайды. Әр ауыл-аймақтың атауында тарихи мән-мағына бар, ал қазірдің өзінде жасы мен қариясы туған жері жайында «Ойылым менің - ойдағы елім», - деп патриоттық сезіммен әндетеді. Осылайша тарихын кеңге жайған Ойыл өңірі жайында КСРО және Қазақстан тарихы беттерінен нақтырақ байқай аламыз. Сонымен Ойыл аймағында сыры ашылмаған құнды жәдігерлер мен тарихи орындар жеткілікті. Көне Көкжардың іргесінде терең сайлар да бар, сол сайлардың атауы Сегізсай деп аталады. Бұл атау сайдың басы тарам-тарам, жыр-жыкпыл, кішігірім сай-салалардан басталуына орай, сонымен бірге қалашық тұсында аса терең, шаппа жер болуына орай да қойылған сияқты. Ойыл ауданына барар жолда Аккемер ауылына жақын жердегі төбеде жерленген Ботагөз батырдың кесенесіне ат басын тіресек. Ботагөз – Тама Есет батырдың қызы, белгілі Әжібай бидің келіні. Оның ерлігі жайындағы аңыз әңгімені білмейтін адам аз деуге болады. Тарихтағы деректер былай дейді: 1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан Әбілқайыр хан қаза табады. Оның орнына таққа баласы Нұралыны отырғызу рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер азаматтарын ертіп, Орынборға аттанып кетеді. Соны пайдаланып, Еділ қалмақтары қорғансыз шал-шауқан, бала-шаға, қатын-қалаштары қалған бейбіт ауылға шабады. Елді қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап кетеді. Мұндай содырлы сойқанды естіген Есет Көкіұлының қызы Ботагөзді аз уақытта өз руының жігіттерін «Келбатыр» тутөбеге жиналуға үндеп, жауға тойтарыс беруді ұйымдастырады. 150-дей сарбазды бастап барып, оқыста Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш бөрідей тиіп, қанға қан, жанға жан алып, кек қайтарады. Сол жерде жауын тұтқындап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады. Кейін Ботагөздің бұлақ көзін ашқаны жайында да әңгімелер бар. Батыр қыз ауыр науқастан қайтыс болады. Еліміздің аяулы қайраткері

Кеңес Нокин қозғау салып, бұл тапсырманы көпке белгілі азамат Игілік Сағиев міндетіне алып, 2005 жылы Ботагөздің басына ел-жұрттың күшімен келісті кесене тұрғызылды.

Ойыл ауданына қарасты Қаратал елді мекен бар, Қаратал деп аталу себебі құм көшкінін тоқтату мақсатымен 1873, 1899, 1907, 1913 жылдары тал отырғызылған. Бұл аймақ Орта Азия құмдарына тән өскінің қиыр солтүстүгіндегі сирек көрінісі. Бүгінде мұнда қарағайлы қалың орман пайда болып шықты. Қаратал деп аталу сол себептен болып отыр. Қаратал елді мекеннен 30 шақырым жерде орын алған тарихи орын бар. Яғни қыраттағы төбешіктер. Бұл төбешіктердің жер атауы Қырықоба.Барқын құмына қарсы бағытқа орналасқан. Жергілікті аңыз бойынша бұл жерде ерте ғасырларда қалмақ қалашығы болған. Обалар үйіндісінің ара қашықтығы сақталған, көше тәртібіне де келеді. Обалардың қабақта тұруы жаугершілік заманындағы қарауыл қарау, алыс-жақынды шолуға ыңғайлы. Қазір обалардың 30 шақтысы сақталған. Қалғанын «Ойыл-Қаратал» тас жолын салу үстінде қиыршық қызыл құм алу үшін жол салушылармен жойылған. «Қырықоба» тарихын зерттеу алдағы күннің еншісінде. Дегенмен қазба жұмыстары 2010 ж. жазында облыстық тарих, этнография және археология орталығы қызметкерлеріне Құмсай төңірегіндегі қорғандарды зерттеу тапсырылды. Ойыл ауданының Қырықоба маңының қазба жұмыстары осылай басталды. Жергілікті ауыл адамдарының айтуы бойынша Қырықоба атауы да, көп қорғанды көмбені білдіреді екен. Археологтар үш қорғандағы көмбеден салт-дәстүрге байланысты адам сүйектері, жануар сүйектерімен қоса тағы басқа заттарды тапқан. Табылған заттарға байланысты жерленгендер шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 5-4 ғасырларға келеді. Сол елді мекеннің ақсақалдары қазба жұмысына қарсы болған, өйткені бұл біздің тарихи орнымыз, ата-баба жері келешек ұрпаққа тарихи орын болып қала берсін десе керек.

Жері шұрайлы, табиғаты қолайлы Ойыл жерінде Қазмағамбет хазірет қорымы бар. Қызылқорған-Қуырдақты бойын, Жақсыбай деп аталатын өзеннің Лай, Құлшығай аталатын салаларын жайлаған. Сол Лайдың етегіне мешіт салдырып, қазақ жерінде кеңес үкіметі орнағанға дейін мешіт ұстаған. Меккеге қажылыққа барған. «Ақтөбелік қажылар» деп аталатын кітапта Ойыл ауданы бойынша қажылыққа барғандардың қосымша тізімі бар. Онда қайтыс болған жылы 1917ж. деп көрсетілген. Деректер бойынша Қазмағамбет хазірет кеңес үкіметі орнағаннан кейін дүниеден өткен («Ақтөбелік қажылар» Ақтөбе, 2002 ж. А-Полиграфия баспасы). Сол себепті бұл атау Қазмағамбет хазірет деп аталып кеткен. Қазмағамбет Лайдың Қабағындағы қорымға жерленген. Басында тоқсаныншы жылдары тұрғызылған түнемейлік үй тұратын-ды. Оны 2009 кәсіпкер Нұрлан Жұмағалиев жаңартып, қайта салдырды. Елді мекеннен оқшау жатқандықтан басында шырақшы бола бермейді. Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ақтөбе тарихындағы тарихи, қазба байлығы мен табиғаты мол өлкелердің бірі деген пікір көп болмаса, аз емес. Бұған сонау «Қазтуған» толғауының өлең шумақтары дәлел: Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз, Қайран саланың жатқан аңғары-ай, Ақ шалмалы пірлердің Мешітке жаққан шамдары-ай! Осы күнге дейін тарихи ауыл аймағы, жер атаулары, табылған заттары мен кесенелері белгілі бір дәрежеде зерттеліп, өткен күннің көзі болып отыр. Десек те зерттелмегені әлі қаншама. Тарихымызды білу, зерттеу арқылы болашағымызды болжауға мүмкіндік аламыз деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейі.
2. Ойыл аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихи музейі.
3. Қобда ауданының мұрағаты Ойыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі.
4. «Ақтөбе облысының энциклопедиясы», 2001 ж.

5. «Батыс Қазақстан тарихы», 2 томдық, 2006 ж.
6. «Ойыл жәрмеңкесі», Б.Құрманбеков, 2008 ж.
7. «Ойыл тарих пен тағылым мекені». – Ақтөбе, 2001 ж.
8. «ОЙЫЛ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ. – Ақтөбе, 2010, 337 бет.

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

А.Абдижанов
Ғылыми жетекші: Р.А.Сидешова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің отаршылдыққа қарсы сипаты, Ресей патшасы II Николайдың Министрлер Советінің ұсынысымен 1916 жылы қабылдаған жарлығына қазақ халқының наразылығы, көтерілістің тарихи маңызы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: 1916 жыл, патша жарлығы, қара жұмыс, ұлт-азаттық көтеріліс.

Тұтас алғанда, Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің отаршылдыққа қарсы және феодализмге қарсы сипаты болды, оның негізгі қозғаушы күші ауылдың еңбекшілер бұқарасы болған еді.

Ресейдің отаршыл патшалық үкіметіне қарсы қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көпшілікке белгісіз, тарихи ақтаңдақтардың бірі – патшаның «25 маусым жарлығы» бойынша жасы 19 бен 43 жас аралығындағы «соғыс жүріп жатқан жерлердегі майданның қара жұмыстарына» барған қазақ жігіттерінің тағдыры, олардың елден алыста қандай жұмыстар жасағаны, майдан шебінің қандай жерлерінде болғандығы туралы деректердің белгісіздігі болып табылады.

Ресей патшасы II Николай Министрлер Советінің ұсынысымен 1916 жылы маусымда отарланған халықтардың ер адамдарын бекініс құрылыстарын және байланыс жолдарын салу үшін майданның қара жұмысына алу туралы жарлық шығарады. Осы жарлық бойынша, 19 бен 43 жас аралығындағы бұрын әскер міндетін атқармаған Астрахань, Сібір, Сырдария, Орал, Торғай және Каспий бойы облыстарының, Кавказдың Тер және Кубань облыстарының халықтары реквизицияға ұшырады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс проблемалары географиялық жағынан да өте тар шеңберде қарастырылады: негізінен көтерілістің Жетісу ошағы мен Торғай орталығына баса назар аударылды. Қазақстанның батыс аймағы бойынша, өкінішке орай, толыққанды зерттеулердің осы күнге дейін жоқтығын айтуға тура келеді. Торғай облысындағы көтеріліс ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған, ең табанды және ұйымдасқан көтеріліс болды. Көтеріліс барлық уездерді: Торғай, Ақтөбе және Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді-мекен болмады. Бұл кездейсоқ емес еді. Істің мәні мұнда жұрттың көп жері тартып алынып, аграрлық мәселенің шиеленісуі өте күшті болғандығында еді.

Торғай және Орал облыстары бойынша 1916 жылғы көтерілісті зерттеу қазіргі Қазақстанның Батыс аймақтарындағы ұлт-азаттық қозғалыс ерекшеліктерін ұғынуға мүмкіндік береді. Патша жарлығы бойынша «соғысып жатырған армиялармен қатынастар орнату» жөніндегі жұмыстар үшін Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам ер жігіттерді алу көзделді.

Соның ішінде Түркістан бойынша: Сырдария облысы – 87 мың адам, Жетісу облысы – 60мың адам, Ферғана облысы – 50 мың, Самарқанд облысы – 38 мың адам, Каспи бойы облысы – 15 мың. Ақмола облысы – 48316 адам, Семей облысы – 85479 адам, Орал облысы – 50270 адам, Торғай облысы – 49489 адам.

Патша жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстанның батыс аймақтарында да шұғыл түрде әскери-әкімшілік шаралар қолға алынды. 1916 жылғы 25 маусым жарлығын Торғай, Орал облыстарына 28-29 маусым күндері телеграф арқылы жеткізеді. Ресей ішкі істер министрлігінің 1916 жылғы 8 желтоқсандағы мәліметі бойынша, Орал облысынан – 50270 адам, Торғай облысынан – 49489 адам майданның қара жұмыстарына алынуға тиіс болды. Сөйтіп, Қазақстанның батыс аймағынан 1916 жылғы жарлық бойынша, шамамен 90 мыңдай адам жұмысқа алынуы тиіс болды. Оның ішінде Ақтөбе уезінен – 12895, Ырғыз уезінен – 12510, Орал облысының 4 уезінен – 50270, Маңғыстау уезінен 3 мың адам тізімге ілінді. Майданға алынған қазақ жігіттері, негізінен Солтүстік, Батыс, Оңтүстік-Батыс және Кавказ майдандарында, яғни Ресей, Балтық жағалауы, Украина, Белоруссия және Кавказ территориясында майданның азапты қара жұмыстарын атқарған. Темір жол, ішкі істер министірлігі, т.б. ведомстволарының қарамағына бөлінген қазақ жігіттері Ресейдің ірілі-уақты станциялары мен бекіністеріне жіберілген. Қызылордадан жұмысқа алынған 1088 қазақ Новосибирск және Томск губерниясында темір уезінен жұмысқа алынған 900 қазақ жігіттері Дэпо станциясында, 160 қазақ Валдай станциясында вагондардан жүк түсіру жұмыстарын атқарған, Бөкей Ордасынан 1500 қазақ – Рязань губерниясында ағаш дайындау істерімен айналысқан.

Кейінгі тарихи оқиғалар Алаш қозғалысы лидерлерінің патша жарлығына қарсылықсыз көнуі туралы пікірінің дұрыстығын дәлелдеді. Қазақстанның барлық территориясында, соның ішінде Батыс Қазақстанда болған көтеріліс пен толқулар көтерілісшілерге ойдағыдай толық нәтиже берген жоқ. Патша үкіметі алдын-ала ойластырып, қазақтарды қарудың күшімен белгілі бір мөлшерде тыл жұмыстарына баруға көндірді. Мобилизацияға ұшыраған жігіттерді сауатты азаматтар бастап, олардың жағдайына септігін тигізді. Көптеген жұмысшылар майдан даласында солдаттармен араласып, жалпы бірінші дүние жүзілік соғыс, патшалық Ресейдің әлеуметтік саяси-экономикалық жағдайы туралы көп түсінік алды. Солардың көпшілігі Қазақстанның батыс бөлігінің жігіттері еді. 1916 жылғы көтеріліс мәселелерін тереңірек түсіну үшін, кеңес үкіметінің тоталитарлық режимінің қатаң цензурасына байланысты осы уақытқа дейін көпшілікке белгісіз болып келген М.Шоқай, Б.Хайт сияқты ұлт зиялыларының еңбектерінің маңызын бөліп айтқан орынды.

Бұл еңбектерде нақтылы деректер арқылы 1916 жылғы көтеріліс Ресейдің үстемдігіне қарсы болған бұқаралық көтеріліс деп бағаланып, оның негізгі шығу себебі елдің отарлық қанауға ұшырауына байланысты деп атап көрсетіледі. Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігін алуы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің көптеген даулы мәселелері мен «ақтандақтар беттерін» тарих шындығы тұрғысынан зерттеп, баяндауға мүмкіндік туғызды. Осыған байланысты қазақ ауылының көтеріліс алдындағы ерекшеліктері, Қазақ интеллигенциясының көтеріліске деген көзқарасы, патша жарлығы жарияланғаннан кейінгі әртүрлі әлеуметтік топтардың бірігу дәрежесі, көтерілісші сарбаздар мен олардың отбасыларының Қазақстаннан тыс жерлерге кетіп қалу жағдайлары және оның себептері, майданның қара жұмысына алынған жігіттердің тағдыры, т.б. көптеген мәселелер қазақ халқының тарихында жаңа көзқарас тұрғысынан жазыла бастады. К.Нүрпейісов «Азаттық үшін арпалыс» деген мақаласында көтерілістің Торғай және Қазақстанның басқа аймақтарындағы оқиғаларын сипаттай келіп: «Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен

аш-жалаңаштылықтың өріс алуы, міне, осының бәрі еңбекші бұқара тарапынан жаппай наразылық тудырады. 1916 жылғы көтеріс кең байтақ өлкенің барлық аймақтарын қамтып, бүкіл Қазақстандық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік, халыққа жат саясатқа қарсы бағытта өрбіді», – деп тұжырым жасайды.

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық күрестерінің шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. Көтеріліс дүниежүзілік империалистік соғыстың қызып тұрған кезінде, Ресейдегі жұмысшы және шаруа қозғалысының мықтап өрлеу жағдайында өтті. Бұл империализмнің жалпы ресейлік системасына мықтап соққы болып тиді. Көтерілістің бірыңғай басшылығы және ұйымдастырушы орталығы болмаса да, Қазақстанда болып жатқан оқиғалар басқа аймақтарға ықпал жасап, өзара байланысты болып отырды. Көптеген аудандарда көтеріліс антифеодалдық сипат алды. Алайда, көтеріліс стихиялы түрде дамып, онда тұрақты, жеткілікті біріккен басшылықтың болмағандығының салдары айқын көрінді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекші бұқасының таптық сана-сезімін арттыруда үлкен рөл атқарды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруалардың қалың топтары, сондай-ақ жаңадан туындап келе жатқан жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер еді. Оған қазақ халқының өзге топтарының, сонымен бірге демократиялық интеллигенцияның өкілдері де қатысты. Жалпы алғанда Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, дүнгендер және кейбір өзге халықтардың өкілдері қатысқан, тұтас бір ұлттық сипатқа ие болды.

Алайда 1916 жылғы көтеріліс жеңіліске ұшырады. Себебі ол алдын-ала жоспарланған бас көтеру емес еді, көтерілістің жеңілуі заңды құбылыс еді. Оның негізгі себебі, көтеріліс – елдің ең сапалы бөлігі, бастауыш тобы – ұлт зиялыларының қолдауына ие бола алмады. Қазақ интеллигенциясы орыс империясының өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру жолында халықты қару күшімен аяусыз басып-жаншу әрекеті қолданатынын түсініп, елді бүлікшіліктен сақтандырды, көтерілістен бас тартуға шақырды. Бұл кезде елді тәуелсіздікке бастап, егемендік мақсат-мұратқа жеткізетін саяси күш әлі де толық қалыптаспады. Сондықтан көтерілісшілер тарихи дәстүрмен – хандықтар мен хандарды қайта құру әдісімен отаршылдыққа қарсы күресті. Бірақ бұл әдіс тарихтың жаңа мақсаттары мен мұраттарын іске асырмады.

Көтеріліс жазалаушы отрядтардың күшімен басылды. Жігіттер еріксіз майдан жұмыстарына алынды. 1916 жылғы көтеріліс сол тұста қазақ қоғамында феодалдық-патриархалдық қатынастардың әлі де болса күштілігін аңғартты.

Дегенмен, 1916 жылғы көтеріліс нәтижесінде патша жарлығы жартылай ғана жүзеге асты, империялық саясаттың негізіне елеулі соққы берілді. Қазақтың ұлт-азаттық көтерілісі 1916 жылғы оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік құрылыстың жаңа заманға сәйкес түрін келесі 1917 жылға мақсат етіп қойды, сөйтіп 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық күрестің жолайырық кезеңіне айналды. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресей империализмі дағдарысының бір көрінісі еді. Бұл қозғалыс Ресейдегі азаттық күрестің жалпы тасқынына ұласты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы
2. https://kk.m.wikipedia.org
3. https://kitaphana.kz
4. https://e-history.kz

ӘОЖ 94 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ – 1836-1838 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

С.Аманкулов
Ғылыми жетекші: С.А.Еділханова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының азаттық күресінде 1836 – 1838 жж. көтерілістің алатын орнының зор екені, ұлт-азаттық сипаты басым болған көтерілістің қазақ халқының патшаның отаршылдық саясатына қарсы шыққан ірі баскөтеруі болғаны туралы қарастырылады. Көтерілісті белгілі батыр Исатай Тайманұлы мен ақын Махамбет Өтемісұлы басқарғандығына тоқталды.

Түйінді сөздер: Ішкі Орда, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Жәңгір хан, Қарауылқожа Бабажанұлы, Тастөбе түбіндегі шайқас.

1836 – 1838 жылдары Бөкей хандығында аса ірі халық-азаттық көтерілістерінің бірі болып өтті. Ол көтерілістің басты себебі жердің жетіспеушілігі еді. Мәселен, Ішкі Ордадағы 20 мыңға жуық отбасы шаруашылығы жер тапшылығынан зардап шекті. Ең жақын шұрайлы жерлердің бәрін де ірі помещиктер мен байлар өзара бөлісіп алып қойған болатын. Қатардағы қарапайым қазақтар жерді солардан жалға алып пайдаланды. Қазақ ақсүйектері орыс помещиктерінен жалға алған жерлерді өздерінің жеке қалауы бойынша қазақ ауылдарына көтеріңкі қымбат бағаға тағы да қайыра жалға беріп отырды. Сөйтіп қазақтардан әр түрлі айыппұлдар мен алым-салықты еселеп алып тұрды. Ресей помещиктері Юсупов пен Безбородконың Каспий теңізі жағасында көлемі орасан зор жер телімдері болды. Жайық әскери кеңесі Үлкен және Кіші Өзен бойындағы және Қамыс-Самара көлдерінің төңірегіндегі жерлерді өз пайдасына басып алды. Жайық бойындағы жерлерді Жайық қазақ әскерлері иемденді. Қазақтардың кесіп өтіп, жағалаудағы жайылымдарды пайдалануына қатаң тыйым салынды. Далалық қазақтар ішкі жақ бетке, ішкі жақ қазақтары далалық сыртқы жақ бетке өте алмады. Жердің жеткіліксіздігі салдарынан қазақтар жерді Астрахан губерниясының шаруаларынан, Жайық қазақтарынан, жер иеленуші ірі помещиктер мен қазақ байларынан қымбат бағамен жалға алып пайдалануға мәжбүр болды. Жәңгір хан тарапынан салынатын алым-салық түрлері де еңсені езіп жіберді. Ол өз жеке басының пайдасына жинап алынатын бірыңғай салық түрін енгізді. Патша үкіметі ханның өзі жасап алған фискальдық қаржы жүйесіне араласпады.

1836 жылы халық көтерілісі басталды. Оның қозғаушы күші қатардағы бақташы қазақтар болды. Көтеріліс туының астына бірқатар старшындар да жиналды. Сұлтандар мұның ақыры не болар екен деп, әліптің артын бағып, бейтарап қалды немесе көтерілісшілерге қарсы шықты. Халық көтерілісін елге белгілі беделді батырлар Исатай Тайманұлы (1791-1838) мен Махамбет Өтемісұлы (1803-1845) басқарды. Оның екеуі де беріш руының жайық атасынан болатын.

Тайманұлы Исатай (1791-1838) – 1836-38 жылдары Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры. Кіші жүз Байұлының Беріш руынан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Халық батыры И.Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы «Тайман жалы» деген жерде дүниеге келген. Исатайдың анасы Есентемір руының Тағашы бөлімінен. И.Тайманұлының төртінші

атасы Ағатайдың (Тайман-Бегәлінің-Боқай-Ағатай) есімі қалмақтарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Беріш руының ұранына айналған Исатайдың жастық шағында оған ықпал жасап, қамқорлық еткен әкесі, Тайманның інісі – Жабал Бегәліұлы. 1808 жылы Жабал бастаған Бегәлі ауылы Бақсай бекінісі тұсынан Жайықтан өтіп, Бөкей ханның қарауына кіреді. Хан орысша сауатты, саясаттан хабары бар, халық алдында беделді Жабалды Беріш аулына старшина етіп қояды. Жабал қайтыс болғаннан кейін, оның орнына старшина етіп И.Тайманұлын қоюды сұрап, хан Бөкей 1812 жылы 12 наурызда Орынбордағы Шекара коммссиясына ұсыныс жасайды. Шекара комиссиясы 1813 жылғы қараша айында Бөкей ханның ұсынысын қуаттап, құжаттарды әскери губернаторға жібереді. Генерал-губернатор Г.С.Волконский 1814 жылы 12-қарашада Исатайды старшиналыққа бекіту туралы құжатқа қол қояды.

Ел ісіне ерте араласқан Исатайдың кемелденуіне қайын ағасы Жабай Бегалиннің көп көмегі тиеді. Ол кісі орысша оқыған, әжептеуір сауаты бар адам болған, старшын қызметін атқарған. Ол өлгеннен кейін оның орнына Бөкей хан Жабайдың тәрбиесін көрген Исатайды старшын етіп тағайындап, оны Орынбор шекара комиссиясы бекітеді. Күн санап ел арасында беделі асып бара жатқанын көре алмаған хан төңірегіндегілер оның беделін түсіру үшін түрлі жала жауып, ханға шағыстырып бағады. Соның салдарынан бас аяғы 4-5 жылдың ішінде бірінде старшын Өтеміс Құлманиязовты тонады деген, екіншісінде кісі өлтірді деген жаламен түрмеге қамалады. Оның алғашқысынан ақша беріп құтылса, екіншісінен Орынборға конвоймен айдалап бара жатқан жерінде, есебін тауып, қашып кетеді. Бұл кезде Қазақ хандығының ішкі ісіне тікелей араласа бастаған Ресей отаршылары қазақтардың құнарлы жерлерін тартып алып, өздерін сыртқа қуады. Орал казак орыстары Жайық бойын иемденіп алады. Мұндай қысымшылықты Исатай старшыны болып жүрген беріш руы да көреді. Осы кезде Жәңгір ханның Жайық бойындағы руларды екіге бөліп, бірін қайын атасына, екіншісін жұртқа зорлық зомбылығымен аты шыққан саудагер Қарауылқожаға басқартып қоюы жоқшылықтан ашынған шаруалардың ашу ызасын тудырды. Исатай ханнан Қарауылқожаның озбыр билігіне тиым салуын талап етеді. Оған жауап ретінде хан бес жүздей әскермен Қарауылқожаны аттандырып, оған Исатайды 200 жігітпен оған қарсы шығады. Бетпе бет келгенде Исатайдың батыр жігіттеріне шамасы келмейтінін біліп, Қарауылқожа кейін қайтады. Осыдан кейін Каспий жағалауындағы халық Қарауылқожа мен Балқы биге бағынудан қашып, Исатай мен Махабеттің төңірегіне тұс тұстан келіп жинала бастайды. Мұның аяғы тарихтан белгілі 1836-37 жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалардың феодалдық қанау мен патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы көтерілісіне ұласады.

Исатай Тайманұлының ең жақын серігі ақын Махамбет Өтемісұлы болды. Ол татар және орыс тілдерін жақсы білетін. Біраз уақыт Орынбор қаласында тұрған. Махамбет Өтемісұлы белгілі орыс жазушысы әрі этнографы В.И.Дальмен жақсы таныс болды. В.И.Даль Орынбор генерал-губернаторының жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеунік қызметін атқаратын. Махамбет саяхатшы ғалым Г.С.Карелинмен де тығыз қарым-қатынас жасап тұрған. Г.С.Карелин әр кездері Ішкі Ордада және Орынборда қызмет істеген болатын. Махамбеттің патша әкімшілігінің қолшоқпары хан, сұлтандар мен оның төңірегіндегілердің озбырлығын айыптайтын жалынды жырлары барлық қазаққа таныс.

«Өздеріндей хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кессем деп едім,
Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім,

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім!», - деп Махамбет халық-азаттық күрестің мақсаты туралы шабыттана жырлады.

1836 жылғы ақпанда көтерілісшілер Жәңгір ханға қарсы ашық шабуылға шықты. Мұның басты себебі Исатай Тайманұлының Хан ордасына қыр көрсетуі болды. Ол ханның шақыруына барудан үзілді-кесілді бас тартты. Оның үстіне, өзіне қарасты ауылдарды қыстаудан көшіріп алып, көтерілісшілердің үлкен жасағын топтастырды. 1836 жылғы көктемде көтерілісшілер қосынына Қарауылқожа Бабажанұлы бастаған қарулы хан жасағы жақын келді. Оған қарсы Исатай Тайманұлы жақсы қаруланған 200 жігітті өзі бастап шықты. Ол қолына ту ұстап шығып еді. Қарсыласын жекпе-жек шайқасқа шақырды. Бірақ Қарауылқожа Бабажанұлы да, оның төңірегіндегілер де жекпе-жек шайқастан бас тартты, батырдың ұсынысын қабыл алмады. Хан жасағы үлкен шайқасқа шығуға бата алмай шегініп кетті. Көтерілісшілер өздерінің қосынына қайтып оралды. Исатай Таймановтың көтерілістің басшысы ретіндегі атағы бүкіл Кіші жүзге мәлім болды. Жәңгір хан мен оның төңірегіндегілер Исатайға жала жабуға көшті. Бір барымта кезінде сойылға жығылып қаза тапқан бір жылқышы қарттың өліміне Исатайдың және оның адамдарының қатысы бар дегенді дәлелдеуге тырысты. Исатай Тайманұлы бұл жаланы Жәңгір ханның келісімімен Қарауылқожаның ұйымдастырғанын жақсы түсінді. Қарауылқожаның үстінен Жәңгір ханға шағым түсіру ұйғарылды.

1836 және 1837 жылдары шағым мен петиция беру арқылы Исатай Тайманұлы Жәңгір хан және оның төңірегіндегі жандайшаптарды қалың көпшіліктін көз алдында әшкерелемек болды. Шағым-петиция жолдау жаппай наразылық шеруіне ұласты. Мұндай алғашқы шеруге 1836 жылы өте көп адам қатысты, Жәңгір хан халықтың қаһарынан шошып кетеді. Исатай батыр халық қалың жиналған Толыбай шатқалында өз өтінішін табыс етті. Жәңгір хан оның айтқан талаптарын түгел тындап шығып, қордаланып қалған проблемаларды 12 күннің ішінде шешуге уәде берді. Бірақ ол уәдесінде тұрмады. Сөйтіп Жәңгір хан халық алдындағы беделінен айырыла бастады. 1836 жылдың күзінде Исатай Тайманұлы әр түрлі рулардың ауылдарын аралап жүріп, Жайық қазақ әскерлерінің иемденіп отырған жерлерін өз беттерінше тартып алуға шақырды. Көтеріліс көсемінің халық арасындағы беделі мен абыройы күн санап арта берді. Көтерілісшілер хан жасағына есеңгірете тойтарыс берді. Ханның төңіресіндегі жандайшаптардың бірі би Б.Құдайбергенұлы серкеш руының қазақтарына шабуыл жасады. Серкештер көтерілісшілердің жағында еді. Исатай серкештерге шабуыл жасағандарды жазалау үшін құрамында 270 сарбазы бар қарулы жасақты жұмсады. Олар әлгі бидің ауылын шауып, толық күйзелтіп кетті.

1837 жылдың бас кезінде көтерілісшілерге байбақты руының беделді старшыны Жүніс Жантеліұлының қолы келіп қосылды. Енді көтеріліс аумағының шекарасы кеңейе түсті. Көтерілісшілердің қатары да ұдайы арта берді. Көтеріліс ауқымынан қауіптенген Орынбор шекара комиссиясы Исатай Таймановты ұстап алып, ісін сотта карауға тапсырма береді. Бұған қарсы көтерілісшілердің басшысы генерал-губернатор В.А.Перовскийге шағым жасады. Өлке басшысының қазақтарға деген көзқарасы жаман емес еді. Бірде үйлену тойын өткізіп жатқан қазақтарға шабуыл жасап, тонап кеткені үшін Перовскийдің жүзбасы Бухматов пен бір топ қазақты мың адамдық саптың ортасынан өткізе дүре соққызып, оларды әскери қызметтен біржола қуып жібергені белгілі болатын. Бірақ ол өлке билеушісі ретінде патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізді.

Исатай батыр оған жолданған өтініш-шағымында былай деп жазды: «Біздің өтініштеріміз бен шағымдарымызға ешкім де құлақ аспайды. Біздің мал-мүлкімізді

талан-таражға салып, тонап кетеді. Сөйтіп біз император тақсырдың қол астына адал ниетпен берілгендігіміз жөнінде ант қабылдаған бола тұрсақ та, күн сайын қорқынышты үрей кешеміз».

1837 жылдың жазы мен күзінде көтерілісшілер ірі байлардың ауылдарына шабуылды күшейтті. Сол жылы күзде құрамында 200 сарбазы бар жасақ Қарауылқожа Бабажанұлының ауылын шауып, құл-талқан етіп кетті. 50 адам, соның ішінде 2 сұлтан тұтқынға алынды. Көтерілісшілердің елеулі күші бірте-бірте Хан ордасына жақындап келе жатты. Көтерілісшілер Жәңгір ханды жақтаушылардың мал-мүлкі мен шұрайлы жайылымдарын басып алумен болды. Көтерілісшілер Астрахан губерниясы Черноярь уезінің аумағын да басып өтті. Онда қалмақтар мен қарақалпақтардың және татарлардың ауылдарына шабуыл жасап, талқандап кетті.

Көтерілісшілердің келесі бір шағын жасағы Балшықты қамалы маңында сұлтан Медетқали Шоқаұлының ауылын шауып кетті. Сұлтанның дүние-мүлкі мен малын олжалады. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісшілер 1837 жылғы қазанның аяқ кезінде Хан ордасына он шақырымдай жақын келді. Жәңгір хан да, оның төңірегіндегілер де қоршауда қалды. Көтерілісшілердің жалпы саны екі мың адамнан асатын еді. Алайда Исатайдың Хан ордасын күшпен басып алғысы келмеді. Көтерілісшілер Жәңгір ханнан Балқы және Қарауылқожа билерді өз төңірегінен қуып жіберуді, билікті ру старшындарының қолына беруді талап етті. Жәңгір ханда үрей қалмады. Ол көтерілісшілермен келіссөз жүргізуге көшті. Ханның қолына жаңа талап-петиция табыс етілді. Онда, егер ханға қойылып отырған талаптар орындалмайтын болса, көтерілісшілердің бүкіл ауыл-аймағымен Ішкі Орданы тастап, көтеріле көшіп кететіні ескертілді. Оған халық арасында ықпалды 300 рубасы мен старшын және батырлар қол қойды. Бұл жағдай Жәңгір ханның жағдайын күрт нашарлатып жіберді.

Патша үкіметінің әкімшілігі де қатты алаңдады. Көтерілісшілер Жайықтан бұзып-жарып сыртқы бетке көшетіндей күн туа қалса, оған қарсы алдын ала шұғыл шаралар қабылдауға кірісті. Шекара бекінісі күшейтіле бастады. Исатай Тайманұлы ханмен екі арадағы шиеленісті жағдайды бейбіт келіссөздер арқылы шешуге болатынына патша әкімшілігін сендіруге тырысты. Батыр уақыттан ұтуды ойластырды. Қыс түсіп Жайықтың мұзы қатқан бойда оның сол жақ бетіне көшіп кетпек болды. Ал бұл екі арада Орынбор әкімшілігі мен Жәңгір хан қазақтардың әскери күштерін шұғыл түрде топтастырып үлгерді. Жазалау шараларын жүзеге асыратын Жәңгір хан жасақтары да әзір болды. Сөйтіп қысқа мерзімнің ішінде көтерілісшілерге қарсы 1000-нан астам адам шоғырландырылды.

Шиеленістің қан майданда шешілетін уақыты таяп келді. 1837 жылғы 15 қарашада Тастөбе деген жерде көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтар арасында кескілескен қанды шайқас болып өтті. Көк сүңгіні шебер пайдалана білудің, жарамды жақсы аттарды тандап мінудің, шайқас өткен жер жағдайымен бес саусақтай жақсы таныс болуының нәтижесінде көтерілісшілер ұрыстың алғашқы жартысында басымдық танытып, едәуір жеңіске жетті. Алайда көтерілісшілерді жазалаушылар зеңбірекпен толассыз атқылай бастады. Көтерілісшілер бұған шыдай алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Олардың соңынан бірнеше шақырымға дейін қуғын жасалды. Ондаған адам қаза тапты. Қуғын кезінде көтерілісшілердің біраз малы жау қолында қалды.

Тастөбе түбіндегі жеңілістен кейін көтерілісшілер шағын топтарға бөлініп, Ішкі Орда аумағына тарап кетті. Көтерілісшілердің күші әлсіреп, моральдық рухы да төмен түсті. Жазалаушы әскер барлық күшті көтерілістің басшысын қолға түсіруге жұмсап бақты. Исатайдың басына 500 сом күміс ақша тігілді. 1837 жылғы 13 желтоқсанға қараған түні көтерілісшілер Жайық өзенін кесіп өтті. Сарайшық бекінісінен сұлтан Баймағамбет Айшуақұлы 80 қазақ және өзінің адамдарымен көтерілісшілердің соңына түсті. Қуғын кезінде бірнеше көтерілісші тұтқынға алынды. Сұлтан Айшуақұлы қанша

әрекет жасаса да көтеріліс басшысын қолына түсіре алмады. 1838 жылдың бас кезінде Исатай Тайманұлы өзінің қасына ерген жасағымен бірге Үлкен Борсықты құмындағы Шекті руының шетіне ілікті. Бұл жерде оған басқа да қазақтар топ-тобымен келіп қосылды.

Көтерілісшілердің күшін біріктіру әрекеті. Көктем шығысымен қазақтардың қозғалысы жер-жерде қайтадан күшейе түсті. Мәселен, Елек өзенінің бойында Жоламан Тіленішұлының жасағы іс-қимыл жасады. Арал-Каспий аралығында Жүсіп батырдың жасақтары пайда болды. Ал Орталық Қазақстан далаларында «бүлікшіл сұлтан» атанған Кенесары Қасымұлы бастаған аса қуатты көтеріліс кеңінен құлаш жайды. Міне, мұндай жағдайда Исатай Тайманұлы Хиуа хандығынан бөлініп шыққан сұлтан Қайыпқали Есімұлымен күш біріктіруге шешім кабылдады. Сұлтан өзін хан деп жариялады. Оның жасағында 3000-ға жуық сарбаз бар еді. Бұл екі жасақ бір-бірімен Ойыл өзенінің сағасындағы шекті руының ауылдарында қосылды.

Патша үкіметі үшін өте күрделі қауіпті жағдай қалыптасты. Оның үстіне бүкіл Кіші жүздің көтеріліске шыққан күштерін біріктіру ниеті де байқалды. Сондықтан Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы қазақтардың қозғалысын басып-жаншу үшін ірі әскер құрамын аттандырды. Тау бекінісі жағынан бұған қосымша сұлтан Б. Айшуақұлының қосыны шықты. Оның құрамында Жайық полкінің 100 қазағы бар еді. Орынбордан шыққан подполковник Геке бастаған отрядта Орынбор қазақ полкінің екі жүз, Жайық қазақ полкінің жүз елу, шекара шебіндегі бекіністердің елу солдаты мен екі зеңбірегі болатын.

Көтерілістің жеңіліске ұшырауының себептері мен салдары.Жазалаушы отрядтың әскери-техникалық тұрғыдан басымдығы бірден байқалды. 1838 жылғы 2 шілде күні Қиыл және Ақбұлақ өзендерінің бойында көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында шешуші шайқас өтті. Оның барысында көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлы қаза тапты. Көтерілісшілердің қалған тобы кейін шегініп, дала қойнауына сіңіп кетті. Жазалаушы әскер олардың соңынан қуғын ұйымдастырды. Шайқаста көтерілісшілерден 80-ге жуық адам қаза тапты. Исатай Тайманұлының қазасынан кейін көтеріліс бәсең тарта бастады. Жекелеген жасақтар Төменгі Жайық шекара шебіне таяу жерлерде, Ойыл өзенінің бойында ғана іс-қимыл көрсетіп жүрді.

Махамбет Өтемісұлы біраз уақыт бой тасалап, жасырынып жүруге мәжбүр болды. Кейінірек қазақтарды Жәңгір ханға және патша үкіметіне қарсы көтерілуге үгіттеді. 1845 жылы билеуші-сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының адамдарымен қақтығыс кезінде қапылыста қазаға ұшырады. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін оған қатысқандарды қуғындау басталды. Көптеген адамдарға өлімші етіп дүре соғылды. Көтерілісшілердің бірқатары каторгаға айдалды, мал-мүлкі тәркіленді. Көтеріліске неғұрлым белсене қатысқандар Шығыс Сібірге біржолата жер аударылды.

Көтерілістің жеңіліске ұшырауының негізгі себептері мынада еді: ең алдымен, қозғалыс алдын ала мұқият ұйымдастырылмады, оның айқын бағдарламасы болмады, көтеріліс жергілікті шашыраңқы сипат алды. Көтерілістің басшылары Кенесары Қасымұлы мен Жоламан Тіленшіұлы бастаған жасақтарымен байланыс жасай алмады. Патша үкіметінің әскерлері мылтық, зеңбіректермен жарақтандырылған еді. Кейде зеңбіректен үсті-үстіне бірнеше оқ атудың өзі көтерілісшілерді кейін шегінуге мәжбүр етті. Қазақтардың қолында ондай қару болған жоқ. Көтерілістің жеңіліп қалуының басты себептерінің бірі бұл жолы да, Сырым Датұлының жасақтары сияқты, екі бағытта – әрі патша үкіметіне, әрі хан билігіне қарсы күрес жүргізілді. Мұның өзі көтеріліске қатысушылардың жағдайын әлде- қайда қиындата түсті. Оның үстіне, көтерілісшілерді казак жасақтары мен тұрақты орыс армиясы бөлімшелері жан-жағынан түгелдей дерлік қоршауда ұстады. Кіші жүздің далалық бөлігіндегі

қазақтардан көмек күту де мүмкін болмады. Өйткені Жайықтың сырт жағындағы қандастармен байланыс жасауға шекара шебіндегі орыс әскерлері жол берген жоқ.

Көтерілістің тарихи маңызы. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған көтерілістің орасан зор тарихи маңызы болды. Бұл патша үкіметі құрған жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қазақтардың отаршылдыққа қарсы ірі баскөтеруі еді. Оның ұлт-азаттық сипаты басым болды. Көтеріліс аяусыздықпен басылғаннан кейін де жалғаса берді. 1842 жылы Жәңгір ханға қарсы Аббас Кошайұлы мен Лаубай Мантайұлы бастаған баскөтерулер болып өтті. Жәңгір хан көтерілісшілердің кейбір талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, халықтан жиналатын алым-салық көлемін едәуір жеңілдетті. Патша үкіметіне наразылық білдірген старшындардың пікірімен санасу керектігін түсінді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Рязанов. Исатай Тайманов көтерілісі. – Алматы, 1996.
2. Ж.Тілепов. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995.
3. И.Кенжалиев. Исатай – Махамбет. – Алматы, 1991.
4. Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. III том. – Алматы: Атамұра, 1996.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БІР ТАРМАҒЫ – МАҢҒЫСТАУ

Тиркешова А., Ерғожаева Н.
Ғылыми жетекші: А.А.Бекенжанова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Каспий мен Арал маңын қоныс еткен көшпелі халық өркениет көшінен қалыс қалмаған, соның ішінде Маңғыстау – ежелгі дәуірден-ақ жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен тарихи өлке екендігі белгілі. Ұлы Жібек жолының өркениет тарихындағы орасан зор рөлі, соның ішінде Маңғыстаудан өткен сауда, керуен жолдары, бекіністер, қалашықтардың өңірімізге тән өзіндік ерекшеліктері мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Ұлы Жібек жолы, Маңғыстау, өркениет, сауда жолы, ескерткіштер.

Ұлы Жібек жолы – елдер мен халықтардың қатынасын нығайтқан, түрлі мәдениеттерді бір-бірімен жақындатқан, Қазақстан жеріндегі қала мәдениетіне ықпалын тигізген байланыс жолы болды. Шығыс пен Батыс елдерін байланыстыратын сауда жолының бағыты ретінде бекіту үшін «Жібек жолы» атауын 1877 жылы неміс ғалымы, географ Ф.Рихтгофен ұсынған болатын. Жолдың маңыздылығы мен мыңдаған шақырымды құрайтын қашықтығына байланысты «ұлы» сөзі қосылды.

Бұл түрлі бағыттағы керуен жолы болып б.з.б. II ғасырда Қытай жерінен басталып, Жерорта теңізіне қарай шыққан. Ұлы Жібек жолының негізгі торабы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін басып өткен. Жетісу өңірі – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын, ал Оңтүстік Қазақстан аймағы – Батысқа шығатын қақпаларының бірі болған. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жолда Қазақстан мемлекеттерді өзара байланыстырушы буынға айналды. Бүкіл Еуразияға осы бағытпен білім мен

технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат тарады. Басты тауарлары жібек, араб арғымақтары, нефрит, т.б. асыл тастар мен фарфор еді. Сауда дамыған сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер арасында өтімді тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жеміс, кілем, тұрмыстық бұйымдар ағыла бастады.

Ал Маңғыстау жері – Ұлы Жібек жолының маңызды нүктесі болды. Мыңдаған жылдар бұрын Ұлы Жібек жолының жанданған сауда жолы қазіргі Маңғыстау облысының аумағы арқылы өткен. Азиядан келген керуендер Каспий теңізінің жағалауына бет алып, содан кейін тауарлар желкенді кемелерге тиеліп, әрі қарай жол бағытымен тасмалданатын.

Маңғыстау – ерте дәуірден тоғыз жолдың торабы. X – XII ғғ. Еуропаның көптеген сауда порттары мен қалаларын қамтыған Индия-Орта Азия-Еуропа сауда жолының бірі осы түбек арқылы өткен. Бірқатар еңбектерде Маңғыстау көне кезден Еуропа-Орта Азия, Орта Азия-Кавказ қақпасы көптеген елдерді байланыстырған, осындай маңызды жолдың бойында болуы Маңғыстаудың мәдени, экономикалық, саяси өміріне елеулі әсер еткен, оның дәуіріне сай үлкен цивилизация орталықтарының дәрежесіне жетуіне әкелген.

Маңғыстау туралы деректерді ежелгі грек ғұламалары Геродот пен Страбоннан бастап, эль-Истрахи, Әл-Фадлан, Ибн-Фадлалах, Ибн-Батута, Махмуд Қашқари, Абулғазы Баһадүр еңбектерінің қай-қайсысынан да кездестіреміз. Әр дәуірде өлке топырағын басқан Г.С.Карелин, Э.А.Эверсман, Н.И.Андрусов тағы басқа ғалымдар мен саяхатшылар осы аймақтың ертедегі ескерткіштері туралы бағалы пікірлер айтқан [1].

Ұлы Жібек жолы сауданың дамуына, көптеген қалалардың пайда болуына, өркендеуіне жол ашты. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды. Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір саналды.

XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда территориясында тұрақты халықаралық сауда тасымал коммуникациялары пайда болып, зор қарқынмен дамыды. Сондай коммуникациялардың бірі – Харазымнан Еділ бойына бағытталған керуен жолы еді. Оның Үргеніштен Сарайшыққа дейінгі кеспегінің біраз бөлігі Үстірт арқылы өтетін. Сәулетші М.Меңдіқұлов Сарайщық пен Үргеніш арасындағы керуен жолының Сарайшық-Тасқұдық-Таскешу көпірі-Қайнар бұлағы-Бақашы әулие-Ұшқан ата-Маңсуалмас-Қосқұдық-Көптам-Сам-Чурук-Белеулі арқылы өткендігін көрсетеді. Мұндағы Маңсуалмас-Қосқұдық пен Көптам ғана бүгінгі Маңғыстау облысының аумағына кіреді. Маңғыстаудағы осы уақытқа дейін көп зерттелінбеген сәулет ескерткіштері қатарына Маңғыстау қамалдарын да жатқызуға болады. Қамалдардың ерекшелігі – өңірімізге тән, сауда жолы бойындағы керуен сарайларды қорғау мақсатында салынған болуы мүмкін деген ғалымдардың болжамы бар. Археологиялық зерттеу барысында табылған бірнеше керуен сарайлары да бар. Білеулі, Маната, Қосқұдық керуен сарайлары Маңғыстауда жібек жолының бір тармағы өткендігінің айғағы. Сауда жолын қорғайтын қамалдардың табиғи географиялық орналасуы туристерді қызықтырмай қоймас.

Көкжал бекінісі (ел аузында – Ұзынбастың қорғаны) – XVI-XVII ғасырлардағы ескерткіш, Емір ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым, Құйылыс насосты станциясынан 8 шақырым жерде орналасқан. Бекініс - Маңғыстау өңіріне тән, табиғи ортаның мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, жартастардың мүйісінде, негізгі керуен, көш жолдары маңдарында орналасқан қорғаныс бекіністерінің бірі. Бұл бекіністің ерекшелігі - мұнаралары жоқ, ал қорғаныс қабырғалары иректеліп орналастырылған. Бекіністің ішкі жағында ұшпадан түсетін жасырын жалғызаяқ жол бар. Қабырғаның үстіңгі жағында ішкі бетінде садақшыларға арналған оймалар бар, оларға шығу үшін

арнайы баспалдақтар жасалған. Осы аталған таңбалар Осман империясын құрған Оғыздың Қайы, Салу, Байандур руларының белгілерімен бірдей. Аталған қорғандарды зерттеу мақсатында арнайы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген және мәселе алдағы уақытта өз зерттеуін күтіп отыр [2].

Маңғыстау қамалдарының өзіне тән ерекшелігі-қамалдың үш жағы адам баласы шыға алмайтын, құлама-құз, тік жартастан және жазық бетіне бекіністердің салынуы. Қорғаныс және аңшылық мақсатта салынған 2,6 метрден 18 метрге дейін жететін бастиондары (мұнаралары) бар. Аталған бекіністердің биіктігі 2 метрден жоғары және жергілікті сом тастардан қаланған. Олар солтүстік-шығыстан солтүстік-батыс бетке, яғни жел келетін жақтан Қаратау, Бозашы бетіне қарай созылып салынады. Маңғыстауда қазіргі кезде мемлекет қорғауына алынған және ең танымал бекіністер-қамалдарға Көкжал қамалын, Ұқшы, Қарлыбас бекіністерін және т.б. жатқызуға болады. Құлпытастағы көне жазбаларды оқи алатын өлкетанушы Н.Құлбай: “Маңғыстау қамалдары XI-XII ғасырларда салынғандықтан, оларды отырықшы шығыстан келген тайпалардан қорғану мақсатында салуы мүмкін”-деген болжамын айтты [3].

VI ғ. бастап Шығыс Каспий жағалауында Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы өтіп, сауда керуендері Хорезм аймағынан Үстірт жазығы мен Маңғыстау түбегіне жеткен, бұл аймақтан Каспий теңізі жағаларына шығып, сауда тауарлары кемелерге жүктеліп теңіз арқылы Шығыс Еуропа мемлекеттеріне қарай алып кетілген. Осындай транзиттік сауданың дамуынан X – XI ғғ. Маңғыстауда алғашқы қалалар пайда болды. Маңғыстау түбегінің құрлықаралық көш-керуен қозғалыстарына, әлемдік қан айналым процестеріне ілігу мезгілі ерте замандарға саяды. Өйткені бір жағында-Орта Азия, Шығыс Түркістан, Қытай, Үнді, Иран өркиенеттері мен Азиядағы үндіеуропалық мәдениеттің ежелгі орталығы Тарим бассейні, екінші жағынан ежелгі грек мемлекеттері заманынан ірі сауда орталықтары саналатын Қара теңіз, Кавказ және Еділ бойы мемлекеттерінің арасындағы ұрымтал тұста жатқан. Маңғыстау мен ежелгі Үстірт дүниенің экономикалық қан айналысынан тысқары қала алмады. Тарихшы А.Н.Зелинскийдің жасаған сұлбасы бойынша Ұлы Жібек жолының далалық тармағы б.з. I ғ. Маңғыстау арқылы өткендігін жазады. Мұның бәрі Маңғыстау арқылы өтетін сауда жолының ежелден белгілі жол екендігін байқатады. Бірақ оның аталмыш аймақтағы елдердің экономикалық қарым-қатынасына жасаған ықпалы әрдайым бір қалыпта болмаған, белгілі бір тұстарда ол ең басты магистральға айналса, екінші бір тұстарда ондай шешуші ықпалынан айырлып отырған. Оның себептері Орта Азия, Кавказ, Еділ бойы мемлекеттерінің саяси ауа райындағы өзгерістермен тығыз байланысты еді [4].

Жалпы Маңғыстау мен Үстірттегі ортағасырлық мекендер туралы толық қанды ізденістер жүргізілмегенімен, әр тұстан табылған қамал орындары туралы әртүрлі деректерде айтылып жүр. Есбол Өмірбаев Шорым тауында орналасқан бір қамал орнын тапса, басқа өлке тарихын зерттеушілер Ракушечный мүйісі маңынан, Кендірлі шығанағы жағалауынан керуен сарай іздерінің табылғандығын хабарлайды [5].

Қазіргі кезде археологиялық зерттеулер барысында сауда жол бойында орналасқан. Қалашық пен керуен сарайлар табылды. Қызылқала қалашығы – Маңғыстау облысы, Шетпе аулынан 20 км солтүстік-батыс бағытта, Ақмыш бұлағы жағасында орналасқан X-XIII ғғ. археологиялық ескерткіштердің бірі. Қызылқала ірі сауда-қолөнер қаласы болған. Бекіністі айнала қоршай саудагерлер мен кәсіпкерлердің қаласы орналасқан. Қыш-шөлмек ыдыстардың, күйдірілген кірпіштер мен темірден, мыстан, құнды металдардан жасалған бұйымдардың табылуы бұл жерде өндіріс орындарының болғандығын айғақтайды. Қызылқала қалашығы Орта Азиялық үлгімен салынған. Қызылқаладан табылған алуан түрлі заттар, мысалы, 30 литрлік бидай

сақтайтын ыдыс, қазандар, Орта Азия, Қытай мен Парсыдан келген бағалы бұйымдар, күміс, қола теңгелер мен әшекейлер – мұның бәрі осы күні Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Қызылқалада егіншілік пен қолөнер дамыған. Ал тұрғындар кірпіш күйдіріп, одан күнделікті тұрмысқа қажетті түрлі ыдыс жасаған. Қазба жұмыстары кезінде табылған құнды жәдігерлердің бірі – зергерлік бұйымдар жасағанда, алтын мен күмісті балқытқанда, ыстық құйманы ұзақ уақыт сақтай алатын ыдыс. Сонымен қатар Қызылқалада қоладан бұйымдар жасаған көне мәдениет пен арнайы құралдар қолданған жаңа заман мәдениеті қатар өркендеген.

Қызылқала Хорезм мемлекетінің Маңғыстаудағы форпосты болып, алыстан келетін керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғызылған. Археологиялық зерттеулер мен тарихи жазбаларға сүйенсек, бұл қалашық алғаш рет араб тарихшысы ал – Истахри X ғасырда атап өткен түбектіктің астанасы әйгілі Маңғышлақ қаласының орны болуы ықтимал. Қалашық аумағында тас диірмендердің сынықтары кездеседі, ал жоғарғы мәдени қабаттардан егін оратын бүтін орақ табылды. Айналаны тексеру барысында ежелгі диқаншылық кәсіп игерілген кең жер бөлігі анықталды. Бұл табыстар қызылқалалықтардың дәнді дақылдар мен бақша мәдениетін белсенді игеруі жайындағы айғақтар болуы мүмкін. Қалашықтың мәдени қыртысы тұрғындар асқа қолданған жануарлардың сүйектеріне толы. Қалада ішкі сауда дамыған. Бұл жерден ақша орнына қолданған болуы мүмкін сырға түріндегі және сом мыс сақиналар жиі кезедеседі [6].

Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығы белгілі. Үлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау мәселелеріне назар аударып, Маңғыстаудың ежелгі қалалар мен камалдардың тарихын, мәдениетін зерттеп, замандастарымызға насихаттап, ұрпаққа мұра етіп қалдыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://youtu.be/v7JVwBeTVvM.
2. Мерейлі мекен – Мұнайлы: дерекнама-ақпараттық, энциклопедиялық жинақ. Құраст.: Я.Қ.Аталықов, Ү.Жәлеке. – Алматы: Бабамұра-М, 2011. – 248. 17-19-бб.
3. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008. – 34-40-бб.
4. С. Қондыбай. Есен-Қазақ. – Алматы: Арыс баспасы, 2002. – 25-30-бб.
5. https://qazir.kz/article/Qyzylqala_qalashygy
6. https://atamuraweb.kz/?page_id=16874

ӘОЖ 94 (574) 17/19:32.019.4

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ БАСТАҒАН ҚОЗҒАЛЫС МЫСАЛЫНДА)

Ш.Т.Орынбасаров
Ғылыми жетекшісі: А.К.Нурманова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының 1837 – 1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу мәселелері, зерттеудің әдіснамалық тәсілдері, сонымен қатар Ресей империясының отаршылдығы кезіндегі Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихи маңызы қарастырылған. Көрсетілген кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалысты зерделеу мен түсінудегі әдістемелік тәсілдердің сипаттамасы беріліп, осы тарихи оқиғаға қатысты түрлі көзқарастардың, концепциялардың қалыптасуына қысқаша тарихнамалық шолу жасалады.

Түйінді сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, тарихнама, формация, идеология.

Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалысы – Қазақстан тарихындағы басым тақырыптардың бірі. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен ғалымдардың назары ірі де қайшылықты қозғалыстардың бірі – Кенесары Қасымов басқарған қозғалысқа аударылды. Бүгінгі таңда Кенесары қозғалысы мен тұлғасы туралы тарих ғылымында қомақты материалдар жинақталды, қозғалыстың өзін де, Кенесары Қасымов тұлғасын да зерттеуде тарихнамалық дәстүр қалыптасты. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи-тарихнамалық пайымдалуы, осыған ұқсас тарихи оқиғалар Қазақстан тарихындағы қайшылықты процестермен, мәселен, Ресейге қосылуымен және Қазақстанның отарлануымен тығыз байланысты. Қазақ халқын Ресейге бет бұрып және өз болашағын орыс халқының тағдырымен байланыстыруына түрткі болған себептерді, сондай-ақ Қазақстанның патшалық саясатқа бағынуына, қосылуына және, соңында, отар елге айналуына қарсы күрес әдістерін анықтаудың маңызы зор [1; 65]. Патшалық Ресейдің отарлау саясатына қазақ халқы тойтарыс берді. Қазақтар патшалық Ресейдің орыс халқымен қарым-қатынасына емес, орыс самодержавиесінің реакцияшыл отарлау саясатына қарсылық танытты, оған қарсы орыс халқының да, қазақ халқының да таңдаулы ұлдары күресті. XIX ғасырдың 20-40-шы жылдары кезеңі отан тарихындағы тағдыршешті кезеңдердің бірі болып табылады, өйткені осы уақытта қазақ халқының алдағы 150 жылдағы тағдырын анықтаған оқиғалар болды. XIX ғасырдың 20-40 жылдары кезеңі ұлттық тарихтағы тағдырлы оқиғалардың бірі, өйткені сол кезде қазақ халқының алдағы оқиғалар болды. Бұл Қазақстанға патша өкіметінің билігі берік орнап, қазақтың мемлекеттілігінің нышаны болған хан билігі жойылған кез еді. Осы ретте қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы ең ірілерінің бірі – Кенесары Қасымов бастаған қозғалыс орын алды. Қозғалыс он жылға созылып, қазақтың үш жүзін де дәйекті түрде қамтып, қалың бұқараны күреске тартты. Кенесары Қасымов көтерілісін қалың бұқара қолдады. Бұл үш жүздің күшін біріктіріп, біртұтас мемлекет құруды көздеген Кенесары идеясына халықтың жанашырлығымен түсіндіріледі және Ресеймен арадағы қарым-қатынасты территорияны сақтайтын протекторат негізінде құруды көздейді. Бұл кезде Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік дербестігі сақталады [2].

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін Кенесары Қасымов есімімен байланысты оқиғалар тарихы мәселесі негізінен ресми концепциялармен айқындалған көзқарастарға негізделді. Бұл 1917 жылға дейінгі кезеңге де, кеңестік дәуірге де тән. Кеңестік кезеңде революцияға дейінгі тарихнамада екі ресми бағытты бөліп көрсетеді: дворяндық және буржуазиялық [3; 111]. Оның біріншісі 60-шы жылдарға дейінгі кезеңді, екіншісі – XIX ғасырдың 60-70-жылдарын қамтиды және негізінен Ресейдің ресми билігінің қазақ жерін отаршылдықпен басып алудағы іс-әрекетін негіздейтін зерттеулермен ұсынылған. Сонымен қатар, бұл зерттеулердің жағымды жағы оларда үлкен фактілік, этнографиялық, географиялық материалдың, сонымен қатар экономикалық сипаттағы ақпараттың қамтылуы болды. Сонымен қатар, олар отарлау аймағындағы ұлттық қозғалыстарды жартылай өтпелі, үстірт қарастырды. XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының ұлт – азаттық қозғалысының сипатын анықтауда «наразылық қозғалысы» терминін қолдану «дворяндық» тарихнамаға тән болды. Буржуазиялық ағым өкілдерінің шығармалары да патшалық отаршыл әкімшіліктің Ресейдің ұлттық шеткері аудаандарында «өркениетті» қызметін ақтау тұрғысынан жазылды. Бірақ кейбір мәтіндерде қазақтардың дербес даму жолындағы қозғалысының азаттық сипаты туралы ойлар көрініс табады. Буржуазиялық ағым өкілдерінің еңбектерінде де дәуір ерекшеліктерінен туындайтын әдістемелік қателер болды. Осы уақытқа дейін дворяндық және буржуазиялық бағыттарға бөлу өзінің өзектілігін және барлық мағынасын жоғалтты. Біріншіден, мұндай бөлу марксистік-лениндік әдіснаманың негізі ретінде қабылданған формациялық көзқарасқа байланысты болды. Екіншіден, Қазақстан қол жеткізген тәуелсіздік пен егемендік тұрғысынан алғанда, екеуі де патшалық Ресейдің отаршылдық талаптарының жақтаушылары және мүдделерін білдірушілері болды [4;55].

Қазіргі таңда өткеннің тарихи тәжірибесі жаңаша, өркениеттік көзқарас негізінде ұғынылуда. Бұл тәсілдің тұжырымдамалық тұрғыдағы негізгі қағидаларының бірі – әртүрлі елдердің, халықтардың, мемлекеттердің қоғамдық-тарихи дамуының көп нұсқалылығын мойындау, дәуірдің тарихи мазмұнын адами өлшем арқылы ашу. Зерттеудің дәстүрлі, жалпыға бірдей танылған қағидалары – нақтылы тарихи талдау, объективтілік, жан-жақтылық және негізгі құрамдас бөліктердің диалектикалық байланыстарымен қатар, бүгінгі таңда күрделі объектілерді жүйелі құрылымдық зерттеудің жаңа әдістері ерекше өзектілікке ие. Өкінішке орай, біршама уақыт аралығында марксистік-лениндік-сталиндік идеология догмаларының үстемдік етуіне байланысты Кенесары қозғалысы мәселелері, сондай-ақ Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың көптеген аспектілері жеткілікті теориялық-әдіснамалық әзірлемені ала алмады. Әдіснамалық мәселелердің ішінде қоғамдық қозғалыстардың пайда болу процесіндегі сыртқы және ішкі факторлардың арақатынасы мәселесі ерекше рөл атқарады. Олардың өзара әрекеттесу ерекшелігінің, дәуірдің тарихи жағдайындағы детерминизмінің қазақ халқының қойылымдарының шынайы себептерін анықтау, әлеуметтік негіз мәселесін, қозғалыстардың табиғаты мәселесін шешу үшін маңызы ерекше. Революцияға дейінгі әдебиетте азаттық қозғалыстардың да, қарсылық қозғалыстарының да пайда болу процесінде сыртқы және ішкі факторлардың болуы мойындалды. Еуразияшылдықты жақтаушылардың болжамы бойынша көшпелі қоғамдағы дағдарыстық құбылыстардың қайнар көзі тіршілік ету ортасының табиғи-климаттық жағдайларындағы циклдік ауытқулар, табиғи процестердің қалыпты жүруіне қатысты аномальды кез келген экстремалды өзгерістер болуы мүмкін. Көшпелілердің табиғи жағдайларға тікелей тәуелділігі бұл факторды ең маңызды факторлардың біріне айналдырды. Бірақ сәйкес экологиялық жүйеде көп ғасырлық қызмет ету қазақтардың көшпелі қоғамында табиғи өзін-өзі реттеу тетіктерін жасап, олардың пікірінше, келеңсіз процестерді жұмсартуға, сол арқылы наразылық көңіл-

күйін жоюға ықпал етті. Көшпелі қоғамның жұмыс істеуіне әсер ететін тағы бір фактор саяси тұрақсыздық болуы мүмкін, ол хан билігінің тұрақсыздығымен, бұл институттың күшінің ханның жеке қасиеттеріне тәуелділігімен, ақсүйектер тарапынан қолдау, толық құқықтармен айқындалды. Қазақстанның қазіргі тарих ғылымында Кенесары Қасымов тұлғасы және оның қозғалысы туралы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде қалыптасқан әдістемелік негіздеріне негізделген жекелеген басылымдар бар. Қазіргі таңда басып шығарылатын оқулықтар мен оқу құралдарында, оның ішінде «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін» атты бес томдық басылымда жарияланған [5; 344].

1837-1847 жылдардағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресін зерттеудің қазіргі жағдайы осы оқиғаның тарихы бойынша іргелі жалпылама зерттеу жүргізуді талап етеді. Сонымен қатар, Кенесары Қасымовтың тұлғасы оның толықтығы, жан-жақтылығы мен қарама-қайшылығы тұрғысынан жаңаша ұғынуда компаративтілік принципін сақтау маңызды. «Халықтар қандай әлеуметтік-экономикалық және саяси деңгейде болмасын, қай ғасырды алып қарасақта, ең бастысы-тарихи үдерісті оның тұтастығын да ұғыну, барлық халықтардың жеке дамуының ортақ үрдістерін анықтау» [6; 54, 55]. Қазақстанның бостандығы мен дербес дамуы үшін күрестің тарихы мен тарихнамасы өзіне маңызды миссияны, яғни тәуелсіз Отанның болашақ қорғаушыларын тәрбиелеуді жүктейді. Қортындылай келе, қазақ халқының саяси тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі үшін ұлт-азаттық күресін зерттеу отандық тарихтың басым бағыттарының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздыкова Е.С. Проблема соотношения внутренних и внешних факторов в историографии движений протеста в Казахстане XVIII – начала XX вв. – Астана, 1998. – 65 с.
2. Очерки по истории Казахской ССР / М.Вяткин; Академия наук СССР, Институт истории и Казахстанский филиал. – [Москва] : ОГИЗ : Госполитиздат, 1941. – 265 с.
3. Мухтарова Г.Д. К методологии изучения движений протеста против царизма в Казахстане в последней четверти XVIII – XIX вв. // Вестн. КазГУ. – Сер. историческая. – 1993. - № 1. – С. 111-116.
4. Айталиев А.А. Особенности национализма и национальных движений в современных условиях. Национально-освободительное движение в Казахстане в XVIII – XX веках – единый исторический процесс: проблемы, поиски, решения. – Актюбинск: Пединститут, 1992. – 55 с. №.
5. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы: Атамұра, 2009. – 768 с.
6. Дулатова Д.И. Движение казахов под руководством Кенесары Касымова в свете нового мышления // Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ). – Целиноград, 1991. – С.50

ӘОЖ 94(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р.Б.Тагибергенова
Ғылыми жетекші: Б.С.Абенова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихының зерттелу мәселелері қарастырылады. Тәуелсіздік жылдарында өлке тарихын зерттген отандық тарихшылардың еңбектеріне тарихи талдау жасалынған. Ресей империясының қазақ жерін отарлаудың саясатының мақсат-міндетін, отарлық пиғылына ұлттық тұрғыдан баға берілген.

Түйінді сөздер: Отарлық саясат, әкімшілік, реформа, экспедиция.

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі Отан тарихы ғылымының жаңа концепциясының пайда болуына өз ықпалын тигігені сөзсіз. Тарихты жаңаша пайымдауға, тарихты ұлттық тұрғыдан баяндауға жол ашты. Идеологиядан тыс жаңа тұрпатты тарихи пікірлер мен тұжырымдамаларда жазылған көптеген жаңаша көзқараспен жазылған еңбектер жарыққа шыға бастады.

Міне, осындай ұлттық тұрғыдан жазылған зерттеулердің бірі Ресей империясының Қазақстанның батыс өңірінде іске асырылған отарлық саясатына арналған еңбек тарих ғылымдарының докторы, көп жылдар бойы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ұстаздық еткен профессор Серік Мектепұлы Мәшімбаевтың «Патшалық Ресейдің отарлық саясаты» атты монографиясы. Кітапта Ресей империясының қазақ жерін жаулап алу мақсатында жүргізген отарлау саясатының алғашқы кезеңіндегі Орынбор экспедициясының қызметі мен Орынбор қаласының өлке тарихындағы орны жан-жақты қарастырылған. Қіші жүздегі саяси-қоғамдық биліктің дағдарыс себептері ұлттық тұрғыдан баяндалған. Өлкені басқарудың жаңа қадамдары, яғни О.Игельстромның Кіші жүзді басқару жобасының дайындалуы мен оны енгізудегі сәтсіздіктер туралы өз тұжырымдарын келтірген. Еңбектің ұтымды тұсы, бұрынғы еңбектерде кездесетін прогресивтік тұстары шынайы зерделеніп көрсетілген. Кіші жүзді басқарудағы Орынбор Шекара Комиссиясының әкімшілік басқару қызметіне тоқталған.

Ресей империясының отарлық саясатына қарсы жергілікті ұлттың азаттық күресі қарастырылған. Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, барысы және тарихи маңызы ашып көрсетілген. Саяси билікті өзгертуге тырысқан реформаларға баға берілген. «Патша әкімшілігінің XVIII ғасырдың 70-90 жылдарындағы жүргізген қайта құру реформасы өзінің мақсатына толық жете алмады»- деп көрсетеді автор [1:28].

Одан әрі автор Орынбор қазақтарын басқару жөніндегі 1824 жылғы әкімшілік реформаны талдап, оның жүргізілу барысына баға берген. Өлкедегі бекінісарлық (дистанциялық) басқарудың ерекшеліктерін көрсеткен. Дистанциялық әкімшілік басқару құрылымы ешқандай рулық ерекшеліктерді ескермей территориялық жағдайына байланысты құрылған болатын. Әр дистанция әкімшілік ауылдарға бөлінген болатын.

Сонымен қатар, еңбекте ресейлік биліктің XIX ғасырдың 30-40 жылдырындағы Кіші жүздегі билігі күшейген тұста аймақтың оңтүстік-батыс өңірі Маңғыстау

құрғындарын қол астына қаратуды мемлекеттік деңгейге дейін көтеруді мақсат тұтты. Жасырын барлау жұмыстарын жүргізе бастаған болатын. Басында XVIII ғасырдың басында орыс жаһантанушысы Бекович-Черкаский басқарып тұңғыш экспедиция жұмыстары сәтсіздікке ұшыраған болатын. «Олардың көздеген мақсатының орындалуына Хиуа хандығы кедергі жасаған болатын»- деп көрсетеді, автор.

Империяның осындай мақсаттарын іске асыру үшін 1825-1826 жылдары әскери билік фельдмаршал Федор Бергтің (Арал теңізін зерттеген ғалым Лев Бергпен шатастырмау керек) басшылығымен тағы да, енді әскери экспедиция құрған болатын. Ғалым еңбегңнде осы экспедицияның батсы өлке жерін отарлаудағы мақсатын көрсеткен.

Одан кейін еңбекте 1832-1836 жылдары ұйымдастырылған Г.С.Карелин басқарған экспедиция туралы Ресей патшасының нұсқауын келтіре: «...жергілікті халықты үркітіп алмай, бар мүмкіндігінше білдірмей Каспий теңізінің шығыс жағалауын топографиялық зерттеу жасау, адай тайпаларының тұрмыс салтын білу арқылы, оларды саудаға тартып, алдап-сулап, сенімдік орнату керек» деп империялық пиғылын көрсеткен [1:49].

1844-1868 жылдардағы Ресей империясының отарлық-әкімшілік саясатының толық орығуына тоқтала келе, жүргізілген саясаттың негізгі мәні ретінде қазақ халқын орыстандыру, шоқындыру екенін, орыстандыра отырып, ұлттық рухын жою, мәдениетін аяқ асты ету және жергілікті халықты надандықта ұстау болды. Аталған сұрқия сясат мемлекеттік көлемде жүргізілгенін баса атап көрсеткен.

Автор мұндай саясат «бостандық әкеледі, теңдік әпереді деп күткен Қазақ революциясынан кейін де тоқтаған жоқ. Кремльдегі басшылар Ресей империясының тәжірбиесін жаңа заманға бейңмдеп зерттеу жүргізіп, оған кедергі болар ұлттың есті азаматтарын жау етіп көрсетіп, ит жеккенге айдатып, олардың орнына мансаптан басқа мұны жоқ, белсенділерді, ұраншыл ұрда-жықтарды дәріптеп отырды, деп ойын қорытындылайды.

Сонымен ақ және қызыл империяның саясаты ұлтымыздың жартысын ана тілінен айырып, мәңгүрттендірді. Ата-баба салтынан, дәстүрінен, әдет пен ғұрпынан айырды. Жерсіздендірілді, рухсыздандырды.

Келесі бір қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірін жан-жақты талдауға арналғанғ әсіресе оның демографичлық дамуына әсерін тигізген еңбектің қатарына профессор, тарих ғылымдарының докторы Мұрат Сдыковтың «История населения Западного Казахстана» атты монографиясын жатқызуға болады.

Еңбек кең ауқымды архив және революцияға дейінгі деректерді саралай келе ХУIII-XIX ғасырларда орын алған тарихи процестер мен уақиғаларға тоқтала келе, жүргізілген саясаттың әлеуметтік-экономикалық, рухани, демографиялық зардаптары мен салдарларын зерттеп, зерделеген.

Казақстан тарихының маңызды тарихи оқиға мен құбылыстардың халықтың дамуына тигізген әсері қарастырылады. Қазақ жерін әскери отарлау, орыс, украин шаруаларын жаппай қоныстандыру, революциялар мен әлемдік қақтығыстар, кеңестік-большевиктік биліктік жүргізген саясаты, Ұлы Отан соғысы, тың және тыңайған жерлерді игеру мен тоқырау жылдарындағы болған оқиғалар жағдайындағы халықтың өсіп-өнуі мен дамуына тигізген әр түрлі тарихи факторлар туралы баяндалады.

Автор өлке халқының соңғы 300 жылдық тарихы Қазақстанда жалпы орын алған тарихи процестермен тығыз байланысты, ажырамас бөлігі де келе, «Батыс қазақстан қазақ халқының пайда болуы мен қазіргі көпұлттық Қазақстан халқының қалыптасуы тарихында негізгі орталықтарының бірі болған»- деп, тұжырым жасайды. Сонымен қатар, көршілес отырған қалмақ, башқұрт, татар сияқты тағы да басқа ұлттармен бітеқайнаса араласуы этникалық процестердің ерешелігімен айқындалады. Қазақ халқының

шекаралас отырған орыс халқымен тығыз байланысының да мәдениетінде, өмір сүру салтына, тұрмысына өз әсерін тигізіп қана қоймай жалпы өлкенің даму тарихына да көп әсерін тигізгенін тілге тиек етеді.

Қарастырылып отырған уақыттағы Батыс Қазақстанның этникалық құрылымының қалыптасу және даму тарихының негізгі бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетеді. XIX ғасырдың басына қарай негізіннен өлке халқы жергілікті қазақ халқы мен Жайық казактарынан тұрып, ғасырдың ортасына дейін этнодемографиялық сипатын анықтаған. Осы кезеңде, автор өңір халқының 86 процентін тұрғылықты қазақ халқы, казактар мен сырттан келушілер – 14 процентін құраған [2:385].

XIX ғасырдың соңғы ширегінде өңірде жаңа көпұлттық этноқұрылым қалыптасып, жаңа этнотоптар құрыла бастайды. Оның бәрі Ресей империясы, одан кейінгі жылдары Кеңес одағының қазақ жерін отарлау мен игеру мақсатында жүргізген саясатының «жемісі» еді.

Патшалық Ресей жергілікті халықтың мүдесін ескермей, өлкеде жүргізген орыстандыру саясаты қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыды. Славян тектес халықтар мен шаруаларын қоныстандыру арқылы қазақ жерін жаппай отарлай бастады. Олардың көптеп қазақ жеріне ағылуы сөз жоқ жергілікті халықтың демографиялық жағдайына, бала туылуы мен өлім-жітіктің арасалмағының баланысына, табиғи өсімге кері әсер еткені айтылады. Мысалы, орыс-украин шаруаларының қоныс аудару кезеңінің ең шарықтау кезінде Орал облысында 1907-1912 жылдары қазақтардағы адам санының өсу көрсеткіші өлім көрсеткішінен асып түскен. 100 мыңнан астам халық туған жерінен ығыстырылып, қиын экономикалық жағдайға душар болған деп көрсетеді. Нәтижесінде қазақтардың үлес салмағы 82 проценттен 68 процентке дейін құлдыраған [2:386]. Сөйтіп, қазақ халқы өз дамуының қиын кезеңін бастан кешті.

Жалпы, XVIII-XIX ғасырларда қазақтардың өсіп-өну динамикасы төмендегідей болған: XVIII ғасырдың басында 400-500 мың көлемінде болса, XIX ғасырдың ортасында 1017,7 мың. 1897 жылғы Ресей империясындағы тұңғыш санақ қорытындысы бойынша – 937,9 мың, ал, 1915 жылы 1128,0-ы өсіп, 68,8 процентті құраған. Орыстар тек 1897 жылдан 1915 жылдар аралығында 175,3 мыңнан 426,0 мыңға дейін көбейіп, өлке халқының 26 процентін құрады. Ал, украиналықтар 3,4 мыңнан 83,5 мыңға дейін артып, 5,1 процентті құрады [2:386]. Сөйтіп, Батыс Қазақстан халқы көпұлтты мекенге айналған.

Қазақ халқына үлкен қасірет әкелген отызыншы жылдардағы большевиктердің күштеп ұжымдастыру саясаты мен көшпелі халықты отырықшыландыру әрекеттерінің зардаптарын сөзбен жеткізу мүмкін емес болды. 1926-1939 жылдары батыс аймақтағы тұрғылықты халық 922,2 мыңнан 555,8 мың адамға азайған [2:386].

Соғыс қарсаңында өлке халқының 20 проценті кеміген. Тек, 1959 жылдары халықтың өсімі соғысқа дейінгі көрсеткішке қол жеткізілді.

1960-80 жылдардағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай қазіргі кездегі жағдайға жетуге жағдай туғызды.

Қорыта айтқанда, 1897-1989 жылдардағы халық өсімінің азаюы, бірінші кезекте жергілікті халықтың, әсіресе XX ғасырдың басындағы жағдайлардың тигізген әсері есебінен болған. Тоқсан жылдың ішінде өлке халқы тек 25,7 процентке өскен.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары Ресей империясының отарлау саясатын шынайы сынап жазған еңбектердің қатарында Мариям Сүлейменқызы Тұрсынованың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары» атты 1977 жылы жарық көрген монографиясын айтуға болады. Автордың кезінде отызынша жалдардағы Адайлар көтерілісіне арналған кандидаттық диссертациясы дайын болып тұрса да қорғауға жіберілмей қалған болатын.

Аталған еңбекте автор, Маңғыстау өлкесін отарлаудың түпкі мақсатын ашып көрсете келе: «Үш жағынан теңіз қоршап, ал шығысынан өткелсіз қиын шөлейтті дала сұлай жатқан Маңғышылақ - өте ыңғайлы стратегиялық позицияға ие еді: ол солтүстік-батысында Каспий теңізі арқылы Ресеймен, оңтүстік-батысында - Түркіменстанмен, Каспий теңізі арқылы оңтүстігінде - Иранмен, батысында - Кавказбен шектесіп жатты. Осы ұрымтал орналасуы оған Хиуа мен Ресейдің билеушілерінің назар салуына басты себеп болды. Олар Маңғышылақ үшін жиі қақтығысып қалатын. Хандар түбек аумағын өздерінің иелігін сыртқы жаудан қорғау үшін бекініс базасы және буферлік аймақ ретінде пайдалануға тырысып бақты» - деп жазады.

Тарихшы М.Тұрсынова «XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан олар Маңғышылақ аумағын жоспарлы түрде Ресейге қосып алуды бастады» дей келе көптеген зерттеушілер, М.П.Вяткиннің, П.Г.Галузоның, А.Ф.Якуниннің, В.Ф.Шахматовтың еңбектеіне талдау жасайды [3].

Ғалым көптеген тың архив құжаттарын, баспа-сөз материалдары мен заманында жарияланған журналдардағы ғылыми-көпшілік мақалаларды зертеп зерделей отыра XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғыстау өңірінің әлеметтік-экономикалық және саяси дамуының шынайы ахуалын жан-жақты ашып көрсеткен. Өлке қазақтарының көршілес отырған Хиуа хандығы мен Ресей империясы арасындағы қарым-қатынасын сиппаттаған. 1868 жылғы Уақытша Ереженің қазақ даласында, соның ішінде Маңғышылақтағы Кіші жүз қазақтары арасында енгізілуін баяндай келе өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

Тарихшы ғалым Абенова Бибігүл Сейілқызының «Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты» зерттеуі 1868 жылғы далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ереженің кіші жүз өлкесіне енгізілуі және оның салдарлары мәселелеріне арналған [4].

Еңбек Орынбор облыстық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Ресей әскери-тарихи архиві құжаттары мен революцияға дейінгі орыс зерттеушілерінің, кеңестік және қазіргі кезеңдердегі отандық, ресейлік тарихшылардың зерттеулерін сараптау негізінде жазылған. Ресей империясының қазақ даласын отарлау мақсатындағы саясатын ашып көрсетуде сол кездегі орыс әкімшілігі құжаттары, генерал-губернаторлар мен әскери губернаторлар жазбалары, орыс шенеуніктерінің еңбектері, баспасөз бетіндегі материалдар кеңінен қолданылған.

«Өлкеде жаңа басқару жүйесінің енгізілуі» атты тарауда әкімшілік реформаның патшалық үшін қажеттілігі, оған қазақ халқының наразылығы, Кіші жүз өлкесінде 1869-1870 жылдары болған көтеріліс, қарсылықтың жаншылуы, өлкеде ресейлік әкімшілік жүйенің орнауы, әскери нығайтылуы жан-жақты қарастырылған.

Орынбор өлкесінде отарлық қанаудың күшеюі мәселесіне арналған екінші тарауда Уақытша ереже арқылы қазақ жерін отарлаудың заңдастырылуы, жүзеге асырылуы, өлкенің өндірістік мүмкіндігі, сауда қатынастарын дамыту, салық саясатындағы өзгерістер талданған. Нақты құжаттар мен мәліметтер негізінде жаңа Ереже арқылы жердің отарлануына, саудамен отарлауға, толып жатқан міндеткерліктер мен алымдар негізінде әлеуметтік езгіге жол ашылғаны ашып көрсетіледі.

«Рухани отарлаудың күшеюі» атты тарауда мектеп жүйесін дамыту, туземдік орыс-қазақ мектептері арқылы қазақтарды орыстандыру, мұсылмандықтың шектелуі, шоқындыру әрекеттері және орыс әкімшілігінің қазақ қоғамын жіктеп-бөлшектеу бағытындағы саясаты зерделенген.

Монографияның соңында бұрын ғылыми айналымға түспеген Ы.Алтынсариннің «Қазақ қасіреті» жазбасы, А.Гейнстің «Собрание литературных трудов» еңбегі, Н.Середаның «О волнения в киргизской степи в 1869-1870 годах» атты қолжазбасы қосымша ретінде енгізілген.

Жалпы, Б.С.Абенованың еңбегі Уақытша ереженің және империялық Ресейдің аймақтық саясатын, оның отарлық мәнін ашып көрсеткен құнды еңбектердің бірі деуге болады.

Аталған мәселеге байланысты Қазақстанда Ресей империясының жаңа басқару жүйесін енгізуге арналған еңбектердің қатарында әр кезеңде жарық көрген Б.С.Сүлейменовтың «Подготовка реформы 1867-1868 годов в Казахстане», «Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 г.г.», В.С.Толочконың Проведение в жизнь «Временного положения об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств» на страницах военной периодической печати», Н.Е.Бекмаханованың «Царское правительство и институт султана в Среднем жузе в XIX веке», К.А.Жиреншиннің «Реформа управления 60-х годов XIX века в Казахстане и политичесик и правовые последствия» еңбектері мәселенің зерттеуіне көп пайдасының тигізетіні сөзсіз. Осы мәселеге байланысты Маңғыстау жерінде ресейлік билік жүйесінің енгізілуі мен оның салдарларына арналған Б.С.Жұмашеваның «Колониальная политика царизма на Мангышлаке (30-е годы XIX века-начала XX» века зерттеуі жатады

Тарих ғылымдарының докторы Г.Б.Избасарованың «Казахская степь Оренбургского ведомства в имперских проектах и практиках первой половины XIX века» [5:484] атты монографиясы Ресей империясының қазақ даласының Орынбор ведомствасындағы жүргізген саясатына архив құжаттарына сүйене тарихи талдауға арналған еңбек.

Зерттеу жұмысында Қазақ қоғамына белгілі мақсатқа жетуді көздеген империялық саясаттың қалыптасу кезеңдерін, іске асыру жолдары мен әдіс-тәсілдері талданған.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы жүргізілген реформаның нәтижесінде өлкеде қалыптасқан әкімшілік-территориялық құрылымдар мен саяси институт жүйесінің қызметерін, өз-ара іс-әрекет пен өкілеттілік принциптерін сыни көзбен баяндаған. Билік саясатына қазақ қоғамы, оны саяси элитасы мен дала аристократиясының көз-қарастары мен қарым-қатнастары көрсетілген.

Өлкеміздегі сауда-саттықтың жәрмеңкелердің дамуына байланысты революцияға дейінгі кезеңдерге дейін де көптеген зерттеулер мен мақалалар жарық көргені белгілі. Солардың қатарында А.И.Добросмысловтың Торговля в Тургайской области. Очерк. (Оренбург,1898), Н.П.Огановскийдің «Очерк развития торговли и промышленности в Уральском казачьем войске» (Памятная книжка Уральской области на 1889 год), И.Рыбаковтың «Темирская ярмарка» (Тургайская газета, №85, 1896), Ф.Геймгольцтың «Оренбургский меновой двор. Статистический отчет» (История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, Ақтөбе, 2006), В.И.Денисовтың «Ярмарки» (СПб, 1911) және т.б. еңбектерді атауға болады.

Осы тақырыпқа тәуелсіздік алған жылдардан кейін өлкеміздің, оның ішінде Ақтөбе жерінің тарихын зерттеуде тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Құрманбековтың бірнеше еңбегін атап өтуіміз қажет. Солардың бірі «Батыс Қазақстандағы сауданың тарихы» атты монографиясы. Еңбекте Батыс Қазақстанда құрылған және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің әсерін тигізген айырбас, маусымдық жәрмеңкелер мен тұрақты сауда-саттық қатнастар тарихы сол кездің баспа-сөз деректері мен архивтік құжаттар, әртүрлі статистикалық мәліметтерге арқа сүйеу арқылы талқыланып баяндалған.

Қазақстанның батыс өңірінің Ресейдің отарлық сипатта болған Орта Азия мемлекеттері мен хандықтарымен арасындағы сауда қатынасындағы алатын ролін көрсете келе, оның сипатын мұрағат материалдарын пайдалана отырып айқындауға талпынған. Б.Құрманбеков жер мәселесіне көбірек қалам тартқан Телжан

Шонанұлының төмендегі айтқандарын «...сауда капиталының аты тек сауда делінгені болмаса, ісі – тонау, талау, қарақшылық» деп- көрсете келе Ресейдің сауда қатынастары арқылы жүргізген отарлық саяси-экономикалық сипатын тың деректер негізінде жан-жақты ашып көрсетеді [6:249].

Батыс Қазақстанның негізгі жәрмеңкелеріндегі жалпы жылдық тауар айналысы мөлшерін мысалы үшін, 1892 жылы сегіз миллион рубльді құраса, ал, 1900 жылы 18,5 миллионға дейін жетіп артылған [6:247].

Егер де Батыс Қазақстан жерінде тек XIX ғасырдың соңында ірілі-кіші сауда орындарының саны 100- ден астам болғананын айтсақ, тек Ақтөбе жерінде 5 ірі жәрмеңке «Көкжар» (Ойыл), «Қарақамыс» (Темір), «Жармола» (Ырғыз), «Қарабұтақ» (Қарабұтақ), «Ақтөбе» (Ақтөбе) орналасқан. Бір ерекшелігі бүкіл қазақ жерінде орналасқан жәрмеңкелердің ішінде біздің уақытқа дейін тек «Көкжар» жәрмеңкесінің орны тұтастай сақталынып қалғаны таң қалдырады.

Сонымен бірге, автор, «...Батыс Қазақстанда сауда қатынастарының даму проблемаларын қарастырып отырып, айырбас, жәрмеңке және тұрақты сауданың дамуы қазақ халқының мүддесіне үнемі сәйкес келе берген жоқ»-деп қорытынды жасайды [6:250]. Патша өкіметінің отарлау саясатының бір бағыты – сауда саттық болып табылады. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың өң бойында қазақ жерінде ондаған, жүздеген жәрмеңкелер, сауда орындары мен кереуен сарайлары салынып, жұмыс жасай бастады. Сонымен қатар, қала мен далада салынған сауда орындары мен жәрмеңкелер дәстүрлі қазақ қоғамының патриархалды феодальдық тәртіптің бірте-бірте ыдырауына өзінің әсерін тигізді. Қазақ халқының негізгі шаруашылығы — мал шаруашылығында өімқор-сауда кеңінен етек ала бастады. Қалалардың пайда болып, өсуі ауылдың қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық жағдайына әсет етті.

Тарих ғылымдарының кандидаты Т.Нұрпейісовтың 2005 жылы жарық көрген «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы» (Далалық облыстардың мәліметтері бойынша мәселенің әлеуметтік-экономикалық талдануы) атты монографиясында: «Қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық өмірінің өзгеріп, әлеуметтік топтардың сана-сезімінің оянуына, томаға тұйық жатқан көшпелі мал шаруашылығының ыдырап, оның бар қарқынмен дамып бара жатқан Ресей капиталистік өндірістік қатнастарына тартылуына далалық өлкеде орналасқан қалалардың тигізген әсері мол болды»- деп көрсетуі соның дәлелі [7:127].

Автор қазақ жеріндегі алғашқы жәрмеңкелік сауданың Қазақстанның батысындағы Бөкей Ордасында ашылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, XX ғасырдың басында Қостанайдағы жәрмеңке жылына төрт мезгіл, қалған жерлердегң жәрмеңкелер жылына бір екі реттен өткізілген. Сауда айналымы жыл сайын артып отырған. Мысалы, Торғай облысындағы Ырғыз уезіндегі жәрмеңкеде (Жармола) 534 мың 213 рубльге, Қарабұтақта – 205 мың 516 рубль, Ақтөбедегі жәрмеңкеде 471 мың 026 рубльге қазақтардағы мал, сүт, жүн өнімдері саудаланған. Өңірдегі үлкен Ақтөбе жәрмеңкесі тек көктем мезгілінде ұйымдастырылған.

Батыстағы Орал облысы бойынша XIX ғасырдың соңында 12 жәрмеңке ұйымдастырылса, XX ғасырдың басында олардың саны жиырмаға жетіп, ондағы сауда-саттық 45 миллионнан астам рубльге шыққан. Жәрмеңкелердің ішіндегі ірісі – Темір жәрмеңкесі жылына екі рет өткізілетін болған.

Қорыта келе автор, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жәрмеңкелік сауданың кең көлемде дамуы және қазақ жерінде тауар-ақша қатынастарының артуы дәстүрлі көшпелі қоғамды таптық бөлініске әкелді.

Өлкедегі ұйымдастырылған саудаға бір жағынан, Ресейдің европалық бөлігінен, екіншіден көрші жатөан Орынбор өлкесінен, үшіншіден оңтүстік өңірлер мен

ортазиялыө хандықтардан тауарлар жеткізілініп, қазақ даласында өз өкілеттіліктері арқылы өсімқорлық пен алыпсатарлықты дамытты.

Доцент Т.Ә.Нұрпейісовтың тұжырымдарын біз Батыс Қазақстандағы жәрмеңкелердің қалыптасып, дамуына тарихи талдау жасалынған жас зерттеуші Н.Қ.Демеуованың «XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдағы жәрмеңкелер: тарихи талдау» атты тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферратынан көре аламыз [8:24].

Қорыта келе айтқанда, біз мақаламызда Отандық тарихшылардың тәуелсіздік кезеңдегі батыс өлкенің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеуге арналған еңбектердің кейбіреуңне ғана тоқтала алдық. Мәселені тереңірек, кеңінен зерделеу болашақ зерттеулерімізде қарастыратын боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Машимбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы, 1994. – 158 бет.
2. Сдыков М.С. «История населения Западного Казахстана». – Уральск, 2004. – 85 с.
3. Тұрсынова М.С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары. – Қарағанды, 2015. – 287 бет.
4. Абенова Б.С. Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты. – Алматы, 2019. – 385 бет.
5. Избасарова Г.Б. Казахская степь Оренбургского ведомства в имперских проектах и практиках первой половины XIX века. – М., 2018. – 484.
6. Құрманбеков Б.Ж. Батыс Қазақстандағы сауданың дамуы. – Ақтөбе, 2005. – 249 бет.
7. Нұрпейісов Т.А. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы (Далалық облыстардың мәліметтері бойынша мәселенің әлеуметтік-экономикалық талдануы). – Петропавл, 2005. – 127 бет.
8. Демеуова Н.Қ. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдағы жәрмеңкелер: тарихи талдау. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. – Орал, 2010. – 24 бет.

УДК 94 (574)

КАЗАХСКИЙ НАРОД НА ПУТИ К НЕЗАВИСИМОСТИ В XVIII-XIXвв.

В.Мохиборода
Научный руководитель: Б.К.Сугурбаева
Актюбинский Региональный Университет им.К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

Аннотация. В данной статье анализируются антиколониальное движение под руководством Сырыма Датова (1783-1797 гг.), крестьянское освободительное восстание Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова (1836-1838 гг.), народно-освободительное восстание Кенесары Касымова (1837-1847 гг.). Народно-освободительное движение казахского народа за суверенитет и независимость есть цельный исторический процесс, за которым стоят судьбы и жизни тех, кто верил в светлое будущее своего народа и Отечества.

Ключевые слова: восстание, колониальная политика, независимость, царское правительство.

После присоединения Казахстана к России можно наблюдать противостояния со стороны как лидеров казахского общества, так и народных масс. В совокупности их можно отнести как путь к суверенитету и независимости Казахстана. Казахскому народу приходилось вести постоянную борьбу за независимость, за государственность, за единство. Основными и этапными событиями борьбы казахов за независимость и самостоятельное развитие являются: антиколониальное движение под руководством Сырыма Датова (1783-1797 гг.), крестьянское освободительное восстание Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова (1836-1838 гг.), народно-освободительное восстание Кенесары Касымова (1837-1847 гг.), восстание Жанхожи Нурмухамедова (1856-1857 гг.), восстание Есета Котибарова (1847-1858 гг.), восстание крестьян на Мангышлаке (1869-1870 гг.).

Рассмотрим некоторые из них. Народно-освободительное движение в Младшем жузе под руководством Сырыма Датова (1783-1797 гг.), по утверждению академика А. Маргулана, «Среди восстаний, направленных против потомков хана Абулхайыра и царя самое значительное и известное». Основными причинами восстания трудящихся казахов явились обострение земельного вопроса, запрещение царским правительством перехода скотоводов на «внутреннюю сторону» за Урал, ущемление прав родовых старшин, открытый грабеж и насилие над народом со стороны хана, султанов, Уральского казачьего войска и царской администрации.

О безудержном насилии хана Сырым Датов открыто заявил в своих посланиях, направленных на имя царя. В одном из них он требовал от императора «сместить хана», а власть «отдать в руки народа». Он также открыто писал о грабежах, зверствах царских чиновников-колонизаторов. Царское правительство вынуждено было определить 3000 золотых рублей за голову Сырыма Датова. Имея истинно народный освободительный характер, данное восстание было образцом последовательности и целенаправленности в достижении поставленных задач вплоть до самого конца 1797 года. Главной причиной восстания под руководством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова стало отбирание плодородных земель уральским казачеством. Отбирались также рыбные и охотничьи угодья. Поводом к восстанию явилось злоупотребление властью ханом Джангиром. Обращения Исатая Тайманова к Оренбургскому генерал-губернатору В.Перовскому разрешить все споры и конфликты мирно остались без внимания. Восставшие отряды громили все неказахские поселения в Букеевской орде, а затем приблизились к ханской ставке. Хан Джангир обратился к генерал-губернатору В.Перовскому за помощью: «Мне одна ближайшая надежда остается обращаться к вам с моим ходатайством уничтожить строгостью справедливых ваших распоряжений эту злоумышленную в орде шайку, совершенно достойную примерного наказания». [1, С.119] В итоге, царское правительство послало регулярные войска и казачество на подавление под руководством генерал-майора Покатилова и подполковник Гекке.

Восставшие громили аулы крупных баев, служивших хану Джангиру. При этом сам Джангир не хотел своими силами участвовать в подавлении, мотивируя это так: «Собрать на них также вооруженных приверженных ко мне киргизов сам собою не решаюсь, не получив на это прямо вашего распоряжения, при отчаянных сопротивлениях могут случиться смертоубийства, грабежи и вновь будет повод к мстительным в орде междоусобиям». [1, С.171-174]

Восстание было подавлено, Исатай Тайманов погиб в бою с царскими войсками в 1838 году. О подавлении восстания Махамбет Утемисов пишет: «Әскердің алды бөгелді, Қырдан ойға төгілді, Орыс добын үш атты, Сонда батыр жөнелді». [2, 60 б.] Махамбет Утемисов скрывался в степи, но был пойман и предан царскому суду. Он был оправдан и отпущен, но вскоре был предательски убит султаном Баймагамбетом в 1841 году. Таким образом, восстание под предводительством Исатая Тайманова и

Махамбета Утемисова стало одновременно и национально-освободительным движением, направленным против колониальной эксплуатации со стороны Российской империи. В 1837-1847 годах в другой части казахской степи велось еще одно восстание – под предводительством Кенесары Касымова. Кенесары Касымов с ранних лет видел недовольства и протесты казахов, вызванные продвижениями Российской империи вглубь казахских степей.

Причинами этого восстания стали усиление колониальной политики царизма, недовольство частью казахской знати ликвидации института ханства, введение непосредственно российской системы управления с прямым налогообложением и контролем над казахским населением. Изучавший восстание Кенесары Касымова казахский ученый-историк Ермухан Бекмаханов был репрессирован в 1950-х годах за объективное правдивое изложения истории Казахстана в царский период. Е.Бекмаханов отмечал, что закрепление Российской империи в Казахстане исходило из экономических интересов развивающегося русского капитализма. «Поскольку к началу XIX века Казахстан подчинялся России только номинально, да и то не целиком, ибо часть его входила в сферу влияния Коканда и Китая, первое, с чего начал царизм, была ликвидация остатков политической независимости казахов». [3, с.115] Колонизация шла путем продолжения строительства военных линий наличием фортификаций и административными реформами управления.

В 1841 году на Торгае представители трех жузов избирают Кенесары Касымова ханом. Будучи ханом, Кенесары Касымов в целях дисциплины проводил жесткую политику, что не могло не вызвать определенного недовольства части казахов и сыграть на руку царскому правительству и казахским старшинам, под натисками которых он вынужден был отступить в Семиречье. В 1847 году пытался прорваться в киргизские владения за получением поддержки, но был убит киргизскими вождями. Целью Кенесары Касымова было восстановление независимости Казахского ханства и равноправных отношений с Российской империей. Политическая независимость была его основным принципом. Он готов был признать российский протекторат, но на уровне партнерских отношений. Для царя Николая II это было равносильно двуединой монархии, чего он не мог допустить. Тем временем, регулярные царские войска и казачество со стороны Оренбурга и Сибири продвигались вглубь и продолжали воздвигать военные укрепления. На повестке уже стояло полное присоединение Жетысу и южного Казахстана. После серии и ряда восстаний вопрос о «добровольности» присоединения уже не стоял. Требования Кенесары, предъявленные им царскому правительству, о возвращении отнятых им казахских земель и уничтожении построенных укреплений, прекращение налогового обложения и взимания всевозможных пошлин, а также его борьба с Кокандским и Хивинским ханствами за возвращение ранее принадлежащих казахам земель, отвечали жизненным интересам казахского народа.

Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Утемисов, Кенесары Касымов - лидеры национально-освободительного движения, боровшихся за независимость. Основной причиной народно-освободительного движения является колонизационная политика царизма. Ныне занимаемая Казахстаном территория претерпела три эпохи колонизационной политики царизма: первая – вольная колонизация в конце XVI века, вторая – военно-административная колонизация в начале XVIII века и третья – переселенческая колонизация, с конца прошлого столетия и продолжавшаяся до 1917 года. Первая колонизация была учинена так называемыми вольными людьми, бежавшими от преследования царизма, от гнета помещиков и т.п. Затем начинается военно-административная колонизация.

Таким образом, казахский народ прошел ряд исторических этапов на пути к восстановлению своей независимости и суверенитета еще в период царской колонизации. В целом, в Казахстане национальные движения выступали за сохранение традиционных институтов казахской государственности, стабильности казахского общества и целостности территории. В этом сходились интересы различных слоев, групп и классов. Поэтому можно утверждать, что освободительное движение составляет в определенной мере основу и содержание национальной идеи в Казахстане в XVIII –XX вв. Народно-освободительное движение казахского народа за суверенитет и независимость есть цельный исторический процесс, за которым стоят судьбы и жизни тех, кто верил в светлое будущее своего народа и Отечества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Энциклопедический словарь.– Санкт-Петербург, 1895, том 15
2. Махамбет. Жорық жырлары.– Алматы, 2007
3. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. – Алма-Ата, 1947

ӘОЖ 94 (574)

1930-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚТӨБЕ ХИМИЯ КОМБИНАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Н.Махамбетов
Ғылыми жетекші: Д.Қ. Абенов
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе химия комбинатының қалыптасуы мен даму тарихына арналған. Автор Ақтөбе жимия комбинатының Қазақстанны халық шаруашылығындағы алатын орын ашып көрсеткен. Сонымен қатар, комбинаттық қалыптасу кезіндегі кездескен көптеген қиыншылықтар мен оның шешу жолдарын, оның шығарған өнімдерінің тек Қазақстан емес, сол кездегі Кеңес Одағының халық шаруашылығындағы маңызын атап өткен.

Түйінді сөздер: комбинат, зауыт, химия, фосфорит, концентрант, хромит.

Қазақстанның химия өнеркәсібі XIX ғасырдың аяғынан бастау алады. Ал біз қарастырып отырған кеңестік кезеңдегі химия өнеркәсібінің даму тарихы төңкерістен кейін-ақ басталады. 1918 жылдың күзінде Шымкенттегі Сантонин зауыты мемлекет қарамағына көшеді. Үкімет кәсіпорынға үлкен мән беріп, қаржы бөліп, жабдықтармен, кадрлармен қамтамасыз етті. Сөйтіп бұл кәсіпорын елімізде дәрі-дәрмек шығаратын мекемеге айналды. 1920-1930 жылдары үлкен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, химия кәсіпорындары пайда болды. КСРО Ғылым Академиясы Қазақстанда химия өнеркәсібін дамыту туралы 1931 жылдың шілде айында, ал 1932 жылдың ақпан айында Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеу ісіне арналған конференциялар өткізді.

Қазақстан химия өнеркәсібінің тұңғышы – С.М.Киров атындағы Ақтөбе химия комбинатын салу үлкен жетістіктердің бірі болды. РСФСР Халық Шаруашылығы Кеңесі Президиумының 1929 жылғы 3 шілдедегі қаулысында Ақтөбе фосфоритін зерттеуді ұйымдастыруға ерекше назар аударылды, бұл бірінші бесжылдық жоспарда көрсетіліп, Орта Азия, соның ішінде Қазақстан халық шаруашылығын өркендетуде өте маңызды екені атап көрсетілді.

Бірінші бесжылдық жоспары барысында Ақтөбе облысында орналасқан Ақтөбе химия комбинатының маңызы зор болды. Дәл осы кезекте өлкедегі шикізат қорын анықтау мен пайдалануды жүзеге асыру мақсатында геологиялық барлау жұмыстары жүргізіле бастады. Бұл жұмыстардың барысында Ақтөбе облысы аумағында фосфорит кенінің қоры анықталды. Ал бұл шикізат қорының егіс алқаптарын тыңайтқыштармен қамтамасыз ету үшін маңызы зор еді. 1929 жылы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуші партиялар Жұрын және Қандыағаш станцияларының маңынан 183 300 мың тонна фосфорит концентратының көзі анықталды [1].

1929 жылы 3 шілдеде РСФСР Халық Шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі Ақтөбедегі фосфорит кенін игеру туралы ұсынысын құптап, осы жылдың 18 тамызында Орталық Комитет фосфорит өңдеу комбинатын салуға және 1930 жылы бұл кәсіпорынды іске қосу туралы шешім қабылдайды. Бастапқыда комбинатты Қандыағаш станциясына жақын жерде салу көзделгенімен, кейін құрылысы су көзі мен темір жол қатынасына жақын № 44 разъезге ауыстырылады.

Алайда қаржы, құрылыс материалдарының жетіпеушілігі сияқты объективті себептерге байланысты Ақтөбе химия комбинатының іске қосылуы кейінгі уақыттарға ығыстырылып, комбинаттың толық іске қосылуы 1939 жылы жүзеге асырылады. Комбинат құрылысын салуда, білікті, тәжірибелі мамандар жетіспеді. Мысалы, 1930 жылдың қыркүйегінде комбинат құрылысына 500 ұста, 400 тас қалаушы және 3 мыңнан астам әр түрлі мамандар қажет болды. Ал бұл кезекте құрылыста 70 ұста, 60 тас қалаушы және 700 әр түрлі мақсаттағы жұмысшы қызмет етіп жатқан болатын. 1934 жылы комбинат құрылысында 1860 адам жұмыс жасады. Оның 113-і қазақтар болатын. Ақтөбе химия комбинаты үшін еліміздің осы тектес басқа да кәсіпорындарында мамандар дайындалды. Мысалы, құрылыстың алғашқы кезеңінде-ақ ондаған жұмысшы Иваново қаласында арнаулы дайындықтан өтті. Соның жартысына астамы қазақтар болатын. Воскресенскідегі фабрикалық-зауыттық училище комбинат үшін 1936 жылы 60 жұмысшы даярлап берді.

Ақтөбе химия комбинатының құрылысы барлығы 30 808 мың сомға жобаланды. Комбинат құрылысын салу жобасына негізгі құрылыстармен қатар, баспана, электростанция, қойма, жол, су жүйелері, Елек өзені суын сақтау қоймасы және басқалар енгізілді. Қаржы көздері былайша жұмсалды: кәсіпорынның өзін салуға 21 1818 мың сом, 12 186 мың сом, құрал жабдықтарды монтаждауға, құрылыс жұмыстарына 9 601 мың сом жұмсалса, қосымша шығындарға 9 021 мың сом жұмсалды. Ақтөбе фосфорит кенінің сапасы Одақтың басқа аудандарындағы кең көздері сапасымен салыстырғанда төмендеу болатын. Мысалы, Подольск кеніші 38%, Вятск 26%, Воскресенск кеніші 324% болса, Ақтөбе кеніндегі фосфорит қышқылы 18% болатын. Дегенмен Ақтөбе кеніндегі фосфор қышқылын ашық әдіспен және экскавациялау арқылы қазып алуға болатын еді.

1933 жылдың 15 желтоқсанында Қазақ өлкелік бюро отырысында Ақтөбе химия комбинатының директоры С.С.Корягиннің комбинат құрылысындағы атқарылған жұмыстар туралы баяндамасы тыңдалды. Отырыста комбинат құрылысына қатысты көптеген сындар айтылып, қаржы жетіспеушілігі айтылды. Нәтижесінде осы жылдың 24 ақпанында С.С.Корягин Мәскеуге, комбинат құрылысы жағдайына байланысты қаржы мәселесін шешу мақсатында аттанды. Ал бұл кезеңде күкірт қышқылы цехының аяқталуына 150 мың сом, преципитат цехына 500 мың сом, жылу және энергетикалық станцияға 450 мың сом, канализация құрылысына 175 мың сом, көлік шаруашылығына 250 мың сом, шеберханаға 35 мың сом, мектеп пен ауыл құрылысына 150 мың сом бөлінген болатын. Комбинат құрылысына бөлінген қаржының жетіспеуі салдарынан, құрылыс жұмыстары 1939 жылы ғана аяқталып, мамандар осы жылы ғана комбинатты қабылдады [2].

Ақтөбе химия комбинаты іске қосылғанымен толық мазмұнда жұмыс жасауға мүмкіндігі болмады. Зауытты сумен қамтамасыз ету үшін Електен су құбырлары тартыла бастады. Сумен қамтамасыз етуді «Водоканалстрой» тресі өз қолына алды. 1933 жылы «Водоканалстрой» тресі Елек өзені жанында насосты станция, темір бетоннан дайындалған қабылдау құдығын, су резервуарларын зауыт пен жұмысшылар мекенін сумен қамтамасыз ететін резервуарларды, сондай-ақ негізгі өндірістік кешені мен өзге қосалқы нысандар арасында су құбырларын жүргізді. Комбинатта құрылыс жұмыстары одан әрі жалғастырылып отырды. Мысалы, 1935 жылы преципитат цехында құрылыс 83%, механикалық шеберхана құрылысы 75%, емхана құрылысының 95%-ы, кәсіптік мектеп құрылысының 84%-ы дайын болды [3].

Ақтөбе облысы территориясында барлау жұмыстарының нәтижесінде металлургия өндірісінде кеңінен қолданатын шикізат көзі хормит кеніне бай екендігі анықталды. Ақтөбе хромит кенінің ерекшелігі хромит тотығының пайыздық көрсеткіші жоғары болып келеді. 1936 жылы Новоресей ауданында «Казгеолтрест» тапсырмасымен барлау жұмыстарын жүргізген геолог Г.И.Водорезов Кемпірсай жерінің мол шикізат қорын анықтады. Алғашқы барлау жүргізген геологтар оңтүстік Кемпірсай массивіндегі хромит кенінің көлемін 500 мың тонна, 1937 жылы 1,2 млн. Тонна есебінде болжаса кейінрек аталмыш кеннің көлемін одан әрі ұлғайтты. 1939 жылы бұл көрсеткіш 19 млн. Тоннаға дейін жеткізілді.

Халық шаруашылығының өндірістік дамуына үлкен үлес қосып отырған Ақтөбе химия комбинатын өндірістік кеңейту қолға алына бастады. Осы шараны жүзеге асыру мақсатында комбинатта жаңа суперфосфат цехын салуды жоспарлайды. Оның құрылысының бірінші кезеңін 1940 жылы, ал екінші кезеңін 1942 жылы аяқтау көзделеді. Оның ішінде преципитат өндіруді жылына 50 мың тоннаға жеткізуді комбинат алға жоспарлайды. Ал Ключевой ауданының жерінен анықталған құрылыс шикізат көздері комбинаттың кеңеюіне жағдай жасайтындығы атап өтілді [4].

Еліміздегі ауыр өнеркәсіпті одан әрі дамыту мақсатында геологиялық барлау жұмыстарын кеңінен жүргізу мақсат етілді. 1928 жылдан бастап Ақтөбе облысының солтүстік аймағында тыңайтқыштар мен фунгисид ғылыми институтымен бірнеше мәрте геологиялық зерттеу мен барлау жұмыстары жүргізіліп келді. 1936 жылға қарай геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде фосфорит кенінің жалпы қоры 1 млрд. Тонна екендігі болжанып, соның ішінде 60 млн. Тоннасы толық зерттелді. Геологтар Тамды станциясынан шығысқа қарай сегіз шақырымда орналасқан Богданов кеніші, Қандыағаш кеніші және Алғадан оңтүстік батысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан Новоукраинка кендерінің өндірістік мүмкіншіліктерін дәлелдеді. Сонымен бірге Ақтөбе химия комбинатынан алыс емес жерде құрылыс жұмыстарына арналған шикізат көздері анықталды. Атап айтқанда, Бестамақ ауылы жеріндегі Табантал, Есет өзендерінің бойынан торф анықталды [5]. Аталмыш құрылыс шикізат көздері жақын жердегі кәсіпорындардың құрылысына жарамды материалдар дайындауға мүмкіндіктер берді. Сонымен бірге Ақтөбе аймағында жоғары сорты хромит рудасы, калий тұздары, никель, кобальт, мыс, аса бағалы шикізаттың бар екендігі геологиялық барлау жұмыстарымен анықталды.

Сонымен 30-жылдарды Ақтөбе химия комбинатының негізі қаланып, бірқатар өндірістік мақсаттағы жұмыстары атқарылды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Ақтөбе химия комбинатының өндрістік дамуын екі кезеңде жүргізу қарастырылды. Бірінші кезеңде бор қышқылы мен бура өндіру цехының және суперфосфат цехының құрылыстарын аяқтау болатын. Екінші кезеңде кеніш пен флотациялық фабриканы жабдықтауды аяқтау болатын. Комбинаттың одан әрі дамуы үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді.

комбинат тағы барлық жабдықтарды есепке алу, территорияны тәртіпке келтіру және бақылау орнату;

комбинаттағы өндірістік объектілер арасындағы транспорт және жолдарды жөндеу;

шаруашылықты және энергетикалық жүйені жаңғырту және кеңейту;

комбинаттың тұрғын үй қорын кеңейту;

қосалқы шаруашылықты және қойманы кеңейту.

50-жылдары, әсіресе алтыншы бесжылдықта Ақтөбе облысының өнеркәсібінде техникалық прогресс айтарлықтай жеделдеді. 1958 жылы 1957 жылмен салыстырғанда облыстың бүкіл өндірісінің жалпы өнім өндіруі 16%, жергілікті Кеңестердің өндірісі- 12 пайыз өсті. Жетекші кәсіпорындарда – ферроқорытпа зауытында 103 пайыз, 1957 жылға қарағанда 115 пайыз, Дөң кен басқармасы – 109 пайыз, Ақтөбе химия комбинаты – 110 пайыз, «Ақтөберентген» «зауыты 105 пайыз. Облыста жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру 1957 жылмен салысиырғанда 4 пайыз, оның ішінде жергілікті өнеркәсіпте 16 пайыз өсті.

Ақтөбе хром қосындылары зауытының құрылысы облыс бойынша емес, тіпті Кеңес Одағы бойынша аса маңызды құрылыс объектісі болып есептелді. Себебі, ұзақ уақыт бойы хром қосындылары КСРО бойынша бір-ақ жерде – Оралда хромпик зауытында ғана өндірілетін еді. Ол бүкіл елдің хром тұздарына деген сұранысын қанағаттандыра алмады. Облыстық комсомол комитетті құрылысты өз қамқорлығына алып, оны комсомолдық құрылыс деп жариялап, оған 800 – дей комсомол- жастарды жұмысқа жіберді. 1957 жылы шілдеде зауыттың бірінші кезегі іске қосылып, натрий монохроматы мен натрий бихроматын өндіру ісі басталды. Зауытқа Свердловск, Горький, Иваново, Орынбор облыстарының жұмысшылары келіп, тәжірибемен таныса бастады.

1952 жылы Ақтөбе химия комбинатында соғыс жылдарында тоқтап қалған тыңайтқыш өндіру жанданып, алғаш рет суперфосфат цехы іске қосылды. 1952 жылы 15 тамызда облыстық транспорт және өнеркәсіп бөлімінде комбинат әкімшілігі және «Актюбстрой» басшылығы қатысқан жиналыста Ақтөбе химия комбинатындағы өндірістік қайта құруға байланысты құрылыс жұмыстары жөніндегі атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдалды. Есеп беру жиналысына бөлім бастығы М.Ф.Сорокин, Ключевой аудандық партия комитетінің хатшысы П.С.Шахринов, комбинат директоры Г.Д.Китин, комбинаттың бас инженері Н.З.Стерлин, «Актюбстрой» тресінің бастығы А.А.Гулько, комбинаттың бақылау бөлімінің меңгерушісі Е.Д.Гибенко, суперфосфат цехының бастығы И.И.Шатохин, бас энергетик А.К.Чекмарев, партия бюросының хатшысы И.А.Шишов, Алға құрылыс және монтаждау басқармасының бастығы, т.б. қатысты. «Актюбстрой» құрылыс тресі және Алға құрылыс және монтаждау басқармасының әкімшілігі нысандардағы кемшіліктерді анықтап, 1952 жылдың 3-ші және 4-ші тоқсанындарында кешендерді іске қосу міндеттелінді. Алайда комбинаттағы құрылыстар баяу жүрді. Ақтөбе облыстық партия комитетінің хатшысы П.Дэльвин КСРО Министрлер Кеңесінің бірінші орынбасары М.Г.Первухинге 6-шы бесжылдықта құрылыс жұмыстарына 12 млн. Сом көлеміндегі қаржыны бекітуді сұрайды. Бұнда 6-шы бесжылдықта жоспарлауды Ақтөбе химия комбинатының мамандары бесжылдық аясында өндіріске 96 млн. Сом қаржы қажет екендігін жеткізді. Оның ішінде бесжылдықта барлық өнеркәсіптік қайта жабдықтау мен цехтардың өндірістік қабілетін молайту үшін 60 млн. сом, жаңа цехтар салуға 9 млн. сом әлеуметтік және мәдени нысандардың салу үшін 27 млн. сом көлеміне қаржы игерілуі айтылды.

С.М.Киров атындағы Ақтөбе химия комбинаты одан әрі өндірістік кеңеюді жүзеге асыру барысында, Ақтөбе облыстық Халық Шаруашылығы Кеңесінің 1958 жылғы 2 желтоқсандағы өкіміне сәйкес комбинатта өндірістік үрдістерді

механикаландыру, автоматтандыру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, вагондардан апатитті түсіру жұмыстары механикаландырылып, жаңа бор цехы мен ескі бор цехы аралығында жеткізу құралы орнатылды. Жылу электр станциясында судың деңгейін анықтау мақсатында арнайы сигнализатор орнатылды. Сонымен бірге бұрын ТП – 20 типті қазандық орнатылып ішкі комбинаттық теміржол желісін Ақтөбе-Қандыағаш желісімен қосу жұмыстары жүргізілді. Отынға қолданылған Құрасшасай көмірінің сапасының төмендігіне байланысты комбинат әкімшілігі Қарағанды көмірін пайдалану жұмыстары қолға алынды. Әсіресе Құрасшасай көмірінің отын есебінде қолдану көптеген қиындықтар туғызды. Мысалы, 1956 жылдың 5 маусымындағы мемлекеттік санитарлық инспекцияның тексеруімен жылу электр станциясында кемшіліктер анықталды. Жергілікті отынды пайдалану жеткілікті түрде бумен қамтамасыз ете алмады. Жұмысшылардың денсаулығына нұқсан келтіріп жатқандығы ескертілді [6].

Химия өнеркәсібінің дамуына 1958 жылдың мамыр айында өткен КОКП Орталық Комитетінің Пленумы алдағы уақытта халық шаруашылығын дамытуда, әсіресе химия өнеркәсібінің дамуына ерекше назар аударды. 1959 жылы 1940 жылмен салыстырғанда халық шаруашылығының даму қарқыны 4 есеге өсті. Пленум сондай-ақ КСРО Министрлер Кеңесі мен одақтас республикалар 1959-1965 жылдардың аралығында халық шаруашылығының дамыту жоспарына сәйкес, аталмыш өнеркәсіптің дамуы үшін қаржы бөліп, жаңа талаптарға сай зауыттар мен кеніштерге өндіріске қажетті құралдар мен автоматтандыру жабдықтарын көбейтіп шығаруға, ғылыми зерттеу жобалау конструкторлық және тәжірибелі жұмыстарды ұлғайту, химия өнеркәсібінің дамуы үшін теориялық зерттеулерді қолға алу, жұмысшылар мен маман кадрларды сапалы дайындау тапсырмаларын жүктеді. Пленумнан кейін химия өнеркәсібінің дамуында жаңа кезең басталды. Қазақстанда жаңа зауыттар мен цехтардың салынуы қолға алынып, өнім өндіру көрсеткіштері жоғарылай бастады. 1953 жылмен салыстырсақ минеральды тыңайтқыштарды шығару республика бойынша 80%-ға ұлғайып, кальций карбидің өндіру 3 есе, фосфор ұнтағын өндіру 2 есе, ацетильдегид өндіру 4 есе, уксус қышқылын өндіру 1,5 есе және күкірт қышқылын өндіру 2,7 есеге өсті.

1958 жылы хромаммониялық тәсілмен хром окисі өндірісін игеру басталды. Кездескен қиыншылықтарға қарамастан зауыт еңбекшілері жігерлі түрде жұмыс істей отырып, 1959 жылдың наурыз айында белгіленген қуаттың 40 пайызына жетті.

Ақтөбе облысындағы хромит кенінің зерттелуі мен оның игерілуі халық шаруашылығындағы металлургия, химия, машина жасау өнеркәсіптерінің дамуына үлкен серпіліс берді. Хромит кені өндірісте кеңінен қолданылды. Хром, никель болаттар өндіріс саласында кеңінен танымал болатын және 4 пен 6 пайыздық хром қосындысынан тұратын болаттар крекинглеу құбырларын дайындағанда пайдаланылды. Әсіресе, оның үлкен температура және каррозияға қарсы төтеп беру ерекшелігіне байланысты қолданылды. 1948 жылы негізі қаланған Ақтөбе хром қосындылар зауытының құрылысына 1950 жылы үлкен әкімшілік өзгерістер жүрді. Осы жылы КСРО Химия Өнеркәсібі Министрлігімен, Ауыр индустрия кәсіпорындарының құрылысы Министрлігінің бастамасымен наурыз айында зауыттың әкімшілігі қалыптасты. Зауыт әкімшілігі «Актюбстрой» тресімен бірлесіп, негізгі өндірістік комплекстерді монтаждау жұмыстарын жүргізді. Соның ішінде «Актюбстрой» тресі 1950 жылғы құрылыс монтаждау жұмысын 3 774 мың сом есебінде белгіледі. Оның ішінде автожол құрылысы – 2 714 мың сом, зауыт қоршауы – 102 мың сом, тұрғын үй салу – 223 мың, уақытша өндірістік кешендер – 1 504 мың, өзге құрылыстар – 208 мың сомға жасалынды. Аталмыш жылдың 16 тамызынан бастап Жіңішке өзенінен бастап 1 100 метр болатын уақытша су құбыры тартыла бастады. Сонымен қатар зауыт әкімшілігі көлемі 365 шаршы метр 12 пәтерлік үйдің іргетасын

және 250 шаршы метр 5 коттедждің іргетасын қалады. 1951 жылдың жаз айында Ақтөбе хром қосындылары зауыты құрылысында қарқынды жұмыстар жүрді. Маусым айында автогараж, өндірістік қойма, монтаждау жұмысына қажетті металл құрылыстарын құрастыру бөлімі және құрылыс өнімдерін іске қосу үшін уақытша шеберханалар іске қосылды. Құрылысты жеделдету мақсатында темірбетон және гипс дайындау шеберханасын, бетон және құрылыс қойырртпасын дайындау орталығының жұмысын күшейту, уақытша жол тораптарын, уақытша су көздерін іске қосу шараларын жүзеге асыру қажет болатын [7].

Ақтөбе хром қосындылары зауытының құрылысы облыс бойынша емес, тіпті Кеңес Одағы бойынша аса маңызды құрылыс объектісі болып есептеледі. Себебі, ұзақ уақыт бойы хром қосындылары КСРО бойынша бір-ақ жерде Оралда хромпик зауытында ғана өндірілетін еді. Ол бүкіл елдің хром тұздарына деген сұранысын қанағаттандыра алады. Облыс комсомол комитеті бұл құрылысты өз қамқорлығына алып, оны екпінді комсомолдық құрылыс деп жариялап, оған 800-ден комсомол-жастарды жұмысқа жіберді.

1957 жылы Ақтөбе хром қосындылар зауытында құрылыс цехын монтаждау жұмысы 16,5 млн. сом көлемінде жүргізіліп, бихромнатрий цехын және хром тотығы бөлімін іске қосу жоспарланды. Құрылысшы және монтаждаушы мамандарға бихромат натрий және бихромат калий цехтары бойынша техникалық жабдықтар қажет болатын. Сонымен қатар зауыт жанында қалдық тоғандарды орналастыру жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл мақсатта 2 млн. сом жұмсалды. «Водоканал» тресінің Свердловск қаласындағы бөлімінен байланыс жасалып, тоғандардың жобалау құжаттары жасалып, 1956 жылдың 13 қарашасында Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті бюросында Ақтөбе хром қосындылар зауытының құрылысы жөніндегі есеп тыңдалды. 1957 жылы 26 сәуірде құрылысқа байланысты тағы бір есеп тыңдалып, онда құрылысты аяқтау көзделді. Зауыттың алғашқы кезегін іске қосуды қабылдау үшін мемлекеттік комиссия жасақталды. 1957 жылы 17 тамыздағы №102 бұйрыққа сай Ақтөбе халық шаруашылығы Кеңесі қабылдау комиссисы төмендегідей құрамда жұмыс жасады. Комиссия төрағасы КСРО Химия өнеркәсібі Министрлігіне қарасты «Глав-химпром» басқармасының бас инженерінің орынбасары Г.К.Берковский, Ақтөбе халық шаруашылығы Кеңесі төрағасының орынбасары В.Я.Путинцев, зауыт директоры В.В.Сагиров, зауыттың бас инженері Н.Р.Краузман, «Актюбстрой» тресінің меңгерушісі К.Л.Кулшман монтаждау мекемесінен К.Н.Жебелов, УНИХИМ қызметкері А.Авербух болды. Комиссия тексеріс барысында цехтар мен қосалқы өндірістік бөлімдерден өндірістік ахауларды анықтады. Зауыт әкімшілігі 1957 жылдың аяғына дейін кемшіліктерді жою шараларын жүргізді. Зауыттың алғашқы кезегін қосумен хром тотығын алу бөлімінің жұмысы аяқталды [8].

1957 жылы шілде айында зауыттың бірінші кезегі іске қосылды да, натрий монохроматы мен натрий бихроматын өндіру ісі басталды. Зауытқа Свердловск, Горький, Иваново, Орынбор облыстарының жұмысшылары келіп, тәжірибемен таныса бастады. 1958 жылы хромоаммонилық тәсілмен хром окисі өндірісін игеру басталды. Кездескен қиыншылықтарға қарамастан зауыт еңбекшілері жігерлі түрде жұмыс істей отырып, 1959 жылдың наурыз айында белгіленген қуаттың 40%-на жетті. Енді 1962 жылдың аяғына дейінгі уақытта зауытты 3 есеге үлкейту туралы шешім қабылдап, резервтер мен технологияны жаңартудың жолдары ісдестіріле бастады. 1959 жылы тамыз-қазан айларында №1 цехтың тесу пеші мен кептіргішінің оттығы газдан мазут отын жағуға көшірілді.

1959 жылғы 25 наурыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің №23-1525 бұйрығына сай Ақтөбе хром қосындылары зауытын кеңейту және екінші кезеңін іске қосу мәселесі көтерілді. Бұйрыққа сай аталмыш жылдың 21 сәуірінде Ақтөбе халық шаруашылығы

кеңесінде УНИХИМ институтының қызметкері Т.И.Берковский, «Уралгипрохим» маманы И.Н.Полак Ақтөбе хром қосындылар зауыты және облыс әкімшілігі қызметкерлерінің қатысуымен зауыттың ұлғаюына байланысты техникалық құжаттармен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылды. Осы мәжілісте алдағы уақытта зауыттың ұлғаюына байланысты «Уралгипрохим» басқармасы арнайы құрылыс техникалық құжаттарды дайындауға жауапты болып аталған құжаттарды тапсыру үшін уақыт белгіледі. 1959 жылы «Уралгипрохим» басқармасы негізгі техникалық жабдықтар, теміржол мен көлік жолдары, насосы бар қышқыл қоймасы, мазут қоймасы, өндірістік тоған, пеш корпусы, альгедрид цехы, сыртқы өндірістік трубаларды қондыру мен салуға жауапты болды.

С.М.Киров атындағы Ақтөбе химия комбинаты Қазан төңкерісінің 40 жылдығына арналған социалистік жарысқа белсенді араласты. Нәтижесінде 1958 жылы комбинат жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Жыл аяғына дейін қосымша 2,8 млн. сомның өнімі өндірілді. 11 айдың ішінде еңбек өнімділігі 2,7%-ға көтеріліп, өткен жылмен салыстырғанда 9,7%-ға артты. Бұл комбинат ұжымы жұмысшыларының ерен еңбегі арқасында болатын. Аталмыш жылы комбинат жұмысшылары 162 рационализаторлық ұсыныс жасап, оның 93-і енгізілді. Олардың экономикалық тиімділігі 285 мың сом болды [9].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гаркуша. Твердый сплав. – Алма-Ата, 1966. – 48 стр. С.8.
2. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архив (АОМА), 264-қ., 1-т., 78-іс. -11 п.
3. Журин Н.И. Сверяя шаг по Ильичу. – А-А., 1969. – 204 с.
4. АОМА, 264-қ., 1-т., 78-іс. -11 п.
5. АОМА, 264-қ., 1-т., 78-іс. -13 п.
6. Журин Н.И. Этапы большого пути. – А-А., 1975. – 136 с.
7. АОМА, 264-қ., 2-т., 114-іс. -65 п.
8. АОМА, 264-қ., 2-т., 121-іс. -8 п.
9. Из история Актюбинской области. – Актобе, 2006. – 698 стр. С.-511.
10. АОМА, 264-қ., 1-т., 98-іс. -17 п.
11. АОМА, 264-қ., 1-т., 18-іс. -52 п.

ӘОЖ 94 (574)

20 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ш.Зәкір
Ғылыми жетекші: Б.С.Абенова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың 20-жылдардағы кеңестендіру процестері қарастырылған. Орынбор қаласындағы Қазақстан кеңестерінің I – IV, Ақмешіт қаласындағы (Қызылорда) V – VI съездерінің шешімдері, кеңестік, партия, әкімшілік құрылысы жөніндегі алғашқы Қазақстандағы атқарылған шаралар туралы баяндалған.

V – VI жалпықазақ партия конференциясында ауылды кеңестендіруді, экономиканы дамыту мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: съез, кеңес, орган, құрылтай, автономия, декрет. конференция.

1919 жылы Қызыл армия Колчакты, Дутовты және басқа да әскери күштерді талқандады. Қазақ өлкесі ақ гвардияшылардан бірте-бірте азат етілді және кеңес үкіметі социалистік мемлекет құрылысын бастауға мүмкіндік алды. 1919 жылдың шілдесінде Орынборда қазақ өлкесін басқару бойынша Революциялық комитет құрылды. Революциялық комитет кеңес үкіметінің Қазақстандағы ең алғашқы өлкелік органы болды. Бұл орган Қазақ кеңес республикасын құру бойынша дайындық жұмыстарын (Алашорданың органдарын жою, жергілікті кеңестік органдарды ұйымдастыру, Қазақстан кеңестерінің бірінші Құрылтай съезін дайындау) жүргізді.

1920 жылдың 26 тамызында РКФСР Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті (БОАК-ВЦИК) мен Халық Комиссарлар кеңесі (ХКК-СНК) Қазақ АКСР-ін (ол кезде Қырғыз АКСР) құру жөнінде декрет жариялады.

Қазақстан кеңестерінің I Құрылтай съезі Орынбор қаласында 1920 жылдың 4 қазанында ашылды.

Съезге шешуші дауыспен 234 депутат, кеңесуші дауыспен 8 депутат қатысты. Съезді Ревком төрағасы Радус-Зенькович ашты. Съез РКФСР-дің барлық автономиялық республикалары мен облыстарына және шығыс барлық халықтарына үндеу қабылдады, кеңес өкңмет органдарының құрылымын жобалады және автономиялық Қырғыз кеңес республикасы еңбекшілері құқықтарының Декларациясын қабылдады. Сонымен қатар, съезде азық-түлік, жер, әскер және қаржы саясаты мәселелері талқыланды [1].

Жер мәселесі бойынша съез жерге орналастыруды кеңес заңдары негізінде жүргізу жөнінде қаулы қабылдады. Қаулыда «Патша үкіметі отарлау саясатының және ол тудырған әділетсіздіктер қалдықтарын толығымен жою үшін, съез иеліктен шығарылып қырғыз халқына пайдалануға берілген жерлерді қайтару қажеттігін ... тез арада жер өңдеуші және мал бағушы халықты жерге орналастыруға кірісу және барлық шаруашылықтар мүддесін қорғай отырып, шаруа, казак және отырықшы қырғыз халқын жерге қайта орналастыруға көшу қажет деп таниды», «жерге орналастыру кезінде, бірінші кезекте, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың отырықшы өмір салтына көшуіне мүмкіндік жасау үшін қауымаралық, болысаралық жер жолақтарын жоюдан бастау қажет» деп көрсетілді.

Кеңестердің бірінші съезі «ішкі қайта орналастыру және қоныстандыру қорын анықтау мақсатында пайдалану үшін бос жерлер мен пайдаланудағы жерлердің есебін жүргізу қажеттігін» де атап өтті.

«Қазақ халқы мен жергілікті басқа да халықтарды толығымен жерге орналастырып болғанша, өлкені қонысаударушы шаруалар арқылы отарлауды толық тоқтату керектігі» міндеттелді.

Съез ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға ықпал ету қажеттігін мойындады.

Экономикалық құрылыс бойынша қарарында съез «өнеркәсіп саласында жақын болашаққа ірі жобалар мен міндеттерді белгілеудің керегі жоқ, өйткені, оларды жүзеге асыруға қолайлы объективті жағдайлар әлі туындаған жоқ және тез арада туындамайды да... сондықтан өлкедегі халықтың негізгі кәсібі – мал бағумен байланысты жұмыс жасайтын және құлдырап жатқан мал сою-тоңазыту, жіп иіру өнеркәсібін..., тау-кен және химия өнеркәсібін қалпына келтіру» қажеттігі жөнінде айтылды.

Съез Қырғыз орталық атқару комитетін сайлады, кеңес өкіметін ұйымдастыру жөніндегі негізгі ережелерді қабылдады, 12 қазанда жұмысын аяқтады.

Қырғыз АКСР кеңестерінің II съезі 1921 жылдың 4-10 қазанында Орынбор қаласында өтті.

Съезге шешуші дауыспен 202 делегат, кеңесші дауыспен 29 делегат қатысты. Съезді С.Меңдешев ашты.

Екінші съез ОАК мен ХКК баяндамалары бойынша жаңа үкіметке халық бұқарасын кеңес жұмысына кеңінен тартуға және кеңестік органдарды құрамындағы жат элементтерден тазартуға тапсырма берді.

Қырғыз АКСР-і ауыл шаруашылығы саласында жаңа экономикалық саясатты енгізу жөніндегі қарарында екінші съез жергілікті халықтың және түрлі типтегі шаруашылықтардың мүддесін қорғай отырып, ішкі қоныс аудару мәселесін реттеуге тез арада көшуді қаулы етті және Қырғыз АКСР-нің құрғақ климаты жағдайында егін шаруашылығын нығайтуға, құрғақшылықпен және зиянкестермен күрес шараларына көңіл аударды. Съез азық-түлік мәселесі, кеңес құрылысы бойынша қарарлар, РКФСР мен Қырғыз АКСР-інің өзара қарым-қатынасы жөнінде ереже қабылдады. Аштықпен күрес шараларына арнайы қарар қабылданды [2].

Қырғыз АКСР кеңестерінің III съезі 1922 жылдың 4-13 қазанында Орынбор қаласында өтті. Съез Қырғыз АКСР-ін аудандастыру әдістері, бүртұтас заттай (натуралды) салық және кеңес өкіметінің азық-түлік саясаты жөнінде, қаржы саясаты және 1922-1923 жылдарға арналған бюджет жөнінде, кеңес құрылыс жөнінде, 1922-1923 жылдардағы аштықтың салдарларымен күрес жөнінде және ағарту ісі жөнінде қарарлар қабылдады.

Съезге шешуші дауыспен 242 делегат қатысты.

Қазақ АКСР кеңестерінің IY съезі 1924 жылдың 5-10 қаңтарында өтті. Съезде халықаралық жағдай жөніндегі жалпы баяндамалар және ОАК мен ХКК-нің есепті баяндамалары тыңдалды және халық шаруашылығы, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, өнеркәсіп және сауда саласындағы нақты шаралар, аудандастыру, кеңес құрылысы, Қырғыз АКСР-і Конституциясының жобасы жөніндегі мәселелер талқыланды.

Кеңестердің V - жалпықырғыз съезі 1925 жылдың 19 сәуірінде Ақмешіт қаласында ашылды. Съез қаржы, ағарту ісі, сауда және кооперация, жерге орналастыру жөнінде қарарлар қабылдады. Осы съезде Қырғыз АКСР-і атауы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып өзгертілді. Республика орталығы Ақмешіт қаласы Қызылорда қаласы деп өзгертілді [3].

Съезде шешуші дауыспен 394, кеңесші дауыспен 52 делегат қатысты.

Кеңестердің VI жалпықазақ съезі 1927 жылдың 28 наурызы мен 3 сәуірі аралығында Қызылордада өтті. Съезді Мыңбаев ашты, ол өз сөзінде, «егер Y жалпықазақ съезінің маңызы республиканың Қазақ кеңестік социалистік республика ретінде мемлекеттік рәсімделуінде болса, енді VI - съезде республикамыздың ішкі құрылысына қатысты маңызды негізгі мәселелер қаралады, атап айтсақ, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, революциялық заңдылық, Жетісу теміржолының құрылыс жөніндегі мәселелер талқыланады» деді.

Съез үкіметтің есебі бойынша, Жетісу теміржолының құрылысы (ол кезде Фрунзе-Семей трассасы) жөніндегі Шатовтың баяндамасы бойынша, Петропавл-Ақмола құрылысы жөніндегі мәселе бойынша шешімдер шығарды. Сонымен қатар, съез шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу және оны 1927 жылдың күзінде жүзеге асыру жөнінде маңызды шешім қабылдады. Революциялық заңдылық жөніндегі баяндама бойынша қарарлар қабылданды. VI - съез Қазақстанның астанасын Алматы қаласына көшіру жөнінде қаулы етті.

Кеңестердің VII - жалпықазақ съезі 1929 жылдың 8-15 сәуірі аралығында Қызылордада өтті. Съезде үкіметтің баяндамасы, мемлекеттік аппарат және бюрократизммен күрес жөніндегі баяндама, астық шаруашылығы жөніндегі баяндама тыңдалды. Съезге шешуші дауыспен 294, кеңесшы дауыспен 8 делегат қатысты.

Үкіметтің есебіне қатысты қаулыда VII съез «республиканың өндіргіш күштерін дамытуды күшейтуге және халық бұқарасын шаруашылық-мәдени көтеруге

бағытталған әлеуметтік-экономикалық шараларды», атап айтатын болсақ, ауылды кеңестендіру саласындағы, ұлтаралық қатынастарды реттеу және Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар еңбекшілерінің бейбітқатар өмір сүруіне және ынтымақтасуына қажетті жағдайлар (таптық негізде жерге орналастыруды қайта ұйымдастыру және ұлттық-бір текті кеңестер мен аудандарды бөлу) жасау саласындағы, мемлекеттік аппаратты жеңілдету және кеңестік басқаруды жақсарту (жергілікті билік органдарының құқықтарын кеңейту және республиканы аудандастыру) саласындағы, мемлекеттің ролін және халық шаруашылығындағы кооперацияны күшейту (колхоз және совхоз құрылысын дамыту, мемлекеттік және кооперативті сауданың, өнеркәсіптің және несиенің өсуі) саласындағы, халық ағарту ісін және мәдени революцияны жүзеге асыруды дамыту (алғашқы Қазақстан мемлекеттік университетті ұйымдастыру және жаңа латын қазақ алфавитін енгізуге көшу) саласындағы шараларды мақұлдады [4].

Съез Қазақстандағы өнеркәсіп және құрылыс саласындағы – Қарсақпайды қалпына келтіру, Турксиб құрылысы жоспарының орындалуы, Риддер мен Ембі-мұнай жұмысын дамыту, Петропавл-Ақмола теміржолының құрылысын жалғастыру – сияқты күрделі құрылыс жұмыстарын ерекше қанағаттанушылықпен атап өтті.

Осы жетістіктермен қатар, съез кеңестік және шаруашылық құрылыстағы қиындықтар мен кемшіліктерді атап өтті, олар: өлкелік және аудандық аппараттың біліктілігінің төмендігі, жергілікті өнеркәсіпке күрделі қаржының аз бөлінуі, одақтық өнеркәсіпке (Қазақстан территориясында орналасқан) басшылықтың әлсіздігі, мал шаруашылығының даму мәселелеріне жеткіліксіз көңіл бөлуі, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру қарқынының төмендігі. Съез жаңа құрамдағы үкіметке кеңес құрылысы, шаруашылық құрылысы, әлеуметтік-мәдени және әскери құрылыс салаларында маңызды шараларды жүзеге асыруға тапсырма берді.

Съезде, сонымен қатар, мемлекеттік аппараттың жағдайы және Қазақстандағы астық шаруашылығының дамуы жөніндегі баяндамалар бойынша қарарлар қабылданды. Соңғы қарарда: «Кеңестер съезі, соңғы жылдары Қазақстан үкіметінің астық шаруашылығына жеткілікті көңіл бөлмегенін атап өтеді. Жер өңдеуді жете бағаламау – буржуазиялық-ұлтшыл уклонның ықпалы. Бұл уклонға тән негізгі белгілер: 1) Қазақстанды тек мал бағушы ел ретінде бағалау; 2) көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлерін және соған сай тұрмыс салтын сақтап қалуға тырысу; 3) сырттан жаңа шаруашылық түрлерінің енгізілуіне қарсылық. Мал шаруашылығы мен жер өңдеу мүдделерін қарсы қоюға негізделген мұндай қате түсіндірмелерден үзілді-кесілді бас тарта отырып, Кеңестер съезі, қазір пайдаланылмай жатқан немесе экстенсивті мал бағу шаруашылығында жайылым ретінде пайдаланылып жатқан орасан зор ауқымдағы егістікке қолайлы жерлердің болуы Қазақстанды Одақтың ең маңызды астықты аудандарының біріне айналдыруға жағдай жасайды деп есептейді» делінді. «Өлкеде астық шаруашылығын дамыту бірінші кезекте Солтүстік Қазақстанда және Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру мәселесін туындатады». «Кеңестер съезі Қазақ АКСР-і ОАК-нің отырықшыландыру процесін ынталандыруға бағытталған шараларын тұтастай және толығымен мақұлдайды, олар: 1) жерге жаппай орналастыру ісіндегі реформа, өйткені ол 1925-1927 жылдары қауымдар мен болыстар үшін тек шекараларды рәсімдеумен шектелгендіктен, шаруашылық жағынан да, әлеуметтік жағынан тиімсіз болған болатын; 2) бірінші кезектегі аудандар үшін отырықшы жер өңдеу-мал бағу шаруашылығын жүргізуге негізделген (өтпелі кезең) жер нормаларына орналастыруды бекіту; 3) машиналандырылған және механикаландырылған ірі астық өңдеу фабрикаларын (астықты совхоздар) құру үшін жер қорларын бөлу; 4) Одақтың басқа аудандарынан қоныс аудару үшін Қазақстан шекараларын ашу шаралары» [5].

V - жалпықазақ партия конференциясы Қазақстандағы кеңестендіру жұмысының әлсіздігін атап өтті. «Ауылда, қышлақта және деревняда кеңес өкіметінің нақты орнығуына қол жеткізу қажет» делінді. Ауылды кеңестендіру ұраны Қазақстанды ұлттық-мемлекеттік рәсімдегеннен кейінгі кезек күттірмес міндет ретінде қойылды. Конференция «кеңестік биліктің әлсіздігі рулық негіз бен патриархалдық қатынастар үстемдігін тудырады» деп көрсетті. Осыған орай, конференция: «1. Жергілікті әкімшілік бірліктердің рулық шектеуліктің ыдырауына және халыққа жақындай түсуіне жағдай жасайтын аудандастырылуын жүргізу қажет. 2. Халық бұқарасының кеңінен қатысуына және ұжымдық басқаруға мүмкіндік беретін әдісті таңдау мақсатында ауылды және оның даму ерекшеліктерін зерттеу, жалпы кедейлер мен әлсіз рулардың құқықтарының орындалуын зерттеу қажет, бұл жерде әлсіз руларда да кедейлер мен байларға бөлінудің бар екенін ескеру керек» деп қаулы етті.

«Кеңестік аппаратты жақсарту ісіндегі маңызды мәселе – жергіліктендіру мәселесі. Жергіліктендіруді қазақ еңбекшілерін экономикалық және мәдени құрылысқа тарту негізінде жүргізбейінше, ауылды кеңестендіру мүмкін емес» деп есептелді.

V - жалпықазақ конференциясы қазақтар үшін курстар, жоғары оқу орындарына іссапарлар ұйымдастыруды, аппараттағы қазақтар мен еуропалықтардың үлес салмағын дұрыс орнатуды ұсынды. Тек кейінірек функционалды жергіліктендіру міндеті қойылды. «Кеңестік және шаруашылық аппараттағы қазақтандырудың механикалық проценттерінен мынадай тәртіпке: ұсынылған қазақтар аппаратта нақты тұрақтанатын, іске терең енетін, біліктілігін, саяси және практикалық тәжірибесін жетілдіретін, жергіліктендіру идеясына жау, қарсы орыс-қызметкерлер элементін ауыстыруға дайын нақты маман бола алатын тәртіпке көшу керектігі» белгіленді [6].

Қалпына келтіру кезеңінің соңына қарай VI - жалпықазақ партия конференциясында ауылды кеңестендіруді одан әрі батыл таптық шаралар негізінде жүргізу жөнінде шешім қабылданды. Конференция «1928 жылғы кеңестерді қайта сайлауды, 1927 жылғы қайта сайлауларда жіберілген қателіктерді ескере отырып, нақты жұмыс жасайтын және нақты кеңестік бағытты жүргізетін құрамда сайлайтын етіп өткізу керектігі» жөнінде қаулы етті.

«Жоғарыда көрсетілген шаралардың байлардың экономикалық қуаты мен ауылда қалыптасқан таптық қатынастарға әсері мардымсыз болғандықтан», VI - конференция «оларды түбегейлі өзгерту, әсіресе, рулардағы жартылай феодалдар мен ірі байларды жою (тап ретінде) (бұл шараны алдын-ала дайындау және қарастыру арқылы жекелеген экспроприациялауға жол беру)» қажеттігін мақұлдады.

Қазақстандағы кеңес құрылысы ұлтаралық қатынастарды реттеуге қатысты мәселені айналып өте алмайды.

Қазақстан халқының ұлттық құрамы алуан түрлі. Қазақстанда сол кезде 20-ның үстінде ұлт өкілдері өмір сүрген: қазақтар, орыстар, украиндар, өзбектер, қырғыздар, қарақалпақтар, татарлар, тараншалықтар, немістер, мордвалар, белорусстар, түрікмендер, дүнгендер, тәжіктер, т.б. Қазақ халқы Қазақстан халқының 57,5%-ін, орыстар – 19,8%-ін, ал орыстар мен украиндар бірге алғанда – 33,3%-ін құраған.

«Ауылдағы 1928-1929 жылдардағы кеңестерге қайта сайлаулар алдындағы таптық әлеуметтік-экономикалық шаралар барлық ұлт өкілдерінің, әсіресе, кедейлер мен батрактардың қоғамдық-саяси белсенділігінің көтерілуіне және таптық қарама-қайшылықтардың айқындалуына жағдай жасады. 1928-1929 жылдары тап күресінің ұрандары алғаш рет рулық күрес сәттерінен басым болды» [7].

«Егер бұрын байларды саяси оқшаулау сырттан әкімшілік шаралармен жүзеге асырылса, бұл жылдары бай өзіне қарсы батрактардың, кедейлердің, орта шаруалардың ұйымдасқан күшіне тап болды. Кулак, бай және оның қолдаушылары өздері тарапынан үлкен қарсы тұру белсенділігін көрсетті, тіпті ашық бас көтерулерге және террорлық

актілерге (жиналыстарды ашық бұзу, сайлаушыларды қорқыту, өртеу, кісі өлтіру) барды». «Кеңестерді қайта сайлаулардағы еңбекші халықтың белсенділігі бұрынғы сайлаулармен салыстырғанда біршама өсті. Сайлаушылардың есептік жиналыстарға қатысуы 48%-ке өсті, 1927 жылы - 25% болған, әйелдердің қатысуы 10%-тен 28%-ке артқан. Қайта сайлау жиналыстарына сайлаушылардың қатысуы барлық сайлаушылардың 58,7%-ін құрады, ал бұл 1927 жылы 29,8%-ті, оның ішінде әйелдер 43,7%-ті (1927 жылы - 27%) құрады. Барлық ұлттар еңбекшілерінің белсенділігінің артуына алып келген ұлттық біртекті учаскелердің ашылуы және ұлттық біртекті кеңестердің сайлануы болды» деп көрсетеді конференция материалдары [8].

1928-1929 жылдардағы қайта сайлаулар коммунистік партияның ықпалының өсуіне жағдай жасады. БКП(б) мүшелері мен кандидаттарының кеңестер құрамындағы үлес салмағы 7,3%-тен 9,6%-ке өскен. Кеңестер президиумы құрамындағы коммунистер 25%-ті, ал барлық кеңес төрағаларының 38,6%-тін құраған. Кеңестер құрамындағы комсомолдар саны да өскен: 3,7%-тен 7,3%-ке; кеңестер президиумында комсомолдар 11,2%-ті, төрағалар құрамында 8,7%-ті құраған.

Кеңестер құрамындағы ауылшаруашылық пролетариатының үлес салмағы да өскен. Кеңестер құрамындағы батрактар 7,0%-тен 13,5%-ке артқан, батрактар кеңестер президиумы құрамында 14,9%-ті, төрағалар құрамында 16%-ті құраған.

Таза жұмысшы өкілдері жөнінде айтатын болсақ, олардың кеңестердегі үлес салмағы 1,7%-тен 2,4%-ке өскен, президиумдағы жұмысшылар – 3,3%.

Қазақстанның қалалық кеңестеріне келетін болсақ, оның құрамында өндіріс жұмысшыларының үлес салмағы 16,0%-тен 26,9%-ке, жұмысшы-кандидаттар – 1,8%-тен 6,8%-ке артқан. Қалалық кеңестер құрамындағы әйелдердің үлес салмағы 20,8%-тен 23,4%-ке өскен.

Қазақстандағы кеңестер жүйесінің барлық буындарына келетін болсақ, барлық сайланған 97 681 адамның ішінде қазақтар 51 327 адамды (52,4%), орыстар 21 090 адамды (22,4%), украиндар 4 958 адамды (15,3%), өзбектер 1 823 адамды (1,8%), қарақалпақтар 1 599 адамды (1,62%), орыс казактар 1 471 адамды (1,43%), немістер 723 адамды (0,73%), тараншалықтар 623 адамды (0,6%), татарлар 333 адамды (0,34%), түрікмендер 241 адамды (0,24%), мордвалар 225 адамды (0,23%), дүңгендер 86 адамды (0,08%), эстондар 20 адамды (0,02%) құраған [9].

Осылайша, Қазақстандағы кеңес жүйесі кеңес өкіметі органдарында барлық ұлттар еңбекшілері өкілеттігінің қатысуын қамтамасыз еткен.

1929 жылғы қайта сайлау компаниясының жалпы саяси табыстарымен қатар, елеулі кемшіліктері де болды: олар – орта шаруаларға қатысты қателіктер, яғни орта шаруаны сайлау құқығынан айыру, орта шаруалардың бастауыш сайлау комиссияларының құрамына аз тартылуы, т.б.

Кеңестік аппаратты және кеңестік құрылысты жақсарту ісінде 1928 жылдың жазында жүргізілген аудандастыру маңызды роль атқарады.

Қазақстанның 1927-1928 жылдардағы әкімшілік бөлінісі территориялардың шамадан тыс шашыраңқылығымен және әкімшілік бірліктердің шалғайлығымен, әкімшілік бөліністің экономикалық табиғи-тарихи факторларға сәйкестігінің болмауымен сипатталды. Губерниялар мен уездерде шаруашылық дамудың келісілген бағыты болмады, кейбір аудандарды мамандандыру жүргізілмеді, мұның бәрі, әрине, өлкенің өндіргіш күштерінің дамуын тежеді. 1928 жылғы реформаның нәтижесінде Қазақстан бес буынды басқару жүйесінен (ауыл-болыс-уез-губерния-орталық) төрт буынды (ауыл-аудан-округ-орталық) басқару жүйесіне өтті.

Бұрынғы 1 автономиялық облыс (Қарақалпақ) [1930 жылы Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақ АКСР-інің құрамынан шығарылды], 6 губерния, 2 округ,

32 уез, 410 болыстың орнына Қазақстан 1 автономиялық облысқа (Қарақалпақ), 13 округке, 192 ауданға бөлінді.

Қазақстанның 192 ауданының ішінде – 113-і қазақ аудандары (59,1%), 47-і орыс және украин (24,4%), 13 аралас (6,7%), 3 қарақалпақ, 5 өзбек, 2 тараншалықтар, 9 орыс-казак аудандары [10].

3 888 бастауыш ауылдық-селолық кеңестердің ішінен 2199 қазақ (немесе ауылдық-селолық кеңестердің 56,7%-і), 1 209 орыстар мен украиндар (31%), 140 аралас (3,6%), 115 орыс-казак, 64 өзбек, 45 тараншалықтар, 40 неміс, 8 түрікмен, 5 тәжік, 4 дүнген кеңестері бөлінген. Қалған ұлттар өкілдеріне (татарлар, молдавандар, болгарлар, эстондар, чуваштар, мордвалар) 18 кеңес құрылған.

1928 жылғы аудандастыру нәтижесінде, әрине, Қазақстан өндіргіш күштерінің дамуына қолайлы жағдайлар жасалды. Бастауыш кеңестік аппарат еңбекші халыққа жақын болды. Ұлттық біртекті аудандардың құрылуы жергілікті халықтың шаруашылық және мәдени дамуына және, жер жолақтарына бола қалыптасқан кедергілерге қарамастан, ұлтаралық қайшылықтардың жойылуына, жергілікті халықтың кеңес құрылысына тартылуына жағдай жасады. Аудандастыру Алматы, Ақмола, Қарқаралы, Гурьев, Павлодар сияқты әкімшілік-экономикалық орталықтарға және кейбір аудан орталықтарының тез өркендеуіне ықпал етті.

Дегенмен, 1928 жылғы аудандастырудың ірі кемшіліктері де болды. Ол әкімшілік бөліністің ортаңғы буынын ғана қамтыды. Селолық және ауылдық кеңестер желісі мен кейбір төменгі аудандар түгел дерлік өзгеріссіз қалды. Бұл ретте республиканың округтік және аудандық жүйеге өтуі, кеңес өкіметі жергілікті органдарының құқықтарының кеңейтілуі, олардың ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру міндеттеріне жарамсыздығы, міне осының бәрі 1928 жылғы аудандастыру ісінің өзексіздігіне және жаңа жобамен ауыстырылуына алып келді.

«Жаңа аудандастыру жағдайында ұжымдастыру, отырықшыландыру, ірі совхоздардың құрылуына, теміржол, өнеркәсіп өндірісі мен суландыру құрылымдарының құрылысына орай аудандардың жаңғыруы сияқты факторлар толығымен ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, ұлттық біртекті кеңестерді сақтау, рулық ауылдарды жою, олардың орнына шаруашылық-территориялық ауылдық кеңестер құру қажеттіліктері де ескерілуі керек» деп белгіленді [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 10 лет Казахстана. 1920-1930. – Алма-Ата, 1930. – 251стр. С.18-19
2. Сборник по административно-территорияльному делению Казахстана. – Алма Ата, 1959. – 253 стр. С.
3. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 1-Б-қ., 1-т., 52-іс-11 п.
4. 20 лет Казахской ССР. – Алма-Ата, 1940. – 224 стр. С.110
5. АОМА, 1-Б-қ., 1-т., 52-іс-11 п.
6. АОМА, 1-Б-қ., 1-т., 52-іс-12 п.
7. 10 лет Казахстан. 1920-1930. – Алма-Ата, 1930. – 251стр. С.20.
8. АОМА, 1-Б-қ., 1-т., 52-іс-12 п.
9. 10 лет Казахстан. 1920-1930. – Алма-Ата, 1930. – 251стр. С.21.
10. Сборник по административно-территорияльноу делению Казахстана.-Алма Ата, 1959.-253 стр. С.28.
11. 10 лет Казахстан. 1920-1930. – Алма-Ата, 1930. – 251стр. С.23.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗІ

С.Базарбаева, Д.Абатова
Ғылыми жетекші: Г.Б.Қамиева
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының идеясы мен мақсаты, Алаш қайраткерлерінің ұлт тәуелсіздігі мен мемлекеттілігі жолындағы күресі мен қызметтері, зиялылар еңбектеріндегі тәуелсіздік мәселелері және олардың бүгінгі таңдағы Тәуелсіздік идеясымен ұштасып жатуы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік идеясы, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алаш Орда үкіметі.

Тәуелсіздік – ежелден еркіндікті серік етіп, ешкімнің бұйрығынсыз азат өмір сүруді ту еткен қасиетті бабаларымыздың келер ұрпағына сақтаған қасиетті мұрасы. Ғасырлар бойы сан мәрте қолына қару алып, жауға атылған қайсар бабаларымыздың көксегені дәл осы қасиетті тәуелсіздік еді. Қазақ халқы үшін тәуелсіздік қана емес, ол туралы идеяның өзі өте құнды, оған тарих куә. Тәуелсіздік идеясы ертеден келе жатқан, халқымыздың рухани дүниесінің ажырамас бөлшегіне айналған мәселе. Ғасырлар өткен сайын бұл идея жаңғырып, жаңа серпінге ие болып отырды. Қазіргі таңда мемлекетіміз тәуелсіздік алып, әлемдік үрдістегі беделі мен саяси рөлі артып отырған шақта, тәуелсіздік жолында бар өмірін сарп еткен ХХ ғасырдың басындағы шоқ жұлдыздай ұлт зиялыларының пікірін, олардың ел бостандығы мен еркіндігі жолындағы күресі барысында жазылған еңбектерінің маңызын талдау өте өзекті мәселе. Өйткені мемлекетіміздің егемендігі ұлт зиялыларының еңбектерінде боямасыз айтылған тәуелсіздік идеяларымен астасып жатыр. Қарастырып отырған мәселе аясында қалам тартқан зерттеушілер қатары жоқтың қасы. Жекелеген ғалымдардың зерттеулерінде ұлт зиялыларының ел үшін атқарған еңбектері, жазып қалдырған естеліктері жайында жүйелі айтып өтілгенімен, алайда олардың ешқайсысында зиялылар еңбектеріндегі нақты тәуелсіздік идеялары талқыланбаған. Біздің мақсатымыз – ұлт зиялыларының еңбектеріндегі тәуелсіздік туралы идеяларын талдау. Осыған орай, зиялылардың пікіріндегі ерекшеліктерді көрсету, олардың саяси, идеологиялық, тәрбиелік маңызын айқындау болып табылады. ХХ ғасырдың басындағы қазақ жанашырлары бодандық бұғауындағы елінің мұң-шерін терең түсініп, халықты сол зардаптан қайтсем алып шығам деген мүддені көлденең тастады.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын – нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айырылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады. Мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Сахарадай жазық, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалып, ұлт ретінде династиялы өмір сүруімізге – Қазақ Ордасы жәрдемші болды десек, дербес мемлекет құрып, ұлтымыздың рухын көтеріп, саяси элита бір ортаға шоғырланып, тарих

сахнасына шығып, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына Алаш қозғалысы зор үлес қосқан еді [1].

Жоғарыда айтқанымыздай мықты мемлекет болу үшін әскері қуатты, қилы заманды бастан кешкен тарихы қатпарлы, саяси элита да ұлттық партиясы мен ұлттық идеясы ұштасқан, ұлтын бір шаңырақтың астында ұлттық бірігуге ұйымдастырған болуы қажет. Алаш идеясы ұлттық бірігу концепциясына алып келді. Ол тұста қазақтың оқыған, саяси орталықтарда білім алған, мемлекет құрылысын қалыптастыру жөн-жосығын білетін ұлт зиялыларының басы біріктірді. Соның арқасында Алаш идеясы аясында мыңдаған қазақтың басы бірікті. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» атты еңбегінде: «Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес – авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы – «Алаш Орда» үкіметін құрып, ұлттық-аумақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады», - деді.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Тарих – күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын», - дейді.

Зиялылардың еңбектеріндегі тәуелсіздік мәселелері тайға таңба басқандай анық айтылмаған. Олардың бірі елді бірлікке шақыра отырып ұлт болып жұмылуды көздесе, екіншілері халықтың көзіне ілім-білім шамын жағып, оларды қараңғы қапастанз, бұғаулы қамыттан оқу-тоқу арқылы алып шығуды назарға алған. Мәселен, осындай идеялық бағытты ұстанған зиялылар қатарына «Оян, қазақ!» деп атойлап, ұлттық сананы оятуда көш ілгері атанған М.Дулатұлын жатқызуымызға болады. Мәселен ақынның өлеңдеріндегі:

«Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмей өзің кем болсаң,
Меңзеңболмай, талпын, оян, алашым!» - деген шумақтан ел жанашырының терең ұйқыда жатқан қалың қазақ жұртын оқу-білімге үндеп, егемендігімізді алудың ең асыл жолын ұсынғандығын байқау қиын емес. Сондай-ақ, қазақ зиялылары: «Біздің ілгері келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек өнерлі халыққа жалшы болудан басқа ешбір амал қалмайды», - деп «білімсіз күн – кәріп» екендігін тайға таңба басқандай айтады.

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне көзқарас ХХ ғасырдағы қазақ қоғамның ойы үшін ең азапты құбылыстардың бірі десек, шындыққа қайшы келмейміз. Өмірге келгеніне жүз жылдай уақыт өтсе де, осынау қозғалысқа байланысты саяси және теориялық мәселе өз зәрулігін бүгін де жойған жоқ, қайта уақыт талабына сәйкес жаңа мәнге ие болып отыр. ХХ ғасырдың басында қазақтың мемлекеттігін ту етіп көтерген, дербес мемлекеттің тұңғыш рет қалыптасуына күш салып, аз уақыт болса да, мемлекет негіздерін бекемдеген «Алаш» азаматтары еді.

Алаш қозғалысы» дегеніміз – ұлт-азаттық қозғалыс. Оны коммунистік партия шектеп, тар қалыпқа салып, «Алаш» қозғалысы деп атады. Қазақ тарихындағы тұңғыш демократиялық ұлттық ұстанымдағы партия осы «Алаш» партиясы болатын. Бұдан бұрын да, бұған дейін осындай дәрежеде құрылған «Алаш» партиясындай партия болған жоқ. Кезінде Міржақып Дулатовтың 1917 жылдың өзінде жазған бір мақаласы бар. «Ресейде саяси партиялар көп, бірақ олардың біреуінің бағдарламасы біздің халқымыздың мүддесіне сай келмейді. Бізге тура қазіргі тарихи кезеңдегі негізгі мүддемізді, қазақшылығымызды білдіретін, соны қорғай алатын саяси партия керек, оның негізінде ұлт өмірі жатуы керек», - дейді. Міне, «Алаш» осындай негізде, осындай мақсатта құрылған саяси ұйым болатын. Құрылған күнінен бастап Алаш партиясы саяси күреске белсене араласты. Оның мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, буржуазиялық-демократиялық үлгідегі мемлекеттігіне қол жеткізу болды [2].

«Алаш» партиясының бағдарлама жобасын жасауға Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. қатысты. Жоба он баптан тұрды: мемлекет құрылымы; жергілікті бостандық; негізгі құқық; дін ісі; билік һәм сот; ел қорғау; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселесі. Бұл жоба 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен II жалпықазақ съезінде мақұлданды. Алаш партиясы және оның жетекшісі Ә.Бөкейханов Қазан төңкерісінің жеңісін қабылдаған жоқ және Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне қарсы болды. Алаштың басшылары тығырықтан шығудың жолын Қазақстанды автономия деп жариялаудан іздеді. Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қазақ ауматық ұлттық автономия құруға шешім қабылданды. Алашорданың құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймақтары кірді. Осы аталған табиғат байлықтары, жер астындағы және оның үстіндегі барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жариялады. Съезд 25 мүшеден тұратын Уақытша халық кеңесін құрды. Оның құрамына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Е.Омаров, М.Шоқай, Х.Ғаббасов, М.Тынышбаев және басқалары кірді. 15 мүшесін сол жылы сайлап, 10 орынды қазақ арасында өмір сүретін басқа халықтардың өкілдеріне қалдырды [3].

Халқының тағдырын ойлаған Алаш әдебиеті өкілдері таптың емес, тұтас қазақтың қамын жеп, ұлтқа қызмет етудің өшпес те өлмес үлгі-өнегесін көрсеткен айырықша құбылыс. Ол, біріншіден, тарих тағылымына үңілдірсе, екіншіден, Алаш арыстарының діттеген мұрат-мақсаттарына деген адалдық пен саяси ұстанымдарынан бір табан шегініс жасамаған тұлғаларын тануда да үлкен мәнге ие. Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда ерекше нұсқа болып табылады:

«Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам.
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,

Тысына қайшы келген іштен қорқам», - деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобаландарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп таңған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзіннің сара жолыңды ізде деген мұратын алға тартады. Алаш туының асқақ, елдік қасиеттердің баянды болуы үшін әр азамат халқына еңбек етуде имандылық пен құрандай киелі ұғымдарды санасында тоқуы шарт деген талап қояды. Мұның бәрі Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұратымен сабақтасып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелдей түседі.

«Көреміз бе?» өлеңі жалпы Алаш партиясының, Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық танытатын және де осы жолдағы ерен істерді Ғұмардың әрдайым қолдаушы тұлға, қозғаушы ақын болғанын ұғындырады. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз. Тәуелсіздіктің басты сипаты – мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді. Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын, Әдемілеп айқұш-ұйқұш жол салғанын, Еуропаның өнерінен үлгі алғанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе? «Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын, Әрбір істе қазақ исі аңқығанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!

Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз еліннің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес. Алаш қозғалысының тарихи негізгі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түпкірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогресске ұмтылған жалпы халықтық демократиялық қозғалыс еді. Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея болуы керек. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Сондықтан да ұлттық идеяны ұлт мұраты деп қабылдағанымыз дұрыс. Алаш идеясы ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы [2].

Ханкелді Әбжанов былайша ой түйіндейді: «Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни, ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары».

Ұлттық идеяны көтерген қазақ зиялылары Қазақстандағы жердің де, мемлекеттің де иесі – қазақ халқы, ал қалғандары диаспоралар екенін айтумен болды. Қазіргі кезде тарихи отанында жүрген қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей емес. Отанында жүрген қазақтар үшін Қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе, ал шетте жүрген қазақтар жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек жейді. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. Қытайдағы қазақтардың

кейінгі толқыны қытайланып, Түркиядағылар түріктеніп бара жатқаны белгілі. Еуропа қазақтары арасында қазақ тілінің жағдайының жыл өткен сайын нашарлап бара жатқанын, әсіресе жас буынның ана тілін мүлдем білмей ұмыта бастағанын мойындауға мәжбүрміз. Сондықтан мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдырын анықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін бере алады. Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты зұлымдыққа емес, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамуы керек. Олай болмайынша, қазақтың рухы өзінің ішкі бірлігі мен тұтастығынан айырылуы мүмкін. Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді.

Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Алаш зиялысы – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам? – деген өлең жолдарынан үмітін үзбей, қашанда болсын, тәуелсіздікке қол жетіп, бейбіт күннің тууына себепші болатындығы айтылған. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, ерекше құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар осы тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді [4].

Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі барық зиялы қауымы ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек [4].

Қорыта келе, ойымызды Ә.Бөкейхановтың мына қанатты сөзімен аяқтағымыз келеді: «Әр ұрпақ өзіне артқан жүкті жетер жеріне апарып тастауы керек». Аға ұрпақ өздеріне артқан жүкті жетер жеріне толық апарды. Елбасымыз бізге сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің таңын атырды. Ендігі біздің міндетіміз – Қазақстанды көркейтіп, алпауыт елдердің қатарына қосып, тәуелсіздікті нұрландырып болашақ ұрпаққа жеткізу!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы, № 8-11, 2006.
2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 303 б.
3. Дала даналары. – Алматы, 2001.
4. http://e-history.kz/kz/contents/view/631.

ӘОЖ 94 (574)

1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Г. Бурабай
Ғылыми жетекші: Г.Е.Өтесова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада Маңғыстау тарихында ерекше орын алатын, Ресей империясының отарлаушылық тойымсыздығына қарсы тойтарыс беруді мақсат еткен ең ірі, 1870жылы Маңғыстауда болған Иса Тіленбаев пен Досан Тәжіұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептері, жүру барысы және нәтижесі мен тарихи маңызы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік, көтеріліс, реформа, салық, Форт-Александровск.

Тарихи деректерге көз салсақ еліміз тәуелсіздік алғанға дейін туған жер, ел үшін, үш жүзден астам көтеріліс болғанын көреміз. Солардың қатарында 1870 жылы Маңғыстау өңірінде болған көтерілістің орны ерекше. Күні бүгінге дейін бұл көтеріліс өз зерттеушісін күтіп ашылмай жатқан ақтаңдақ тұстарының жетерлік екені баршамызға мәлім. 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісінің өріс алуына ықпал еткен және халықтың бұрыннан буырқанып әбден ширатылып, шегіне жетіп тұрған ашу-ызасын өртке айналдырған оқиға – Маңғышлақ приставында Адай руын басқарудың жаңа ережесін енгізудегі пристив бастығы подполковник Рукиннің бас көзге қарамай еріксіз күштеу әрекеті болды. Ал Рукинге жел берген сол кездегі жоғарғы және төменгі деңгейдегі басшыларБаймамбет Маяев пен Ғапур Калбин еді. Аталмыш көтерілістің тұтануына осы екі билеушінің Орал обылысының басқармасына шақырылуы түрткі болды. Орыс шекара үкіметі оларды 1868 жылғы қазақ өлкесін билеу туралы алынған жаңа ережелермен таныстырды. Бұл жаңа реформа түтін басына 3 сом 50 тиыннан салық жинауды, үй санын дәл есепке алуды, ел билеушілерді сайлап қоюды, уездік соттарды тағайындауды, ру-рудың орнына болыстар мен ауылдарға бөлінуді, паспорт жүйесін енгізуді талап етті. Баймамбет Маяев пен Ғафур Қалбин генерал-губернатор алдында берген уәделерін орындау әрі патша ағзамның сенімді генералының қолынан алған лайықты шен-шекпен мен сыйлықтарына іспен жауап беру үшін жаңа ережені қабылдауға елдің қарсылығы болмайды деп, жоғары жағыларды сендірді [1,2]. Мұндай хабар ел арасында толқу туғызып Маңғыстау қазақтары түгел дерлік атқа қонды.

Маңғыстау приставы подполковник Рукин Маяев пен Калбин сияқты ел басқарушылардың, билердің көмегімен салықты 1869-1870 жылдарға бір-ақ жинамақ болады. Рукин 1870 жылы 15 наурызда көмекші есаул Логинов, Хорунжий Ливкин,дистанция бастығы зауряд хорунжий Маяев,урядниктер Багайдинов пен Макаров, тілмаш зауряд хорунжий Бекшеров, бөлімше меңгерушілері Аманжол Сатыбалдиев, Құлат Орақов, Қосым Мырзабев, Қосшы Ембердиев, Көпей Жүзбатыров, Орақ Жаулинов, Атандық Жұмаболов, молда Бура Есенаманов және 5 қызметші қазақ, 38 казактан тұратын конвой командирі хорунжий Ливкин, қарулары әрқайсысының 40 196 патроны бар винтовка, көліктері 36 түйе, 45 күндік жол азықтарын алып салық жинауға шықты. 1870 жылы 24 наурызда сағат 5-те көтерілісшілер Үшауызда Рукин тобын қоршады. Рукин алға урядник Багайдиновты бас етіп 5-6 казакты жібереді. Қазақтар Багайдиновты қылышпен шауып өлтіреді. Жан-жақтан қаруланған Рукин отрядына бірінші Досан бастаған топ, содан кейін Алғи, Иса, Орақ, Дихан бастаған 4 топ төрт жақтан бір мезгілде шауып көзсіз ерлік көрсетті. Тұтқиылдан жасалған бұл шабуылға патша солдаттары мылтықты болуларына қарамастан ешбір қайрат жасай алмады. Рукин қолға түсу қаупі туған кезде өзін-өзі атты. Ереуілдің нәтижесі подполковник Рукиннің, оның жәрдемшісі Баймамбет Маяевтың және 17 казак,1 урядниктің өлімімен аяқталды [2,2]. Үшауыздағы жеңіс көтерілісшілер үшін үлкен жеңіс болып көрінді. Үшауыздағы жеңіс қанаттандырған көтерілісшілер жаңа шешуші шайқасқа даярланды. Бұрын жеңілместей көрінетін орыс әскерінің де сүйек,еттен жаратылған, оған да қылыш, найза өтетінін көріп, қаһарға мінді. Рукинге көмеккке келе жатқан есаул Колесников қолының Сарытастан қорқып кері қайтуы да жігерлендірді. Бүкіл елге көтерілісшілердің атақ-даңқы жайылып, ереуілшілер тобының көбеюіне едәуір ықпал жасады. Ауылдан ауылға көтерілісшіер тобын көбейтуге беделді адамдардан ұйымдастырушылар жіберілді. Сәуір айының басында көтерілісшілердің жалпы саны 10.000-ға жетіп жығылды. Бұл күш ереуілшілерге үлкен шабыт беріп, қанаттандырып оларды рухтандырды. Көтерілісшілер Таушық, Ұланақ, Сарытас, Ақшұқыр, Тортының ойларына топтастырылды [3,3]. Әр қолдың басында өз батырлары, билері тұрды. Сарбаздардың азық-түлігін, көлігін керек жарағын өз рулары көтереді. Хабар жеткен ауылдардың қару ұстауға жарайтын ер азамматары бар қаруын алып, жоғы сойыл, қырағашын тақымына басып, дойыр қамшыларын білеп, топ-тобымен келіп қолға қосылып жатса, ел арасындағы ұсталар тез қылыш, найза соғып көтерілісшілерге көмектеседі. Алғашқы жеңіс нәтижесінен қуат алған көтерілісшілер енді Сарытастағы балықшылар қонысын қиратып оны өртеп жібереді. Бейбіт 21 орыс балықшылары қарсыласамыз деп босқа опат болды. Сарытаста қолға түскен балықшы қайықтары да әжетке жарап, қайықтардан кіші флотилия құрып теңіз бетті торуға кіріседі. Көтерілісшілер 1 сәуір күні ФортАлександровскіге аттанды. 2 сәуірде олар Николаевскі поселкасын талқандап, 87 үйді өртеп, 8 штаб-офицерді, 4 обер- офицерді, 2 урядникті 38 казакты тұтқындайды. Бұлардың ішінен кейін 2 обер-офицер, 2 урядник,17 казак өлтірілді. 1870 жылы 5-сәуірден – 9-сәуірге дейін көтерілісшілер Форт-Александровскіні қоршайды. Қазақтар маяк пен 40 үйлі селоға, жағада жүк тиеулі кемелерге шабуыл жасап өртеп жібереді. 5 сәуірде көтерілісшілеро жеті матросымен қараушысы бар жоғарыдағы маякқа шабуыл жасады [4,3]. 5-сәуірден 9-сәуірге дейін көтерілісшілер ФортАлександровскіні қоршауға алса да, қарапайым құс мылтықты, найза, қылышпен жарақтанғандықтан соғыс техникасымен қаруланған аздаған орыс әскерінің күшін жоя алмады. Адам санының басымдығына соғыс техникасының басымдығы төтеп берді. Оның үстіне орыстардан қырғыздар не ілгері, не кейін жүруге мүмкіндік бермейді, шұғыл түрде 20 казакпен бір зеңбірек комплект патронымен жібер деген хабар алған бекініс капитаны Зелиннінің Астраханға жіберген жедел хабарының нәтижесінде 9 сәуірде фортқа 2 зеңбірекпен жарақтанған 2 рота жаяу әскер пароходпен

келіп, бекіністің қорғаныс күшін нығайтады. Осыған қарамастан көтерілісшілер жеңістен күдер үзбей 20 сәуірде Форт-Александровскі бекінісіне қайтадан шабуыл жасайды. Бірақ өкінішке орай бұл кезде бекіністі қорғауға жан-жақтан келген қарулы әскер мен зеңбірек оқтарына көтерілісшілер шыдап тұра алмады.Оның үстіне майор Зелениннің алғашқы мәлімдемесі теңіздің арғы бетіне барып жетісімен телеграф арқылы форт хабары әрі асты. Қалыптасқан дәстүр бойынша бұл хабар әуелі Кавказ әскери округінің қолбасшысына, патшаның Кавказдағы наместнигі ұлы князь Михаилге, одан соғыс министріне генерал адьютант Милютин 12 сәуір күні Кавказ армиясының қолбасшысына төмендегідей жеделхат жолдады. «Маңғыстаудан келген соңғы хабарға қарағанда ондағы жағдай тым шұғыл шешімді шаралар алуды қажет етіп тұр. Патша ағзам онда жіберілген отрядты әсіресе атты әскермен күшейту қажет деп есептейді. Олай қарай тайланған пішен жіберудің мүмкіндігі барма. Маңғыстауға қатысты барлық істі тек,ұлы мәртебелім,өзіңізге жүктеледі.Өзіңіз мақұл деп тағайындаған адамға Маңғыстау уезін түпкілікті тапсыру жөнінде генерал Крыжановскиймен телеграф арқылы сөйлесуге мархабат етіңіз» [5, 3]. Ген адьютант Милютин Кавказдағы патша өкілі Михаил тез арада Терек казактарының жүздігін атқа қондырып Петровск портына жөнелтті. 8 сәуір күні осы форттан линиялық 197 батольонның екі ротасы 2 зеңбірегімен « Түрікмен» пароходына отырды. Соның артынша Астрахань губернаторы мен Орынбор губернаторы Крыжановскийден Маңғыстау бүлігінің жалпылық сипат алып кетпеуі үшін тез әскер жібергелі жатқандары туралы хабар түсті. 10 сәуір күні Шах пароходымен атқыштар батольонының роталары аттанды. Жаңа жасақталған отряд бастығы етіп Михаил бас штабтың полковнигі граф Кутайсовты тағайындады. Оған және Маңғыстау приставтығының міндеті, барлық әскерге қолбасшылық, «Түрікмен», «Шах» басшылық сияқты төтенше өкілдік берілді. 9-сәуірде Маңғыстауда көрінген жазалаушы отрядттың бұл басы еді [6,3]. Михаил бұл әскердің артынан тағы Дағыстан атты әскерінің бір жүздігін, атқыштардың екі ротасын, жоғарыдағы Терек казактарының жүздігін де Маңғыстауға жіберуге дайын қылды. 15 сәуір күні олар аталған кемелерімен жолға шықты. Сәуірдің аяғында Дағыстаннан тағы бір жүздік,терек казактарынан бір жүздік жасақталып алдыңғысы Маңғыстауға, соңғысы Красноводскіге жіберілді. Михаил бұларға қосымша өзінің адьютанты полковник барон Мейендорфты да Маңғыстауға іс-сапармен жіберді.Сөйтіп Кавказдан Маңғыстауға әскер жеткізу шығыны қазынаға 400 мың сомға түсті. Маңғыстаудағы көтерілісті басуға Орынборда өз үлесін қосты. Орынбор-Жем бойындағы бекіністі күшейту үшін қосымша әскер күшін шығарды. Осылайша Маңғыстау әскер қоршауында қалды. 1870 жыл мамыр айы көтерілісшілер үшін қаралы да қайғылы ай болды. Көтерілісшілер жазалаушы отрядының қуғындауына ұшырады. Оңтүстігінде Красноводскінің, солтүстігінде Орынбор округінің батысында граф Кутайсовтың отрядтары ауылдарды шауып, малдарды топ-тобымен айдап алды. Көтеріліс жанышталды. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін елдің басып көшуі кең етек алды. Досан бастаған 3000 үй адай 1870 жылдың желтоқсан айында Хиуа жеріне өтіп кетеді. Ауа көшіп барған қазақтарды Хиуа ханы қоныстандырады. Досанға ерген үш мың үйді Көнеүргеніш пен Хиуаның арасына орналастырды. Досан Хиуа жеріне өтіп кеткенмен, қолға түскен 1874 жылға дейін отаршылдарға қарсы күресін бір сәт тоқтатпаған. Хиуа мен Аралдың,Үстірт пен Сам құмының, Ақтөбе мен Доңызтау, Аяққум, Шалқар, Ойыл мен Жем бойында патша отрядымен әлденеше рет қақтығысқа түскен. 1873 жылы тамыздың басында Александровскі Фортының пристав бастығы генерал Н.П.Ломакин бастаған патшалық Ресейдің басқыншы әскері Хиуа хандығын да бағындырады. Хиуаны бағындырғаннан кейін патша әкімшілігі баяғы әдісіне салып бір халықты екіншісіне қарсы қоя бастады. Хиуалықтардың орыс отаршылдарына бас көтererлік қауқары жоқтығын түсінген

Досан Тәжиев Маңғыстауға қайта оралып өзінің бұрынғы серіктерімен байланыс орнатып, оларды қолға қару алуға шақырды. Бірақ Маңғыстау қоршауда қалған болатын. Үш айы бойы патша әскерлері Маңғыстаудан кетпеді. Орынбор генерал губернаторы Н.А.Крыжановский әскери министр Милютиннің бұларды келістіріп жазалау керек деген нұсқауына сай көтерілісшілерді қудалаудан аянған жоқ. 1870 жылғы көтеріліс жеңіліске ұшырады. Көтеріліс қатысушыларды жазалау басталды. Дағыстан облысы әскери штабының обер-аудитор прокуроры, кеңесші Карачевтің, Темірхан-Шора әскер басшының аудитор іс жүргізушісі, лауазымды кеңесші Прилисийдің қатысуымен Форт-Александровскі әскер басшысы, подполковник Архангельскийдің басқаруымен сот ісі 1876 жылы 8 наурызда басталып, 12 наурызда аяқталады. Тексеру барысында жинақталған 5 томдық 110 парақ құжат бойынша Досан бастаған көтерілісшілердің тағдыры басаяғы 4 күнде шешіледі. Далалық әскери-сот Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетовты 10 жылға каторгіге жер аударуға, Тілеуберген Орақовты дарға асуға, Дихан Өтеповты, Шурен Имановты әскери сотқа тартуға, Демесін Жиенбаевты, Әлібай Сүтімбаевты, Өтеген Итемгеновті Сібірге әкімгершілік жолымен жер аударуға үкім шығарды. Қарасай Мыңбаевтың ісін ол Досан туралы дереу беруден бас тартқандықтан және Горячинскідегі қанды оқиғаны тексеру ісі әлі аяқталмағандықтан Орал облыстық бастығының шешіміне қалдырады. Кінәлері жеткілікті дәлелденбегендіктен Табан Досанов, Жарас және Жаманбала Тәжиевтер қоғамдық бақылауға берілсін делініп, ал Табынай Бегешев пен Шолтан Досанов қылмысты істен ақталды, Табынай Бегешевті тұтқыннан, ал Шолтанды кепілдіктен босату туралы үкім шықты [7,1]. Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетов 1870 жылғы көтерілісшілердің басшысы болмағандығы және оның 1873 жылғы Хиуа экспедициясына өз еркімен келіп қатысқандығы ескеріліп, империя губерниясының алыс түкпірінің біріне 7 жылға жер аударуға, Дихан Өтепов, Шурен Иманов көп уақыт тұтқында отырғандықтан олардың ісін әскери сотқа бермеу, олардың өздерін империяның алыс түкпіріне 5 жылға әкімгершілік шарамен жер аудару туралы, Демесін Жиенбаев, Әлібай 198 Сүтімбаев, Табан Досанов, Жарас Тәжиев, Табынай Бегешев және Шолтан Досановтар жөніндегі Далалық әскери соттың үкімімен келісу жайында бұйрық шықты [8,1]. Көтеріліс кезіндегі және онан кейінгі көтеріліске қатысқандардың келтірген зияндары мен шығындары айыпкерлердің дүние-мүлкі есебінен төленсін, егер олардың мал-мүлкі ол шығындарды өтеуге жетпесе, онда олардың ауылы, не руы есебінен өндірілсін деген шешім қабылданды. Осылайша Маңғыстау көтерілісі жеңіліспен аяқталды. Маңғыстаудағы көтерілісте антифеодалдық сипат әлсіз болды. Оның бір себебі адайлықтардың өзге аймақтардан алшақ орналасуына орай олардың арасында рулықпатриархалдық құбылыстар әлі де болса күшін сақтап қалған еді. Сонымен, көтерілісшілер жеңіліс тауып, аяусыз басып жаншылды.

Көтерілістің жеңіске ұшырауының да заңды себептері бар. Көтерілісшілердің сенімді тылы болмады, экономикалық базасы да жоқ еді. Көтерілісшілер ауылдарынан қол үзіп кете алмайтын. Олардың шегінетін жалғыз жолы-патша әскерлері тұрақты басып ала қоймаған жартылай шөл аймақ Үстірт болатын. Көтерілісшілерде алдын ала ойластырылған саяси бағдарламада болған жоқ. Тарихта болған 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісі шын мәнісінде тек Маңғыстау өлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас көтеруі емес, бұл сонымен қатар,бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыздығына қарсы тойтарыс беруді мақсат еткен ең ірі де, ең ақырғы да айқас болатын. Өйткені мұнан кейін Ресей патшалығының отарлық құрығына амалсыздан мойынсұнған бүкіл қазақ ұлысында бұдан әрмен қарай ел болып көтеріліп, зеңбіректі әскермен айқасардай қайрат қалмаған еді. Олай болса бір жарым ғасыр бойы жартылай тәуелсіз бодан болып өмір кешіп келген елдің сол күйінен айырылып қалмауды мұрас біліп, тұяқ серпер ақырғы айқасының бүкіл ұлт тарихында

ерекше орны болуы заңды. « Ол көтеріліс патша үкіметінің бір жарым ғасыр әзірленген Каспийден арғы аймақтарды жаулап алудың кең қарымды жорығына ең бірінші болып қарсылық көрсетті. Тек Қазақстанның ғана емес, іргедегі Хиуаның, күллі Орта Азияның отарлануына бөгесін болғысы келді. Қазақ даласындағы барлық көтерілістің ішінде бұл көтерілісті басып-жаншуға патшалы Ресей ерекше көп күш салды. Күллі Кавказдан, Еділ бойынан әкеліп әскерлер төкті. Қуатты империяны соншама дүрліктірген бұл оқиға мен оның орталық тұлғалары, әрине жаңа тарихи санамызда айрықша мазмұнға ие болмақ», деп Әбіш Кекілбаев жазғандай, шын мәнінде бұл көтеріліс тарихымыздың төрінен лайықты орнын алуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. // Ақиқат. 1996, №3.
2. Маңғыстау энциклопедиясы 1997.
3. Спан Ә. Иса Тіленбайұлы: Тарихи танымдық баян. – Алматы: « Нұрлы әлем».

ӘОЖ 94 (574)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ ЕРАЛИЕВ ІСІ БОЙЫНША ҚУДАЛАНҒАНДАР

А.Бисенова
Ғылыми жетекшісі: Н.А.Жумамуратов
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Кеңес Одағының тұсында жүргізіген қуғын-сүргін және Маңғыстау өңіріндегі қуғын-сүргіннің бастамасы болған «Ералиев ісіне» арналған. Мақалада Маңғыстауда қуғын-сүргіннің бастамасы болған «Ералиев ісіне» тарихи тұрғыдан талдау жасалып, өлкедегі алғашқы қуғын-сүргіннің өңірге алып келген зардаптары туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, Ш.Ералиев, қуғын-сүргін, адай огругі, партия.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жыл 29-мамыр «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күнінде жолдаған Үндеуі өлкетанушылар мен тарихшылардың алдына жаңа міндеттерді белгілеп берді. Үндеуде: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршамыздың перзенттік борышымыз» деген болатын [1].

ХХ ғасыр қазақ тарихында аласапыран дәуір болып, небір асыл ұл-қыздар репрессия құрбаны болды. 3 миллион адам қырылған қуғын-сүргін ақиқаты әлі толық ашылған жоқ. Мемлекеттік архивтер қорында сақталған құжаттарды зерттеу-заман талабы. Сондықтан мемлекет басшысы: «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырдым» деп, қуғын-сүргін дәуірін терең зерттеуге бағыт берді. 2020 жылдың 24 қарашасында Президент Жарлығы бойынша «Саяси репрессиялар құрбандарын толық ақтау» туралы Мемлекеттік комиссия құрылды. Осы бағытта Маңғыстау облысында да көптеген жұмыстар атқарылуда. «Маңғыстау облысы әкімдігі

жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия» құрылып, нақты жұмыстар атқарылуда [2].

Әсіресе, 1920 жылдардың соңында Маңғыстау түбегін шулатқан «Ералиев ісі» бойынша қудаланғандарды іздеу жұмыстары жалғасуда. Біз бүгін мақаламызда осы мәселеде өз ойымызды білдірмекпіз.

Шабден Ералиев ісі бойынша алғашқы зерттеу жұмыстарына Жауғашты Нәбиевтің «Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж.» [3, 3 б.], «Азалы кітап» жинағы [4, 3 б.], Тобанияз Әлниязұлы «Тағдыр» [5, 2 б.], Әбілқайыр Спановтың «Тоқабай Құрмаш» [6, 3 б.], сынды т.б деректі еңбектерді айтамыз.

«Ералиев ісі» бойынша қудаланғандар тарихына тоқталмастан бұрын өлкедегі алғанқы қуғын-сүргіннің басталуына тоқталып өтейік. 1920 жылы 26 тамызда Бүкілодақтық атқару комитеті Халық комиссарлар кеңесінің «Қырғыз АССР-ін құру туралы» декреті негізінде Закаспий облысында I Маңғыстау съезі шақырылып, Қазақстан территориясына ену туралы шешім қабылданды. 1920 жылдың 4 қазанда Бүкілқазақстандық I съезд Маңғыстау уезін Адай уезі деп жариялады [3, 81 б.]. Сол жылдары Маңғыстау түбегін революциялық комитетінің төрағасы Тобаияз Әлниязұлы басшылық етті. Бірақ Тобанияз Әлниязұлы басқарған Адай ревкомы мен орталық өкімет арасындағы қарым-қатынас дұрыс бола алмады. Себебі үкімет пен партия, ОГПУ органдары Адай даласында пролетариат жоқ болғандықтан, кеңестік органдар жау элементтердің қолына көшті деген күдікте болды. ОГПУ органдары Т.Әлниязов, М.Атанов, С.Балқиев және тағы басқа 85 адамның үстінен іс қозғап, жауапқа тартуға кірісті. Бұлардың ішінде партия мүшелері де бар еді. Негізгі елдегі көтеріліске басты себеп болған оқиға 1922 жылы күзде 20-21 жастағы жас жігіттерді қызыл әскер қатарына шақыртуға заңды қарсылығы болды. Наразылық нәтижесі ревком мүшелері мен беделді азаматтардың әскер қатарына қазақтарды алуға қарсы болып, астыртын жиын өткізді. Жиында әскери комисар Стребляков пен ревкомның саяси бюро бастығы Рыбоследовты тұтқындау туалы шешім шығарады [7].

Елдегі ретсіздік және халық пен беделді тұлғалардың наразылығы ушыға түсті. Кеңестік билік мақсаты Адай уезіндегі толқуды, күшпен және қарсы тұрған жекелеген азаматтаға жалған айып тағып репрессияға ұшыратпақ болды. Осылайша өлкеде «Ералиев ісі» деген атпен белгілі қуғын-сүргін басталды.

Шабден Ералиев – 1889 жылы Шу өзенінің бойында дүниеге келген. Қоғам қайраткері. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан. 1911-1915 жылдары Түркістан жер шарушылығы училищесін, 1915-1917 жылдары Ташкенттегі орыс-қазақ училищесін бітірген. Еңбек жолында бірнеше жоғарғы лауызымдарда болған. Ең алғаш Сарысу ауданының аумағында ауыл шаруашылығы санағын жүргізетін мекемеде тіркеуші болған. Ұзамай болыстық жер бөлімінің меңгерушісі, одан соң аудандық милиция бөлімінің бастығы міндетін атқарды. 1919 ж. Түркістан майданы саяси басқармасының инспекторы болды. Сол кезде ішкі істер халық комиссариаты курсына оқуға жіберілді. 1921-1923 жылдары Түркістан милиция басқармасының инспекторы, 1923-1925 жылдары Ақмола уездік милиция бөлімінің бастығы, Ақмолы губкомы бөлім меңгерушісінің орынбасары, губкомның бюро мүшесі болды. 1925-1928 жылдары Ақмола уездік аткомда әкімшілік бөлімінің бастығы, атком төрағасы болып істеді. 1928 жыл 2 қарашада Маңғыстау облысындағы Адай округтік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады [3, 126 б.].

Орталықтың өкілі ретінде Шәбден Ералиев 1928 жылдың қазан айында Форт-Александровскіге келді. Тапсырмасы - округтік I-партия конференциясына Маңғыстау аудандық партия ұйымынан делегаттар сайлау. Алайда Маңғыстау аудандық партия конференциясында форттағы партия ұйымының мүшелері Ш.Ералиевтің округтік партия конференциясына ұсынған кандидатураларын өткізбей тастайды. Бұл туралы 31

қазанда Форттан окружкомға Ш.Ералиев мынадай радиохот жалдаған: «...Конференция резко настроена. Мои речи избращались, имеются сведения, что мною хотят расправиться, причисля к группе «16» ... Рекомендованные окружкомом секретарь райкома и другие не проведены. ... Считаю необходимым окружной конференции отложить... Иралиев» [4, 8 б.].

1928 жылы қазан айының аяғында Фортта аудандық партия комитеттерінің конференциясы өтеді. Онда Ойылда өтетін конференцияға делегаттар сайланды. Бұл дау-дамаймен өтті. Ақыры делегаттар су жолымен Гурьевке бет алады. Іштерінде Ералиев те бар. 4 күннен кейін Фортқа Ералиев жолшыбай суға кетті деген хабар жетеді. Ол өлімді жұрт сан-саққа жүгіртіп ала жөнеледі. Ақыры 8 қараша күні халық тергеушісі Көшбай Аманиязов аудандық атқару комитетінің төрағасы Қойсары Сарықожаевтың ұсынысы бойынша РКФСР ҚК-нің 110-бабын басшылыққа ала отырып, Ш.Ералиев өліміне қатысты тараған қауесетке байланысты тергеу ісіне кіріседі [3, 127 б.].

Осы кезден бастап Адай огругінің басшы қызметкерлерімен қатардағы еңбек адамдарының үстінен іс қозғала бастады. 1929 жылдың 19 ақпанында әуелі 10, артынан 6 адамға Ералиевті ұйымдасып өлтіргені үшін деп атуға үкім шығарды. Олар Шымыров Жұмалы, Айболатов Баймұқан, Ізмәмбетов Жетімек, Көбеев Қалдыбай, Ешімов Әбілхан, Шабаев Жөке еді. Жарты жылдан кейін ол үкім бұзылып, 10 жыл түрме жазасымен алмастырылды. 4 адам – Имашов, Айболатов, Ізмәмбетов, Көбеев – бұл өзгерістен бұрын түрмеде өлді. Әуелі 10 делегат ғана сотталғанымен, Әлниязұлы Тобанияз бастаған қалған делегаттар да жауапкершіліктен құтыла алған жоқ. Оларға «Бұрынғы Адай округінің байларының, саудагерлерінің, баяғы патша өкіметінің қызметкерлері мен кеңес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы туралы» деген атпен жала жабылып, қылмыстық істер кодексінің 58-бабының 2-тармағы бойынша қозғалған осы іс бойынша жалпы 70 адам тұтқынға алынды [5, 10 б.].

Бір жылдан кейін денесі теңізден табылған Ералиев қастандықпен өлтірілген деген медициналық сараптау қорытындысының негізсіз екенін КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы 1958 жылғы 8 наурызда анықтап, сотталғандардың қимылында қылмыстық құрам болмағандығын дәлелдеді. Кезінде атылып кеткен Әлниязов, Жұбаев және т.б. ісі Қазақ КСР Жоғарғы сотының 8.2.1962 ж. және 26.4.1990 ж. шешімдерімен тоқтатылып, өздері ақталды. Алайда «Ералиев ісі» Маңғыстаудағы халық наразылығына тежеу бола алмады. Күштеп ұжымдастыру мен 1931 - 32 ж. ашаршылық қаупіне байланысты бұл іс Адай көтерілісіне ұласып кетті. Кезінде Ералиев есімі берілген аудан мен ауыл аты 90-жылдары өзгертіліп, Қарақия ауданы (орт. Құрық) деп аталды [3, 128 б.].

«Ералиев ісі» бойынша репрессия құрбаны болып, жазықсыз айыпталған адамдардың тарихы жан-жақты зерттеу жүргізуді талап етеді деп ойлаймыз. Өйткені, ел басына іс түскенде елімен бірге болған асыл азаматтардың есімін ұмытпай, жылдар бойы жаңғыртып, ұрпақ санасынан өшірмеу – біздің басты борышымыз деп білеміз. Бұл зұлматтың сырын ашуда алдағы уақытта жұмыстар жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күніне байланысты Үндеуі // Ақорда. – 31 мамыр 2021 ж. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-baylanysty-undeui-3042646

2. Кенжебек Сержанұлы. Жазықсыз жапа шеккендер толық ақталуы тиіс. // Маңғыстау газеті. – 23 қыркүйек, 2021 ж. № 5.

3. Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010.
4. Азалы кітап. Расстрельные списки. Выпуск 3. Мангистауская область. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998.-199 с.
5. Тағдыр. Тобанияз Әлниязұлы. – Ақтау, 1995.
6. Әбілқайыр Спанов. Тоқабай Құрмаш. – Ақтау, 1994.
7. Эльвира Абланова. Маң даладағы қуғын-сүргін // Егемен Қазақстан. – 5 қараша 2020 ж. URL: https://egemen.kz/article/254863-manh-daladaghy-qughyn-surgin

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

А.Тиркешова
Ғылыми жетекші: Л.Н.Исаева
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада Қазақстандағы 1920 – 1930 жылдардағы социализм құру ісінің негізгі бағыттарының бірі болған индустрияландыру саясаты кезіндегі жұмысшы табының қалыптасуы, оның құрамы, ұлттық жұмысшы кадрларының пайда болуы туралы сөз болады. Сондай-ақ жұмысшы табын қалыптастырудағы жетістіктер мен кемшіліктер де қарастырылады.

Түйінді сөздер: социалистік индустрияландыру, жұмысшы табы, ФЗО, ұлыдержавалық шовинизм, ұлттық кемсітушілік.

1922 жылы құрылған КСРО-да социализм құру ісінің бір бағыты – индустрияландыру болды. Социалистік индустрияландыру саясатына өту туралы шешім 1925 жылы желтоқсандағы БК(б)П-ның XIV съезінде қабылданды. 1926 жылдан бастап ел жедел индустрияландыруға көшті. Индустрияландыру – ауыр өнеркәсіпті дамыту, техникамен жабдықтау арқылы халық шаруашылығының барлық салаларын дамыту, зауыт, фабрикаларды салу. КСРО басшысы И.В.Сталин: «КСРО-ны машиналар мен жабдықтар әкелетін елден, оларды өз бетінше шығаратын елге айналдыру» деп тұжырымдады. Қазақстан мәскеулік билік органдарының шешімі бойынша жедел индустрияландырудың негізгі аймағы болды. Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде лениндік индустрияландыру саясаты республикалардың ұлттық ерекшеліктерін қатаң ескерді деген пікір басым болды. Бірақ, большевиктер партиясының басшылығымен жүзеге асырылған елді индустрияландыру саясаты ұлттық аймақтар, оның ішінде, Қазақстан үшін отаршыл бағытта болды.

Дегенмен Қазақстан 1926 – 1940 жылдардағы индустрияландыруды жүзеге асыру барысындағы қиыншылықтарды жеңе отырып, жұмысшы табының, инженер-техникалық кадрлар, еңбекшілердің еңбегі арқасында біраз нәтижелерге қол жеткізді: Қазақстан аграрлы елден индустриялы-аграрлы елге айналды, өнеркәсіп басым салаға айналды, қалалар өсті және республика халқы құрамында қала халқының үлесінің көбейді, жұмысшы табы, әсіресе, оның ұлттық кадрлары қалыптасты, сондай-ақ халық құрамындағы т.б. әлеуметтік-демографиялық өгерістер.

Социалистік индустрияландыруды жүзеге асыру барысында Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасу процесі жалғасты. Оның өзегі өнеркәсіп жұмысшылары болды. Республика жұмысшыларының ¾ бөлігі оған социалистік индустрияландыру

жылдарында қосылды. Бұлар – кешегі кедейленген қазақ шаруалары, қолөнершілер, майдангерлер, Қазақстанға басқа республикалардан келген жұмысшылар, шаруалар еді.

1930 жылдардың басында жұмысшылар қатарын толықтыру формаларының бірі ретінде, фабрика-зауыт оқыту мектептері (ФЗО) жүйесі жұмыс істей бастады. ФЗО мектептері Риддерде, Ембімұнайда, Алматы шұға фабрикасында, Түрксіб құрылысы жанында болды. Кәсіптік-техникалық мектептерінің көпшілігі тау-кен және металлургиялық өнеркәсіп жұмысшыларын, ал Алматы, Шу, Жамбыл, Аягөз, Жаңасемей, Түркістан, Қазалы, Шалқар, Ақтөбе, Петропавл, Қарағанды т.б. стансалардағы ФЗО мектептері кәсіби маман теміржолшыларды даярлады. 1936 жылы түлектер саны 5 мыңнан асты [1, 100].

Ұлы Отан соғысы қарсаңында жұмысшы табын толықтырудың басты формасы коммунистер мен комсомол мүшелерін республиканың ірі құрылыстарына жұмылдыру шаралары жүзеге асырылды.

ФЗО мектептері өздері үшін жұмысшылар даярлайтын жекелеген кәсіпорындардың құзырында болды, ал өзінің ФЗО мектебі жоқ жаңа құрылыстар мен кәсіпорындар маман кадрларға зәру болды. Сондықтан 1940 жылы 2 қазанда «КСРО-ның мемлекеттік еңбек ресурстары туралы» жарлықпен елдегі жұмысшыларға кәсіптік-техникалық білім берудің жаңа мемлекеттік жүйесінің негізі салынды. Жарлық бойынша, қолөнер және темір жол училищелері мен фабрика-зауыттық оқыту кәсіптік-техникалық білім берудің жаңа жүйесінің негізгі оқу орындары болып табылды. Училищелерге жалпы білім беретін мектептің төртінші сыныбы көлемінде және одан да жоғары білімі бар жастар, ал ФЗО мектептеріне білім деңгейіне шек қойылмай қабылданды. Училищедегі оқыту мерзімі 2 жыл, ФЗО мектептерінде 10 ай болып белгіленді. Училище түрлі кәсіптің маман жұмысшыларын: электрші, металлург, химик, тау-кенші, мұнайшы, машинист, машинист көмекшілерін, паровоз бен вагондар жөндейтін слесарьларды, жол жөндеу жөніндегі бригадирлерді даярлады. Фабрика-зауыттық оқыту мектептері көп бейінді кәсіпкерлерді, көмір, тау-кен, металлургиялық, мұнай саласы мен құрылыс жұмысшыларын тәрбиеледі.

100-ге дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар саны азайып, 100-ден 500-ге дейін, 500 және одан көп жұмысшысы бар кәсіпорындар саны артты. Республикада 3-5 мың адам жұмыс істейтін ірі кәсіпорындар пайда болды: Риддер полиметалл комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Ащысай полиметалл комбинаты, Қарсақбай комбинаты, Қарағанды көмір алабы, Ақтөбе химия комбинаты, Семей және Петропавл ет комбинаттары, Гурьев балық-ет комбинаты, т.б.

Қазақ қыздары мен әйелдері Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне және өндіріске кеңінен тартыла бастады. 1927 – 1936 жылдары халық шаруашылығындағы кадрлардың ¼-нен астамы (26,6%) әйелдер болды. Олар негізінен тұтыну заттарын өндіретін, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, ауыр өнеркәсіптің полиграфия, құрылыс материалдарын өндіру, тас көмір өндіру салаларында да жұмыс істеді. Қазақстан жұмысшыларының құрамында жастардың саны мен үлесі өсті. Олар полиграфия, тамақ, мұнай өндіру, темір жол салаларында істеді. Сөйтіп, КСРО-ны индустрияландыру жағдайында Қазақстанда жаңа жұмысшы табы қалыптасты. 1926 – 1937 жылдары жұмысшылар мен қызметшілер саны Қазақстанда 4,6 есе өсті, 1926 – 1940 жылдары өнеркәсіп-өндіріс қызметкерлері саны 7,7 есе өсті [2, 422].

Алайда Қазақстанның жұмысшы табын қалыптастыруда жетістіктермен қатар кемшіліктер де болды. Жастардың көбеюімен байланысты, жұмыс күшінің тұрақсыздығы пайда болды. Жұмысшылардың білім, кәсібилік деңгейі де жоғары болмады. Бұл жағынан Орта Азия республикаларынан алда болғанымен, жалпы КСРО деңгейінде алғанда төмен болды.

Құрылыстар мен кәсіпорындарда көптеген тәртіп бұзушылықтар, жұмысты ақсату фактілері орын алды. Еңбек жағдайы ауыр, оның аз бөлігі ғана механикаландырылған еді. Техникалық нормалар сақталмады, негізсіз қарқын қудалау орын алды. Жұмыста жарақат алу жалпылама сипат алды. Тұрмыс жағдайы өте қиын, өмірге қажетті ең қарапайым нәрсенің өзі тапшы болды. Көптеген құрылыстарда түрмедегілердің еңбегі пайдаланылды. Жұмысшылардың ішінде кездейсоқ келгендер, ыза-кегін ішіне бүккен адамдар, берекесіз жеңілтектер, пайдақор сұғанақтар мен жалқаулар аз болған жоқ. Қолайлы жағдай туғанда олар әкімшілікпен, жергілікті тұрғындармен арада жанжал тудыруға бейім тұрды.

Жергілікті халықты жұмысқа қабылдау тәртібі оңайлатылды: олар кәсіподақ мүшелеріне теңестіріліп, бірінші кезекте қабылданды. Жергілікті халықтан маман жұмысшыларды даярлаудың бір жолы ірі дамыған орталықтардың ұқсас кәсіпорындарына үйренуге жіберу болды. Қазақ жұмысшылары Москва, Ленинградтың фабрика, зауыттарына, Донбасс шахталарына, Бакудің мұнай кәсіпшіліктеріне жіберіліп отырды. Қазақстанның жұмысшы табы рухы, құрамы жағынан да интернационалдық негізде қалыптасты, республиканың аумағындағы ұлттар мен халықтардың жұмысшылары бірге жұмыс істеді.

Қазақтардан маман кадрлар дайындау қарқынын жеделдету үшін қара жұмысшы және мамандықты толық игермеген қазақ жұмысшылары әрбір маман жұмысшыға бекітілді, олардан нақты мамандығы бар жұмысшылар дайындау міндеттелді: жұмыссыз қазақтар қысқа мерзімді курстарда оқыды; ФЗО мектептерінен дайындығы жоқ қазақтар үшін оқу бағдарламасы жеңілдетілді, қолданбалы пәндер, саяси білім минимумы оқытылды.

Техниканы игеруге және оны тиімді пайдалануға қабілетті кадрлар даярлау Қазақстан үшін ерекше қиын мәселе болды. Кешегі көшпенді-малшы жұрттың ішінен кәсіби дағдыларды, техникамен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, фабрика-зауыт өндірісінің маман жұмысшыларын, кеншілерді, мұнайшы, құрылысшы, теміржолшыны дайындау оңай болған жоқ. Ауылдан келген кешегі көшпенділер өнеркәсіп өндірісінің жағдайларына бірден дағдыланып кете алмады. Күштеп ұжымдастырудың ауыр зардаптары салдарынан жұмысшы табы қатарына қосылған көшпенділер индустриялық еңбекті көбінесе уақытша кәсіп деп санады, болашақта әйтеуір бір кездері далаға қайта оралуды армандады. Оларды сауаттандырып, техникаға үйрету қажет болды. Бойға сіңген әдет-ғұрып пен дәстүрлерден әлі толық қол үзбеген жаңа қазақ жұмысшысын еңбек тәртібіне, ұжымның қоғамдық өміріне, жұмысшы табының мәдениеті мен тұрмысына көндіктіру қиынға соқты.

Сол кездің жағдайында қазақтардың индустриялы еңбекке етене төселіп кетуі психологиялық қиындықтар тудырған күйзелісті үрдіс еді, екінші жағынан, олар дәстүрлі ұлттық психологияны, мінез-құлық пен ділді бұзып, ой-жүйені қайта құруға мәжбүр болды, өндірістегі орыстілді жұмысшылармен, басшылармен, кәсіподақ қызметкерлерімен қарым-қатынаста тілдік кедергілерге жолықты. Осы қиындықтардың бәрі сырттан келген орыс тұрғындар тарапынан қазақтарды өзінің тарихи отанында ашықтан-ашық ұлттық кемсітушілікке жол ашып, бұл өрескелдік өрши түсті.

Ұлыдержавалық шовинизмнің кең таралған мысалдары «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылы 16 желтоқсандағы санында келтірілген. Бұл мақалада бүкілодақтық маңызға ие түсті металлургияның индустриялық алыбы Риддердегі ұлттық кемсітушілік туралы айтылады. Зауыттағы барлық 2800 жұмысшы мен қызметкердің небары 370-і ғана қазақ болған. Маман жұмысшылар арасында тек біреуі ғана қазақ, қалғандарының бәрі қара жұмысшы. Зауытта маман жұмысшылар даярлауға арналған фабрика-зауыттық оқыту мектебі бар, бірақ онда қазақ тілін білетін оқытушының жоқтығынан, қазақтардың оқуы қиын. Фабрика-зауыт мектебін бітірген

қазақтар кәсіпорынға тек қара жұмысшы болып қабылданады. Қысқарту кезінде бірінші болып қазақтар жұмыстан шығарылады. Бірдей жұмыс үшін қазақ жұмысшысы орысқа қарағанда еңбекақыны аз алады.

Тағы бір жарияланымда қазақ жұмысшыларының осыған ұқсас жағдайы туралы былай делінген: «Шахтада жұмыс істейтін жұмысшылар қазақ жұмысшысын ренжітеді. Зауыт комитетінде бірде-бір қазақ ұлтының өкілі жоқ. Зауыт комитетінде отырған орыстар қазақ тілін білмейді, сондықтан қазақ жұмысшылары олардың алдында өздерінің мұқтаждықтарын айта алмайды. Денсаулық сақтау саласында да дәл осындай. Дәрігер қазақ тілін білмейді. Науқастанған қазақ жұмысшысы өзінің ауруын дәрігерге жеткізіп айта алмайды. Сондықтан ол дәрігерге медициналық көмек сұрап бармайды да» [3, 363-364].

Осындай жағдайда 1928 жылы 3 мың жұмысшысы бар ірі өндірістерде де (Қарсақбай) орын алды. Мұнда да орыс және қазақ жұмысшылары арасында ұлтаралық дүрдараздық пен келіспеушілік жағдайы көрініс тапты, кемсітіліп, жәбірленуші жақта қашанда қазақ жұмысшысы тұрды. Олар ауыр жағдайда еңбек етті, қарапайым санитарлық-гигиеналық талаптар сақталмады. Адамдар от жанбаған суық барактарда сығылысып өмір сүрді. Көптеген адамдар қысы-жазы киіз үйлерде тұрды. Азық-түлікпен нашар қамтамасыз етілді. Жұмысшыларға көп жағдайда арнаулы киімдер берілмеді. Бұзақылық, төбелес, маскүнемдік етек алды. Бұл келеңсіздіктер жұмыскерлердің тұрақтамауына себеп болды.

Білікті жұмысшы кадрлар, инженер-техник қызметкерлер сырттан, көбінесе Ресей, Украинадан әкелінді. Жергілікті кадрлар әлі де ұзақ жылдар бойы мамандығы жоқ жұмысшылар болып қала берді.

Сонымен, бір жағынан, жоғары білікті және шебер жұмысшылар санының аздығы, екінші жағынан, мамандығы төмен және мамандығы жоқ жұмысшылар, әсіресе қара жұмыс істеушілер санының басым болуы – XX ғасырдың 30 жылдарының ортасында ұлттық кадрларға тән сипат еді. Еңбек пен тұрмыс жағдайының ауырлығы, кейбір кәсіпорындар мен темір жол құрылыстарындағы жұмыстардың маусымдылығы, білімнің жетіспеуі т.б. себептерден болған жұмыс күшінің мейлінше тұрақсыздығы – осының бәрі қазақтардан шыққан тұрақты және әулеттік, жұмысшылар қатарының белең алуы бөгет жасады. Солай бола тұрса да, ұлттық кадрларды жасақтау жөнінен XX ғасырдың 30 жылдарындағы қол жеткен табыстар Қазақстанның жұмысшы табын қалыптастыруда ірі жетістік саналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнидорожников Казахстана (1917 – 1970 гг). – А-А., 1973.

2. История рабочего класса Советского Казахстана. Т.1. – А-А., 1987.

3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. Т.4. – Алматы, 2010.

ӘОЖ 94 (574) (045)

1950 – 1970 ЖЫЛДАРДАҒЫ БИЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР

И.Хамзеева
Ғылыми жетекшісі: Л.Н.Исаева
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада ХХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда КСРО билігінің әлеуметтік және ұлттық саясатына қарсы туындаған наразылықтар – 1959 жылғы Теміртаудағы және 1979 жылғы Целиноград оқиғалары, олардың шығу себептері, барысы және нәтижелері сөз болады.

Түйінді сөздер: әлеуметтік мәселелер, Теміртау оқиғасы, жұмысшылар наразылығы, Целиноград оқиғасы, Неміс автономиясы.

1950 жылдардың ортасында И.Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеу кезінде ұсынылған саяси шешімдер жарамсыз деп танылды. Адам еркіндігін басып-жаныштау, оның құқықтарын аяқ асты ету сол кездегі КСРО-дағы саяси жүйеге тән еді. «Жоғарыдан төменге» сатысы бойынша басқарудың әміршіл-әкімшіл әдісі сақталынды. Кеңестік басшылық кез келген әлеуметтік және саяси шиеленісті үйреншікті қудалау әдісімен ғана шешіп отырды.

1950 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағыты белгіленген еді. Жұмысшылардың, шаруалардың, зиялылардың материалдық әл-ауқатын бұрынғыдан әрі жақсарту партияның басты міндеті болу керек делінді. 1953 жылы КОКП ОК-нің, тамызда өткен КСРО Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде еңбекшілердің экономикалық мүдделеріне сай қаулы, қарарлар қабылданған болатын. Алайда бұл мәселелер өз шешімін таппады, кеңес басшылығы 1950 жылдардың ортасында осы белгіленген бағыттан бас тартты. Әкімшілік жүйе үстемдік етіп тұрған, халық шаруашылығын дамыту жоспарларын дайындаудан одақтық республикалар шеттетіліп отырған жағдайда осылай болатын еді. Республика үкіметі экономиканың экстенсивті, көп шығынды дамуының мәнін өзгертуге, Қазақстанды одан экономикалық жағынан жоғарырақ дамыған аудандардың шикізат көзіне айналдыруға қарсы тұра алмады. Орталық мекемелер, одақтық министрліктер республика аумағында өнеркәсіп алыптарын тұрғызғанда онда еңбек ететіндер үшін әлеуметтік база салуға және экономикалық, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға қамқорлық жасаған жоқ.

Әлеуметтік мәселелерге ұзақ жылдар бойы біржақты қарау, олардың шешілмеуі жағымсыз құбылыстарға әкелетін еді. Осындай саясатқа қарсы ашық наразылық 1959 жылдың жазында Қарағанды облысындағы Теміртау қаласында орын алды. Теміртауда салынып жатқан Қарағанды металлургиялық комбинаты (Қазақстан магниткасы) екпінді комсомолдық құрылыс деп жарияланды. Құрылысқа комсомол жолдамасымен КСРО-ның түкпір-түкпірінен мыңдаған адамдар келді. 1959 жылы комбинат құрылысында 25,5 мың адам жұмыс істеді.

Партия-кеңес қызметкерлері, шенеуніктері құрылыстағы еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру дегенге мүлде мән бермеді, мәдени-тұрмыстық және баспана салу мәселелеріне де көңіл аудармады.

Жұмысқа тартылмай қалған адамдар, көбінесе жалақысы төмен жұмыстарға, жер қазуға пайдаланылды. Жаңадан келушілерге үйлер салынды, алайда олар жеткіліксіз

болды, жұмысшылар қаланың шығысындағы күркелерге орналастырылды. Теміртау қаласының шығысында тұратын 31 мың құрылысшының 1300-і ғана асханадан тамақтана алды, ауруханада 1 мың адамға 3,5 төсек (құрылыста жарақаттану жиі болып тұратын) тиесілі болды. Нан мен су жетіспей қалатын кез жиі қайталанып тұрды [1, 566]. Құрылыста Болгария Халық Республикасынан келген құрылысшылар да жұмыс істейтін, оларға кеңес құрылысшыларына жасалмаған жағдайлар жасалды. Құрылыс басшылары шетелдік қонақтарды күркелерге тұрғызуға болмайтынын айтады. Осы және басқа да жағдайлар: жаңа табиғи ортаға үйренудің қиындығы, баспананың болмауы, ауыз судың жетіспеуі, еңбек жағдайларының нашарлығы, азық-түлікпен қамтамасыз етудегі қиыншылықтар жұмысшылардың наразылығын туғызды.

1959 жылы 1 тамыз, сенбі күні бір топ жұмысшы жастар асханаға таңғы ас ішуге бет алады, олардан болгарлардың тамақтанып жатқандығын, күте тұру сұралады. Ашуыза кернеген көпшілік тамақтандыру орындарында ашық наразылық білдірді. Құқық қорғау үшін басталған әрекеттер біртіндеп тәртіп бұзушылыққа ұласты. Өкінішке орай, жалпы алғанда жастардың заңды наразылығын қылмыскерлер тобыры пайдаланып кетті. Олар дүкендерді, базарларды, асхананы талқандап, тонады, милицияның қалалық бөлімін қоршауға алды. Тәртіпсіздік пен жүгенсіздік әрекеттері үш күнге созылды. Бұзақылықты басуға әскер тартылды, қару қолданылды. Тәртіпсіздікке қатысқандардың ішінде мерт болғандар, ал әскер мен милиция қатарынан жараланғандар мен мертіккендер болды. қала тәртібінің билігі армияға берілді, қала жағдайын қадағалауға әскерилердің екі полкы тартылды [2]. Тамыздың 3-нен 4-не қараған түні тәртіпсіздіктер басылды. 190-ға жуық адам тұтқындалды. Тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар сотталды. Кейбір мәліметтер бойынша наразылыққа қатысушылар құрылыстан қашып кеткен. 5 тамызда Москвадан Теміртауға бұрын Қазақстанда басшы болған, КОКП ОК-нің хатшысы Л.И.Брежнев келді. Милиционерлер мен шенеуніктер партиядан және қызметтерінен босатылды.

Жұмысшылар бір аптадан кейін жұмыстарына оралды, олар талқандалған көшелер мен ғимараттарды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Құрылысшылардың жағдайы жақсартылды, болгар жұмысшылар Теміртаудан кетті. Қарағанды партия облыстық комитетінің басшысы Павел Исаев орнынан алынып, партиядан шығарылды. Өкінішке орай, Теміртау және басқа да жерлердегі оқиғалар одақ пен республика басшылықтарының қоғамның келешегі туралы қалыптасқан көзқарастарын өзгерте алмады. Бұрынғысынша тағы да жекелеген кінәлілер: жергілікті басшылар, милиционерлер табылды.

Көп жылдар бойы Теміртауда болған оқиға туралы еш жерде жазылмады, айтылмады. Жұмысшылар наразылығы мен бүлік туралы ақпарат кеңестік үгіт-насихат бейнесіне сай келмейтін. Сондықтан құжаттар құпия қалдырылды, мұрағат деректері 1990 ж. кейін ашылған. Теміртау құрылыс алаңындағы жағдай 1959 жылғы оқиғадан кейін өзгерді. Өмір сүру жабдықтары жақсарып, баспана мәселесі шешіле бастады. Күзге қарай шатырлы қалашықты алып тастады. Теміртауда тез қарқынмен инфрақұрылым нысандары мен тұрғын үйлер салына бастады. Спорт алаңы мен мәдениет сарайы пайдалануға берілді. Қазақстандағы ең ірі кәсіпорын саналған металлургиялық комбинаттың алғашқы өнімі 1960 жылы шықты.

Жоғары жақтың ойы мынадай тұрғыда болды: «... тағы бір болат балқыту зауытын саламыз, тағы бір кен-байыту фабрикасын іске қосамыз – сонда барып біздің шикізатымыз қорына деген сұранысымыз толық орындалады». Алайда өнеркәсіп құрылымы ұлғайған сайын, тапшылық та арта түсті. Өнеркәсіп орындарын салумен қатар әлеуметтік базаны нығайтуға көңіл бөлінбеді. Елдің өнеркәсіп картасында пайда болған құрылыстар, зауыттар мен фабрикалар барған сайын көмір, шойын, болат,

электр қуатын тұтынуды үдетті. Ал бұл Орталық Қазақстанды шикізат шылауына айналдыруға әкеп соқты.

КСРО тарихындағы 1970-1980 жылдардағы тоқырау кезеңіндегі ұлттық қатынастардағы ұлғая түскен қарама-қайшылықтардың көрінісі, тұрғындардың оппозициялық көңіл күйлерін көрсеткен оқиға – 1979 жылы жазда Целиноград қаласында (1992 ж. Ақмола, қазіргі Нұрсұлтан қаласы) болған оқиға еді. Осы оқиғаның өрбуіне қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және әсіресе, ұлттық мүдделерін көп жылдар бойы елемеу, туындаған мәселелерді күш қолдану арқылы реттеу түрткі болды. Сондай-ақ бұл оқиға орталықтың әміршілдік әдіспен реттеуінің мезгілінің өткендігін көрсетті. Қазақстанда 1979 жылы неміс автономиясын құру әрекеті және оған қазақ тұрғындарының қарсы шығуы республиканың саяси тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі.

Волга бойында неміс автономиясы таратылғаннан кейін оның мыңдаған азаматтары Қазақстан жеріне көшіп келген еді. КОКП ОК Саяси бюросының 1979 жылғы 31 мамырдағы «Неміс автономиялы облысын құру туралы» қаулысында: «Неміс халқының ұлттық мәдениетін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау және халықтың арасында идеялық-тәрбие жұмысын жақсарту, сондай-ақ облыстың құрамына кіретін аудандардың экономикасын жетілдіру және табиғи байланыстарын игеру мақсаттарында Қазақ КСР құрамында республика органдарына тікелей бағынатын неміс автономиясын құру орынды деп есептьелсін» - делінді. Осылайша, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) төрағасы Ю.Андроповтың ұсынысымен КОКП ОК Қазақстан аумағында неміс Автономиялық облысын құру туралы шешім қабылданды. Осы шешімді қабылдауға КОКП ОК-нің бір топ жауапты қызметкерлері: Ю.В.Андропов, И.В.Капитонов, М.В.Зимянин, Н.А.Щелоков, В.М.Чебриков т.б. 1978 ж. тамыздағы қол қойған жазбасы себеп болды. Қол қоюшылардың қатарында Қазақстанның бірде-бір өкілі болмады. Тек бір жерде ғана «Қазақстанның Компартиясының ОК (Д.А.Қонаев кезеңі) осы ұсынысқа қарсы емес» деп сырғытып өте шығады. Бұл қазақ халқының мүдделерін тұтастай аяққа басудың көрінісі болды. Бұл мәселе қойылғанда қатысып отырған Қазақстан басшылығы үнсіз қалды. Бұл аз болғандай Қазақстан аумағында неміс автономиясын құру жөнінде комитет құрылып, оған Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы А.Коркин басшылық етті. Комитеттің шешімі бойынша, болашақ автономиялы облысқа Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Көкшетау облыстарының бірнеше аудандары беріліп, Ерейментау қаласы оның орталығы жасалмақ болып белгіленді.

Автономиялы облыс құру туралы мәлімет республикаға тез тарап, қазақ халқының заңды қарсылығын туғызды. Бұған қарсы 1979 жылғы 16-19 маусымда Целиноград (Ақмола) жастарының наразылығы өтті. Демонстрацияға қатысушылар Автономияны құруға қарсы үндеулер көтерді. 16 маусым күні таңертең облыс орталығындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарының студенттері, қазақ жастары Целиноград қаласының орталық алаңына жиналды. Жастар қазақ және орыс тілінде «Қазақстан бөлінбейді!», «Неміс автономиясына жол жоқ!» және неміс халқының намысына тиетін үндеулер де болды: «Ата-бабаларымыздың жерін фашистерге бермейміз!», «Барлық немістер Сібірге айдалсын!», «Арнайы комендатуралар қалпына келтірілсін!» т.б. ұрандар жазылған транспоранттар алып шықты. Бұл бірқатар жастардың саяси мәдениетінің төмен деңгейін көрсетті. Көп ұзамай қала орталығы шеруге шыққандарға лық толды. Оқиғаны көзімен көргендердің айтуынша, митингіде сөйлегендер Қазақстанның кеңес республикасы және көп ұлтты КСРО-ның құрамдас бөлігі екендігін айтқан. Бұл жерде ондаған жылдар бойына қазақтар, орыстар, украиндер, немістер, татарлар, т.б. көптеген халықтар өкілдерінің қоян-қолтық бірлесіп еңбек етті. Енді осындай республикада оның Жоғарғы Кеңесімен,

халқымен ақылдаспай, неміс автономиясы құрылмақшы. Митингіге қатысушы бір студент: «Біз Кремльдің мұндай шешімін айыптаймыз», - деді. Митинг Кремльдің неміс автономиясын құру туралы шешімін айыптаған үндеу қабылдады. Облыс басшыларының митингіні тез арада таратып жіберуге тырысқан әрекеті іске аспады. Митингіге қатысушылар шеп түзеп, қала көшелерімен ұрандатып өтті.

Көп ұзамай толқулар саябыр тартып, ал неміс автономиясын құру туралы шешім кейінге қалдырылды.

Келесі шеру 19 маусымда болды. Оны аудандардан келген соғыс және еңбек ардагерлері бастады. Оған 2 мыңнан 4 мыңға дейін адам қатысты. Митингіге қатысушылардың алдына облыстық атқару комитеті төрағасы Жұмахметов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов шықты. Өзінің ұзақ сөзінде Морозов адамдарды Целиноград облысында ешқандай автономияның құрылмайтына иландыра алды. Соған қарамастан жиналғандар қобалжулы еді. Митингіге қатысушылар облыс басшыларына автономияны құруға қарсы үндеу тапсырды. Ақмоладан кейін шағын митингілер мен шерулер Атбасарда, Ерейментауда, Көкшетауда өтті.

Республика халқының наразылығының нәтижесінде орталық өз шешімін өзгертуге мәжбүр болды. Сөйтіп, Қазақстан жерінде неміс автономиялық облысын құру жөніндегі шешім іске аспай қалды. Бұл бой көрсетулерден соң жазалау науқаны шектеліп жүргізілді (бұл тоқырау заманы үшін болмаған жағдай) және әкімшілік істері бойынша да сот процесі жүрген жоқ. Алайда республиканың басшылығы және Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бұл шерулер туралы ақпараттың кең таралмауы үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Баспасөз беттерінде бұл оқиғалар туралы ештеңе жазылған жоқ [1, 598-599].

Сонымен, Қазақстан қоғамы Ұлы Отан соғысы аяқталған кезден бастап және 1980-жылдардың аяғына дейін шиеленісті және тартыстарға толы жағдайда болды. «Жылымық» Қазақстанды тек шарпып қана өтті. Биліктің әлеуметтік және ұлттық саясатына байланысты туындаған наразылықтар бұдан кейін де орын алып, 1986 жылы Алматыдағы т.б. республикадағы бұрқ ете қалған дүмпулерге ұласқан еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. Т.4. – Алматы, 2010.

2. Горизонт, 1991, №21, 22, 24, 26.

ӘОЖ 94 (574)

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Ә.Н.Бегешова
Ғылыми жетекшісі: А.Б.Толепбергенова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жүсіп Баласағұнның еңбектерін негізге ала отырып сол шығармадағы өзекті мәселерге шолу жасалған. Қысқаша мазмұндық сюжеті баяндалып, сол тұстағы саяси-әлеуметтік шындыққа көз жүгіртілген. Ислам мәдениетінің түркілер санасына орнығуы, оның саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында сөз

қозғалады. Адамзатты биіктерге көтеретін тұлғаның қалыптасқан мінезі екендігіне де ереше мән берген.

Түйінді сөздер: әңгіме-аңыз, ақыл-парасаты, дастан, хас хажиб, әділдік.

«Құтты білік» шығармасының мәніне үңілетін болсақ, ежелгі түрік қоғамындағы ақыл-ой, мораль, құқық және мемлекетті басқару туралы тұжырымдаманы зерделейтін терең де өте бай деректермен таныс бола аласыз. Құтты білік ежелгі түрік тілінен аударғанда «адамды бақытқа жетелейтін ілім және мемлекетті басқару үлгісі» деген мағынада аударылады. Жүсіптің өзі осы шығарманы ханның өтінішімен жазғанын , яғни бір негізгі мәселеге тоқталатын болсақ ел басқару деңгейінде туындының маңызы өте зор болғандығына ереше мән берген. «Құтты білік» - әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет ,ғибрат.

Түркі әдебиеті тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі –Қарахандар әулеті билік құрған X-XII ғасырлар. Бұл кезеңдегі әдеби шығармаларда ислами құндылықтар кешенді түрде көрініс тауып, халықтың таным дүниесіндегі елеулі өзгерістерді байқатып жатты. Қарахан дәуірінен бізге жетк ен ең алғашқы әрі бас-аяғы толық туынды – Жүсіп Хасхажып Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. Шығармада жалпы түркіге ортақ елдік мұраттар кешенді түрде қамтылған (1.148). «Құтты білік» дастанындағы елшілдік сарындарды талдай отырып, ел тарихындағы тарихи мәні мен маңызын ғылыми негізде саралап көрсеткен. Өз зерттеуімде шығарманың тарих сахнасындағы өзіндік ерекшелігін ғылыми дәйектемелер негізінде талдаулар жасалынды. Дастан елдегі Ата заң қызметін атқарған. Жүсіп Баласағұн өз туындысында патшалар мен уәзірлердің, хан сарайының қызметкерлері мен елшілерінің, әскербасылар мен нөкерлердің, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын ең негізгі мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Халықты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерді жетік меңгерген , қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін басып айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқы жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстауға ерекше мән береді.Бұдан кейін ақын ел басқарған патшаның көрер көзі, естір құлағы «хас хажиб», яғни бас уәзір міндеттерін тізбектеп, саралап айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы қажет. «Құтты білікте» елшіге қойылатын талаптар ереше мән бере отырып, сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек,өзі көрікті,көп тіл білетін, шешен сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет. Дастанда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын талаптар сипатталып көрсетілген. Шығарманың негізгі идеясы саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында маңызды мәнге ие.

«Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт-береке қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгүрміш бейнесі арқылы әңгімеге қосылған. Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық қасиеттердің үйлесім табуы ғалым ойларының даналығымен біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты

ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық ой мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзатқа тән рухани байлықтардың мәні жан-жақты сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің сол ғұмырлы өмірдің әрбір ұсақ дүниелер арасындағы үйлесімділіктің болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлемді осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Жүсіп Баласағұнның қоғам және өмір туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, «Құтты біліктің» төрт кейіпкерінің бойына осы ерекше ұғымдарды жинақтаған.Мына жалған дүниені ақыл таразысына салып жүйеге түсіруге болатынына да сенген. Ғұлама тұлға әлемдік үйлесімділік негізі- әділетті адамзат қоғам құруды армандады және өз алдына соны негігі мақсат етіп қоя білді. Сондықтан ол өз шығармасында ғылым мен білімге ереше мән берген. Жүсіп Баласағұн адамзатқа ортақ парасаттың, танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшудің өзі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғылымен білімге жан-жақты сусындаған адам ғана көздеген мақсат міндеттеріне өзгелерде ерте қол жеткізе алады. Автор пікірінше білім – даналық, денсаулық – жан мен тәннің толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдікті жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. «Құтты білікте» ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен қасиеттер кейінгі алған білімін жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. «Құтты біліктің» оқырманға негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік қасиеттерінің кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты тұғыры биік құтты ел мәртебесіне көтеру. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, жалпы болмысына -үнемі сыни көзқараста жүретін асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, ақыл-парасатпен, ізгі тілектер және бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзіңді сақтау», «өзіңді ұмытпау», «өзіңді-өзің құрметтеу», қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең философиялық оймен толғанады.

Шығарма да біз білетін төрт кейіпкер – Күнтолды, Айтолды, Өгдүлмүш, Өгдүрміш бейнелері арқылы сұхбаттасу ізімен жазылған. Осы төртеуінің өзара бірлесуі нәтижесінде бірнеше мінез құлықтық қасиеттер мен құқықтық принціптерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік мол. Төрт кейіпкерлерге сипаттама жасап кетсек артық болмайды: Күнтуды – хан, ол заң мен әділдіктің жаршысы, Айтолды – уәзір, ол мемлекеттік билік пен сәттілікті бейнелейді, Өгдүлміш- Айтолдының ұлы, ол кейін әкесінің орнын басып уәзір болады, ақыл,білім, өмірсүйгіштік кейіпкері, Өгдүрміш – ақиқат өмірден безініп, адамдардан алыс, тауда өмір сүреді, күй талғамайтын, кезбе, алладан басқаны ойламайтын кейіпкер. Шығарманың баяндалуы жағынан ұғыну күрделі емес.Айтолды – рухтанған, жігерленген, ақылды, идеялары көп қаланың орталығымен хан сарайынан алыс емес елді мекенде дүниеге келген жас жігіт. Құтты біліктің авторы Айтолдының адамгершілігі мен абыройын ереше ынта жігермен суреттеген. Автордың ойынша Айтолды пайымдағыш, белсенді, адал, әділетті, жайдары, адамгершілігі мол, тілмәр, барлық мәліметтен хабардар кемел тұлға.Талас пен сұхбат түрінде жазған шығармасында Жүсіп Баласағұн шамасы түріктердын ұлтық, мінез-құлықты және саяси дәстүрлерін сақтай отырып, түріктердің рухын көтеруге сол

арқылы олардың ғаламдық энергиясын аспандатуға тырысқан. Діннің жетегіне кете беретін қоғамның кейбір қабатына соны түсіндіре отырып, даралыққа кезбешілікте емес, қоғамда белсенді адамгершілігі жоғары деңгейде өмір сүруді насихаттайды.

Имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, бостандық, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, аманат, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, іс-қимыл, т.с.с. құндылықтарын түркі ойшылдары өз еңбектерінде қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Алла атымен бастадым сөз әлібін.
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді (2.77).

Бұл – Құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ойы. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пен денің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындылығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат. Құлшылық атаулының қабыл етілуі ниетке байланысты. Дін құлшылық пен ғибадатты қажет етеді.

Мейірбанға айтар кісі жан сырын,
Бауырмал жан жанын берер, бар шыным.
Мейіріңе кәміл сеніп, сырластым,
Мейіріммен сөйле, үнсіз тұрмассың! (2.244)

Баласағұн шығармашылығына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын қанағатшыл құлқын асқақтатады.

Баласағұн шығармасында білім мен ғылымның мәніне де зор көңіл аударылады.

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,
Ақыл бегім жайлы келді сөйлегім.
Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын (2.102).

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамың мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алын алу үшін қажет. Білім адамның өз болмысын танып-білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол. «Құтты білік» – адамзаттың бойына адамгершілік, имандылық, қанағаттық қасиеттерді сіңіруге ерекше ықпал ететін туынды. Тәуелсіздігімізді мәңгілікке сақтап тұруда шығармадағы негізгі приниптерді басшылыққа алып ұстанудың маңызы зор.

«Құтты біліктің» мазмұны ақылға парасатқа толы. Жүсіп Баласағұнның негізгі пікірі-әділеттік пен ақыл,ақылды қарапайым адам басқарғаны жайлы, берекелі молшылыққа кенелген елді аңсауы. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйішәлиев ежелгі дәуір әдебиетінің ең үздік туындысы «Құтты білік»- Орта ғасыр түркілерінің таңдаулы мұрасы.Оны кезінде «киелі» кітап тұтып, үстем тап өз мүлкі, жекеменшік мұрасы тұтқан. Әлемдік мәні әйгілі, түгел түркі хлықтарының мақтанышы дерлік мұра, жазба әдебиетінің ең ірі шығармасы» деген жоғары деңгейдегі бағасын берген (3.117).

«Құтты білік» күні бүгінге дейін өзінің құндылығы, мәні мен маңызын жоймаған және жалпыадамзаттық идеялар мен ойлар айқын көрініс тапқан туынды. Қазақтың классикалық поэзиясы өзінің шығармашылық бастауын «Құтты біліктен» алған.

Тәуелсіз еліміздің «Рухани жаңғыруында» осындай озық үлгілерді жан- жақты танысып білу біздің азаматтық борышымыз.

Тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық рухты жас ұрпақ бойына сіңіру арқылы мейірімділікке, имандылыққа, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу. Туған жерін, елін сүюге, адамгершілікке, ізгілікке баулу. «Құтты білік» дастаны түркі тілді туысқан халықтардың бізге келіп жеткен дүниежүзілік мәнге ие бірден-бір жазба әдеби ескерткіші. әдеби тілдің даму жолдарын білдіре алатын асыл мұраларының бірі.

Өз заманынын да ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында «Құтты білік» тәрізді классикалық шығарма тарих сахнасына келді. Ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстанған көркем тілді шығарма. «Құтты білік» – түркі тілді халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.С.Жорабай. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан «Құтты білік» дастанындағы елдік идеялар: жалпы сипаты, сюжет пен композициялық астар. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – No3(61) 2017. – Б.148-153
2. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты білік / Аударған А. Егеубай. – Алматы, 2011. - 431б.
3. Х.Сүйіншәлиев.Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
4. Н.Келімбетов.Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
5. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 2000. – 351 б.
6. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раитет, 2011. – 439 б.
7. Қыраубаев А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өнер, 2008. – 385 б.

ӘОЖ 371.382(512.122):796.5

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Г.С.Сарсенбаева
Ғылыми жетекшісі: Н.К.Арашова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада түбі бір түркі әлеміндегі елдердің қалыптасу тарихы, географиялық жағдайы, құрамына кіретін елдер мен автономиялы аудандары туралы ақпараттар беріледі. Сондай-ақ Түркі мемлекеттерінің арасындағы ынтымақтастық, қарым-қатынас мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: миграция, диаспора, геосаясат, ассимилация, типология.

Еуразия материгінде түркілердің, біздің заманымызға дейін 3000-4000 жыл бұрын жүріп өткен өте ұзақ тарихы бар. Мұны біз, кеңістік пен уақыт аясында қарастырғанымыз жөн. Өткен ғасырдың 1980-90 жылдар тоғысында, Шығыс Еуропаның елдеріндегі түбегейлі саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты социалистік жүйе типологиясы өзінің көп бөлігін жоғалтты.

Ал 1991 жылдың соңында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО), өзінің ыдырауы нәтижесінде бірыңғай геосаяси кеңістік және халықаралық құқық субъектісі мәніндегі өмір сүруін тоқтатты. Осылайша оның құрамындағы одақтас республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге айналуы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан әлемдік геосаяси жүйені құрылымдық жағынан қайта жаңғыртты.

Ал төменде берілген «Еуразия материгіндегі түркітілдес халықтардың таралуы» картасынан (сурет-1), оның тұрғындарының қоныстанып орналасқан негізгі ареалдарын және қызыл ноқаттар арқылы белгіленген олардың ауқымды көпсанды диаспораларының мекендеген елдерін көресіздер.



Сурет 1 - Еуразия материгіндегі түркітілдес халықтардың таралуы

Еуразия материгіндегі түркітілдес халықтардың таралуы Нәтижесінде, Еуразияның саяси картасы үлкен өзгеріске ұшырап, оның ішінде түркітілдес мемлекеттер бұл материктің жаңа геосаяси құрылымында өзіндік маңызды сипатқа ие болды. Ал КСРО ыдырағанға дейін, яғни XX ғасырдың 90-жылына дейінгі түркі халықтарының ішінде өз алдына дербес ел болған тек Түркия Республикасы болатын. Осы жерде тәуелсіздігі танылмаған ел – Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (СКТР)* жайына тоқталсақ, ол 1974 жылы Грекияның арандатуымен Кипрде ұйымдастырылған әскери төңкерістің салдарынан қос қауымдастық – түріктер мен гректердің арасындағы дау-дамайдан соң аралдың және ел астанасының екіге бөлінуінің нәтижесінде дүниеге келді.

Солтүстік Кипр Түрік Республикасы (СКТР)* Түркітілдес елдер ішінде Түркия Республикасы мен СКТР-дан* кейін, Кеңестер Одағының ыдырауына байланысты бұрын оның құрамында болған – Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түрікменстан республикалары өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң, олар – 1992 жылдың 2-ші наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды. Осылайша Кеңестер Одағының ыдырауы, әлемнің саяси картасына жаңадан тәуелсіз 5 жас егемен мемлекетті әкелді. Олар – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан, төмендегі № 1-ші кестедегі аталмыш түркітілдес мемлекеттер.

Кесте 1 - Дүниежүзінің түркітілдес мемлекеттері

№	Елдің атауы	Жер аумағы, шаршы км	Халқы, адам	Астанасы	Тәуелсіздік алған жылы
1	Әзірбайжан	86 600 км²	10 073 200	Баку	30 тамыз 1991ж.
2	Қазақстан	2724 900км²	18 852 802	Нұр-Сұлтан	16 желтоқсан 1991
3	Қырғызстан	198 500 км2	6 523 529	Бішкек	31 тамыз 1991 ж.
4	Өзбекстан	447 400 км²	34 036 800	Ташкент	31тамыз 1991 ж.
5	Түркия	783 562 км²	83 154 997	Анкара	29 қазан 1923 ж.
6	Түрікменстан	491 200 км²	5 942 502	Ашхабат	27 қазан 1991 ж.
7	Солтүстік Кипр*	3 355 км²	294 906	Лефкоша*	20 шілде 1974 ж.

Енді түркітілдес елдердің географиялық орналауына келсек, Түркия мен СКТР* (тәуелсіздігі танылмаған ел) және Гагаузия, сол сияқты Қырым Республикасы* (халықаралық деңгейде танылмаған құрылым, ал оны Ресей Федерациясы өз құрамына 2014 жылдың 18-науырызында қосып алған, ол осы екі арасындағы даулы аумақ болып табылады) – Қара, Жерорта және Азов теңізі алабында орналасқан. Ал өз егемендігін кейіннен алған түркітілдес республикалар негізгі мұхиттардан алыста, материктің түкпірінде, қоңыржай климат белдеуінің оңтүстік бөлігінде, Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Каспий теңізі мен шығысында Алтай, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань мен Памир-Алай тау жүйелері аралығында жатыр [1]. Ал Әзірбайжан мен оның Нахичевань автономиясы – Үлкен, Кіші Кавказ таулары мен Армян таулы қыраты аумағында орналасқан. Ресей Федерациясы (РФ) құрамындағы автономия құқындағы түркітілдес елдердің көбісі Еділ (Волга) бойы мен Кавказ аймағында орналасқан, ал кейбірі тіптен Азия құрылығының солтүстік (бұрыңғы Долган-Таймыр автономиялық округы) және солтүстік-шығыс (Якутия) бөлігінде жатыр. Олар туралы қысқаша мәліметтер келесі № 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - ТМД елдеріндегі автономия құқындағы түркітілдес елдер

№	Елдің атауы	Жер аумағы	Халқы	Астанасы	Автономия құқында кіретін елдері
1	Татарстан	67 847 км²	3 855 037	Қазан	Ресей Федерациясы
2	Хакасия	61 569 км²	535 796	Абакан	Ресей Федерациясы
3	Тува (Тыва)	168 604 км²	313 777	Қызыл	Ресей Федерациясы
4	Башқұртстан	142 947 км²	4 064 245	Уфа	Ресей Федерациясы
5	Қарашай-Черкес	14 277 км²	471 847	Черкесск	Ресей Федерациясы
6	Саха (Якутия)	3 083 523 км²	956 896	Якутск	Ресей Федерациясы
7	Таулы Алтай	92 903 км²	213 703	Горно-Алтай	Ресей Федерациясы
8	Кабарда-Балқар	12 470 км²	862 050	Нальчик	Ресей Федерациясы
9	Чувашия	18 343 км²	1 236 247	Чебоксары	Ресей Федерациясы
10	Қырым*	26 081 км²	1 903 707	Симферополь	Ресей Федерациясы*
11	Нахичевань	5 503 км²	439 800	Нахичевань	Әзірбайжан Респ
12	Қарақалпақстан	166 600 км²	1 910 000	Нүкіс	Өзбекстан Респ
13	Гагаузия	1 848 км²	134 535	Комрат	Молдова Респ
14	Таймыр Долга́н-Не́нец ауданы	879 929 км²	38 372	Дудинка	РФ (айрықша статусы бар құрылм)

Тарихта түркі халықтары солтүстікте – Солтүстік Мұзды мұхит, оңтүстікте – Тибет таулары, шығыста – Тынық мұхит, батыста – Балқан тауларына дейінгі үлкен аймақта өмір сүргені белгілі. Түркия ғалымдарының есептеуінше, қазіргі таңда түркітілдес халықтардың жалпы саны 250 млн адамға жуық. Түркітілдес халықтар дүние жүзінің барлық бөлігінде еңбек етіп, өмір сүруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының есептеуі бойынша, әлем бойынша түркі тілдері – бесінші орында болуымен қатар және үлкен аумақты алып жатқан кең таралған тілдердің қатарына жатады. Түркітілдес елдерде халықтың табиғи өсімі, басқа көршілес мемлекеттерге қарағанда біршама жоғары болып келеді.

«Түркі» сөзі қытайша «тюрк», «тюкю», яғни «күшті», «мықты» деген мағына білдіреді [2]. Түркі тектес халықтардың рухани мәдениеті өзге халықтарға қарағанда біртектес әрі бай, әрі мазмұнды болып келеді.

Түркі халықтарының бірлігін бұзып, ынтымағын ыдырату бағытында кезінде патшалық Ресей жоспарлы түрде жұмыс істеген. Ресей империясы көптеген түркітілдес елдерді жаулап алып, оларды зорлықпен бағындырған. Түркітілдес елдердің жазу алфавитін араб әліпбиінен латыншаға, латыннан кириллицаға өзгертілуінің салдарынан бұрынғы арабша және латынша жазылған тарихи, әдеби, өнер және т.б. туындылар қазіргі ұрпаққа арнайы білімі болмаса түсініксіз болып қалуда. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейде жаңаша дүниетаным көзқарасын қалыптастырған «түрік-мұсылман ұстазы» аталған қырым татары – И.Гаспринский еді. Ол әйгілі «Түркістан ғұламасы» атты кітап жазып, онда түркі халықтарынан шыққан ғалымдар, дәрігер-емшілер, тарихшылар, астрономдар мен басқа да аса білгір адамдар мен танымал тұлғалар туралы мәліметтер берген [3].

Түркітілдес халықтардың басым көпшілігі ислам дінін ұстанады, чуваштар мен гагауздар – христиан дінінде, қарайымдар мен қырымшақтар – иудаизм дінінде, сары ұйғырлар – буддизм дінінде. Тұрғын халықтың тілдік негізі бір бола тұрып әр түрлі дінге сенуі, яғни діни нанымы әр түрлі болуы себепті тарихи тамыры бір халықтарды өзара жауластырып, бір-бірімен алауыз қылғанда оларды басқарудың оңай екендігі тарих тылсымында талай рет дәлелдеген әрі баршамызға белгілі құбылмалы оқиғалар.

Түркі тілінің әр түрлі болып қалыптасуына, әрі ірі тарихи кезеңдер де үлкен әсер еткен. Мысалы, алғашқы «Түрік қағанаты» құрылғанда – қарлұқ тобындағы тілдер, «Алтын Орда» заманында – қыпшақ тілдері, ал «Осман империясы» шарықтаған уақытта – селжұқ тілдері гүлденіп өркендеген. Жалпы түркі тілдерін топтастыру мәселесінде ғалымдардың арасында әр түрлі көзқарас бар. Мысалға, Н.А.Баскаков қазіргі түркі тілдерін батыс ғұн бұтағы және шығыс ғұн бұтағы деп бөледі де, әрбір бұтақты бірнеше топқа жіктеген. Өзін Қожа Ахмет Йасауидің шәкірті деп есептейтін Намык Кемал Зейбек «Түрік болу» атты кітабында түрік диалектісін үш топқа біріктіруге болатынын айтады. Олар – оғыз, қарлұқ және қыпшақ топтары. Ал, қазақ ғалымы Мақаш Тәтімовтың есептеуінше, барлық түркі тілдері – 5 топқа, 40 тіл мен 100 диалектіге бөлінеді [4].

Алтай тіл семьясына кіретін түркі тілдері тобына Еуразия материгін қоныстанған келесі: түрік, гагауз, қазақ, татар, ұйғыр, ноғай, құмық, шор, долган, т.б ұлттар мен ұлыстар жатады. Осы түркітілдес халықтар – Кіші Азия мен Шығыс Еуропадан, Қырым мен Кавказдан, Еділ бойы мен Оралдан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 200 млн. астам адамның ана тілі, 250 млн. жуық адамның екінші тілі боп табылатын, көбі бір-біріне өте жақын туыстас 40-тан аса жеке тілден тұратын дербес тіл тобы.

Түркі халықтарының ішінде саны жағынан миллионнан асатын халықтар мыналар: түріктер, әзірбайжандар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, татарлар, башқұрттар, ұйғырлар, түрікмендер, чуваштар. Сол сияқты Иран және онымен

көршілес елдерде тұратын қашқайлар мен басқа да түркітілдес ұлттар сандық өлшемде ірі халықтар болып есептеледі. Саны жағынан ең азы – чұлым татарлары, қырымшақ пен қарайымдар және тобалар (тофалар) болып табылады.

Түркітілдес мемлекеттерден Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, СКТР* – Азияда, ал Қазақстан мен Түркия Республикалары дүниенің екі бөлігінде – Азия мен Еуропада орналасқан. Бұл мемлекеттер солтүстігінде – Ресеймен, шығысында – Қытаймен, оңтүстігінде – Тәжікстанмен, Ауғанстанмен, Иранмен және Сириямен шектеседі. Ал мемлекеттік шекаралар өз кезегінде шығысында – Алтай, аса биік Тянь-Шань, Копетдаг тауларының жоталарын басып өтеді [5]. Ал Орталық Азияда орналасқан түркітілдес мемлекеттер Каспий теңізі арқылы – Әзірбайжанмен, Еділ өзені мен орал таулары арқылы Ресеймен байланысады.

Орта Азиядағы (Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан) түркітілдес елдердің табиғаты мен шаруашылығында ортақ жағдайлар көп. Кеңестер Одағы құрамында болған кезде бұл республикалар мен Тәжікстан бірігіп «Орта Азия экономикалық ауданын» құрайтын, ал біздің республикамыз болса дербес «Қазақстан экономикалық ауданы» болып саналатын. Жалпы түркітілдес елдердің экономикасы – агроөнеркәсіп кешендерін, мұнай-газ, отын-энергетика, химия, түсті және қара металлургия, т.б. шаруашылық салаларын қамтиды [6]. Ал Түркия мен Қазақстанда ауыр өнеркәсіп біршама дамыған. Сонымен қатар Түркия, СКТР* және Өзбекстанда халықаралық туризм саласы жақсы дамыған, ал қалған республикалар да (Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан) туризмді жеделдете дамыту мәселесін қолға алуда [7].

Осы жерде Қазақстан мен бұрынғы Орта Азия республикалары төңірегінде қалыптасқан жаңа геосаяси жағдайға қатысты, олардың біртұтас географиялық – «Орталық Азия» геоаймағы деп біріктірілу мазмұнын айқындау аса маңызды. Бұл республикалардың барлығының жалпы тұрғын халқының ортақ шығу тегі мен тарихында, діні мен тілінде, салт-санасы мен әдет-ғұрпында, мәдениеті мен шаруашылығында жақындықтар мен ұқсастықтар өте көп. Бұлардың жалпы жер көлемі 4 млн км2 болса, халқы 70 млн адамға жуық. Бір ескеретін жайт, БҰҰ болжауы бойынша, 2035 жылдары осы аймақ халқының саны 100 млн адамға дейін жетуі мүмкін. Олардың барлығының дерлік өте тез өсіп келе жатқан түркітілдес халықтарға жатуы (тек тәжіктер ғана иран тіл тобына жатады) осының себебі болса керек.

Қысқаша шолу сипатында біз, «Түркі мәдениетін және өнерін дамыту» – ТҮРКСОЙ (TÜRKSOY) атты халықаралық ұйымына тоқтала кетпекпіз (3-кесте). Ол 1993 жылдың 12-ші шілдесінде Алматы қаласында, келісімге құрылтайшы елдердің өкілдері қол қоюы нәтижесінде құрылған. Түркия Республикасы осы ұйымның арқаушы елі болып тағайындалды. Бұл ұйымның ресми қызмет тілі – түрік және ағылшын мен орыс тілдері болып саналады, оның Бас кеңсесі – Анкара (Түркия) қаласында орналасқан.

Кесте 3 - ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымына мүше және бақылаушы елдер

Мүшелері	Тілі
Әзірбайжан	Әзірбайжан тілі
Қазақстан	Қазақ тілі
Қырғызстан	Қырғыз тілі
Өзбекстан	Өзбек тілі
Түркия	Түрік тілі
Түрікменстан	Түрікмен тілі
Қараушы елдер	Тілі
Башқұртстан	Башқұрт тілі

Татарстан	Татар тілі
Ғағауызстан	Ғағауыз тілі
Солтүстік Кипр	Кипрлік түрік тілі
Хакасия	Хақас тілі

Аталмыш ұйымның құрамында басында 14 ел болған, оның ішінде – егеменді елдер, федеральды субъектілер мен автономды аймақтар да бар. Бұл халықаралық ұйымға мүшелер болып сол кезде, оған құрылтайшы мемлекеттер: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түрікменстан және кейіннен қосылған елдер – Ресей Федерациясының құрамындағы: Алтай Республикасы, Башқұртстан, Саха (Якутия), Татарстан, Тыва (Тува), Хакасия Республикалары және Гагаузия Автономиялық Республикасы (Молдова) мен тәуелсіздігі танылмаған – Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* кірген болатын. 2015 жылдың соңында Ресей мәдениет министрі Владимир Мединский, РФ қарасты республикалардың басшыларына «Халықаралық түркі мәдениеті» туралы телеграмма жолдауына байланысты, РФ құрамындағы келесі түркітілдес – Тыва, Алтай және Якутия республикалары сол уақыттан бастап аталмыш ұйым тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралар мен оның басқадай да жұмыстарына қатыспауда [8].

Қазақта төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді деген нақыл бар. Осы түбірі бір төртеудің түгел болуы, алтауының алауыздыққа бармауы ежелгі түрік қағанатын құрған Ер Бумыннан бастап Естеми қаған, Тоныкөк, Күлтегіндердің аңсап өткені белгілі. 2009 жылы қазан айында Азербайжанның Нахчиван қаласында қазақ президентінің бастамасымен құрылған бұл ұйым Түркі тарихындағы тұңғыш ұйым. Мақсаты ағайын арасындағы алыс-берісті жандандырып, мәдени-гуманитарлық байланыстарды бәсеңдетпеу, қарға тамырлы елдердің қарым-қатынасын дұрыс жолға қою.

Мақаламды қорытындылау барысында айтарымыз, Алтайдан Анадолыға, Байкалдан Балқанға дейін созылған ұлан ғайыр жерімізді көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдыру, күш біріктіре ынтымақтасып жұмыс жасалса көптеген ірі жетістіктерге жетеді деген сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есназарова Ұ.Ә., Темірбеков А.Т. Түркітілдес елдер географиясы: Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 223 б.
2. Азия кеңесі: идеядан – игілікті шараға // Егемен Қазақстан. – 2001. – 24 қазан.
3. Карин Е. Орталық Азияның геосаяси тағдыры // Түркістан. – 2011. №1. –11 қаңтар.
4. Успанова М.К. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің қатынастары. 1991-2001 жж. – Алматы, 2004. – 188 б.
5. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 25 жылдығы, «GYLYM JANE BILIM - 2021» атты XVI Халықаралық ғылыми конференция жинағы 12 сәуір
6. https://www.youtube.com/watch?v=lMYJ6th4lhQ
7. http://www.wiki-zero.net/index.php.
8. https://www.youtube.com/watch?v=oVs92KUk7Qc

ӘОЖ 94 (574)

ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1825)

С.Нұрданова
Ғылыми жетекшісі: С.А.Еділханова
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жаңаелек аймағынан ығыстырылып шығарылған табын руының наразылығын білдіріп, олардың Орынбор генерал – губернаторына байырғы мал жайылымдарын қайтарып беру жөнінде хатын жолдағандығы туралы айтылады. Бірақ, ол өтініштері орындалмайды. 1822 жылы табын руының батыры әрі биі Жоламан Тіленшіұлы Ресейге қарсы соғыс жариялап, Елек өзені бойындағы жерлерді қайтарып алу жөніндегі күреске басшылық етті.

Түйінді сөздер: табын руы, батыр, Жаңа Елек, Шекара комиссиясы, Е.Бекмаханов, С.Аспендияров, хандық билік.

Аласапыран заманда да ұлы тарих көшінде халқын басқарған, ұлт- азаттығының туын көтеріп артына дүйім жұрт еріткен батырлар қазақ қоғамында шешуші рөл атқарды. Сондай тарихи тұлғалардың бірі патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттығы соғысын жариялаған халық батыры Жоламан тархан Тіленшіұлы.

Табын руы М.Тынышбаевтың шежіресі бойынша: жаман-керей, бозым, бегім, қайыр-қожа болып өз ішінен төрт руға бөлінеді [1]. Табындардың таңбалық белгілері әртүрлі болған. Жалпы рулық таңбасы О – тостаған, сонымен бірге шөмішті руының таңбасы да – Q, тостаған, ал тарақты табын руының таңбасы – m, тарақ. Ал Н.И.Гродековтың жинаған мәліметі бойынша, Сырдариялық табындардың ұраны – Серке, Тостаған, ал табылған дала материалдарына қарағанда батыс табындарының ұраны – Алаш болған. Олай болса Жоламан батыр Тіленшіұлы – Алаш ұранды, тарақты табын, оның ішінде Жиенбет аталығынан тарайды. Жиенбет аталығынан тарайтындығы туралы шежірені мұрағат деректері де растайды. Атасы Бөкенбай батырдан тараған ұрпақтары батырлық дәстүрді атадан балаға жалғаған батырлық даңқымен қатар, тархандық атақты ұрпақтан-ұрпаққа мұраға иеленген атақты батыр Тіленші тархан балалары – Жоламан Тіленшіұлы мен Бостыбай Тіленші ұлдарының есімдері тархан лауазымымен мұрағат құжаттарына да түскен. Белгілі қазақ батырларына тархандық грамота берген патша үкіметінің көздеген саяси мақсаттары болды.

Батырлар ұрпақтарының ұлт азаттығы үшін күрестерінің сабақтастығы тарихымыздағы Бөкенбай батырдың ұлы Тіленші тарханға оның ұлы Жоламан тарханның ұлт-азаттығы үшін соғыс тарихымен жалғасты.

XIX ғасырдың 20 жылдары Елек өзені бойына Жаңа Елек ауданы салынды. Ол алты форпостан тұрды: Изобимильный, Боран, Жаңаелек, Линев, Угольный және Ветлян редуты, Хан және Берден бекінісі. Жайық, Елек, Берден және Құрат өзендері аралығындағы ең шұрайлы 600 мың десятина жер бөлігі Кіші жүздің табын руларынан тартып алынды. Бұл жерлерге патша үкіметі орыс шаруалары мен Орынбор әскери казактарын қоныстандыра бастады. Патша үкіметінің мұндай басқыншылық әрекеті табын руының рубасы Жоламан тархан Тіленшіұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының патша үкіметіне қарсы соғыс жариялауына себеп болды. Жоламан тархан Ресеймен соғысып жүр, оның соғысқа дайын кем дегенде 3 000 адам әскері бар, – деп кезінде Шекара комиссиясының төрағасы Генстің өзіде мәлімдеген болатын [2].

Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың еңбегінде Жоламан батыр Тіленшіұлының патша үкіметіне қарсы көтерілісі алғаш рет толық талқыланған болатын. Қазақ тарихы тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан қайта жазыла бастағалы, Жоламан батыр көтерілісінің тарихы азаттық соғыс тұрғысынан қаралып, «Жоламан Тіленшіұлының Ресейге жариялаған соғысы, қазақтардың 1824-1864 жж. отаршылдыққа қарсы күресінің хабаршысы болды» деген Е.Бекмаханов, С.Аспендияров пікірлері одан әрі жалғасын тапты. Соны зерттеулер Жоламан батыр Тіленшіұлының Ресейге жариялаған соғысы деген баға береді [3]. Өз жерлерінің тартып алынуына қарсы шығып, табын руының игі жақсылары бірнеше рет Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссенге өздерінің бұрынғы жайылымдарын қайтару жөнінде өтініш жасағанымен, Эссен: «Патша ағзам император олардың шағымдарын негізсіз деп, ал тіпті қандай да бір қанағаттандыруға тұрарлық емес деп мойындады» деген жауап қайтарады. Ресей патша үкіметінің қазақтардан тартып алған жерлерді қайтаруда табын руының ру басшысы Жоламан тархан Тіленшіұлы ерекше белсенділік көрсетті. Алғашында 20 жылдардың басында Жоламан тархан қазақтардың өз жерлеріне құқығын бейбіт жолмен қорғауға тырысты. 1822 жылы Орынбор әскери губернаторы Эссенге жолдаған хатында Жоламан батыр: «Әбілқайыр ханның тұсында қазақтарға Жайықтың арғы жағындағы шабындық, тоғайларды пайдалану және өзеннің жартысынан балық аулау еркіндігі беріліп еді; 1810 жылға дейін қазақтар бұл еркіндікті кедергісіз пайдалынды, ал кейін Ресей патша үкіметі Елек өзеніне алып, ірі бекіністер тұрғызып, бұрын берілген жерлерді пайдалануымызға тыйым салды. Ал, біз болсақ, орманы, суы жоқ иен далада қалып, көптеген ауылдарымызбен сумен мал жайылымына мұқтаждық көріп отырмыз.Өзен мен Самара өзендері маңындағы Нарын құмдарында орыстардың үлкен қарауылдары қазақтардың мал жаюына қысым жасауда, сондықтан біз ірі бекіністер мен қарауылдарды әкетуді өтінген едік, бірақ өтінішіміз ескерілмей отыр. Біз сізден 1810 жылға дейінгі құқығымызды иемденуге, Жайық пен Елек өзендері аралығындағы даланы ешбір кедергісіз пайдалануға рұқсат етуіңізді екінші рет өтіндік, бірақ тағы да жауап ала алмай отырмыз ...», – деп жазған.

Дегенмен Жоламан бидің әділдікті бейбіт жолмен орнатуға тырысқан әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы оның ендігі жерде қарулы күрес жолын таңдауына итермеледі. Жоламан тархан бастаған қарулы күрес 1822 жылдың көктемінде қазақтардың Жаңа Елек шебіне шабуылы, шекаралық барымта, малды айдап әкету, патшылықты қолдаған билеуші-сұлтандардың ауылына шабуылдармен басталды. Патша шенеуніктері: «Кіші жүз қазақтары «жабайы, елірген, айқын көрінетін мінезбен» ерекшеленген, далада қазақ жеңілмейді, ал қол айқастарында дене күші мен суық қаруды қолдану және астына мінген тұлпардың құлағында ойнайтын ептіліктері патша әскерлерімен соғысқанда үлкен басымдылық береді, – деп қазақтардың жауынгерлік қабілеттерінің артықшылығын мойындап жазған болатын. 1822 жылдың 5 наурызында Орынбор корпусы штабының бастығы геннерал-майор Веселитский басқарған барлаушылар мәліметі негізінде, жазда қазақтар: «Електің тартып алынуы және шепке 15 шақырымға дейін жақындап көшуге тыйым салынғанына байланысты» шепке шабуыл жасамақшы деп мәлімдеген. Әскери губернатор Обручев қазақтарға Електегі Шеп онда қоныстанған тұз тасушыларды қорғау үшін құрылғандығын, оларға шекараға 15 шақырым қашықтықта, аманат беріп, ормандағы тұрғындарға «зардап» келтірмей көшуге болатындығын түсіндіруді бұйырған.

1822 жылғы 3 маусымда губернатор Эссен Орал Әскери кеңсесіне «Шепте қатаң сақтықты ұстануды және бұйрықтарға сәйкес егер шекараға шабуыл жасауға батылданса «жыртқыштарды қолға түсіріңдер», – деп тапсырады. Өз кезегінде, Орал Әскери кеңсесі барлық қашықтықтағы командирлар мен резервтік топтың бастығына «шоғырланған «ұрлықшы» қырғыздар тобынан, шепке шабуылдаушылардың алдан алу,

сонымен қатар оларды қолға түсіру мен сотқа жеткізетін түнгі разъездер мен жасырынған пикеттерді жасақтауда сақтық шараларын жасау» [3] қажеттігі туралы тапсырма береді. Бұл шараларға жауап ретінде Жоламан Орал казак әскерінің атаманына хат жіберді, онда ол бұрынырақ далада екі тұтқын казактарды сатып алып және оларды қайтарғанын ескертті, «егер мен Ресейге қарсылардың жағында болсам, бұлай жасамас едім» – деген. Сонымен өздерінің шарттарын ұсынған. Онда: Әбілқайыр хан тұсында біздің халқымыз пайдаланғандай, Нарын құмдары толық және үш өзендіберіңдер, ал егер ол мүмкін болмаса: ең болмағанда Елек өзені бойындағы Жаңа Шепті әкетіңдер. Онда бізді дос санайсыздар. Мен сұраған жерлерді берсеңіз онда біз дос боламыз, егер бермесеңіздер, онда жау боламыз деген. Жоламан тарханның заңды талаптарына отаршылдықтың көзілдірігімен қараған патша үкіметі: Жоламан тарханның хатында «әр түрлі жат талаптар» қойылған деген қорытынды жасаған [5].

1822 жылы тамыздан қарашаға дейінгі кезеңде Орал Әскери кеңсесінің губернаторы Эссенге адай және табын руы қазақтарының Жайықтың сыртқы жағында шоғарланғандығы, олардың пикеттерге шабуылы мен жылқыларды айдап әкетулері жөнінде хабарлайды. Мысалы, 1822 жылы 14 тамыздағы баянатта адай мен табын рулары адамдарының Шептің ішіне кіріп және пикетке шабуыл жасау ниеттері жөніндегі хабарламада: «Қырғыздардың адай және табын руларынан 100 шақты адам Оралдың сыртқы жағына жиналып және түнгі сағат 12-де 10 адамдай қырғыздар урядник Чеботаревтің пикетіне шабуыл жасады, қарулы қарсылыққа тап болған олар кері кетті» [4] делінген. 1822 жылы 27 маусымда Жаңа Елек шебінің командирі есауыл Аржанухин: «Қазақтар Жаңа Елек шебіне шабуыл жасауда шекара барымтасын жасап малдарды әкетуде және бұхар керуенінен 330 сом күміс ақша тұратын тауарларын тартып алды», – деп баяндаған [6]. 1822 жылы 4 тамызда есауыл Аржанухин Орынборға көтерілісшілер шабуыл жасау үшін үлкен топтармен Електен өтіп жатыр деген хабар берген. Оларға қарсы полковник Струнов басшылығымен 2-ші тептер әскери казак полкі жіберіледі. Красногор бекінісінен Оралға дейінгі барлық елді мекендерге шабуыл жасалды.

Бұл туралы патша үкіметінің офицері әскери статистик И.Ф.Бларанберг Жоламан тарханның туының астына 3 мыңдай адам жиналып, өлкені үрейде ұстағандығын мәлімдей отырып, одан әрі: «Ценой крови купили казаки обладание плодоносными берегами Илека; старинные владетели его не раз под предводительством своих батыров собрались огромными толпами и дрались на смерть, желая лучше расстаться с жизнью, нежели с кочевьем предков», – деп көтерілісшілердің азаттық үшін жандарын құрбан етуге дайын екендіктерін жазды. [7].

1822 жылы Жоламан тархан өзінің әділдікке жетуге ұмтылысы сәтсіз аяқталғанына қарамастан, бір жыл өткен соң Жоламан Эссенге тағы да хат жолдайды. 1823 жылы 6 тамызда урядник Плешков арқылы Эссенге жолдаған хатында, Жоламан қазақтардың наразылығының басты себептерін айқын да анық ашып көрсетіп, талаптарын баяндайды. Жоламан тархан хатында: «Жоғары мәртебелі патша ағзамның мақсаты бізге дәл осындай арсыздықпен қарау емес шығар деп үміттенеміз. Егер олай болмаса, мен тархан ретінде сізден Нарын құмдарын, жаз жайлап, қыс қыстаған Өзен бойын, Жайықтың далалық жағын, Елек қорғанысынан тыс жатқан Елек өзенінің екі жағын да бізге беруді, сол жерлерге салынған ірі бекіністер мен отрядтарды әкетуді сұраймын. Егер сіздің қолыңыздан келмесе, онда патша ағзамға осы туралы хабарлауыңызды өтінемін. Онсыз да Санкт-Петербургке жіберген елшілеріміз Арынғазы сұлтан мен Жүсіп тархан Сырымұлының қайтып оралмауына байланысты және олардың елге қайтуына император патша ағзамның неге рұхсат етпей отырғанын білмегендіктен ордалықтар мазасызданда, егер біздің өтінішімізге патша ағзам құлақ асып, көңіл бөлсе, онда біз оған риза болар едік, егер олай болмаса, біздің

ордалықтардың көңілі қалып, мазасы кетері хақ ...» [8, 201202 бб.], - деп жазды. Солай болар-ау деп ойлағандай, бұл хат та жауапсыз қалды. Осыдан соң Жоламан тархан 1823 жылы 3 қыркүйекте тағы да Эссенге алдыңғыларынан да ұзақ етіп тағы да хат жазады. Бұл хатқа да Эссен жауап бермеді, оның орнына «тұтқындарды босатудағы үлкен табыстары» үшін Жоламан батырға 327 сомдық сыйлық жібереді. Сонымен бір мезгілде Орынбор Шекара Комиссиясы Жоламан тарханға бұдан былайғы келіссөздердің Шерғазы хан арқылы жүргізілуі керек екендігін хабарлайды. Ал Жоламан тархан оны халқын сатқан опасыз ретінде өте жек көретін. Патша өкіметі тонаған қазақтардың өмір сүруге қажет талаптарын бейбіт жолмен қанағаттандыруға тырысқан Жоламанның әрекеттері осылайша нәтижесіз аяқталады.

Жоламан 1823 жылы күзде тұтқындағы есауыл Падуровты босату жайлы келіссөз жүргізуге келген хорунжий Биккининге Ресейге қарсы соғысты Елек өзені бойына бекініс Шебін салғаны үшін жүргізіп отырғандығын, себебі «ол жерлерде бұрын қазақтармен бірге мұның өзінің де мал азығына ыңғайлы жерлері болғаны, ал қазір тақыр далада көшіп қонуға мәжбүр болғанын, олар үшін қазір аштан өлу немесе өз істері үшін күресіп өлудің бәрібір екендігін, Жаңа Елек Шебі бойындағы жерлер ордалықтарға берілмесе, Өзен, Қамыс-Самар жанындағы қарауылдар әкетілмесе, онда ордалықтар бекініс Шебіне шабуыл жасауды тоқтатпайтындығын» ашып айтқан [8].

Жоламан тархан бастаған көтерілісшілерге қарсы 500 Орынборлық казактардан құралған жазалаушы отряд жорыққа жіберілді. 1825 жылы наурызда мықты қаруланған жазалаушы отрядтар Бұлдырты, Шиелі және Талды өзені бойындағы жүздеген қазақ ауылдарын талқандады. Қазақтар қайтпас қайсарлықпен қорғанды. Қанды қақтығыстан қазақтардан 195 адам өлді, 125 тұтқынға алынды оның ішінде әйелдер мен балалар да бар. Олар Орал түрмесіне әкетілді, онда өте ауыр жағдайда ұсталған тұтқындардың көбісі түрмеде аурудан қайтыс болды. Ал, Жоламан тарханның сағын сындырмақшы болған патша үкіметі оның көтеріліске қатысқан алты бірдей туыс бауырын Орал түрмесіне қалдырмай ит жеккенге айдатып жіберді. Осы қантөгіс шабуылдың нәтижесінде Жоламан Тіленшіұлы қарсылықты уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

Жоламан тарханның патша үкіметіне жариялаағн соғысының кең қанат жайған кезі 1835 жыл болды. Осы тұста Орск мен Троицк арасында Жаңа Шеп салынуы нәтижесінде 10 мың шаршы шақырымнан астам жерінен айырылған, жағалбайлы, жаппас, алшын, арғын, қыпшақ рулары өз беттерінше күреске шыға бастады. Осы қазақ руларының жағдайы адам төзгісіз ауыр болатын. Олар Ырғыз бен Торғайға қарай ығыстырылып, шекараға жақын жерлерде көшіп-қонуға және сол үшін өте үлкен сомада ақы төлуге тиіс болды. Осында қолайлы жайылым таппаған көптеген ауылдар шоғырланды, халық арасында шекаралық басшыларға қарсылық өсті. Қазақтар өз тараптарынан қарсылықтарын Шеп маңы бекіністеріне, сауда керуендеріне шабуыл жасау арқылы көрсетті. Кейінірек Жоламан Тіленшіұлына Іле, Қобда, Елек, Ембі өзендері бойында көшіп- қонып жүрген қазақтар қосылды, Жоламан батыр бастаған соғыстың кейінгі кезеңі Исатай Таймануұлының бастаған көтерілісіне қосылуымен жалғасын тапты. Сонымен, XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Жоламан Тіленшіұлы басшылығымен болған қозғалыстың тарихи маңызы зор: бұл бұқара халық тың патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы маңызды қарсылықтарының бірі болды; Жоламан Тіленшіұлының патша үкіметіне қарсы жүргізген соғысының соңғы кезеңі Кенесары Қасымұлы көтерілісіне ұласып, одан әрі жалғасын тапты.

Жоламан тарханның өліміне қатысыты деректе: Жоламан тархан Тіленшіұлы патшаға қарсы барлық батырлар мен қоқан, Хиуа халықтарының басын қосу қамында жүрген кезінде Ташкент құшбегі өлтірген. Ташкент құшбегінің Жоламан батыр Тіленшіұлын өлтіруінің себебіне келсек: Бұхарлықтар мен Жоламан тархан одақтасып Қоқандықтарға қарсы күш болады, деп қорқуларынан туындаған болуы мүмкін. Бұл –

бір. Екіншіден, Жоламан Тіленшіұлының жұмбақ жағдайдағы қазасына патша үкіметінің де қатысы бар сияқты. Өйткені 1848 жылғы 23 қазанда әскери старшын Арыстан Жантөрин шекаралық комиссияға Жоламан тарханның қайтыс болғандығы туралы мәлімет береді. Патша үкіметі Жоламан батырдың өз қатарына бұхар, хиуа, қоқан халықтарын қосып алып үлкен күшке айналуынан қорыққан болатын. Осыған қарғанда, ұлт азаттығы көтеріліснің ұйымдастырушысы, әрі басшысы Жоламан тарханның ізіне көп жылдар бойы шам алып түскен патша үкіметінің батырдың қазасына қатысы болмаса, үкімет басшыларына берген арнайы рапорттары міндетті түрде жазбаға түсіп тіркелген болар еді. Ал, 1848 жылғы 23 қазандағы Жоламан Тіленшіұлының қайтыс болуының себебі баяндалмай жай ғана хабарлама түрінде берілуінің өзі батырдың қазасына патша үкіметінің пұлға жалдаған жансыздарының тапсырмаларын нақты орындағандығы туралы ресми хабарлауы болып көрінетін ойға жетелейді.

Сонымен ойымызды түйіндей келе айтпағымыз:

– біріншіден, Жоламан тархан патша үкіметіне қарсы жариялаған ұлт-азаттығы үшін болған соғысының соңғы кезеңін Кенесары Қасымұлының туының астында өткізді. XIX ғ. 20-40 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісін арнайы зерттеген белгілі тарихшы Е.Бекмаханов Кенесарының туының астында топтасқан серіктерінің арасында азаттық соғыстың мүддесіне аяғына дейін берілген, қанды шайқастарда ерлігімен көзге түскен қара халықтан шыққан батырлармен бірге феодал бекзаттардан шыққан сұлтан Наурызбай, табын руының биі Жоламан Тіленшіұлының да есімін атайды.

– екіншіден, Жоламан батыр бастаған ұлт-азаттық соғысы сәтсіздікпен аяқталғанымен, Ресей патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы XVIII ғ. 50-жылдарындағы Есет тархан Көкіұлының башқұрт бауырлармен бірге бастаған отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттығы күресінің және Сырым тархан Датұлы мен әкесі Тіленші тархан Бөкенбайұлы бастаған (1783-1797 жж) ұлт-азаттық қозғалыстарының сабақтасқан жалғасы болды.

– үшіншіден, дәстүрлі хандық билік институтының заңы бойынша соғысты тек қана хан жариялауға құқылы болатын. Жоламан бидің көшпенділердің дәстүрлі дала демократиясына сүйене отырып, патша үкіметінің басқыншылық саясатына қарсы соғыс жариялауына тура келді. Өйткені хандық институтты патша үкіметі саяси реформа арқылы жойған болатын. Азаттық туын көтерген батырлардың қандары текке төгілмеді. Халқымыздың ғасырлар бойына жалғасқан ұлт-азаттық жолындағы күресі – Қазақстан Республикасының тәуелсіз, егеменді ел болуына жеткізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925.

2. Бекмаханов Е. «Саржан мен Жоламанның өз-өзінен басталған көтерілісі (20-30-жылдары)» Казақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – (200-211-бб.) – 416 б.

3. Кузембайулы А., Абиль Е.А. История Республики Казахстан: Учебник для ВУЗов. / 5-е изд. перераб. И доп./ – Астана: ИКФ «Фолиант», 2000. – С.183.; Мұқтар Ә. Жоламан батыр: «Мен қарақшы емеспін, Ресеймен соғысып жүрмін» // Егемен Қазақстан – 2008. 19 наурыз.

4. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.) Очерки по истории. В 2-х частях. – Кзыл-Орда, 1926. – 298 с.

5. Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость (Из истории военно-казачьей колонизации края в конце XVI-начале XX вв.). – Астана: Елорда, 2000. – 304 с.

6. Исенов Ө.И. Тама Есет тархан ұлт-азаттық жолындағы күрескер. //«Ұлт-азаттық қозғалысының өзекті мәселелері» Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. 20 мамыр 2011 жыл. – Орал. М.Өтеміс атындағы БҚМУ, 2011. 90-104 бб.; Исенов Ө.И. Ел есіндегі Есет тархан. // Алтын орда. 2012. 15 наурыз.

7. Исенов Ө.И. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII - XIX ғғ.) : Тарих ғылым. канд. ... диссер. – Қостанай. 2009. – 161 б. Сонылкі; Табын Бөкенбай батырдан тараған тархандар. // Баһадүр батыр Бөкенбай. /Жинақ/. – Ақтөбе, 2011. – 435 б.(73-77 бб.).

8. Исенов Ө.И. Патша үкіметіне қарсы соғыс жариялаған – Жоламан тархан (XIX ғ. 20-30 жж.). // Университет, общество, инновационное развитие: опыт и перспективы: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 50-летию Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова и высшего образования в Акмолинской области. – Кокшетау, 2012. – 457 с. – С. 232-238.

ӘОЖ 14.01.29

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. Андирова
Ғылыми жетекші: Ш.Сапарбайқызы
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі таңда өмірдің барлық саласында ақпараттық технологияның ықпалы жоғары болып отыр. Осыған орай білім мен мәдениеттің ерекше аспектісі ретінде жеке тұлғаның электрондық ақпараттық ресурстарды еркін және тиімді пайдалану қабілетіне көп көңіл бөлінуде. Мақалада «ақпараттық мәдениет» ұғымын талдап, оны білім беру үдерісінде қалыптастырудың маңызына мән беруге талпындық. мәдениет мектеп қабырғасынан бастап мақсатты сипатқа ие болу керек.

Түйінді сөздер: ақпарат, ақпараттық мәдениет, білім беру, ақпараттық технология, ғаламтор.

Ақпарат – адамзат дамуының алғашқы қауымдық дәуірінде ымдасу, ишара түріндегі қарапайым хабар алмасудан басталып, әлемдік өркениеттің өн бойында тұтастай сақталып, сұрыпталып, бүгінгі таңда ақпараттар алмасуының жаһандық деңгейіне жетті. 1990 жылдары жалпыға қолжетімді интернеттің пайда болуы бұл үдерісті одан әрі жеделдетті, қоғамды ақпараттандыру мемлекеттік тұрғыда осы 1990 жылдан бастап қолға алына бастады. Бүгінгі қоғам дамуы адам мен ақпараттың өзара әрекеттесуі саласындағы түбегейлі өзгерістермен сипатталып, индустриядан ақпараттық өркениетке көшуді айқындап берді.

Ақпараттық қоғам құру, ақпараттық қоғамның дамуы әрбір адамның өз дағдыларын үнемі жетілдіруге, білімін жаңартуға және қызметтің жаңа түрлерін меңгеруге деген қажеттіліктерімен тығыз байланысты болып отыр. Ал, бұл тенденция білім берудің парадигмасы мен моделінің өзгеруіне алып келді. Зерттеушілер ғаламдағы ақпарат жиынтығын бұрын 1900 жылдардан бастағанда - 50 жылда, одан

кейін -10 жылда, 5 жылда, 1990 жылдардан бастап жылма-жыл еселеніп, ал, соңғы уақытта көз ілеспес шапшаңдықпен дамып бара жатқанын алға тартады. Сонымен қатар, ақпарат – адамзаттың дамуы барысында жаңарып, жаңа сапаға айналып, толығып отыратын өнімнің ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан қарасақ, білім алушылардың игеруге тиісті білім, білік, дағдыларының мүмкіндігі күннен-күнге артып, мазмұны күрделеніп, өзгеруде.

«Ақпарат» («информация») термині information деген латын сөзінен шыққан, бұл сөз мазмұндау, түсіндіру, баяндау, көрсету, жалпы адам іс-әрекеті туралы мағлұматты немесе басқару барысындағы өзгерістерді құрал арқылы біліп отыру деген мағынаны білдіреді [1]

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталғаны баршамызға белгілі. Әлемдік ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы мен дамуы ғаламдану үдерісінің негізгі бағыты ретінде айқындалып отыр. Осыған орай білім берудің жаңа парадигмасы контексіндегі маңызды ерекшеліктердің бірі – кез-келген болашақ маманның ақпараттық мәдениетін жетілдіруге, ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын дағдыларын дамытуға және өз бетінше білімін тереңдетуіне ықпал ету.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында «Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - ол, оқыту кезінде жаңа технологияларды қолдану, білім беру жүйесін ақпараттандыру, сонымен қатар, халықаралық не болмаса ғаламдық жүйелерге шығару» керектігі, сондай-ақ, аталмыш заңның 11-бабында «Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» қажеттілігі атап көрсетілген [2].

Соңғы жылдары ғылыми ортада заман талабына орай білім берудің жаңаруы, ақпараттық ортасының қалыптасуы, ақпарат көздерін тиімді пайдалану, өңдеу, ақпарттармен сауатты жұмыс жасай алу, яғни болашақ мамандардың «ақпараттық мәдениеттін қалыптастыру» мәселесі әр қырынан зерттелуде. В.З.Коган, Э.П.Семенюк, М.Г.Вохрышева, В.А.Уханов, И.М.Яглом, т.б зерттеушілер ақпараттық мәдениетті мәдениеттанулық-ақпараттық тұрғыдан қарастырып, «мәдениет» және «ақпарат» ұғымындарының мәдени-әлеуметтік сипатының білім беру мен ағарту саласындағы маңызын талдайды. П.Я.Дорфман, А.Г.Барабанов, т.б. ақпараттық мәдениеттің психологиялық аспектілерін қарастырса, И.А.Зимняя, В.П.Беспалько, В.А.Сластенин, И.В.Пругова, В.И.Лях, т.б. педагогикалық тұрғыдан, Ю.А.Агешин, В.А.Копылов сияқты ғалымдар құқықтық қырларын, А.Л.Гончаров, Г.З.Вахитов этикалық тұрғыдан зерттейді. Ал, Н.Б.Зиновьева, Л.К.Лободенко, С.В.Красовский, Э.К.Беспалова, Н.В.Лопатина т.б. жеке тұлғаны қалыптастырудағы ақпараттық мәдениетттің мәніне көңіл бөледі. Сондай-ақ, отандық педагог ғалымдар Б.Б. Баймуханов, Е.Ы.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, И.И.Антипов, А.Т.Чакликова, Б.Т.Барсай, С.М.Кеңесбаев, О.С.Ахметова, Ғ.Ж. Шүйтенов С.Н.Идрисов, Ж.Ы.Сардарова, Д.М.Жүсібәлиева, т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерінде ақпараттық технология құралдары-ның функционалдық мүмкіндіктері мен болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін педагогикалық-психологиялық тұрғыдан талдайды.

Зерттеушілердің жеке пікіріне сүйенсек: И.Г.Хангельдиева: «Ақпараттық мәдениет – адам қызметінің жалпы-адамзаттық рухани құндылықтарды басым түрде қамтитын ақпараттарды алудағы, берудегі, сақтаудағы және пайдаланудағы сапалық сипаттамасы» деп түсіндірсе [3], Э.Л. Семенюк: «Ақпараттық мәдениет – ақпараттық қызметтің мүмкін болатын барша түрлерін: алуды, жинақтауды, сақтауды және кез-

келген өңдеуді жүзеге асырып, осының негізінде сапалық жағынан жаңа ақпарат жасауға, оны беруге, іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік беретін адамның, қоғамның, немесе оның белгілі бір бөлігінің сапалық жетілу деңгейі» –деп ауқымды тұжырым жасайды [4,3].

Е.А.Медьведьева: «Ақпараттық мәдениет – адамның ақпараттық кеңістікке еркін еніп, оны қалыптастыруға және ақпараттық қарым – қатынасқа ықпал ететін білім деңгейі» [5,23] - деп қарастырады.

Тарихи даму үдерісінде ақпараттық мәдениеттің дамуы бірнеше кезеңдерді: ауызша ақпарат алмасу, жазудың пайда болуы, ақпараттарды жазу, сақтау, белгілеумен байланысты ақпараттық техника, технологиялардың пайда болуы, құжатпен жұмыс жүргізу кезеңдерін қамтиды. Қазіргі ақпараттық мәдениет барлық кезеңдерді бір тұтастыққа біріктірді және жаңа көзқарас қалыптастыруды қөздейді. Осыған орай мамандар ақпараттық мәдениетті қоғамдық және тұлғалық деңгейге бөліп қарастырады:

- қоғамдық жағдайда нақты ақпараттар жиынтығы – яғни, қоғам туралы қажетті мәдени ақпараттар жинақталатын, сақталатын, тасымалданатын өзіндік әлеуметтік кодты білдіреді.

- тұлғалық деңгейде бұл – тұлға мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар зеттеушілер ақпараттық мәдениетті көпфункционалды құбылыс ретінде қарап, бірнеше функцияларға бөледі:

- ақпараттық қызметі;
- коммуникативттілік қызметі;
- нормативтілік (идеологиялық) қызметі;
- релаксациялық (ойын-сауық) қызметі;
- креативтілік қызметі -деп бөліп, әр қайсысына анықтама береді. [6.14].

Ақпараттық мәдениет – ақпараттық процестердің ортақтығын, ақпарат көздерінің әлеуметтенуі мен интеграциялануын, ғылымның, техниканың және өнердің ақпараттық өзара әрекеттесуін, әлемнің жаңа ақпараттық көрінісін құруды бейнелейді [7]. Жоғарыда келтірілген философия, психология, педагогика, әлеуметтану, т.б. ғылым салаларының зерттелу аясына қарай «ақпараттық мәдениет» ұғымына анықтамалар беріліп, ғылыми тұжырымдар жасалған.

Ғалымдар келтірген анықтамалар мен тұжырымдар бірін бірі толықтырып, «ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы» тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, әлемдік байланыс жүйесінде тұлғаның ізденісі, еңбегі, өзін-өзі түсінуі, қоршаған ортадағы орны мен қызметін табуы, интеллектуалдық тұрғыда дамуы деген пікірге тіреледі. Қазіргі таңда сөз жоқ, ақпарат құндылығының өзгергені сонша, уақыт, кеңістік, қашықтық туралы ұғымдарымыз мүлдем жаңа көзқараста қалыптасып, жаңа ұғым «ақпарттық мәдениеттің» тууына себепші болып отырғаны белгілі.

Демек, білім беру саласында «ақпарттық мәдениетті қалыптастыру» өзекті мәселеге айналуда. Қандай да болмасын білім алушы (жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау) ақпараттық ортада ойлау, талдау, мәлімет алмасу, комуникативтік дағдыларды меңгеріп, ақпараттық сауаттылығын, мәдениетін меңгеруі, дамытуы тиіс.

Жалпы түйіндесек, білім алушылардың ақпарттық мәдениетін қалыптастыру жолдары:

- жаңа ақпараттық технологияларды, техникалық құралдар мен әдістерді пайдалана білу;

- оқыту барысында ақпараттык технологияны жүйелі түрде жиі, әрі тиімді қолдануға үйрету;

- білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, жаңа ақпараттарды іздеуге (білімді меңгеруге) жол ашу.

Сондай-ақ қабылданған ақпараттар ағымының жағымды, жағымсыз тұстарын сараптауда да «ақпарттық мәдениеті қалыптастырудың» маңызы жоғары.

XX ғасырдың аяғында пайда болған Internet-ті – бүгінгі таңда бүкіл жер шарының түгелге жуығы пайдаланады. Ғаламторсыз, яғни ақпаратсыз қоғамды, адам өмірін елестету мүмкүн емес. Ақпараттың осындай толассыз дәуірінде ғаламтордағы ақпараттың шектен тыс ашық таратылуы – бақылауға көнбейтін кері процессіменде ерекшеленуде. Ақпараттық мәдениеттің жетімсіздігінен орын алатын жағымсыз, жағымды жақтарына тоқталсақ:

- мақсат, уақыт, қажеттілік ескерілмей (түрлі ойындар, теріс діни ағымдар, жағымсыз фильмдер т.б.) адам санасының улануы;
- тәуелділікке ұрыну, шынайы өмірдегі қарым-қатынастың бұзылуы;
- ұзақ уақыт ғаламтор желісінде отырудың адам ағзасыныңа зияны;
- адами қасиеттердің, ұлттық рух, ұлттық құндылықтардың жойыла бастауы, т.б.

Жағымды жағы:

- әп-сәтте бүкіл әлем жаңалықтарымен танысу;
- мақсатты ізденіс, уақытпен санасу, қажеттілікті білу;
- қашықтықтан оқудың, онлайн білім алудың мәнін түсіну;
- шығармашылдықты дамыту, қызығушылық, кративтіліктің артуы, т.б.

Ақпарттық мәдениетті меңгеру – адамның өзін-өзі тану және қоғамдағы орны мен рөлін түсініп, бағалауды дағдыға айналдыруы.

Қорыта айтқанда, ақпараттық білім мен тұлғаның ақпараттық мәдениетін жетілдіру идеясы жаһандық сипатқа ие болып отыр. Қазіргі таңда әр адам әлемдік ақпарат кеңістігіне еніп, аз уақытта (көп ақпаратты) өзіне қажетті білім, ғылыми деректерін алып, жеке тұлғасын жетілдіруге, заманауи білімнің трендтерін іздеп, танысуына толық мүмкіншілігі бар. Демек, ақпараттық қоғамда ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың тағы бір маңыздылығы интеллектуалды қоғамға жақындай түсуіменде сипатталуы деп ойлаймыз .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аубакир Д. Информационная культура новой эпохи // Мысль. – 2005. – №10. – С.48-51.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III «Білім туралы» Заңы және 24.11.2015 жылы енгізілген өзгерістері мен толықтырулары туралы.
3. Хангельдиева И.Г. О понятии «информационная культура» // Информационная культура личности: прошлое, настоящее, будущее. Тезисы докл. Междунар. научн. конференции. – Краснодар, 1993. – С. 2
4. Семенюк Э.Л. Информационная культура общества и прогресс информатики // НТИ. Сер.1. 1994, №7. – С.3.
5. Медьведьева Е.А. Информационная культура личности //НТИ. – 2002. – N 1. – С.23.
6. Әлиев Ш.Ш. Ақпараттық қоғамдағы басқару:әлеуметтік-филосо-фиялық талдау (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2013.
7. Салбырова М.Т. Географияны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2019.

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА АЛАШОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
Жайшылық А.А., ғылыми жетекші: Бердіғожин Л.Б..... 3
ТӘУЕЛСІЗДІК – КИЕЛІ ҰҒЫМ
Тоқтарбай П., ғылыми жетекші: Сидешова Р.А...... 7
ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ: ТҰЛҒА, ХАЛЫҚ БАТЫРЫ
Абай А.А., ғылыми жетекші: Бердіғожин Л.Б. 9
RUS DOĞU BILIMI ARAŞTIRMALARINDA ÜSTYURD PLATOSUNDAKI TÜRK ANITLARI
Serhan ÇINAR..... 12
МАҢҒЫСТАУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӨНЕРІНДЕГІ СЫРЫ САҚТАЛҒАН ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ (ҚҰЛПЫТАСТАР)
Ешманова Г.Қ. 16
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТҰЛҒА
Тайпақ А.А. ғылыми жетекші: Бердіғожин Л.Б. 22
КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ОРНАҒАНҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР САЯСАТЫНЫҢ АХУАЛЫ
Асқарова М., ғылыми жетекші: Исмағұлов Ұ.Ш. 28
АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ
Болатбаев О.П., ғылыми жетекші: Бердіғожин Л.Б. 34
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ
Бекболатова Н.Ә., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б. 40
МАҢҒЫСТАУДАҒЫ РЕПРЕССИЯ ЖӘНЕ Қ.ҚОСЖАНОВ ІСІ
Асқарбеков А., ғылыми жетекші: Жумамуратов Н.А. 45
АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ҰСТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.
Бөпежан Р., Нұрбаулыұлы А., ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А...... 48
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҮНДІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӨЗАРА ҮНДЕСТІК
Армиева А., ғылыми жетекші: Арашова Н.К. 51
АТАУЛАР СЫР ШЕРТЕДІ
Тілегенов Н.Т. 53
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС
Абдижанов А., ғылыми жетекші: Сидешова Р.А. 56
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ – 1836-1838 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС
Аманкулов С., ғылыми жетекші: Еділханова С.А. 59
ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БІР ТАРМАҒЫ – МАҢҒЫСТАУ
Тиркешова А., Ерғожаева Н., ғылыми жетекші: Бекенжанова А.А...... 64
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ БАСТАҒАН ҚОЗҒАЛЫС МЫСАЛЫНДА)
Орынбасаров Ш.Т., ғылыми жетекші: Нурманова А.К...... 68
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ
Тагибергенова Р.Б., ғылыми жетекші: Абенова Б.С...... 71
КАЗАХСКИЙ НАРОД НА ПУТИ К НЕЗАВИСИМОСТИ В XVIII-XIXвв.
Мохибородa В., научный руководитель: Сугурбаева Б.К……….. 77

1930-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚТӨБЕ ХИМИЯ КОМБИНАТЫНЫҢ ТАРИХЫ
Махамбетов Н., ғылыми жетекші: Абенов Д.Қ...... 80
20 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ
Зәкір Ш., ғылыми жетекші: Абенова Б.С...... 86
АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗІ
Базарбаева С., Абатова Д., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б...... 93
1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ
Бурабай Г., ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е...... 98
МАҢҒЫСТАУДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ ЕРАЛИЕВ ІСІ БОЙЫНША ҚУДАЛАНҒАНДАР.
Бисенова А., ғылыми жетекші: Жумамуратов Н.А. 102
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН
Тиркешова А., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. 105
1950 – 1970 ЖЫЛДАРДАҒЫ БИЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР
Хамзеева И., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. 109
«ҚҰТТЫ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ
Бегешова Ә.Н., ғылыми жетекші:Толепбергенова А.Б. 112
ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ
Сарсенбаева Г.С., ғылыми жетекші: Арашова Н.К..... 116
ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1825)
Нұрданова С., ғылыми жетекші: Еділханова С.А. 122
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Андирова Б., ғылыми жетекші: Сапарбайқызы Ш. 127

Пішімі 60*84 1/2
Көлемі 132 бет
Шартты баспа табағы 11
Таралымы 50 дана
Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130000, Ақтау қ., 32 ш/а

Формат 60*84 1/2
Объем 132 стр.
11 печатных листа
Тираж 50 экз.
Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Университета Есенова
130000, г. Актау, 32 мкрн.